Бұл құндылықтардың, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу мекемелерінде сіңірілуге тиіс деген шешімі де қадап айтылды. Көп ұлттық пен көп тілділік осы құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Бұл біздің Конституцияның нормасы, оны бұзуға ешкімге жол берілмейді» деген Елбасының сөзі мемлекеттік тілдің мәртебесін тағы бір нақтылап берді.

Көптілділік – көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Ынтымақты халықаралық өзара қарым-қатынастар көптілділік білім берудің дамуына түрткі болды. Ел мен елдің арасындағы мәдени ықпалдастық болмайынша, ол ел дамудың жоғарғы сатысына көтеріле алмайтыны да анық.

Тілді оқытуда интегралдық бағыт бар. Бұл пәнаралық бағыт қана емес, ғылымның, өнердің, ұлттық мәдениеттің синтезі. Көптілді білім берудің немесе көп мәдениетті тұлға қалыптастырудың мақсаты – көпұлтты әрі көпмәдениетті ортада белсенді өмір салтын ұстанатын, өзге мәдениеттерді түсініп, оған сыйластықпен қарап, өз мәдениеті мен тілін құрметтейтін тұлға қалыптастыру. Түрлі мәдениеттердің тоғысуы тілдегі кірме сөздерден көрінеді. Яғни, тіл – мәдениеттің айнасы, онда халықтың өзіндік қоғамдық сана – сезімі, ділі, ұлттық мінезі, өмір салты, дәстүрлері, адамгершілігі, құндылықтар жүйесі, әлемге деген көзқарасы ғана емес, адамзаттың шынайы өмірі көрініс табады. Сондықтан, тіл – маңызды мәдени құбылыс. Қазіргі заманғы педагогикалық шындық бір жағынан, білім берудегі этномәдени факторды ескеру қажеттілігін, екінші жағынан – басқа халықтардың мәдениетін тану үшін жағдай жасау қажеттілігін, әртүрлі этностарға, конфессияларға, ұлттарға жататын адамдар арасындағы толерантты қатынастарды тәрбиелеу қажеттілігін ескеруді талап етеді. Сондықтан көпмәдени білім беру мәселесі педагогтердің назарында болып отыр.

Көпмәдени тәрбие беру міндеттері пәнаралықтың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді, ол көпмәдени тәрбие беру мәселелерін гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, көркемдік-эстетикалық циклдағы оқу пәндерінің құрамында қарастыруға мүмкіндік береді. Көпмәдени тәрбие берудің мазмұны келесі критерийлерге сәйкес келуі маңызды:

- оқу материалында гуманистік идеялардың көрінісі;
- әлем мен Қазақстан халықтары мәдениетіндегі қайталанбайтын өзіндік белгілерінің сипаттамасы;
- қазақстандық халықтардың мәдениетінде бейбіт және келісімде өмір сүруге мүмкіндік беретін дәстүрлерінің жалпы элементтерін ашу;
- студенттерді әлемдік мәдениетке баулу, жаһандану үдерісін, қазіргі заманда елдер мен халықтардың өзара байланысын ашу.

Көпмәдени тәрбие беру үдерісінде студенттің өз ұлтының мәдениетіне баулу, ал одан – қазақстандық және әлемдік мәдениетке баулу жүзеге асырылады. Колледж студенттерді өз ұлтының мәдениеті мен ана тілге баулу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Колледж оқу жоспарларына мәдениеттің, тарихтың, діннің, халықтық өнердің интеграцияланған курстарын енгізу әртүрлі этноұлттық қауымдастықтардың мәдени-тарихи тәжірибесінің өзара әсерін, өзара енуін және өзара байытуын түсінуге, оның жалпыадамзаттық потенциалын анықтауға көмек береді.

Үздіксіз көпмәдени тәрбие берудің мазмұнын таңдауда және оның құрылымын құруда дидактикадағы тұрақты принциптерді ескеру қажет, алайда ерекше назарды үздіксіз көпмәдени тәрбие беру ортасын құруға арналған негіздерге аудару қажет.

Гуманистік бағдарлау бірінші принцип болып саналады. Гуманистік тәсіл студенттердің ішкі нышандарын біртұтас дамытуға, олардың рухани және танымдық қажеттіліктерін дамытуға, мәдениеттің әмбебап құндылықтарына баулуға психологиялық жағдай жасауды қарастырады.



Бұдан басқа, гуманистік тәсіл дәстүрлі педагогикалық дүниетанымды өзгертуге мүмкіндік береді: басты әрекет етуші адам субъект ретінде біртұтас жүйе ретіндегі студенттердің жеке тұлғасы алынады. Колледждегі тәрбие беру үдерісін гуманизациялаудың мәні мынада: студенттердің педагогтердің оқыту әсерін белсенді қабылдауға қызығушылық танытуына жағдай жасауын, олардың тұлғалық, рухани-адамгершілік сапаларын, танымдық үдерістерін тиімді дамытуды қамтамасыз ететін оқытудың формалары мен әдістерін, мазмұнын таңдау және қолдану болып табылады. Үздіксіз көпмәдени тәрбие беру ортасын құруды біртұтас педагогикалық үрдіс ретінде қарастыруға болады. Үздіксіз көпмәдени тәрбие беру студенттердің өздерінің этномәдениетінің құндылықтарын түсіну және білім берудің мазмұнын жүзеге асыратын педагогикалық шарттарды құру арқылы этносаралық интеграцияның маңыздылығын саналау арқылы тәрбие беру негізінде жүзеге асырылады, онда өзіндік мәдениеттің жетістіктерімен бірге, білім мен мәдениеттің әлемдік үлгілері үйлеседі.

Көпмәдени тәрбие беру міндеттерін шешу оқыту мен тәрбиенің белсенді әдістерін кең қолдануды талап етеді. Мысалы, білім берудің этнопеддагогикалық және этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескеретін, жаңа тәсілдің мәні, біріншіден, спецификалық жалпы формада студенттерге оқу материалының қажетті көлемін беру (әлем туралы бірыңғай білім кешені түрінде); екіншіден, студенттердің шығармашылық, эвристикалық, прогностикалық, дедуктивті ойлау стилін қалыптастырудан тұрады. Ол үшін алдымен, әртүрлі пәндерде әлем туралы, этностардың табиғаты туралы, олардың тілі мен мәдениеті туралы, басқа да ұлттық ерекшеліктері туралы жалпы білімді зерттеу қажет, яғни төмендегі еңбектерде берілген, жүйелі және функционалды-құрылымдық тәсілдің негізінде, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың компоненттерінің мәні мен негізгі мазмұнын зерттеу қажет.

Этносаралық қатынастарды үйлесімді ету, оқу-тәрбие мекемелерінде қалыпты әлеуметтік-этностық және психологиялық атмосфераны құру мақсатында, сонымен бірге гуманистік этномәдени байланыстарды қалыптастыру мақсатында студенттерді іс-әрекеттің көпжоспарлы оқу және сабақтан тыс түрлеріне баулу қажет, олар:

- тарихи мәні бар даталы күндер мен ұлттық мерекелерді өткізу, мәдениет, әдебиет, ғылым саласының танымал қайраткерлері мен халық батырларының мерейтойларын өткізу;

- ұлттық мәдениет бойынша олимпиадалар мен көрмелерді ұйымдастыру, спорттың ұлттық түрлері бойынша спорттық жарыстар өткізу;

- ұлттық әндер мен билер орындалатын фольклорлық концерттерді жүргізу;

- ұлттық тағамдарды үздік дайындау бойынша сайыстар ұйымдастыру.

Көпмәдени ортадағы толерантты тұлғаны қалыптастыру бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың маңызды аспектісі ретінде студенттерді халықтық-педагогикалық, ұлттық-мәдени дәстүрлер арқылы тәрбиелеу алынады. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, талғамды білмеу көп жағдайда басқа этностық қауымдастық өкілдерімен қарым-қатынаста күрделі қиындықтарды туындатады. Ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптардың мәні, олардың мазмұны әртүрлі халықтарда әртүрлі көрінеді.

Ұлттық психологияның бейнесі мен тұрақтануында этностың тарихи даму барысында қалыптасқан және бекіген іс-әрекет пен мінез-құлықтың жағымды мәнділігін дәлелдеп көрсеткен формалары, соларға сәйкес ережелер, құндылықтар ерекше рөл атқарады. Дәстүрлер мен нормалар этностың өмірі мен іс-әрекетінде жинақталады, олар алдыңғы ұрпақтың оң тәжірибесін көрсетеді. «Ұлттың өмірі, ұлттық өмір ата-бабалармен үздіксіз байланыс және олардың өсиеттерін құрметтеу болып саналады. Ұлттықта әрдайым дәстүр бар» - деп жазған Н.А. Бердяев. Дәстүрлер алуан түрлі. Оларға қарап халық туралы немесе оның тұрмысының бір жағы туралы айтуға болады. Консерватизм сияқты дәстүрдің бір белгісі кейде жақсылық, көмек болады, себебі халықтың

тұрақтылығының, оның адамгершілік негіздерінің, менталитетінің тұрақтылығының шарты болып табылады. Дәстүрлерде адамзаттың, халықтардың, адамдардың мыңжылдық рухани ізденістері жинақталады және тоғысады, себебі адамзат – бұл біртұтас ғаламдық этнос, тұлға; ал халық – бұл тарихи тұлға; индивид – адамның біртұтас бейнесі, адамзаттық тұлға.

Жекелеген тұлғалардың рухани байланысында ұрпақтар сабақтастығының ізі байқалады. Ата-бабалардың рухани құндылықтары әңгімелерде, аңыздарда, өсиет сөздерде, мақал-мәтелдерде сақталады және беріледі. Ата-бабалар ұрпақтардың тілімен сөйлейді. Мысалы, ұрпақтардың сабақтастық байланысын бекітуде үлкендер тікелей өздерінің тәрбиеленушілері, рухани құндылықтар арқылы қатысады. Халық педагогикасына көмек ретінде мемлекеттік деңгейдегі халыққа білім беру келеді, ол ұрпақтар сабақтастығын оқыту мен тәрбие үдерісінде қамтамасыз етеді. Колледждің міндеті халықтық ұлттық мәдениеттің жағымды жақтарының әсерін күшейтуде байқалады, әсіресе этностың, жеке тұлғаның мінез-құлқы мен дамуында, оның Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда, өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сыйласымды қатынасында, басқа ұлттардың адамдарына деген қатынаста байқалады. Этномәдени даярлықтың міндеттерін тар мағынасында, ұлттық мәдениетке баулу, оның элементтерін қайта жаңғырту ретінде ғана түсінбеу керек. Оның мақсаты – студенттерді көпмәдени әлемдік өркениет жағдайында толыққанды өмірге дайындау.

Аталған бағытта педагогикалық ұжымның іс-әрекетін нақты ұйымдастыру қажет, оның құрамына енетіндер: білімгерлерді этномәдени дамытудың формалары мен әдістерін мақсатты түрде таңдау; этномәдени тәрбие міндеттерін жүзеге асырудағы сабақтастық; дәстүрлер арқылы бекітілген оң тәжірибеге сүйену; студенттердің жас және дара қажеттіліктерін есепке алу; студенттерге этноәлеуметтік және көпмәдени тәрбие беру бойынша іс-әрекетті жоспарлау және аталған жұмыстың колледж іс-әрекетінің басқа түрлерімен ішкі байланысын қамтамасыз ету.

Ұлттық мәдениетке баулу үдерісінде педагогке студенттердің этномәдени көріністерін дамыту бойынша ерекше ынталылық сияқты талап қойылады. Студенттердің тұлғалық сапаларының, көпмәдени, этностық білім және біліктер жүйесін қалыптастыру бойынша педагогикалық әрекеттің сәтті болуы көп жағдайда этноәлеуметтік және көпмәдени тәрбие берудің теориясы мен шынайы өмірлік жағдайлар, оқыту тәжірибесімен логикалық және бірізді байланысына байланысты болады. Егер алынған білім болашақ өмірде қажет болса, студент оны алуға ұмтылатын болады. Егер студент алынған білімнің қажеттілігін сезсе немесе оның сапалы берілмеуіне сенсе, оған материалды күштеп меңгерту қиынға соғады.

Халықтардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетін қолдану бойынша әлі де шешілмеген мәселелер бар. Бүгінгі таңда тәрбиелеу мақсаттарына түзетулер енгізу, тәрбиеленгендіктің критерийлерін нақтылау қажет. Яғни, педагогтер өткен тәжірибені қайта саналауға мәнді әсер етулері керек. Тағы бір маңызды міндет ретінде халық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын таңдау алынады. Бүгінгі күні бұл міндет халықтардың ассимиляциясына байланысты маңызды болып саналады. Бұл тарихи үдеріс заңды болып табылады. Бір халықтар кетеді, екінші бір халық келеді. Бұл аспектіде, біз – педагогтер халық тәрбиесінде ең құнды нәрсені сақтауымыз және болашақ ұрпаққа беруіміз қажет.

«Халық кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен, азаматтық пен білім керек» деп ұлы Шоқан Уәлиханов өте орынды айтқан. Ендеше жас ұрпақты ешкімнен кем етпей, халықтық тәрбиеде сусындатып, ел тарихын жетік білетін, заман талабына сай тәрбиелеу-барлық ұстаздар қауымы үшін бұлжымас заң, қасиетті парыз.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының этномәдени білім беру тұжырымдамасы, 21.06.1995, №2347.
- 2 Ушакова Е.В. Общая теория материи (Основы построения). - Барнаул, 1992. - Ч. 1-3.
- 3 Филиппов В.Н. Образование в духовном обновлении России. / Философия образования: Сб. науч. Тр. БГПУ. - Выпуск первый. - Барнаул, 1994. – С. 65.
- 4 Федорова С.Н. Этнокультурная подготовка в современной школе. Материалы конференции. - Спб. 2007. - 58 с.
- 5 Матис В.И. Теория и практика развития национальной школы в поликультурном обществе: дисс. д-ра наук / В.И.Матис. – Барнаул, 1999. - 314 с.
- 6 Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. - Алматы: Білім, 2004, 104-105 б.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается профессиональный мультикультурализм в системе образования. Описывается концепция мультикультурного образования в Республике Казахстан, устанавливаются критерии мультикультурного человека.

RESUME

The paper is devoted to the professional multiculturalism in the education system. It concerns the concept of multicultural education in the Republic of Kazakhstan and also the author sets out the criteria of a multicultural person.

УДК 371.132

Аннотация

Статья посвящена потребности в практически ориентированном образовании в сфере устойчивого сельского хозяйства и развития сельских территорий, то есть необходимости в разработке, внедрении и администрировании образовательных программ интегрированного и устойчивого развития сельской местности. При поддержке партнеров-практиков Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина разрабатывает новую учебную программу магистратуры по устойчивому сельскому хозяйству и развитию сельских территорий по специальности экономика по проекту SARUD* – «Устойчивое сельское хозяйство и развитие сельских территорий» в рамках программы «Эразмус+» по наращиванию потенциала в высшем образовании.

Ключевые слова: профессиональные компетенции, профессиональное образование, устойчивое сельское хозяйство, развитие сельских территорий, образовательный процесс, модульно-компетентностный и системно-деятельностный подход, содержание обучения.

А.С. Исмаилова

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, канд. экон. наук, доцент

Н.Н. Мелешенко

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, канд. экон. наук, доцент

Формирование компетенций магистрантов в сфере устойчивого сельского хозяйства и развития сельских территорий

Важнейшей целью системы высшего профессионального образования в целом является подготовка компетентных, творчески мыслящих, конкурентоспособных специалистов, способных адаптироваться к изменяющимся экономическим условиям, оперативно реагировать на требования рынка труда, ориентироваться в потоке информации, готовых к дальнейшему непрерывному профессиональному саморазвитию и самореализации. В концепции Государственной программы развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы и Стратегического плана Министерства образования и науки РК на 2014-2018 годы [1, 2] подчёркивается необходимость создания организационно-педагогических условий формирования конкурентоспособной личности нового поколения, ее социально-профессиональной культуры и профессиональной направленности, а также переориентации образовательного процесса на

* Жоба Еуропалық комиссияның қолдауымен қаржыландырады. Бұл жариялым Еуропалық комиссияның көзқарасын көрсетпейді және университет жауапкершілігінің заты болып табылады.

* Проект финансируется при поддержке Европейской Комиссии. Содержание данной публикации является предметом ответственности авторов и не отражает точку зрения Европейской Комиссии.

* The project is co-financed by the European Commission. However content of the publication reflects the views only of the university, and the Commission cannot be held responsible for any use which may be made of the information contained therein.



новые условия жизни и образовательные запросы личности, общества и государства. Для достижения этой комплексной цели важное значение имеет формирование *компетенции*, включающей наряду с теоретическими знаниями и практическими умениями профессионально значимые качества личности, а также её способность и готовность реализовывать их на практике. Профессиональная компетентность представляет собой интегративную профессионально-личностную характеристику специалиста, выражающую его готовность и способность выполнять профессиональные функции. Под «компетенцией», как известно, понимается не только совокупность знаний и умений, но и ценностные ориентации, позиции, ответственность и готовность личности реализовать свой профессиональный потенциал на практике [3, 4].

Современные социально-экономические условия Казахстана требуют значительного повышения качества профессионального образования, сегодня предъявляются высокие требования не только к качеству выполнения трудовых функций, культуре труда и межличностным коммуникациям современного работника, но и предусматривают наличие компетентности инициативно решать профессиональные задачи в разных видах деятельности.

Государственные образовательные стандарты профессионального образования РК не учитывают и не могут учитывать многообразие требований, которые предъявляются к квалификации работника в конкретном регионе, на предприятии.

Современная социально-экономическая ситуация в сельских территориях Республики Казахстан характеризуется накопившимися проблемами, препятствующими его переходу к устойчивому развитию. В аулах и селах сохраняется тенденция сокращения ресурсного потенциала сельского хозяйства, не завершена процесс формирования экономически активных субъектов сельского бизнеса [5]. Устойчивое развитие сельских территорий полагает экономически эффективное, социально-ориентированное развитие сельских населенных пунктов, которое может быть обеспечено при соблюдении ряда общих и специфических принципов развития [6]. За 25 лет изменились не только демографическая структура и сеть сельских территорий, но и их социально-экономическая структура. Известно, что основная функция сельской территории – сельскохозяйственное производство. В общепринятом понятии устойчивое развитие – это стабильное социально-экономическое развитие, не разрушающее своей природной основы и обеспечивающее непрерывный прогресс общества. Под устойчивым развитием сельских территорий понимается стабильное развитие сельского сообщества, обеспечивающее выполнение народнохозяйственных функций (производство продовольствия, сельскохозяйственного сырья, других несельскохозяйственных товаров и услуг, а также общественных благ, предоставление рекреационных услуг, сохранение сельского образа жизни и сельской культуры, социальный контроль над территорией, сохранение исторически освоенных ландшафтов); расширенное воспроизводство населения, рост уровня и улучшение качества его жизни; поддержание экологического равновесия в биосфере. Это означает, что устойчивое развитие любой территории определяется совокупностью социально-экономических и природно-экологических факторов. Поэтому необходимо рассматривать все факторы, определяющие условия и потенциальные возможности развития сельской местности: факторы производственно-экономического развития, связанные с уровнем развития сельскохозяйственного производства и его положением в условиях открытого рынка, развитием сферы услуг, особенно с состоянием снабжения производства и торговли произведенной продукцией (региональный маркетинг) и многое другое. Факторы социально-экономического развития, связанные с населением, его культурой, уровнем занятости населения и его доходов, его социальным обеспечением, сложившейся инфраструктурой и с факторами сохранения природного, культурного и духовного наследия, связанные с объектами природы, во многом определяющими возможности и экономическую ценность

территории, и всем другим, составляющим историю края, историю страны и представляющим интерес, как для настоящего, так и последующих поколений людей. На развитие территорий огромное внимание оказывает политика государства и институциональные преобразования, связанные с отношениями владения, распоряжения и пользования землёй, лесами, водными ресурсами, объектами производства, инфраструктуры и другими, участвующими в системе многофункционального развития сельских территорий, связанные с организацией власти и управления на местах, в регионе и стране в целом [6, 8].

Таким образом, для устойчивого развития сельских территорий необходимо создать соответствующие правовые, экономические и организационные основы, что является прерогативой государственных органов и органов местного самоуправления [5, 6]. Устойчивое развитие сельских территорий, решение социальных проблем сельского населения является одним из основных условий бесконфликтного, демократического развития казахстанского общества, его экономического и социального благополучия и потому должно стать приоритетным направлением развития государства. Существующие большие социально-экономические диспропорции между уровнем и качеством жизни, занятостью, доходах в сельских территориях, малых городах, аулах и крупных городах характерны как для Казахстана, так и для России.

Профессиональное образование должно в большей степени ориентироваться на удовлетворение этих потребностей общества, конкретных запросах работодателей, то есть на удовлетворение спроса реальной экономики в подготовке специалистов в области устойчивого сельского хозяйства и развития сельских территорий [7]. В связи с этим участие казахстанских и российских университетов в формировании и открытии новой образовательной программы магистратуры по устойчивому сельскому хозяйству и развитию сельских территорий в рамках своих аккредитованных специальностей, а в КАТУ им. С. Сейфуллина - по специальности "Экономика" очень актуальна, так как программа специально разработана для удовлетворения спроса на специалистов местных и региональных органов власти, управленцев аграрными предприятиями и поставщиков разного рода услуг в сельском хозяйстве. Структура проекта образовательной программы магистратуры построена таким образом, что обеспечивает подготовку компетентных специалистов по устойчивому сельскому хозяйству и развитию сельских территорий в условиях специфических особенностей Казахстана и России. Рассматриваются механизмы по активизации и вовлечению местного населения в процессы разработки и реализации программ развития сельских территорий, мониторинга и оценки эффективности программных мероприятий. В образовательной программе особое внимание уделяется правовым основам для участия населения в сельском развитии в Казахстане, а также методам вовлечения населения на различных этапах разработки проектов развития сельских территорий. Европейский, казахстанский и российский опыт вовлечения населения в разработку и реализацию программ развития сельских территорий очень полезен. Однако проблемы устойчивого развития сельских территорий отличаются не только своей сложностью, но и многообразием. Основой учета всех факторов служит методология системного анализа, которая позволяет вскрыть эти факторы и выявить все взаимосвязи между ними. Поэтому возникает необходимость подготовки таких специалистов, которые бы занялись решением проблем устойчивого развития любой конкретной сельской территории. В этой связи магистерская образовательная программа, направлена на подготовку магистров, которые впоследствии могут решить задачи и исследовать ситуации относительно конкретной территории, будут способствовать формированию вертикально интегрированных структур, развитию кооперации, оценке потенциалов территории и выбор эффективных направлений бизнеса, повышению квалификации и ускоренному развитию информационной и консультационной



деятельности на сельских территориях, обучения хозяйствующих организаций и тружеников села инновациям и т.п.

Магистерская образовательная программа разработана на модульно-компетентностной и системно-деятельностной основе. Применение компетентностного подхода при проектировании образовательной программы в системе образования открывает новые перспективы для кардинального улучшения качества подготовки выпускников. Появились новые возможности преобразования учебной деятельности магистрантов в учебно-профессиональную, способствующую более эффективному освоению специальности, прежде всего посредством моделирования будущей профессиональной деятельности в учебном процессе. Стремительный рост объема информации требует от современного специалиста таких качеств, как инициативность, изобретательность, предприимчивость, способность быстро и безошибочно принимать решения, используя творческий подход к делу. Это особенно актуально для *управленцев*. Главная цель данной технологии – обеспечить условия для профессионального становления личности современного конкурентоспособного, компетентного специалиста, готового к полноценной профессиональной деятельности. В рамках технологии контекстного обучения содержание учебной деятельности магистранта отбирается не только в логике науки, но и через модель специалиста – в логике будущей профессиональной деятельности, что придаёт целостность, системную организованность и личностный смысл усваиваемым знаниям и умениям, формируемым профессионально значимым качествам. Содержание обучения проектируется не как учебный предмет, а как предмет учебной деятельности, последовательно трансформируемый в предмет деятельности профессиональной. Поэтому разработанная образовательная программа весьма актуальна и своевременна. Подготовка магистров по данной образовательной программе позволит устранить перечисленные и существующие ныне факторы, и тенденции социально-экономического развития сельских территорий, что приведет к повышению качества сельской жизни и создаст основы для повышения престижности труда в сельской местности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы.
- 2 Стратегический план Министерства образования и науки РК на 2014-2018 годы.
- 3 Современные научные исследования и инновации // Тверезовская Н.Т., Тарнавская Т.В. Деятельностный подход в образовании: обзор исследований – Апрель 2012. – № 4. – С. 18-20.
- 4 Новые тенденции в оценке результатов профессионального образования / Л.С. Ушакова, М.Н. Коломиец // Профессиональное образование. Столица. - 2010. – № 2. – С. 14-16.
- 5 Государственная программа развития сельского хозяйства и регулирования рынков сельскохозяйственной продукции, сырья и продовольствия на 2013-2020 гг.
- 6 Об утверждении Программы развития регионов до 2020 года. - Постановление Правительства РК от 28.06.2014г. - № 728.
- 7 Человеческий капитал в условиях обеспечения конкурентоспособности национальной экономики: современная концепция, приоритеты и механизмы реализации / Под ред. М.К. Мельдахановой. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК. – 2012. - 420 с.
- 8 Формирование стратегии устойчивого развития сельских территорий Казахстана.// Раимбеков С.Г. - Алматы: Каз. нац. аграрный ун-т, 2010. - 47 с.



ТҮЙІН

Білім беру бағдарламасы тұрақты ауыл шаруашылығы саласында мамандар дайындаудағы нақты экономика сұранысын қанағаттандыруға және ауылдық аумақтарды дамытуға бағыдарланған, жергілікті және аймақтық билік ұйымдарында, аграрлық кәсіпорындарда, ауылдық аумақтарды әрі қарай дамытатын қызмет көрсету саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастыратындай етіп құрылған.

RESUME

The educational programme is oriented for the satisfaction of real economy in training specialists in the sphere of sustainable agriculture and development of rural territories and is constructed in the way to form professional competences for working in local and regional bodies of power, in agrarian enterprises and in the sphere of services for further development of rural territories.

М.А. Кененбаева

Павлодар мемлекеттік педагогика институты, пед. ғыл. канд., профессор

А.Ш. Тлеулесова

Павлодар мемлекеттік педагогика институты, пед. ғыл. канд., қауым. профессор

З.Е. Жумабаева

Павлодар мемлекеттік педагогика институты, пед. ғыл. канд., профессор

Ақпараттық технологиялардың ерекшеліктері

Аннотация

Мақалада Қазақстандағы ақпараттандыру процесі, «Педагогикалық технология», «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдандудың басты ерекшеліктері атап көрсетіледі. Ақпараттық технологиялардың, ғылыми-техникалық прогрестің, жетістіктеріне қарай жаңа ақпараттық қоғам туралы, сонымен бірге жаңа өркениетке, яғни ақпараттық өркениет жайында баяндалады.

Түйін сөздер: педагогикалық технология, ақпарат, экономикалық, интеллектуалдық, стратегиялық, интернет, инновациялық, синтаксистік, семантикалық, прагматикалық.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауындағы: «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек», - деген [1].

Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Қазірде білім қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. Білім беру жүйесінің ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу. Ғылым мен техниканың ұдайы өсуі қоғам өміріне мәнді өзгерістер әкеліп жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияның түрін, қолдану ерекшелігін ендіруді міндеттеп отыр.

Бүгінде ғылыми зерттеулерде әдіснамалық тұрғыдан қатынастың әртүрлігіне байланысты «ақпарат» түрліше анықталады. Көптеген ғалымдар, әсіресе, шетел ғалымдары (Н.Мончев, И.Перлаки, В.Д.Хартман, Э.Менсфилд, Р.Фостер, Б.Твисс, Й.Шумпетер, Э.Роджерс, т.б.) бұл ұғымды өз зерттеулерінің объектісі мен пәніне байланысты тұжырымдайды [2].

Өзінің дамуы жағынан күрделі, біркелкі сипатта болмаған қазіргі заманғы ғылым мен техниканың интеграциялануы ғылым салаларының түйіскен жерінде дифференциялануы арқылы іске асады. Мұндай өзара әрекет ғылыми-техникалық білім шекарасының кеңеюіне әкеліп соғады. Бірақ, бұл даму негізінен өзара әрекет жасайтын ғылымдардың сапалы әдістерінің негізінде орындалады. Осындай қажеттілік туындағаннан кейін қазіргі ғылыми танымның тұтас дамуында жаратылыстану, техникалық және қоғамдық ғылымдар бір-бірімен жақындасып, синтезделу процесі басымдық танытуда.

Қазақстанда ақпараттандыру процесі 1990 жылдардан басталады. Бұл кезең ішінде республикамызда компьютерлік техника саны артып, біршама мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, кәсіпорындар мен ғылым, білім мекемелерінде жұмыс процесі аутоматтандырыла бастады. 1996 жылдан бастап елімізде интернет жүйесі жұмыс жасай бастады. Қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық процестер ақпарат ғасырының жаңа талап-тілегіне тез бейімделуде. Бір-бірімен тығыз байланыстағы әртүрлі қоғамдық процестер орын алууда.

Адам санасында ақпаратпен психологиялық тұрғыдан әсер етудің оң немесе теріс процестеріне негізделген жаңа саяси технологиялардың дүниеге келуі – саясаттың шынайы нәрседен виртуалды дүниеге айналғанының салдары, не болмаса белгісі ғана [3].

Компьютерлік және ақпараттық технологиялардың арқасында қазіргі саясат жаһандық саясатқа айналды, бұл саясат үшін ұлттық, мемлекеттік және басқадай шекара жоқ. ол қоғамдық өмірдің бүкіл саласына, ал ең бастысы адамның санасына дендеп ене бастады. Ақпараттың арқасында жаңа мифтер жасау арқылы адамдардың психологиясына әсер етіп, оны өзгерту мүмкіндігіне ие болды.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» түсінігінің жаңа даму кезеңі жүріп жатыр, бұл түсінік 1980 жылдары арнайы компьютерлер арқылы жан-жақты ақпаратты-бағдарлама жүйесінде оқыту пайда болған кезден дамыған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сондықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауы, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек.

Оқу үрдісінде қолданудың басты ерекшеліктерін атап көрсетсек:

- мұғалім басты рөлде болмайды, оқушы білім жүйесінде басты тұлға бола отырып, өзіне қажетті ақпаратты ала отырып жұмыс жүргізеді, мұғалім тек көмек беріп отырады;
- білімді жобалауда басты қалыптасқан жүйе дайын білімді қабылдау жүйесі өзгереді;
- оқу үрдісінде негізгі элемент білім емес, ақпарат болып есептеледі.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі [2].



Жалпы білім беретін мектептерде бүгінгі мәселелер:

- білім сапасының төмендігі;
 - білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;
 - директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;
 - оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;
 - оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.
- Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы-оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Технологиялық қатынас адам мен техника арасындағы байланысты көрсете отырып жалпы өндірістік қатынастың бір жағын көрсетеді. Бұл қатынас ең алдымен, өндіргіш күштердің заттық элементінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Демек, технологиялық қатынас ғылыми-техникалық прогрестің мазмұнымен және өндірісті интенсификациямен тікелей байланысты. Технологиялық қатынас өндірістегі адамдардың өз арасындағы қатынастармен қатар тұрып өмір сүреді және жүзеге асады [4].

Ақпараттық технологиялардың, ғылыми-техникалық прогрестің, жетістіктеріне қарай жаңа ақпараттық қоғам туралы, сонымен бірге жаңа өркениетке, яғни ақпараттық өркениет туралы айтамыз. Мұндай пікірлердің негізінде техникалық, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың интеграциясының нәтижесі болатын ақпараттық-компьютерлік жұмыс жатқаны анық. Сондықтан, бұл процесс адам өміріне жаңаша әсер етеді. Бұл ақпараттық қоғам дамуының, ақпараттық өркениеттің алғы шарттары болды [4].

Жаңа техника, технологиялар мен тұжырымдамаларды таңдауда ең алдымен оның тиімділігіне көңіл бөлінеді. Технологиялық процесте (соның ішінде технологиялық принципте құрылған педагогикалық процесс) жоғары деңгейлі тиімділік көрсетуге тиіс. Технологиялық процесс қажет құралдар мен жағдайларды пайдаланып, белгілі операциялардың тізбегінен тұрады. Технологияның маңызды белгілеріне процесті стандарттау, белгілі бір шарттарда оны құрастыру жатады.

Қоғамды ақпараттандыру деп - өндірістің жалпыға ортақ әлеуметтік процесі мен ақпаратты экономиканы нығайтын қамтамасыз ететін, еліміздің ғылыми-техникалық прогресін, қоғамды демократияландыру мен интеллектендіру үрдістерін жеделдететін қоғамды байлық ретінде жаппай пайдалану. Қоғамды ақпараттандырудың құрамды бөліктерінің бірі – білім беруді ақпараттандыру [5].

«Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болды.

«Оқыту технологиясы» - мынадай шараларды:

- білімнің, ғылыми жетістіктердің, техниканың белгілі бір аймағында қойылған мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын білімді, біліктілікті және дағдыларды меңгеру процесін;
- оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау процестерін керек етіп, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың педагогикалық әдістемелік негіздері қалыптасу үстінде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Ақпараттық құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ал, оқытушы үшін де маңызы өте зор, ол мына жетістіктермен ерекшеленді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс- тәсілі артады, жас мамандардың қызығушылығын туындатады, интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс- тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қолы жетеді, оқытушының сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Білім беруді ақпараттандыру және оқытуды компьютерлендіру ұғымдарын ажырата білу керек. Соңғысы компьютерді тек оқытуда пайдалану аумағын қамтиды. Бұл жағдайда компьютердің мүмкіндіктері өте кең: электронды оқулықтардың көмегімен жаңа білім, жаттықтыру тапсырмаларын беру, оқушылардың білімін тексеру, тест алу, әртүрлі ойындар, т.б. Оқыту үрдісінде компьютер оқыту нысаны және құралы болуы мүмкін. Яғни, оқытуда компьютердің екі бағыты болады.

- біріншісі бойынша компьютердің мүмкіндіктерін сезініп және оны әртүрлі жағдайларда пайдалана білуге қажетті білім, дағды іскерліктерімен қаруландырса,

- екінші бағыт бойынша компьютер оқытудың тиімділігін жоғарылататын, сапасын көтеретін күшті құрал болып есептеледі. «Мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда интерактивті үрдістері компьютерлік білімді тереңдетуге, оқу мерзімін қысқартуға ықпал етіп, жағдай жасайды. Мұның нәтижесінде білімді, білікті, дағдыларды шығармашылықпен іске асыру, яғни тиісті ойлау ұстанымдарына тоқталсақ, оқытудың технологияларын, әдістерін және формаларын таңдау және қолдану жалпы дидактикалық ұстанымдарымен қатар басқа бірнеше ұстанымдарға негізделеді.

Компьютер оқыту мақсаты мен міндеттеріне байланысты басқа параметрлер бойынша да ақпаратты тіркейді.

Білім беруді тез қарқынмен ақпараттандыру қажеттілігі мына факторлармен түсіндіріледі;

1. Оқушыны қазіргі қоғам сұранымына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан- жақты дамыған дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

2. Жаппай компьютерлік сауаттылық мәселелерін шешу, яғни, оқушыларға информатика мен коммуникациялық техниканың құралдарын пайдалану дағдысын қалыптастыру.

3. Оқушының шығармашылық қабілетін, экспериментальды іскерлігін дамыту.

4. Оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, тиімділігі мен сапасын жоғарлату мақсатында компьютерді жекелеген пәндерде оқыту құралы ретінде пайдалану.

Сондықтан бұл жерде ақпараттық технология меңгерудің сатылап жүру кезеңдерінде тұлғалық бағдарлау, модульдік оқыту, даралық және топтық оқыту әдіс- тәсілдерін қатар интеграциялық түрде қамтиды. Оқу әрекетінің түрлері;

1) эмпирикалық әрекет қабылдау кезеңі ретінде;

ӘОЖ 378.1.147

Аннотация

Мектепте математиканы оқыту мақсаттарының бірі – адамзат қызметінің түрлі саласындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешуде адамның математикалық білімді пайдалану қабілетін дамыту. Осыған байланысты, авторлар мақалада материалдардың талдауы негізінде, математиканы оқыту процесінде мәнмәтіндік (контекстік) есептерді пайдаланудың пәнге деген қызығушылықты арттыратынын көрсетеді. Мәнмәтіндік (контекстік) есептер, негізінен, оқушылардың есеп оқиғасына қатыстылығын, немесе тіпті олардың өз өмірлерінен алынған жағдайлардан болғанын барынша ескереді.

Түйін сөздер: оқыту, тәрбиелеу, есептің желісі, мәнмәтіндік есептер, мәнмәтіндік есептерінің тәрбиелік мүмкіндіктері

Оқушыларды математикаға оқыту үдерісінде есептердің рөлі маңызды және олардың маңыздылығын бағаламау мүмкін емес. Есептер әртүрлі қызметті жүзеге асыруға көмектесуге бағытталған және олар тек оқушылардың алған білімін қолданумен ғана шектелмейді. Заманауи математика әдістемесі ғылымында есептер оқытудың мақсаты ғана емес, сонымен қатар оқыту құралы болып табылады.

Оқушыны оқуға дайындау барысындағы оқулықтардағы математикалық есептер қандай да бір өлшемде бірегей дидактикалық феномен болып табылады. Оның құрамында оқушының ойлау қабілетін дамытуға қажетті барлық элементтер бар.

Есеп өзінің тегі жағынан қиын болғанымен, сол қиындықты жеңу үшін оқушыны ойлауға, күшін психологиялық ойлауға бағыттайды. Есепті шешу қажеттілігі танымдылық уәжді, өз бетінше жетістікке жетуге ынталандырады. Есептің шешімін табу үдерісі танымда жаңа нәтижелерге жетуде мақсат болып табылатын өзгермелі пәндік әрекетке бағытталған.

Бірақ сонда да қазіргі уақытта көпшілік мұғалімдер есепті шешуде белгілі бір есеп түрлерін шешуде жалғыз әдіс шешу тәсілдерін көрсету болып табылады және оқушылар тарапынан ешқандай дербестік танылмайды. Есепті шешу барысында тәрбиелік және

Р.С. Ғабдуллин

Ш. Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік
университеті,
PhD докторанты

А.А. Қостангелдинова

Ш. Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік
университеті,
пед. ғыл. канд.

Оқушыларға математиканы оқыту барысында қолданылатын мәнмәтіндік есептер



дамытушылық нәтижеге жету механизмі пайда болған мәселені шешу арқылы қол жеткізеді және оқушы мен тұлғаның жаңа субъектілігімен сипатталатын жаңа бір дербес әрекет жүзеге асырылады. Есепті шешу барысында тәрбиелік және дамытушылық нәтижеге жету оқытудағы маңызды міндет болып табылады.

Белгілі ғалымдардың психологиялық зерттеулері есепті шешудегі оқытудың маңызды мәселелерін ашты. Оқушылар бойында жалпы есеп шығарудағы білік пен қабілеттің болмауы өз әрекеттерінің тұрақты талдауының және олардың ішінде ортақ әрекет ету әдістері мен олардың теориялық негіздерінің жоқтығы, құрғақ және есеп фабуласы мен оқушылардың шынайы өмірі арасында байланыстың болмауы болып табылады.

Бүгін Қазақстанда орта білім берудің негізгі мақсаты Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты [1] мен басқа да нормативті құжаттарда көрініс тапқан. Ол өз елінің жан-жақты дамыған тұлғасына, азаматына, қоғамда әлеуметтік бейімделуіне қабілетті, өз бетінше білім алуына қабілетті, өзін-өзі таныта алатын және жасампаз еңбекке дайын тұлғаның өзекті және болашағына, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Ал мектепте математиканы оқытудың бірден-бір мақсаты – адамның математикалық білімді адам өмірінің әртүрлі саласында өмірлік өрісі кең есепті шешуде пайдалану және білімін орта-арнайы және жоғары оқу орындарында жалғастыру болып табылады.

Күнделікті өмірде туындайтын, оларды шешу үшін, біздің оқушыларды математикаға оқыту барысында қалыптастырылатын, білім мен біліктілікті талап ететін жағдаяттарды шешудегі сараптама, қажетті біліктің тізбесі шамалы екендігін көрсетті. Оқушылардың білім жетістігін бағалау бойынша Халықаралық бағдарламаның (Programme for International Student Assessment, PISA) нәтижелері көрініс тапқан, білім беруді тәуелсіз бағалау орталығының есебіне сәйкес, математика бойынша 2012 жылы қазақстандық оқушылар 65 мүмкін орынның 49-орнына орналасқан [2]. (PISA зерттеулері Қазақстанда 2009 жылдан бастап жүргізілуде, осы кезеңде үш рет – 2009, 2012 және 2015 жылдары жүргізілген). PISA зерттеуінің мақсаты – әлемдік деңгейде салыстырылатын әр мемлекеттің оқыту нәтижелері жөніндегі сенімді мәліметтерін алып саралау болса, негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау және оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру, ал оқушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз – әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесе отырып, үнемі білімін жетілдіруі [3].

Осындай тексерістерде есептің екі түрі өңделді және таңдалынды: математикалық және шарты ауызша ғана емес, сонымен қатар сурет, сұлбе, график, кесте және т.б. түрлерінде берілген мәнмәтіндік есептер.

Қазақстанда осы күнге дейін білім алушылардың білім жетістігін бағалауда осындай форматтағы тест тапсырмалары қолданылған жоқ. Мысалы, ҰБТ, КТА, ОЖСБ және т.б. аралық және қорытынды бақылауларында академиялық тест тапсырмаларының бір-ақ түрі – жауабын таңдау форматы ғана пайдаланылады. ҰБТ, КТА, ОЖСБ ұсынылған тапсырмаларды саралай келе, мәнмәтіндік мазмұнды тапсырмалар мүлде жоқ екенін байқадық, ал құрамында бар сұрақтар білім сапасын анықтауға, пән бойынша білімді, біліктілік пен дағдыны игеруге мүмкіндік береді, бірақ алған білімді күнделікті өмірде пайдалану қабілетіне ерекше көңіл жасалатын негізгі құзыреттілікті игеруге назар аударылмайды.

Оқытудың аталған жақтарын тестпен анықтау мүмкін емес, бұл жерде білім сапасын бағалаудың басқа құралдарын қолдану керек. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай тәсілге мәнмәтіндік тапсырмалар жатады.

Мәнмәтіндік тапсырма дегенді терминнің өзін түсіндіріп көрейік, оның фабуласында оның шешімін табу мен нәтижесін түсіндіруде математиканы қолдануды қажет ететін өмірлік жағдаяттар жатыр (Кеңес Одағы кезеңіндегі әдебиетте практикалық мазмұндағы тапсырмалар, тәжірибелік-бағытталған, вегетативтік тапсырмалар деп аталады).

В.В. Сериков [4] мәнмәтіндік тапсырмалардың шартында нақты өмірлік жағдаят сипатталған, білім алушының әлеуметтік мәдени тәжірибесімен байланыстағы уәждемелі сипаттағы тапсырмалар деп түсіндіреді.

О.М. Мясникова [5] мәнмәтіндік тапсырмаларға шынайы қоғамдық, тұрмыстық өмірде жиі кездесетін жағдаяттар көрсетілген; оның мазмұнындағы негізгі бірлік мәселе болып табылатын мазмұндағы тапсырмаларды жатқызады.

Л.О. Денищева, Ю.А. Глазков, К.А. Краснянская [6] мәнмәтіндік тапсырмаларға шынайы өмірлік жағдаяттарда кездесетін есептерді жатқызады.

Математика бойынша қолдағы бар оқулықтарды саралай келе, олардың бірен – саранында ғана мәнмәтіндік тапсырмаларға мазмұны бойынша жақын тапсырмалар кездесетінін анықтадық.

Біздің оқулықтарда негізінен оқушыларға шешуге үйрететін қиындық деңгейі әртүрлі таза математикалық оқу тапсырмалары кездеседі. Оқушылар ешбір қиындықсыз таза математикалық оқу есептерін шешеді, бірақ практикалық мазмұндағы есептерді шешуге келгенде қиынсынады. Мәнмәтіндік мазмұндағы есептерді ойдағыдай орындау тек негізгі мектептің оқу бағдарламасына енгізу арқылы ғана қол жеткізуге болады.

В.А. Далингер [7] және т.б. мәнмәтіндік тапсырмалардың келесідей ерекшеліктерін атап өтеді:

1) есептің шешімін шешу барысында алынатын нәтиженің маңыздылығы (танымдық, кәсіби, жалпы мәдени, әлеуметтік);

2) есептің шарты әртүрлі пәндерден алынған білімді пайдалануды қажет ететін, бірақ ол есептің мәтінінде нақты көрсетілмеген мәселе, жағдаят, сюжет ретінде қалыптасқан;

3) есептің ақпараты мен мәліметтері әртүрлі формада (сурет, кесте, сұлбе, диаграмма, график және т.б.) берілуі мүмкін, ол өз кезегінде нысанды танып білуді талап етеді;

4) есепті шешу барысында алынған нәтижені анық немесе онша анық емес салада қолдануды көрсету;

5) есеп оқушының шынайы өмірлік тәжірибесіне, біліміне, көзқарасына, ерекшелігіне, түсінігіне, ұғымына және т.б. сүйенуі керек;

6) есеп мазмұны білім алушылардың қызығушылығын тудыратын, жаңалықты қамтамасыз ететін, бірегей, стандартты емес, қарама-қайшы болуы керек.

Мәнмәтіндік тапсырмалардың ерекшеліктері оқушылардың қызығушылығы, есептегі оқиға деген қатысы немесе есептің мазмұнында өздерінің күнделікті өмірлеріне қатысты жағдаяттар кіреді, ол өз кезегінде тәрбиелі дамыта оқытумен келісілетіні ескерілетіні жатады [8].

Авторлар [6] өз жұмысында мәнмәтіндік тапсырмаларды құрастыруда әлемдік тәжірибені жүйелеуге талпыныс жасаған және оларды құрастыруда қолданылатын ұстанымдарды көрсеткен:

- есептер оқушыға таныс, мазмұны өмірлік жағдаяттарға жақын немесе байланысты, мысалы, жеке өміріне, оқыту немесе қоғамдық өміріне, мамандығына, практикалық жағдаяттар негізінде құрастырылуы керек;

- жағдаят білім мен дағдысын кешенді тексеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беруі керек, яғни математика курсы мен басқа да пәндерден немесе мектептен тыс ақпараттағы білім мен дағдыны қолдануды талап етуі керек;

- ұсынылған жағдаят аясында оны шешу үшін математиканы қолдану қажеттілігі бар мәселе туындауы керек;



- есеп мәнмәтіні қойылған мәселені шешуде қолданылатын білім саласы мен шешу тәсілін нақты көрсетпеуі керек;

- есеп мәтіні әртүрлі формада (кесте, сұлбе, диаграмма, график) берілуі керек;

- ұсынылған нақты өмірлік жағдаят негізінде құрастырылған математикалық есеп, мүмкіндігінше осы жағдаятқа кем дегенде біреуі жауап бермейтін бір шешімі болуы керек (мысалы, есеп шартын есепке ала отыра жуықтауды талап етеді).

Оқушылардың математикалық дайындығына сәйкес мәнмәтіндік есептердің үш деңгейін көрсетеді:

а) елестету,

б) байланыс орнату,

в) ойлау, пайымдау.

Бірінші деңгейге математикалық деректерді елестету, еске түсіру, бір қадамдық есептеу кіреді. Оқушылар стандартты базалық білімді қолданады, кесте, графика, шкала және т.б. берілген мәліметтерді түсіндіреді.

Екінші деңгейге қиындығы әртүрлі жағдаяттарды шешуге қажетті пәнаралық байланысты орнату жатады. Олар график, кесте, сұлбелерді түсіндіре отыра, көпқадамды әрекетті орындауы мүмкін.

Үшінші деңгей - қорытындылау мен интуицияны талап ететін, математикалық пайымдау бар деңгей. Олар алынған ақпараттар негізінде қорытынды жасай алады, әртүрлі ұсынылған болжамдарды дәлелдейді немесе теріске шығаруы мүмкін. Қиын емес жағдаяттық алгебралық моделін құрастыра алады. Осы деңгейдегі есептерде, біріншіден, өз бетінше математикалық тәсілдер арқылы шешуге болатын мәселені анықтауы керек.

Сонымен, тұлғалық – маңызды мәселе білім алушыға осы білімнің қажеттілігіне көмектесетін осы талаптарды ескере отыра бірқатар есептер құрастыруға болады.

Мысалы, республикамыздың солтүстік өңірінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы дамыған, соған байланысты оқушыларға осы тақырыптағы есептерді ұсынуға болады.

1 есеп. Фермер жылына 63 сиырдың әрқайсысынан 6,8 т., басқа 37 сиырдың әрқайсысынан – 7,6 т. сүт алады. Сиырдың емшегінен бір литр сүт алу үшін 540 литр қан өтуі керек. Сүттің орташа майлылығы 3,9% құрайды. Егер 2 тонна сүттен 0,32 тонна кілегей алса, барлық сүттен қанша тонна кілегей алды?

Шешімнің нәтижесін зерттеу үдерісі барысында, тақырыпты дамыта отыра, мұғалім оқушыларға үнемділік және тиімділікті тәрбиелеу мақсатында келесідей сұрақтар қоюы мүмкін. Фермер барлық сүтін қалалық базарда сатса, қандай пайда алар еді. Базарда орташа бағамен кілегейді сатқанда, қандай пайда алады. Сүт немесе кілегей сатқанның қайсысы пайдалы?

2 есеп. Ақмола облысының «Труд» ЖШС 32000 гектар егін жинау керек, оның 9726 гектар арпа орылды. Биыл бидай 18000 гектар жерге егілді, оның өнімділігі гектарына 17 ц. Арпаның орташа өнімділігі гектарына 20 центнер құрады. Мың тоннадан артығы тұқымға алынды. ЖШС қанша арпа септі? Орылмаған жерден қанша тонна жинады? Келесі сұрақтар ұсынылуы мүмкін:

1) Қанша тонна арпа сатылымға шығарылады? Жалпы егіннің қанша ауданы орылды?

2) ЖШС дәнді дақылдарды сатқанда, егер 2015 жылы бидайдың орташа бағасы 38000 тг., арпа 22000 тг., ал статистика мәліметтері бойынша дәнді дақылдардың тоннасының орташа өзіндік құны 13900 теңге болса, пайда таба ма әлде шығынға ұшырай ма?

3) республикамызда неге «жер өңдеудің қатерлі аймақтары» бар?

Осы тектес есептер оқушыларды өндірістік еңбекке баулиды және ауыл шаруашылығына деген қызығушылықты тудырады.

3 есеп. 1 литр сүт алу үшін 1,2 жем-шөп бірлігі жұмсалады (бір азық өлшеміне 4 кг сүрленген жүгеріге тең) егер әрбір қала тұрғыны күніне 0,5 литр сүт пайдаланса, миллион тұрғыны бар қаланы сүтпен қамтамасыз ету үшін, сиырды 7 ай бойы қажетті жем – шөппен қоректендіру үшін, егер жүгерінің сабағы мен собығының өнімділігі гектарына орташа есеппен 700 ц. болса, қанша жерге жүгері егу керек? Егер бір сиыр жылына орташа есеппен 5145 кг сүт берсе, осындай көлемде сүт алу үшін неше сиыр ұстау керек? (есепке сүттің температурасын $t=+20^0$ есепке алу керек)?

Мәнмәтіндік есептерді қолдану теориялық білім мен практикалық қызметті біріктіру барысында ақпаратты өңдеу, талдау, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәнмәтіндік есептерді қолдану аясында орындалған нәтижелерді мектеп түлектерінің қалыптастырылған тірек уәждемелерінің индикаторы ретінде қарастыруға болады. Мәнмәтіндік есептер білімін бағалау құралы, сонымен қатар құзыреттілік мазмұнының қызметтік компоненті ретінде қызмет ете алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200001080>. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 23 тамызда №1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарты (бастауыш, егізгі орта, жалпы орта білім)
- 2 <http://cnoko.bbs-it.su/index.php?p=docs-view&s=29361903AA138CB9&d=0D7BE2818447FDBC>
- 3 <http://zkoipk.kz/kz/2015confpisa1/1680-1.html>
- 4 Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. – М.: Логос, 1999. – 243 с.
- 5 Мясникова О.М. Использование контекстных задач при оценивании метапредметных результатов // Пермский педагогический журнал. – 2014. – Выпуск 5. – С. 110-113.
- 6 Денищева Л.О., Глазков Ю.А., Краснянская К.А. Проверка компетентности выпускников средней школы при оценке образовательных достижений по математике // Математика в школе. – 2008. – №6. – С. 19-30.
- 7 Далингер В.А. Оценка качества математического образования студентов педагогического ВУЗа средствами контекстных задач // International Journal of experimental Education. - 2016. - №5. - С. 198-200.
- 8 Математиканы тәрбиелері-дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Оқу құралы / Қ.Ф. Қожабаев. – Көкшетау, 2015. - 202 б.

РЕЗЮМЕ

Одна из целей обучения математике в школе – развитие способностей человека использовать математические знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах деятельности. Авторы на основании анализа материалов показывают, что использование контекстных задач в процессе обучения математике способствует повышению интереса к предмету. Контекстные задачи в большей степени учитывают интересы учеников, их причастность к событию в задаче, даже содержат ситуации из их собственной жизни.

RESUME

One of the purposes of teaching mathematics at school is the development of the ability to use mathematical knowledge in solving a wide range of life problems in different spheres of human activities. Based on this purpose the authors of the present article show that the use of contextual tasks in the process of teaching mathematics heightens pupils' interest in the studied subject. The contextual tasks consider the interests of the pupils in a greater extent as well as include real-life situations and the pupils' involvement with them.



А.А. Ризулла

Казахский национальный университет им аль-Фараби,
PhD докторант

М.П. Кабакова

Казахский национальный университет им аль-Фараби,
канд. психол. наук,
и.о. профессора

Ф.С. Ташимова

Казахский национальный университет им аль-Фараби,
д-р психол. наук, профессор

Анализ исследований феномена мимикрии в психологии

Аннотация

В данной статье приводится анализ экспериментальных исследований феномена мимикрии западных ученых, начиная с 60-х годов XX века по настоящее время. Дается определение понятие мимикрии, как вербальной и невербальной имитации собеседника. Раскрываются свойства данного феномена, включая его положительные и отрицательные стороны.

Анализ данных экспериментальных исследований показал роль мимикрии в продуктивной социальной адаптации личности.

Ключевые слова: мимикрия, эксперимент, интериоризация, социальное взаимодействие, социальное восприятие.

В природе есть такой феномен, когда животные принимают образ окружающего мира, сливаясь и идентифицируясь с ним, к примеру, хамелеон, принимающий окраску окружения. Есть животные, которые копируют поведение других животных с целью адаптации. Данное явление обозначается в биологии как мимикрия, впервые была описана Г.У. Бейтсем в 1862 году [1].

В психологии феномен мимикрии имеет свой похожий смысл. Первые экспериментальные исследования мимикрии в психологии были в 60-х годах XX века, изучалось сходство поведения, которое определялось как сходство положения тела между взаимодействующими лицами. Такие исследователи, как Альберт Шефлен (Albert E.Scheflen, 1964), Марианна ЛаФранс (MarianneLaFrance, 1976) фокусировались на вопросе сходства во временном отрезке в течении временных сессий. Сходство в позициях тела было обнаружено у собеседников, разделявших одну и ту же точку зрения, приводила к взаимопониманию оппонентов [2]. В настоящее время сходство в поведении обозначается как поведенческая мимикрия.

Поведенческую мимикрию глубоко изучали, используя экспериментальное исследование, такие западные ученые, как: Таня Чартанд, Джон Баргх, Ричард Кук и др. (Tanya L. Chartrand, John A. Bargh, RichardCook), понимавшие под данным

термином адаптацию поведения одного человека во время взаимодействия к поведению другого, иначе говоря, это имитация поведения партнера во взаимодействии. Мимикрия проявляется в различных видах действий, таких как: вербальное и невербальное поведение, темп речи, позиции тела, движения головы или качание ног, мимика лица [3, 4]. Мимикрия имеет бессознательную природу, проявляется автоматически [4], что говорит о том, что она заложена в натуре человека. Проявление мимикрии можно с легкостью наблюдать уже у младенцев во время взаимодействия с родителями, они имитируют их мимику. Данная имитация играет важную роль в обучении социальным навыкам, в удовлетворении первостепенных потребностей, таких как еда и т.п., в распознавании и обхождении угрозы и даже в выражении агрессивного поведения [5].

В продолжении данной мысли необходимо осветить еще один факт о мимикрии. Это исследования западных ученых Елена Крузиус и Питер Боркено (Elena Kurzius, Peter Borkenau, 2015), которые провели эксперимент на группе студентов, где испытуемые проходили собеседование с представителем стороны экспериментатора, во время беседы представитель показывал маньеризм (качание головой, касание лица и др.), а испытуемые, в свою очередь, неосознанно копировали маньеризм представителя. После беседы испытуемые были опрошены методом «Большой пятерки» (Bigfive), который направлен на выявление проявлений основных черт личности, таких как: экстраверсия, нейротизм, открытость новому опыту, сознательность, сотрудничество. В результате эксперимента выявлена положительная связь мимикрии с экстраверсией и сотрудничеством [3]. Принимая во внимание данное открытие можно утверждать, что экстраверты имеют склонность к неосознанному проявлению мимикрии. Если взять вторую черту, сотрудничество, которая также имеет связь с мимикрией, то это люди, которые способны сострадать другому человеку, помогать и в каком-то смысле даже жертвовать собой во имя других, люди, способные понимать и сочувствовать другим. Ярким примером такой личности является мать Тереза, которая посвятила свою жизнь помощи другим. Таким образом, люди, неосознанно проявляющие мимикрию это экстраверты и склонные к эмпатии и сочувствию.

Имея представление что такое мимикрия, возникает вопрос, а что она даёт нам, чем она хороша? В данном контексте было проведено много экспериментов, опять-таки западными учеными. Экспериментальные исследования выявили огромное количество положительных сторон мимикрии, а именно:

1. С помощью мимикрии человечество развивается, так в одном из самых первых экспериментов по мимикрии, проведенном в 1988 году учеными Франк Бернири, Стивен Резник и Роберт Розентол (Frank J. Bernieri J. Steven Reznick, Robert Rosenthal, 1988), было выявлено, что мимикрия проявляется уже в младенчестве в процессе взаимодействия с матерью [6].

2. Было доказано, что если во время взаимодействия собеседник имитировал своего партнера, то у последнего, в свою очередь, появлялась симпатия по отношению к собеседнику мимикрировавшего его/ее [6, 3]. Более того, было доказано, что симпатия была характерна для обоих собеседников. Таким образом, симпатия в мимикрии является обоюдной. Данное открытие позволяет людям решить проблему адаптации в новом коллективе, улучшить отношения в семье, наладить бизнес (продажи), увеличить круг друзей и т.п.

3. Мимикрия вызывает доверие со стороны мимика (тот, кого имитируют) в отношении мимикера (тот, кто имитирует), что в дальнейшем содействует взаимному сотрудничеству и оказанию поддержки мимикеру со стороны мимика [7]. Доверие, в свою очередь, порождает чувство единства и восприятия себя как части одного целого, приводящее к продуктивности взаимодействия.

4. Благодаря мимикрии мимикер получает предложение помощи со стороны мимика. В одном из экспериментов Мариелле Стел, Рикван Барен и др. (Marielle Stel,



Rickvan Baaren, 2008) инструктировали испытуемых отзеркаливать во время разговора собеседника, представителя благотворительной организации. В результате испытуемые, которые мимикрировали представителя благотворительной организации, изъявляли желание помочь данной организации и вносили пожертвования больше (1,06 Евро), чем испытуемые, которые не мимикрировали (0,30 Евро). Следовательно, желание оказать помощь характерно для обеих сторон в мимикрии, как для мимикёра, так и для мимика [8].

Войцех Кулесза, Дайрус Долинский и другие учёные (Wojciech Kulesza, Dariusz Dolinski, 2014) обнаружили, что мимикер зарабатывает больше денег благодаря мимикрии [9]. Здесь будет интересен один эксперимент, проводимый в естественных условиях Ванн Бареном (van Baaren et. al., 2003) и его коллегами, когда обученные официанты обслуживают посетителей ресторана, не подозревающих об эксперименте. Принимая заказ, официант вербально мимикрировал, повторяя слова клиента, либо не мимикрировал клиента, отвечая: «Хорошо, заказ принят». Результаты показали, что официанты, вербально мимикрировавшие клиента, получали больше чаевых, нежели официанты не мимикрировавшие. Другой эксперимент под руководством Селин Джейкоба, Николаса Геджин и др. (Céline Jacob, Nicolas Guéguen, 2011) проводился в торговом доме, где продавцы при обращении к ним клиента, и в целом, во время общения мимикрировали или не мимикрировали их (вербально и невербально). Было выявлено, что те продавцы, которые мимикрировали клиентов, совершали больше сделок по продажам, нежели те, кто не мимикрировал. Более того, мимикрия вызвала у покупателей положительные отзывы в отношении самой компании, в которой работал их продавец [8].

- Человек, мимикрирующий других, воспринимается более привлекательным. Опять же обратимся к экспериментам по мимикрии. В своем эксперименте Николас Геджин (Nicolas Guéguen, 2009) исследовал восприятие физической привлекательности в условиях мимикрии и отсутствия мимикрии. Эксперимент проходил в баре на вечере знакомств. Представитель эксперимента - женщина, выдававшая себя за участницу, подходила к участникам противоположного пола и в ходе беседы вербально мимикрировала собеседника, например, на вопрос «Вы действительно этим занимаетесь?» она отвечала: «Да, я действительно этим занимаюсь» и имитировала (копировала) его жесты. В условиях отсутствия мимикрии женщина не мимикрировала собеседника. В итоге, участники мужского пола оценили беседу с мимикрией более интересной и саму собеседницу более привлекательней, чем взаимодействие с немимикрировавшей собеседницей [8].

- Согласно Урсуле Хесс и Агнетте Фишер (Ursula Hess, Agneta Fischer), имитация выражений лица ведет к эмоциональному заражению, что в свою очередь усиливает распознавание эмоции. Следуя этим утверждениям, мимикрия порождает позитивные эмоции, что является важным для субъективного благополучия человека. Интересно и то, что если человек интерпретируют сигнал (поведение) как негативный (угроза, пожимание плечами, качание головой, знаки отсутствия согласия), то мимикрия не происходит, либо в очень ограниченном варианте [9].

Как и у любого явления, у мимикрии есть и отрицательная сторона, а именно, если мимикрия дает возможность единомыслию, то и одновременно она заглушает возможность видения новых перспектив, именно в контексте нестандартного мышления, такого как креативность, что было доказано в эксперименте Клэр Эштон-Джеймс и Тани Чартанд (Claire Ashton-James, Tanya L. Chartrand, 2009) [10].

Как ранее было отмечено, мимикрия бывает вербальная и невербальная. Вербальная мимикрия выражается в виде копирования слов партнера. Выше были приведены примеры экспериментов с вербальной мимикрией, в контексте которых возникают вопросы: как мимикрировать слова партнера? Повторять общий смысл, либо повторять слова такими, какими они были сказаны и в том же порядке, включая синтаксис

собеседника? Данную проблему исследовал польский ученый В. Кулесза [8]. Эксперимент проходил в офисе обмена валют, где кассир был инструктирован либо копировать слова клиента дословно и в том же порядке (обращение клиента: «Обмен 1000 долларов», ответ кассира: «Обмен 1000 долларов»), либо перефразировать слова клиента (на обращение клиента: «Обмен 1000 долларов», кассир отвечал: «1000 долларов, обмен»), либо ответить диалогом (на обращение клиента: «Обмен 1000 долларов», кассир мог ответить: «Скоро курс изменится»), либо вообще не отвечал, либо отвечал коротко, словом, «Хорошо». Испытуемыми были клиенты обменного пункта, которые и не подозревали об эксперименте, что дало эффект естественной обстановки. С целью выявления связи между симпатией, желанием помочь и вербальной мимикрией, экспериментатор поместил рядом с окном кассира, коробку для пожертвований в пользу одного благотворительного фонда. По окончании транзакции кассир предлагал клиентам внести пожертвование в пользу фонда по желанию. В результате исследования было выявлено, что те клиенты, которых кассир вербально мимикрировал (копирование и перефразирование) чаще и больше вносили сумму пожертвования, чем клиенты, которых кассир вербально не мимикрировал (диалог, обычный ответ/без ответа). Было четко определено, что именно мимикрия способствует желанию помочь (внесение суммы пожертвования). Данный эксперимент позволил внести ясность и уточнить понятие вербальной мимикрии. Феномен вербальной мимикрии предполагает копирование слов собеседника, при этом нет необходимости соблюдения точного порядка этих слов и синтаксиса для получения эффекта. Помимо этого, В. Кулесза ввел понятие «эхо эффект», характеризующий вербальную мимикрию, как природный феномен эхо, т.к. фактически сам процесс происходит аналогично эхо.

На основании вышеизложенного, можем сделать вывод - мимикрия является одним из механизмов интериоризации и социализации личности, позволяющим ей вести гармоничную и продуктивную жизнедеятельность в социуме, следовательно, выступающего одним из факторов повышения уровня благополучия личности. Мимикрия появляется, когда есть потребность к аффилиации, данная потребность в человеке развивается и движет им, с рождения до старчества. Тем самым, можно сказать, что мимикрия является неотъемлемой составной жизнедеятельности человека.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Bates H.W., 1862. Contributions to an insect fauna of the Amazon valley. Lepidoptera: Heliconidae. Trans Linn Soc Lond 23, 495–566.
- 2 LaFrance M. (1976). Group rapport: posture sharing as a nonverbal indicator. Group Organ. Manage, 1, 328–333.
- 3 Kurzius E., Borkenau P., (2015). Antecedents and consequences of mimicry: A naturalistic interaction approach. European Journal of Personality, Eur. J. Pers. 29, 107–124.
- 4 Cook R., Bird G., Lünser G., Huck S., & Heyes C. (2012). Automatic imitation in a strategic context: Players of rock–paper–scissors imitate opponents' gestures. Proceedings of the Royal Society B: Biological Sciences, 279, 780–786. doi: 10.1098/rspb.2011.1024
- 5 Fukuyama H., & Myowa-Yamakoshi M. (2013). Fourteen-month-old infants copy an action style accompanied by social-emotional cues. Infant Behavior & Development, 36, 609–617. doi:10.1016/j.infbeh.2013.06.005
- 6 Bernieri F.J., Reznick J.S., & Rosenthal R. (1988). Synchrony, pseudosynchrony, and dissynchrony: Measuring the entertainment process in mother-infant interactions. Journal of Personality and Social Psychology, 54, 243–253;
- 7 Maddux W.W., Mullen E., & Galinsky A.D. (2008). Chameleons bake bigger pies and take bigger pieces: Strategic behavioral mimicry facilitates negotiation outcomes. Journal of Experimental Social Psychology, 44, 461–468.



- 8 Kulesza W., Dolinski D., Huisman A., & Majewski R. (2014a). The echo effect: The power of verbal mimicry to influence prosocial behavior. *Journal of Language and Social Psychology*, 33(2), 182–201. doi:10.1177/0261927X13506906
- 9 Hess U., & Fischer A. (2013). Emotional mimicry as social regulation. *Personality and Social Psychology Review*, 17, 142–157. doi: 10.1177/1088868312472607
- 10 Ashton-James C.E., & Chartrand T.L. (2009). Social cues for creativity: The impact of behavioral mimicry on convergent and divergent thinking. *Journal of Experimental Social Psychology*, 45, 1036-1040.

ТҮЙІН

Мақалда XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі мимикрия феноменінің эмпирикалық деректерінің анализі берілген. Мимикрияның әлеуметпен жеке тұлғаға әсері тәжірибелік мәліметтерінің анализінде көрсетілген. Жеке тұлғаның әлеуметте өнімді бейімделуінің маңыздылығы ұсынылған. Мақала қолданылған әдебиет тізімі деректерінің талдауы бойынша әзірленген.

RESUME

This paper shed a light into the mimicry phenomena starting from the 60s of the XXth century up to nowadays. The list of experimental researches described the influence of the mimicry into the society and a person. The paper emphasizes the important role of mimicry in productive social adaptation. This article was prepared on the basis of written sources and literature.

Аннотация

Мақалада экологиялық білім беруде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың студенттердің ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігін жетілдіруде, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуына байланысты көкейкесті мәселелері қарастырылған. Оқытудың инновациялық технологияларын оқу үдерісінде қолдану мәселелері айқындалады. Бүгінде ақпараттандырылған заманда оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану түрлі мәселелер тудырумен қатар білім алушылардың таным сапасын жетілдіруге, оқу материалдарын меңгеру сапасын арттыруға және қолдануға тиімді екенін дәлелдеп көрсеткен. Мақалада оқытудың негізгі мақсаты, яғни жетілдірілген оқыту технологияларын қолдана отырып оқу үдерісіндегі ғылыми педагогикалық іс-әрекетті дамыту, үздіксіз жетілдіру, тәжірибе жүзінде қалыптастыру, қоғам мен айнала қоршаған орта арасындағы байланысты қайта құру, білім алушыларда өзіндік жұмыс үлгілері дамыту, тұлғаны нақтылыққа, жүйелі іс-әрекетке бейімдеу, таным сапасының жетілдірудегі педагогикалық қызмет басым қарастырылады.

Түйін сөздер: экологиялық білім беру, инновациялық технология, білім алушы, белсенді техникалық құралдар, ақпараттық технологиялар.

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда студенттердің білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы студенттің алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі.

З.Ш. Шавалиева

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
пед. ғыл. канд., доцент

ЖОО студенттерінің экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларды пайдалану



Қазіргі кезеңде ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған білім стандартын, оқытудың озық технологияларын, экологиялық білім негіздерін оқыту үрдісіне енгізу білім беру жүйесін дамытудың негізі болып табылады.

Сол себепті, экономикалық сана және экологиялық мәдениеттілікті болашақ маман иелерінің бойына қалыптастыру үшін кәсіпкерлік және нарықтық шаруашылықтың заңдылықтарымен студенттерді міндетті түрде таныстыра отырып, экологиялық білім негіздерін оқыту кезінде жеке тұлғаның шығармашылық ойлау қабілетінің дамуын қарастыру – кезек күттірмес міндеттердің бірі. Экология пәнін оқыту экологиялық және әлеуметтік мәселелердің мәнін түсіндіруге, қоршаған орта мен адам арасындағы өзара байланыстың дамуына талдау жасауға үйретеді [1].

Педагог-ғалымдардың осы заман талабына сай, орта мектептерде, жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін қайта құруға байланысты жүргізіліп жатқан жаңа технологиялық құрылым мен әдіс-тәсілдерді зерттеп енгізуі, әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау мақсатында ғылыми негізделген психологиялық, педагогикалық қызметтері өмір талабы, заман сұранысы. Педагогикалық ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты да білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізіп, бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және барлық мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану.

Жоғары оқу орындарында білімнің сапасын көтеру студенттердің кәсіби біліктіліктерін, ойлау мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның ішкі әлемін, өзіндік түсінуін, өзіндік дамуын қамтамасыз ету, оқытуда белгілі бір нәтижеге жету мақсатында ғалымдар оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды пайдалану мәселесін алдыңғы қатарға қойып отыр [2, 27 б.].

Технология ұғымы жаңа, жаңаша тұрпатта инновацияға байланысты педагогика ғылымының құрамына енді.

Алайда оқытудың жаңа инновациялық технологияларын қолдану арқылы студенттердің ойлау қабілеттерін арттырып, ізденушілігін дамытып қана қоймай, құзыреттілігін қалыптастырып, шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау – ең негізгі мақсат болып айқындалады. Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жоғары оқу орындарындағы сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми– педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру, инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері арқылы студенттерді ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адмгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде анықталған мәліметтер, яғни жоғары оқу орындары студенттерінің экологиялық білімдерін арттырудағы инновациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен оның қазіргі жағдайы, осы мәселенің келесі педагогикалық шарттар негізінде жүзеге асырылатынына көз жеткіздірді. Осы тақырыптар бойынша атқарылған педагогикалық ізденістер келесі міндеттерді жүктейді:

- Жетілдірілген оқыту технологиясын қолдана отырып оқу үдерісіндегі ғылыми педагогикалық іс-әрекетті дамыту, үздіксіз жетілдіру, тәжірибеде қалыптастыру.
- Білім беру саласының гуманистік парадигмаға аяқ басуында білім беру үдерісіндегі әрбір студенттің таным сапасын жетілдіруді қамтамасыз ету;
- Ақпарат легі үздіксіз жаңарып отырады, сол себепті жаңартылған ақпараттан құлақдар болып, уақтылы қол жетімділікті қажтамасыз ету;
- Бүгінгі қоғамымыздың талаптары жаңа оқыту және ақпараттық технологиялар құралдарын еркін меңгерген, ақпарат көздерімен еркін жұмыс жасай алатын сауатты, білікті жастарды тәрбиелеу;
- Өндірісте, күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану талаптарын қанағаттандыру;

• ҰБТ нәтижелері мектеп бітірушілердің жаратылыстану пәндерінен білімдерінің жеткіліксіз екендігі мәлім, сондықтан оқыту технологияларын жетілдіре отырып студенттердің білім сапасын көтеру.

Осы бағыттағы педагогикалық қызметімізде біз оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқыту үдерісінде жаңа ақпараттық технология құралдарын қолданып жұмыс жасау біліктіліктерін қалыптастырудағы ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілуде.

Бұл шарттар бір-бірін толықтырып тұрады және біргелікте жүзеге асырылуы талап етіледі. Себебі онсыз нәтижеге жету мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының асқан кәсіптік шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты талап етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, студенттің оқу әрекетіне қалыптастырып, олардың оқуға ынтасын оятып, қызығушылығын арттырады [3, 12 б.]. Инновациялық оқу-тәрбие процесіндегі креативті дәрежеге жету мен оны дамыту салдарынан пайда болады, әсіресе жоғары оқу орнының студенттерін кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамыту процесінде. Жоғары оқу орны оқытушыларын инновациялық іс-әрекетке даярлауды тұлғалық категория, продуктивті іс-әрекет нәтижесі деп түсіндіруге болады.

Жаңашыл-оқытушы педагогикалық іс-әрекетте жүріп, міндетті түрде шығармашылық нәтижесі көрініс табатын инновациялық процеске түседі. Оқытудың көпсатылығы мен оқытушылардың инновациялық даярлық жоғары оқу орындағы бүкіл білім беру процесі тұлғаға бағытталғанда ғана ақталады. Өкінішке орай, әзірше оқу бағдарламалары студенттерге тәуелсіз міндетті түрде меңгерілетін білім, білік және дағдыларының көлемін ғана береді, яғни олардың бірқатары, инновациялық іс-әрекеттің негізін құрайтын тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Инновациялық білім беру технологиялары педагогикалық процестің когнитивтік компонентін ғана айқындап қоймады, сонымен қатар студенттің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен байланысты тәрбиелік аспектісі де іске асырылды. Сондықтан, оқытудың жаңа инновациялық технологиясы оқытудың ұжымдық түрін сақтай отырып, оңтайлы бағдарлама бойынша оқытуға мүмкіндік туғызатын, студенттердің толық мөлшерде танымдық шығармашылық қабілеттері, мотивациялары мен жеке қажетсінулерін ескеретін тұтас дидактикалық жүйесін түсіндіреді. Оқытудың инновациялық технологияларын жаңа білім беру парадигмаларын өмірге енгізетін құрал ретінде қарастыруға да болады. Өйткені, жаңа білім беру технологияларын дамыту тенденциясы өзін-өзі белсендіретін, өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастыратын гуманизациялық біліммен тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта тек ақпараттық технологияларға байланысты техникалық мамандар ғана даярлап қоймай, қолдану салалары мен ауқымдарына байланысты ақпараттық мәдениеті жоғары жастарды даярлау, оқушылардың экология саласындағы кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастыру проблемасының ғылыми-педагогикалық негіздерін анықтау арнайы ғылыми зерттеуді қажет ететін мәселеге айналып отыр. Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген оқытушы мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жаңалықтарды практикада қолдаумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан, білім беру ұйымдары басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі оқытушылардың енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасай алуы тиіс.

Жаңа инновациялық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет.



Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат – студенттің сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Бұл орайда инновациялық технологияларды қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу жасап, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге студенттің бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, зерделеп отыру да артық болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның білім беру орындарының барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Тақтаны қолдану арқылы студенттің қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Мысалы, экология сабағын оқытуда дәріс сабақтарда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда білім алушылардың қызығушылығын тудырып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге дағдыланады [4, 78 б.].

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы студенттің білімін тексеру үшін сабақ соңында тестілеу әдісін қолдануға болады. Студенттен бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге сол өтілген сабақты студенттің қаншалықты меңгергенін де байқауға болады. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудың тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықтармен оқыту оқытушының білім алушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана білім алушы үшін ғана емес, оқытушының дидактикалық әдістемелік көмекші құралы болып да болып табылады. Қазіргі таңда электронды оқулықтарды мейлінше кең көлемде пайдалану жолға қойылып отыр. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушының шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі білім алушының ойлау қабілетін қалыптастырады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларды пайдалану соңғы уақытта білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады [5, 37 б.].

Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер де бар. Экология сабағын компьютердің көмегіне сүйеніп өткізуге көп мүмкіндіктер жасалған. Әлемдік экологиялық проблемалардың пайда болуы, болу себептері, оларды жолға қою жолдары көптеген ғаламтордағы ғылыми мәліметтерді де кеңінен пайдаланып, оны презентациялар арқылы студенттерге көрсетіп, оларға ой салуға, өздерінің ой пікірлерін бөлісуге де көп мүмкіндіктер бар. Жаңа материалды түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды көздейтін ақпараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сабақ барысында студенттердің қабілетін, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандыру, білім алушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, сабаққа

ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік береді.

Сабақ барысында студенттерді біліммен қаруландырып қана қоймай, оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға негізделген тақырыптан тыс экологиялық ойындар, викториналар шешу, красвордтар құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы да пәнге деген қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет [6, 27 б.]. Сонымен, ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады;
2. Шығармашылық қабілеті артады;
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады;
4. Студенттер өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;
5. Экологиялық сауатты болуға үйренеді;
6. Экологиялық зиянсыз технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады.

Сабақтың жоғары сапасы – экологиялық тәрбие педагогтің тиімді жұмысының кепілі. Сондықтан интерактивті әдістер, әңгіме, сұхбат, нұсқау, ашық дәріс, интеллектуалдық турнир формалары да қолданылады. Осыған байланысты студенттің жан-жақты дамуын, олардың бойында, қоғамдық талаптар алдындағы жауапкершілігін, білім алуға, ғылымға, техникаға, өнерге ұмтылысын, олардың жеке тұлғасын ізгілендіру арқылы қоғамдық өмірге даярлау, оқу-тәрбие процесінің басты міндеті болып табылады [7, 25 б.]. Осындай қайшылықты жағдайда оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын қолдану тиімді екенін біз өз тәжірибемізде көріп отырмыз. Демек, оқу үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын қолдану білім алушының білім сапасын жетілдірумен қатар, оқу барысында жаңа ақпараттық технологиялармен, техникалық құралдармен еркін жұмыс жасай алатын креативті жастарды қалыптастырудағы маңызы зор. Сонымен, жоғарыда көрсетілген жалпы мәселелерді қорытындылай отырып философиялық, психологиялық, педагогикалық қағидаларды және алдыңғы қатарлы ой-пікірлерді негізге алып, тұжырымдасақ, онда:

1. Болашақ мамандарға пәнаралық байланыс арқылы білім беруде берілетін білім мазмұнының ғылыми теориялық, тәрбиелік мәнімен қаруландыру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

2. Инновациялық технологияларды оқу үдерісінде қолдану арқылы білім беруді жүзеге асыру жолдары сан алуан, соның ішінде жаратылыстану ғылымдарының бағытындағы мазмұндас пәндер байланысы негізінде жүзеге асыру мүмкіндігінің молдығы. Жаратылыстану пәндерімен байланысындағы білім жүйесін табиғатты, қоршаған ортадағы заттары мен түрлі құбылыстарды танып, зерттеп білудегі мазмұн сабақтастығы біздің алдымызға қойған мәселемізді шешуге көмектеседі деп ойлаймыз. Оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануда пәндерді өзара байланыстыру арқылы оқыту – біздің алда қойылған межеге, яғни оқыту мақсатына жету үшін оқытушы мен білім алушының іс-әрекет үрдісінің үйлесу түрлілігі мен тәсілдері. Ал, оқытудың мақсаты мен құрам бөліктері тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда ол оқытушының білім алушыны қажетті білім қорымен қаруландырып, адамгершілік көзқарас қалыптастыратын тәлім-тәрбие берудің құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы. Бүгінде пәнаралық байланыс арқылы экологиялық білім беру үрдісінде қолданыла-тын оқыту әдістерінің түрлерін қарастыра келе түйіндегеніміз, көрнекі құралдар білім берудің негізгі көзіне айналған, яғни көрнекі әдісті қолдану бүгінде жетілу сатысында. Экологиялық білім беруде көрнекі әдіспен қатар сөзбен түсіндірілетін түрі – сөз әдісі де жиі қолданылады. Сөз әдісі, білім алушының тәжірбиелік білігі мен дағдысы жеткіліксіз, эксперимент жасау жүйесі күрделі, эксперимент «қауіпті», аз мөлшердегі реактивтер



нәтиже бермегенде, құрал-жабдықтар жеткіліксіз және уақыт үнемдеу қажет болған жағдайларда жиі қолданылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен мақұлданған “Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасы” // Егемен Қазақстан. - 2003. – 10 желтоқсан. - 4-5 б.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 2007, 27 шілде
- 3 Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущих учителей. - Алматы, 1998.
- 4 Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. - Алматы, 2007. - 15-16 б.
- 5 Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы: Научно-издательский центр “Ғылым”, 2001.
- 6 Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. - Өскемен, 1999.
- 7 Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. - Алматы, 1999. - 150 б.
- 8 Бейсенова А.С., Шилдебаев Ж.Б. Пути развития экологического знания учителей // Поиск (серия естественных наук). - 1995. – № 4. – 47 с.

РЕЗЮМЕ

Основная цель статьи – показать значимость развития экологического образования студентов. Автор попытался раскрыть проблемы внедрения инновационных приемов в процесс обучения студентов. В статье аргументировано обоснованы преимущества инновационного подхода в сравнении с традиционными формами обучения. В процессе обучения используются информационные технологии, что является неотъемлемой частью данного приема обучения. Данные инновационные приемы обучения позволяют подготовить нестандартно мыслящих молодых специалистов.

RESUME

The main purpose of the article is to show the importance of the development of environmental education of students. The author tried to substantiate the advantages of the innovational approach in comparison with the traditional forms of training. In the process of training information technologies that are the integral part of this method of training are used. The given innovative methods allow training unconventionally thinking young specialists.

Аңнотация

Мақалада рухани және материалдық бастаудың бірігуіне негізделген, адам мен әлемнің адамгершілік-рухани құндылықтарының мазмұнын байыту арқылы ғылымдағы соңғы ашылуларды қолдана отырып, өзін-өзі тану пәнін мектеп пәндерімен біріктіру және өзара байланыстыру мәселесі негізгі ой болып табылады. Әртүрлі мектеп пәндерімен интеграциялаудың мысалдары және өзін-өзі тану бойынша білім берудің негізгі мақсат-мүдделері берілген.

Түйін сөздер: өзін-өзі тану, ықпалдастыру, рухани-адамгершілік, оқыту, құндылық.

Ж.Б. Байсеитова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
пед. ғыл. канд., доцент

Өзін-өзі тану пәнін басқа пәндермен ықпалдастыра отырып оқытудың әдістемесі

Қазіргі әлемде ғылымның, техниканың, ақпараттық технологиялардың дамуы өте жоғары деңгейге жетті, бірақ, өкінішке орай, адамдардың адамгершілік қасиеттері төмендегендіктен жағдай қауіптірек болып келеді: біз барлығымыз террорлық әрекет, соғыс, өзін-өзі өлтіру, қоршаған ортаның ластануы, түрлі аурулар, тастанды балалар, қарттар үйінде көбейіп жатқан қариялар және т.б. жағдайларды күнделікті өмірде кездестіріп отырмыз.

Расымен де, руханилықсыз ғылым, мінездің қалыптасуынсыз білім алу, рухани-адамгершіліксіз білім, адамгершіліксіз кәсіпкерлік қоғамға үлкен зиян келтіреді. Кейде ғылым қоғам өмірінің жүйесіз бастауы болып қалыптасады: өзінің технологияларымен рухани-адамгершіліксіз ой-өрістің әлемге келтіріп жатқан зардабы ең жабайы адамның істей алатын зардабымен салыстыруға келмейді.

Сондықтан рухани-адамгершілік білім алу процесінде оқушылардың жоғары адамгершілік қасиеттердің даму маңызын жоғары бағалау қиын. Бұл міндет жердегі өмірді сақтау міндетімен сайма-сай келеді.

Қазіргі таңда білімді интеграциялау, оның ғылыми деңгейін көтеру, оқушының танымдық қабілетіне орай дағдыларын жан-жақты қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан бастауыш сыныпта пәндерді интеграциялап оқыту шәкірттердің ой-өрісін байытумен қатар олардың адамзат құндылықтарымен де молырақ сусындауларын қамтамасыз



етеді. Өркениетті шетел мектептерінің көпшілігінде бастауыш мектеп бағдарламасы, міне, осыған негізделген. Мұнда оқу, ойлау, жазу, сөйлеу бір кеңістікте бір-бірімен үйлестіріле дамытылады.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде білімді кіріктіріп оқыту айтарлықтай анықтамаға ие бола қойған жоқ. Бұл мәселемен 90-жылдардың басында белгілі ұстаз-ғалым В.Н.Максимова айналысқан болатын [1]. Ол пәнаралық байланысты дамытуды тереңдетудің тиімді жолы ретінде *кіріктіріп оқыту әдісін* ұсынған еді. Бір пәнге біріктірілген бірнеше пәндердің құрылымын мазмұнды хабарлама байланысы деп атаймыз. Бізде ішінара өзін-өзі тану – қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану - қазақ тілі, өзін-өзі тану – қазақстан тарихы, өзін-өзі тану – сурет сабақтарында қолданылып көрді.

Адамның жеке тұлғалық әлеуетін мақсатты түрде және кеңінен ашуға бағытталған рухани-адамгершілік білім беру ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басты бағыты болып отыр. Жеке тұлғаның психологиялық, рухани, тәндік, әлеуметтік және шығармашылық дамуының үйлесімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін рухани-адамгершілік тәрбие білім беру жүйесінде өзін-өзі тану пәні арқылы жүзеге асады.

Өзін-өзі танудың пәндік саласы әр оқушының ішкі жан-дүниесін байытуы және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді. Өзін-өзі тану пәнінің оқу-әдістемелік құралдары оқушылардың қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталып, олардың жасампаздық белсенділігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік маңызы бар, кең ауқымды біліктілік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Жалпы дидактикалық сабақтар шарттары [2]:

1- Пәнаралық сабақтың ең алдымен анық қалыптасқан оқу-танымдық мақсаты және оқушылардың жоғары білімділігі болуы шарт;

2- Пәнаралық сабақ сондай-ақ, шәкірттердің дүниетанымдық көкжиегін кеңейтіп, ой қорытындысын қамтуы және алған білімдерінің ара қатынасын тануға қызығушылығын да оятуы қажет;

3- Интеграцияланған сабақ оқушылар мен мұғалімнің берік ынтымақтастығының негізінде құрылуы қажет.

Осы зерттеу жұмысында берілген ойлармен шабыттана отырып мұғалім өзінің пәніне адамгершілік-рухани құндылықтарды интеграциялай алады. Сонда оның беретін білімі жанды және пайдалы болып, оқушыларға өздерін қоршаған ортадағы және оқитын пәніндегі мәңгілік құндылықтар бейнесін көріп, өздеріне лайықты және бақытты өмірге шабыттандыратын еді (Сурет-4).


Гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің мазмұны рухани-адамгершілік білім берудегі «өзін-өзі тану» және басқа мектептегі пәндерді интеграциялауда айтарлықтай маңызды. Бұл пәннің уақыт өте келе білім берудегі өзекті пәндердің бірі білім берудегі тұтастықты, адамгершілікті және руханилылықты қалыптастыратын пән болады деп сенеміз.

Өзін-өзі тану бойынша білім берудің негізгі мақсат-мүдделері мынадай:

1. адамның өзіндік бейімділіктерін ашу және оның темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамыту;

2. оқушылардың өзіне, қоршаған ортаға және бүкіл адамзатқа деген қарым-қатынасын айқындайтын адамгершілік мінез-құлықтарының, әлеуметтік маңызы бар бағдарларының негізін қалыптастыру;

3. қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шешуде жеке тұлға құндылықтарын, алған білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру [3].



Сурет-4 – Өзін-өзі тану пәнін басқа пәндермен ықпалдастыра отырып оқытудың моделі

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім берудің жалпы мақсаттары:

- өзінің өмірлік айқындамасын анықтау;
- түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешу;
- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу;
- өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі, іс-әрекеттерінде шынайы болу;
- жасампаздық пен белсенділік, азаматтылық және елжандылық таныту;
- өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу;



- қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

Мектеп бітірушілердің негізгі біліктері білім беру үдерісіне қатысушылар (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, қоғам) үшін бағыт-бағдар береді және өзін-өзі тану пәнінің мазмұнын анықтауға, сол сияқты рухани-адамгершілік білім беруді ұйымдастыруға негіз болады [4].

Білім берудің бастауыш, негізгі және жоғарғы сатылары үшін өзін-өзі тану бойынша ұсынылып отырған бағдарламада қарастырылған міндеттер, атап айтқанда:

1. оқушылардың өз-өзіне, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілдік таныту қабілеттіліктерін ашу;

2. өзін, өзгелерді, әлемді және адамзатты танып-білу, өзінің өмірдегі орнын түсіну, өзіне және басқаларға жақсылық пен сүйіспеншілік таныту ниеттерін дамыту;

3. өзін дәріптеу, өзіне сену, өз ойы, сөзі және іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дарыту;

4. адам мен ішкі және сыртқы ортаның өзара байланыстылығын, оның табиғатпен біртұтастығын, тән және жан саулығының бір-бірімен тығыз байланыстылығын түсіну, салауатты өмір сүрудің негізі ретінде өзінің дене және психикалық күйін реттеу қабілеттіліктерін арттыру;

5. әлеуметтік айқындамалар мен рөлдердің көп қырлылығы тұрғысынан өзінің әрекеттері мен мінез-құлықтарын реттеуде терең ойланып, сезіне білу қабілеттіліктерін дамыту;

6. белгілі бір мағынадағы ақпараттарды жинау және оған талдау жасау үшін өзінің білімін, білігін және дағдысын қолдана білу; жағдаятты бағалау; жалпы адамзаттық және этно-мәдени құндылықтарға қайшы келмейтін жеке шешім қабылдау үшін өзінің көзқарасын білдіру қабілеттіліктерін дамыту;

7. күнделікті өмірде нақты мәселелерді шешуде жасампаздық белсенділік таныту; адамгершілік нормаларына сәйкес алға қойылған міндеттерді сындарлы шешу үшін ұжымда бірлесе еңбек ету және топпен, командамен жұмыс істеу іскерлігін дамыту бұл мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі тану пәнінің құрамы мен құрылымы аталған міндеттерді орындауға бағыттталып, 1-11 сыныптарға білім берудің базалық мазмұнын анықтайды [5].

Өзін-өзі тану пәнінің мазмұны төмендегі дидактикалық негіздемелерге сәйкес іріктелді:

- рухани-адамгершілік білім берудің жалпы мақсаты адамның қабілеттіліктерін ашуға, оның дене, психикалық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық әлеуеттерін үйлесімді дамытуға бағытталған;

- өзін-өзі тану пәнінің білімдік мақсаттары оқушылардың бойында зияттылық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениеттерді дамытуға ықпал етуді қарастырады;

- күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесі жалпы орта білімнің жинақтап келгенде оқушылардың оқу жетістіктерінің алты кезеңіне сәйкес және оқушылардың оқу жетістіктерін қадағалау мен бағалауға мүмкіндік беретін әр сыныптан соң қойылған мақсат ретіндегі оқушылардың адамгершілік мінез-құлқы негіздерін қалыптастыруды көздейді [5].

Пән мазмұнының логикалық құрылымын өзін-өзі тану бойынша күтілетін нәтижелер жүйесі негізінде анықтауға:

1) жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі:

а) өзін-өзі тануға: махаббат, денсаулық, еркіндік, бақыт, еңбек, тән мен жан үндестігі;

ә) өзгелерді тануға: отбасы, достық, сыйластық, теңдік, бауырмалдық, диалог, өзара түсіністік, ынтымақтастық;

б) әлемді тануға: табиғат, Отан, әлем, өмір, Бүкіл әлеммен үндестік, сенім, үміт;

в) адамзаттың рухани тәжірибесін тануға: ақиқат, жер адамзаттың ортақ үйі, шығармашылық, мәдениет, адамзатпен бірігу.

2) жеке тұлғаның негізгі қасиеттері:

а) өзіне қатысты: махаббат, адамгершілік, жан тазалығы, өзін сыйлау, дербестік, еңбекқорлық, өзіне сенімділік, мақсаткерлік;

ә) өзгелерге қатысты: жауапкершілік, көпшілдік, елгезектік, әділдік, төзімділік, сыпайылық;

б) әлемге қатысты: қамқорлық, білімге құштарлық, танымдық, махаббат, қайырымдылық, қоғамға қызмет ету;

в) адамзатқа қатысты: елжандылық, оптимистік, дәстүрді жалғастыру, болашаққа ұмтылу, зор жауапкершілік.

3) адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің құрамдас бөліктері: әлемдік мәдениет, халықтар даналығы, білім мен ғылым мүмкіндік береді [6].

Қорыта келгенде бұл ғылыми зерттеудің бүгінгі күн талабына сай дамуының интеграцияланған бағытты ғылымдар арасындағы білікті, оның негізінде мектептегі пәнаралық байланысты қажет етеіндігі ғылыми психологиялық-педагогикалық тұрғыдан баяндалады.

Оқу тәрбие процесін пәнаралық ықпалдастыру негізінде ұйымдастырудың тиімділігін арттыру мақсаты көзделініп, пәнаралық ғылыми-теориялық негіздері көрсетіледі. Қазіргі кезде жалпы оқушы жастардың білім алуға деген ынта ықыластарымен қызығушылығын арттыру мен оларды жан-жақты дамытуда Өзін-өзі тану пәнін басқа ғылымдар негіздерін пәнаралық байланыс арқылы беру басшылыққа алынып отыр. Сондықтан да, әсіресе, орта мектептерінде оқушыларға пәнаралық байланысты жүзеге асыру, ол өскелең ұрпақтың ғылым негіздерімен ықпалдастырып алынған білім жүйесін толық меңгеруге мүмкіндік береді. Бүгінгі қоғам сұранысы мен өмір талабына жалпы адамзаттық құндылықтарға жету басты нысана болып отырған жағдайда, білім берудегі оқу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру негізгі шарт [7].

Осы тұрғыдан саралай келе оқу орындарында оқу процесінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастырып оған теориялық тұрғыдан негіздеме беру – бұл өмір талабы. Осыдан қорыта келе төмендегідей пікірлерді ұсынамыз, пәнаралықты жүзеге асыруда басшылыққа алған жөн деп есептейміз.

1. Жалпы білім беру орындарда берілетін білімнің мақсаты мен мазмұнына қарай, пәнаралық байланысты жүзеге асыру баланың жас ерекшеліктерін негізге алуы тиіс.

2. Оқу барысында пәнаралықты жүзеге асыруда негізге алған дидактикалық ұстанымнан ауытқымау. Жетекшілікке алынып отырған пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескеру басты шарт.

3. Пәнаралықты жүзеге асыру барысында оқу-тәрбиенің біртұтастық заңдылығын негізге алу т.б. тиімді нәтиже береді деп есептейміз.

Осы негізгідегі қағидаларды жүзеге асырумен пәнаралық байланыстың тиімді болуы оқулық мазмұнымен оқу материалдарының жақындық үйлесімдіктерін ескерту, оқу бағдарамасын басшылыққа алуда зор үлесі бар және берік негізі болады.

Қорыта келе, тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы мәселесі өзінің маңыздылығын бірнеше аспектіде байқататынын айтуымызға болады. Біріншіден, жаңа әлемдік дәуір дүниетанымын қалыптастыру тұрғысынан, уақыт жағдаяты бірыңғай мәні жоқ мәдениеттердің, әлеуметтік және экономикалық жүйелердің жаһандануымен және біртұтастануымен, рухани азу мен рухани вакуум келуімен сипатталады. Екіншіден, тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы тәуелсіз Қазақстанның жаңа әлеуметтік мәдени нақтылықтарында құндылықтар жүйесін қайта қарастыру, рухани бастауларға, адамгершілік нормаларына және тұлғаны шарықтандыруға және адамның экономикалық және әлеуметтік-саяси қызметіне адамгершілік сипат беруге қабілетті тәртіпке келу қажеттіліктерін тудырады. Кез келген өндірістің басты саласы әлеуметтік мәдени



тәжірибені трансляциялау мен тұлғаны әлеуметтендіру жүзеге асырылатын білім болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру тәжірибесіне соңғы жылдан бері енгізіліп келе жатқан «Өзін-зі тану» бағдарламасының мақсаты білім беру процесінің міндетін өзгерту, бірінші орынға ақиқаттың, мейірімділіктің, махаббаттың және зорлық жасамаудың ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарына тартылатын адам тұлғасын қалыптастыруды шығару болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні ең алдымен философиялық іргетасқа, мәдениеттің теориялық өзіндік санасын білдіретін философияның теориялық және әдіснамалық қағидаларына сүйенеді. Осылайша қарау рухани, психикалық және дене құрылымын қоса алғанда, адами нақтылықты тұтастай түсіну стратегиясына сай келеді. Қазіргі заманғы білім беру мен тәрбиелеудің сипатын анықтайтын осындай дүниетанымдық ережелерді басшылыққа ала отырып, «Өзін-өзі тану» психологиялық және педагогикалық парадигманы ауыстыруды, мәнін қайта терең түсінуді, рухани басымдылыққа бағытталған білім берудің мақсаттарын белгілеуді ұсынады.

Парадигманы ауыстыру білім беруде жаңа дәуірді ашу: өзара тәуелді шығармашылық ортаны адамның қабылдауының толықтығын қалпына келтіретін тұтас адам-әлем қатынастарының онтологиясы, адам субъектілігінің үлгісін өзгерту, тұлға құрылымындағы «Меннің» барлық салалары ақылдың, жүректің, интуицияның, саналылық пен бейсаналылықтың аргументтері, махаббат логикасы мен аяушылық сезімдері арқылы тұлғаны «рухтанған жан» ретінде жаңаша түсінуді қалыптастыруды білдіреді. Осы көп қырлы, көп деңгейлі тұлға бір өлшемді, рационалды субъектіге қарағанда, оның бірлігі өзіндік сананың рухани актілерінің жиынтығымен, жоғарғы маңызды іздестірумен қамтамасыз ететілетіндіктен әлемнің бүкіл бояуын, палитрасын қабылдайды.

Сонымен «Өзін-өзі тану» пәнін басқа ғылымдармен ықпалдастыра отырып оқыту үдерісінде тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі мен жалпы адамзаттық құндылығын қалыптастыру басымдылығы үлкен орын алады деп есептеуге толық негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Максимова В.Н. Этнографическая библиотека. – Уфа: Издательство: Восточная литература, 2001.
- 2 Бейсенбаева А.А. Педагогика курсының лекциялары, мектептегі оқу тәрбие процесіндегі пәнаралық байланыс. - Алматы, 1991.
- 3 Өзін-өзі тану пәнінің Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Алматы, 2006.
- 4 Назарбаева С.А. «Самопознание». Учебник для нового одноимённого учебного предмета в Казахстане. - Алматы, 2009.
- 5 ҚР БҒМ №71 17 ақпан 2010 жылғы «1-11 сыныптарды «Өзін өзі тану» пәні бойынша бағдарламамен қамту туралы» бұйрық.
- 6 Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Өзін-өзі тану және басқа оқу пәндері: мазмұны мен әдістерін интеграциялау мүмкіндіктері. – Алматы, 2013. – 142 б.
- 7 Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания самопознания. – Алматы: ННПООЦ «Бобек», 2013. – 176 с.



РЕЗЮМЕ

Данная статья посвящена проблеме интеграции и межпредметных связей самопознания и других школьных предметов. Вопрос рассматривается на основе интеграции материального и духовного начал, нравственно-духовных ценностей человека и мира через обогащение содержания, с применением последних открытий в науке. Приведены примеры интеграции различных школьных предметов и обозначены цели, задачи преподавания предмета самопознание.

RESUME

This article focuses on the issue of integration and interdisciplinary relations of self-cognition and other school subjects. The question is considered on the basis of integration of material and spiritual principles, moral and spiritual values of man and the world through the enrichment of the content, with the latest discoveries in science. Examples of integration of different school subjects and the given goals, objectives of teaching the subject “Self-cognition” are set.



Аннотация

Мақалада автор Ы.Алтынсариннің тәрбиелік мұралары туралы тарихи-педагогикалық, этнопедагогикалық деректер бойынша мәліметтер келтіріп, оның мұраларының бүгінгі жастар тәрбиесіндегі тағылымдық құндылығы туралы сипаттама береді.

Түйін сөздер: халық тағылымы, тәрбиелік әңгімелер, ұстаздық, ағартушылық, әдептілік.

А.Қ. Дүйсенбаев

Қазақ-Орыс халықаралық университеті,
пед. ғыл. канд., профессор

Ыбырай Алтынсариннің тәрбиелік мұралары

Қазақ халқының тарихи тұлғалары мен ойшылдарының мұраларындағы «тәлім-тәрбие, әдептілік, имандылық» туралы зерделеу мәселелері ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтық тәрбиенің мақсаты ұлттық рух, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, елдік пен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай тағылымдық өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы жастарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеялармен байланысты. Мұндай өнегелік идеяларды біз: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады», - деген пікірге сәйкестендіреміз [1, 3].

Ықылым заманнан бері адамгершілік тәрбие беру әр дәуірдің өз қажеттіліктерінен, қоғамдық даму заңдылықтарынан қалыптасқан. Қоғам барынша тұрақты болғанымен, әрбір кезең үшін белгілі бір мақсат қояды, оны шешуге ұмтылады, сөйтіп келесі дәуірге жаңа ұмтылыстар түзеді.

Яғни ол тәрбие қағидалары мәңгі, тылсым болып, халқымыздың «өткені –қазіргісі– болашағы» үшін құрылып, ұлттық тәрбие қағидаларын жеке мақсаттардан жоғары қойып, әлеуметтік топ өкілдерінің бәрін қамтитындықтан, барынша асқақ болып табылады. Халық тағылымдары – мәңгі сақталуы мен насихатталуы және мойындалуы үшін қажетті педагогикалық шарт болмақ. Сондықтан ұлттық тәрбие өздігінен оқшау, абстрактілі, ешкімге қатыссыз көзқарастар тізбегі емес, халқымен бірге шынайы өмір сүретін, олардың таным-түйсігі мен өмірлік қағидаларының, болашақ көзқарастарының жалпы негіздерін құрайды.

Әр заманда басымдық берілетін әртүрлі әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін тарих сахнасына шығарып отыратыны мәлім. Олар өз халқының мұң-мұқтажын бөлісіп, халқының сол әрекеттерден арылуын арман етіп, перзенттік махаббаттын арнаған, елдің игілігі үшін бар күш-жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алды.

Бүгінгі таңда өзекті проблемаға айналған мектеп оқушыларына имандылық тәрбие беруді бір жарым ғасыр бұрын мәселе ретінде көтерген ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин болатын. Қазақ балаларының дін және имандылық тәрбие туралы түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін оларға өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай дін оқыту құралы бола алатын «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітапты 1884 жылы Қазан қаласында басып шығарды. Бұл кітаптың кіріспесінде: «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ... Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілі дұрысталмаса, әлбетте ол намаз болып табылмайды. ...Бес парызды орындауды тек мұсылман болып көріну үшін жасаған болса, ол да күнә», – делінген [2, 3]. Яғни халықты адал өмір сүруге шақыра отырып, оның негізі ғылым-білім мен имандылықтың ұштасуында екендігін баса көрсеткен болатын.

Демек, Ы.Алтынсариннің аталған кітабының құндылығы, біріншіден, мұсылман дінінің шарияғат заңдарына ана тілінде түсінік беру болса, екіншіден, діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден, шарияғат заңын әлеуметтік ортадағы тұлға тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы ретінде қарастырып, адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды. Қашан да иман мен дін мәнісін шын көңілдің адалдығымен насихаттағанда ғана ол құдайдың сүйген құлы болады, онсыз тілдің ұшымен дінді өтірік насихаттау күпірлік деп түсіндіреді. Діни кітап негізінен төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Иман туралы», екінші бөлімде «Құдайға құлшылық ету», яғни намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа беру, қажыға бару жағы көрсетіледі. Үшінші бөлімде – «адамгершілік тәрбие туралы», төртінші бөлімінде – намаз, ораза үстінде, басқа жағдайларда оқылатын арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілген болатын. Ы.Алтынсарин қазақ халқының рухани жан дүниесінің ерекшеліктеріне де айрықша назар аударады. Әрине, бұл жерде ол қазақ халқының діни дүниетанымының белсенділігін есепке алады. Сол кезеңдегі қазақ халқының ағартушылық көзқарасы негізінен мұсылман оқуына бағытталған еді. Патша өкіметі мұсылмандық оқу орындарының беделін қаншалықты түсіруге тырысса, жергілікті халықтың бұл оқу орындарына деген пікірі соншалықты жоғары болды.

Ы.Алтынсарин мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ және орыс тілдерінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді. Ағартушы педагог мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады, бұл оны жігерлендіре түседі. Ол: «Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр», – деп жазды [3, 254].

Ы.Алтынсариннің ағартушылық, демократтық көзқарастары осылайша қалыптасып, дамыды. Қоғамдағы әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу



үшін ол халқымызға білім беріп, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин оқулықты мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ағартушы ұстаз балалардың білімін көтеретін, тақырыбы қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. «Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды хрестоматиясының алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім» [4, 254].

Ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық», «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылмандық тұтқасы» т.б. балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалар жинақтарын және оқу құралдарын құрастырды. Олардың бірқатарын өзі жазса, біразын халық педагогикасы үлгілерінен жинақтаған. Әдістемелік еңбектеріне қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін іріктеп кіргізді.

Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған Ы. Алтынсариннің әдеби туындылары мазмұны мен идеясы тұрғысынан балалардың дүниетанымына өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Өйткені хрестоматияға автор өзінің педагогтік мақсатына лайықтап жазылған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Оның шығармалары мектеп оқулықтарына енгізілген және мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Ұстаздың балалар мен қарым-қатынасы туралы: «Балалармен қысқа, байсалды, ашуланбай сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және қарапайым тілмен, екіұшты мағыналы сөздерсіз, әрі қатесіз терминдерді араластырмай түсіндіру керек», - деп көрсетеді [5, 113].

Ы.Алтынсариннің «Жомарт» шығармасындағы бүгінгі жастарға еңбек тәрбиесінің мәні туралы өнегелі сөз айтылады: «Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұраған екен:

- Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ақша, тамақ, жалаңашқа киім, үйсіздерге үй болдыңыз. Сөйтіп тұрып, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәнісі не? – депті.

Жомарт айтты дейді:

- Төрт түрлі себеп бар: әуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан сәулеттіөнебойы әдет етсең, көңілге желік кіргізеді, сол желіккен көңілмен, өзімнен терезі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын ба? – деп қорқамын. Екіншісі, бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін. Үшіншісі, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі, Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген Иесіне күнәлі болармын деп қорқамын», - дейді. Шын мәнінде осы әңгіме мазмұнында терең тәрбиелік өнегелерді сыйғызып, қарапайым тілмен жеткізе білген [6, 116-117].

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Ы. Алтынсаринпатша өкіметікезіндегі қыспақ-қанау, отаршылдық-зорлық кезінде барлық қажыр-қайратымен, білімімен, дарын-талантымен қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі елтағдыры ең басты нәрсе білім, оқу екендігін дәлелдеп, осы бағытта жан аямай еңбек етті.

Ы. Алтынсарин өзінің негізгі педагогикалық еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады. Ол 1870 жылы Ресей география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсырмасы бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегін жазған болатын. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі оның мақсаты ұлттық дәстүрлердің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өз көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрлерді тәрбие құралы ретінде пайдалау болатын. Сонымен бірге қазақ мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі жөнінде ғылыми, этнографиялық мағлұмат беруді көздеді.

Ағартушы Ы. Алтынсарин тәрбие беру ісінде баланы жан-жақты қалыптастыру үшін халық педагогикасын және ұрпақ болашағын кешенді түрде құруды басшылыққа алған. Сондықтан ол бір бағытта ғана емес, тіл, діл, дін, адамгершілік, еңбек тәрбиесі факторларын тұтас есепке ала отырып, оның негізі XIX ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағымсыз факторлардың объективтілігінде және кертартпа әдет, психология мен қоғамдық әлеуметтануда екенін ұғынып, бастапқыда осылармен күресу және жоюмен байланысты екендігін ұсынған. Мәселен, ол ағартуда татарландыру, орыстандыру сияқты құбылыстармен, балалардың материалдық жағдайының төмендеуімен санасу қажеттігін, ислам дінінің жағымды тәрбиелік әсерлі жақтарын сақтау керектігінайттып, бұларды жалпы тәрбие үдерісінің нәтижелі болуының түпкі негіздері деп есептеген.

Дүние жүзіндегі барша халық тәуелсіздікке, ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалуға ұмтылады. Сондықтан кез-келген мемлекет жаһандандудың жақсы жақтарын қабылдай отырып, өзінің территориялық тұтастығымен қатар, этникалық ерекшелігін ыждағаттылықпен қорғауға барын салады.

Ертеңгі күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға бастыратын күш – білім мен тәрбиеге ғана тән. Тәуелсіздік еліміздің алдына жаңа мақсаттар мен тың талаптарды алға тартты. Солардың бірі жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу болып табылады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларында оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үдеріс ретінде қарастырылады. Ағартушы ғалым тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын ролін өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Ол қазақ отбасындағы ізгілік, имандылық, адамгершілік тәрбиеге арналған халықтық салт-дәстүр бойынша тәрбиелеуді өзінің тағылымдық еңбектерінде арқау етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар. – Алматы: «Жалын», 1991. – 240 б.
- 2 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы /Дайындаған А. Сейдімбеков. – Алматы: «Қазақстан», 1991. – 80 б.
- 3 Қоңыратбай Т.Ә. Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері /Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Том I. – Алматы: «Қазығұрт», 2003 – 240 б.
- 4 Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия) кітабы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2003. – 112 б.
- 5 Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары. – Алматы: «Қазақстан», 1988. – 184 б.
- 6 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1994. – 289 б.



РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает сведения об историко-педагогическом, этнопедагогическом наследии И. Алтынсарина и анализирует назидательную ценность его трудов в воспитании молодежи.

RESUME

In the article the author considers information about I. Altynsarin's historical and pedagogical, ethnopedagogical heritage and analyzes the instructive value of his works in the education of the youth.

ӘОЖ 796.09

Е.Е. Сейдахметов

Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті,
профессор

Б.Б. Кенджаева

Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, пед. ғыл. канд.,
қауым. профессор м.а.

Б.С. Омаров

Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті,
PhD, қауым. профессор м.а.

Сыртқы ортаның эртүрлі жағдайларына бейімделуі кезіндегі спортшының жұмыс қабілетінің өзгеруін зерттеудің физиологиялық негіздері

Аннотация

Мақалада сыртқы ортаның эртүрлі жағдайларына бейімделу кезінде спортшы жұмыс қабілетінің өзгеруін зерттеудің физиологиялық негіздері бойынша спортшының жаттығу және жарыс процесі кезінде спортшының денсаулық жағдайы, тамақтануы, жаттығу көлемі мен қарқындылығы мұқият қадағалануға, аэробты бейімделуге көңіл бөлуге, анаэробты жаттығуларды қарқынды жасауға, спортшылардың денсаулығы жақсы болуға тиіс екені, жаттығу алдында ешқандай медициналық, ортопедиялық және темір жетіспеушілік қайшылықтары болмауы, егер темір мөлшері төмен болса, қосымша дәрі-дәрмектер қабылдауы сияқты мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогика, білім беру, оқытып, үйрету, бағдарлау, өздігінен дамыту, дене дайындағандығы, дене тәрбиесі.

Қоршаған орта дегеніміз – барлық геофизикалық және метеорологиялық құбылыстардың жиынтығы. Адам тірі материя болғандықтан оған әсер ететін өзгерістерді қоршаған ортамен байланыстырады. Спорттық жұмыс әр түрлі жағдайларда өтуі мүмкін, солардың бірі - таулы аймақта немесе биіктікте спорттық жарыстар өткізу.

Олимпиадалық ойындарды қосқанда көптеген ірі халықаралық жарыстар биіктікте жүргізіледі. Спортшылар спринтерлік жүгіруде, конькимен жүгіруде, спринтерлік қашықтықтағы велосипед спортында, секіруде биіктікте тегіс жерге қарағанда жоғары нәтижелерге жетуі мүмкін. Бірақ 800 метрден әрі қарай кері әсерін тигізеді. Сондықтан биіктікке бейімделу кезеңі әсіресе теңіз деңгейінде тұратын спортшылардың жарысқа дайындалуы үшін өте қажет. Ал дұрыс дайындық үшін биіктікте болатын барлық процестер, физиологиялық механизмдерді, әсіресе бұлшық ет жұмысы кезінде тыныс алу, қан айналым жүйелеріндегі өзгерістерді зерттеу нәтижелерін талдап, дайындық жүйесін құру қажет [1].

Биіктікте, яғни гипоксия жағдайында спортшы организміне әсер ететін факторлар, физиологиялық өзгерістер туралы: Я.М. Коц,



О.П.Панфилов, Н.В.Зимкин, В.В.Карпман, В.В. Михайлов, В.В.Иванов және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсеткен.

Спортшылардың төменгі атмосфералық және белдеулік климаттың ауысуы жағдайындағы жұмыс қабілеттерін анықтау және биіктікке бейімделу кезеңіндегі дайындық жүйесін жасауды мақсат еттік және келесі міндеттерді шешуді алға қойдық:

- биіктікте пайда болатын тыныс алу жүйесіндегі физиологиялық өзгерістерді анықтау;

- гипоксия жағдайында қан айналым жүйесінің жоғары қызметін анықтау;
- биіктікке бейімделу кезіндегі негізгі механизмдерді көрсету;
- белдеулік-климаттық жағдайдың ауысуы кезіндегі жұмыс қабілетін анықтау;
- биіктікке бейімделу кезеңінің дайындық жүйесін құру.

Атмосфералық ауаның барометрлік қысым анықтайтындай едәуір салмағы болады. Ол өз салмағымен қысылады, сондықтан оның қысымы мен тығыздығы жер бетінде (теңіз деңгейінде) жоғары болады және биіктеген сайын азаяды. Жоғарылаған сайын барометрлік қысымның азаюы гипобарометрлік жағдай туғызады. Жоғары көтерілген сайын барометрлік қысымның азаюына пропорционал атмосфералық ауаны құрайтын газдардың парциальды қысымы төмендейді. Адам үшін ең басты маңыздысы оттегінің парциальды қысымының төмендеуі және онымен байланысты ішке енетін ауа көлеміндегі оттегі молекулалары санының азаюы, яғни гипоксиялық жағдай болып табылады. Жоғары биіктікте адам өсе беретін гипобарометрлік гипоксия жағдайына ұшырайды. Мұндай жағдай герметикалық барокамерада оның қысымын кезінде пайда болуы мүмкін [2].

Биіктік жоғарылаған сайын атмосфералық ауадағы оттегі жетіспеушілік өкпе көпіршіктеріндегі оттегінің парциальды қысымын төмендетеді және артерия қанындағы оның мөлшерін азайтады және ұлпалардың оттегімен қамтамасыз етілуін нашарлатады. Сондықтан тауға шығу организмді оттегімен бірқалыпты қамтамасыз етуді ұстап тұру үшін арнайы физиологиялық икемделуді қажет етеді.

Биіктікте атмосфераның төменгі тығыздығының тағы да бір ерекшелігі – қозғалған денеге ауаның сыртқы кедергісінің азаюы. Сондықтан бірдей жылдамдықта орын ауысу кезінде сыртқы жұмыс биіктікте тегіс жерге қарағанда аз болады. Әсіресе бұл жоғары жылдамдықтағы қозғалыстармен орындалатын спорттық жаттығуларда байқалады. Спринтерлік жүгіруде, конькимен жүгіруде, спринтерлік қашықтықтағы велосипед спортында биіктікте тегіс жерге қарағанда жоғары нәтижелерге жетуі мүмкін.

Ауа температурасы биіктікке жоғарылаған сайын төмендей түседі. Егер теңіз деңгейінде орташа температура 15°-қа тең болса, онда жоғарылаған сайын ол әрбір 1000 метр сайын 11000 метрге дейін 6,5°-қа төмендеуі мүмкін.

Биіктікте ауаның салыстырмалы ылғалдылығы төмендейді. Тауда ауа теңіз деңгейіне қарағанда құрғақ, өйткені таудағы жағдайда ауа шығарған кезде судың жұмсалуы жоғары. Егер жоғары биіктікте ұзақ жұмыс орындалса, онда жоғары мөлшердегі судың жұмсалуы дегидратацияға және ауыз қуысының құрғауына ұшыратады.

Таудағы күн және ультракүлгін радиациясы тегіс жерге қарағанда қарқынды және қосымша қиыншылықтарға алып келуі мүмкін (күйіктер, қармен шағылысу).

Гравитация күші биіктік жоғарылаған сайын азая түседі. Сондықтан орташа тау биіктігіндегі жағдай секіру және лақтыру сияқты спорттық жаттығулардың жоғары нәтижеде орындалуына қолайлы жағдай жасауы мүмкін.

Альпинизм, жаттығу және жарыстардан басқа барлық спорт түрлері 2500-3000 метр биіктікке дейін орындалады. Сондықтан спорттық тәжірибе үшін 1500 метрден 3000 метрге дейін аралықтағы орташа тау биіктігінің организмге физиологиялық әсерін білу өте маңызды.

Биіктікке шыққан кезде немесе барокамерада “жоғары қарай көтерілгенде” жауап ретінде жедел түрде организмде гипоксия жағдайында физиологиялық өзгерістер пайда болады.

Тыныштық күйде немесе субмаксимальді жүктемелер орындау кезінде биіктікте организмнің оттегі тұтынуы тегіс жердегі сияқты мөлшерде қала береді. Сондықтан организмді оттегімен дұрыс қамтамасыз ету үшін биіктікте ауадағы оттегі молекулалары санының азаюы соған сәйкесінше өкпе желдетілуінің жоғарылауымен орнын толықтырып отыруы тиіс. Бұл негізгі қызметтік механизм биіктікте гипоксиялық, яғни оттегі жетіспеушілік жағдайға организмнің тез икемделуі болып табылады.

3000-3500 метрге дейінгі биіктікте тыныштық күйде өкпенің желдетілуі бастапқы кезде оншалықты өзгермейді. Сондықтан әсіресе альвеолярлық ауадағы оттегінің парциальды қысымының көбірек төмендеуі жиі және тез байқалады.

Биіктікте бұлшық ет жұмысын орындаған кезде тегіс жерге қарағанда өкпенің желдетілуі бастапқы кезден бастап едәуір жоғарырақ. Бірдей абсолютті жүктеме (оттегі тұтынуы тең жағдайда) берілгенде сол адамда өкпенің желдетілуі биіктік жоғарылаған сайын күштірек бола түседі.

Бір жағынан жоғары биіктіктегі ауа тығыздығының төмендеуі сыртқы тыныс алуды жеңілдетеді, ал екінші жағынан – төменгі барометрлік қысымда тыныс алу бұлшық еттерінің қабілеті жоғарылап, ішкі кеуделік қысым төмендейді. Жалпы, биіктікте тыныс алу аппаратының барынша жоғары мүмкіндіктері теңіз деңгейіне қарағанда жоғарырақ. Жоғары биіктікте барынша қарқынды жұмыс орындау кезінде өкпенің желдетілуі минутына 200 литрге жетуі мүмкін.

Өкпенің желдетілуі және басқа да физиологиялық механизмдер қандағы және басқа ұлпалардағы оттегі мөлшерінің кетуіне кедергі жасаса да барометрлік қысымның төмендеуі организмнің оттегі тасымалдау жүйесінің барлық бөлімдеріндегі оттегінің парциальды кернеуінің азаюына әкеледі. Нәтижесінде теңіз деңгейінде митохондрия маңындағы оттегі қысымы с.б.10 мм-не және 5600 метр биіктікте с.б.5 мм-не тең болуы мүмкін. Мұндай қысым әлі де болса клеткалардағы тотығу ферментативті реакциялардың өтуіне дұрыс жағдай жасай алуына және қамтамасыз етуіне жеткілікті [3].

Альвеолярлық ауадағы оттегінің парциальды қысымы осы газдың жұтқан ауадағы қысымымен және өкпе желдетілуінің мөлшерімен анықталады. Соңғысы жоғары болған сайын, яғни өкпедегі ауа жақсыалмасқан сайын альвеолярлық ауаның құрамы атмосфералық ауадағыға жақындай түседі. Бірақ кез-келген жағдайда альвеолярлық ауадағы оттегінің парциальды қысымы атмосфералық (жұтқан ауа) ауадағыға жақындай түсуі мүмкін, бірақ онымен теңесу және одан асып кетуі мүмкін емес. Сондықтан биіктік жоғарылаған сайын атмосфералық және соған сәйкесінше альвеолярлық ауадағы оттегінің парциальды қысымы төмендейді.

Атмосфералық және альвеолярлық ауадағы оттегінің парциальды қысымының төмендеуіне пропорционал артерия қанындағы оттегінің парциальды кернеуі төмендейді. Бұл тыныштық күйдегі өкпе желдетілуі жоғарылауының маңызды стимулының бірі болып табылады. Гипоксемия, яғни артерия қанындағы оттегі мөлшерінің азаюы каротидті және аорталық денешіктердің хеморецепторларын тітіркендіреді, ал ол тыныс алу орталығының белсенділігін рефлекторлы түрде жоғарылатады.

Биіктікте гипоксия жағдайында артерия қанындағы оттегінің парциальды кернеуінің төмендеуі гемоглобиннің оттегімен қанығу пайызының төмендеуіне және қандағы оттегі мөлшерінің азаюына соқтырады. 2000-3000 метр биіктікте альвеолярлық ауадағы оттегінің парциальды қысымы орташа есеппен с.б. 80-60 мм-не тең, әлде де оксигемоглобиннің диссоциациясы қисық сызығының жоғары бөлігінде «тегіс» шегінде орналасқан. Бұл өкпе қылтамырларында қанның оттегімен қанығуы салыстырмалы жоғары – гемоглобиннің 90%-ынан жоғарысы оксигемоглобин түрінде екендігін көрсетеді. Одан жоғары биіктікте оттегінің альвеолярлық қысымы оксигемоглобин диссоциациясы қисық сызығының орта бөлігіне, «жар» шегіне сәйкес келеді. Сондықтан жоғары биіктікте оттегінің қанмен тасымалдану және байланысу қабілеттілігі бірден төмендейді.



Артерия қанындағы оттегімен қанығуының қалыпты шамадан 80%-ға дейін төмендеуімен “тау ауруы” деген атпен белгілі ауыр гипоксия белгілерінің жиынтығы пайда болады: бас ауру, шаршау, ұйқының бұзылуы, ас қорытудың бұзылуы және т.б.

Биіктік жоғарылаған сайын (гипоксия дәрежесі күштірек) және жүктеме қарқынды болған сайын артерия қанындағы оттегімен қанығуы және кернеуі көбірек төмендейді.

Биіктікте бұлшық ет жұмысын орындау кезінде бұлшық еттегі және қандағы сүт қышқылы концентрациясының жоғарылауы теңіз деңгейіне қарағанда (анаэробты шектің төмендеуі) төменгі қарқынды жүктемелерде пайда болады. Биіктіктегі жұмыс кезінде теңіз деңгейіне қарағанда бірдей жүктеме берілгенде қандағы және бұлшық еттегі сүт қышқылының концентрациясы жоғары, ал қанның рН белсенділігі төмен болады. Биіктіктегі субмаксимальді аэробты жүктемелерді орындау кезінде қандағы лактаттың жоғары болуы (гиперлактацидемия) өкпе желдетілуінің өсуіне қосымша стимул болып табылады [4].

Барынша жоғары аэробты жүктемелерді орындау кезінде жүректен шығатын қанның, жүрек соғу жиілігі мен систолдық көлемнің жоғары мөлшерлері теңіз деңгейінде де, биіктікте де бірдей. Гипоксиялық жағдайда жүрек соғу жиілігі мен жүректен шығатын қанның ең жоғары мөлшерлері теңіз деңгейіне қарағанда төменгі қарқынды жұмыс кезінде байқалады [5].

Биіктікке жоғарылаған сайын тыныштық күйде жүрек қан тамырларының қан ағымы, оттегімен қамтамасыз өтілуі және миокардтың оттегі тұтынуы төмендей түседі. Жоғары қарқынды жұмыс кезінде жүрек бұлшық еттерінің оттегі шығынының орнын толтыру үшін биіктікте теңіз деңгейіне қарағанда жүрек қан тамырларының қан ағымы көбірек болуы тиіс (2500 метр биіктікте 10%-ға, 4000 метр биіктікте 30%-ға).

Сонымен биіктікте жұмыс кезінде теңіз деңгейіндегі жағдаймен салыстырғанда жұтылған ауадағы оттегінің төменгі қысымы және мөлшері өкпе желдетілуінің өсуіне, жүректен шығатын қанның жоғарылауына және жұмыстық гемоконцентрация дәрежесінің өсуіне соқтырады. Бұл қосымша механизмдер жұмыс жасайтын бұлшық еттерге және басқа ұлпаларға оттегінің тасымалдануын жоғарылатады. Бірақ тіпті орташа тау биіктігіндегі жағдайда да бұл бейімделу реакциялары артерия қанындағы және альвеолярлық ауадағы оттегі мөлшерінің және парциальды қысымының төмен болуының орнын толықтыра алмайды. Сондықтан гипоксия жағдайында барынша жоғары аэробты қуаттылық төмендейді және жоғары қарқынды бұлшық ет жұмысын қамтамасыз ету үшін анаэробты энергия түзілудің мәні жоғарылай түседі [6].

Жұмыстың бастапқы кезінде оттегі тұтыну жылдамдығы қалыпты жағдайға қарағанда баяу жоғарылайды. Бұл қан айналым жүйесінің баяу бабына енуімен байланысты. Сондықтан тау жағдайындағы жұмыс үшін оттегі жетіспеушілігінің жоғары болуы тән.

Жүрек пен тыныс алу аппаратының белсенді жұмысы, сонымен қатар қимыл-қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы теңіз деңгейіне қарағанда биіктікте жұмыстың энергетикалық құндылығының жоғары болуына алып келеді. 3500 метр биіктікте оттегі тұтыну тегіс жерде дәл осындай жұмыс орындаған кездегіге қарағанда 5%-ға жоғары.

Биіктікте бұлшық ет жұмысын қамтамасыз ету үшін тыныс алу мен қан айналым жүйелерінің белсенді қызметі теңіз деңгейіне қарағанда шаршаудың тезірек пайда болуына әсер етеді.

Жоғары биіктікте болған кезде жүйке жүйесінің қызметтік жағдайында өзгерістер туындайды, нәтижесінде организм қызметтерінің дұрыс реттелуі бұзылады.

Қорыта айтқанда спортшылар жақсы нәтиже көрсету үшін биіктікке бейімделуге алдын-ала дайындалуы тиіс. Ал дұрыс дайындалуы үшін келесі принциптерді орындауы керек:

- биіктікке бейімделу кезеңі жарысқа дейін 3-4 апта бұрын басталуы тиіс;

- спортшылардың денсаулығы жақсы болуы тиіс, жаттығу алдында ешқандай медициналық, ортопедиялық және темір жетіспеушілік қайшылықтары болмауы керек, егер темір мөлшері төмен болса, қосымша дәрі-дәрмектер қабылдауы тиіс;
- жаттығу және жарыс процесі кезінде спортшының денсаулық жағдайы, тамақтануы, жаттығу көлемі мен қарқындылығы мұқият қадағалануы тиіс;
- бірінші аптада аэробты бейімделуге көңіл бөлу керек. Жаттығулар ауыр болмауы тиіс, теңіз деңгейінде жүргізілген жаттығу қарқынының 75-80%-ын құруы тиіс;
- екінші аптада аэробты және анаэробты жаттығуларды кезектестіру арқылы жаттығу қарқыны біртіндеп өсіру;
- үшінші аптада негізгі акцент барынша жоғары аэробты жұмыс кезінде шапшаңдықты сақтауға жасалуы тиіс;
- төртінші аптада жаттығу қарқынын төмендетіп, жарыс алдында демалуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Спортивная медицина. Справочник для тренера и врача. – Москва: «Терра-спорт», 1999. – С. 30.
- 2 Спортивная физиология. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М. Коца. – Москва: «Физкультура и спорт», 1986. – 246 с.
- 3 Михайлов В.В. Дыхание спортсмена. – Москва: «Физкультура и спорт», 1983. - 103 с.
- 4 Карпман В.Л., Хрущев С.В., Борисова Ю.А. Сердце и работоспособность спортсмена. – Москва: «Физкультура и спорт», 1978. – 118 с.
- 5 Куколевский Г.М. Врачебные наблюдения за спортсменами. – Москва: «Физкультура и спорт», 1975. – 335 с.
- 6 Руне Федман. Спортивная физиология. Перевод со шведского С.К.Елисейевой. – Москва: «Физкультура и спорт», 1980.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается влияние окружающей среды на способности спортсмена во время тренировок и соревнований, а также показана эффективность влияния физических анаэробных упражнений на здоровье спортсменов.

RESUME

In this article the influence of the environment on the ability of a sportsman during training and competitions is shown and also the authors point to the effectiveness of physical anaerobic exercises for the sportsmen's health.

**О.Н. Полевая**

Костанайский государственный педагогический институт,
магистр педагогических наук

Г.К. Исмагулова

Костанайский государственный педагогический институт,
канд. филол. наук, доцент

**Формирование
межкультурной
компетентности
у студентов
неязыковых
специальностей
педагогического
вуза****Аннотация**

Статья посвящена исследованию проблемы формирования межкультурной компетентности студентов в образовательной среде педагогического вуза. При помощи эксперимента были проверены педагогические условия формирования межкультурной компетентности студентов неязыковых специальностей.

Ключевые слова: межкультурная компетентность, межкультурная коммуникация, эксперимент, педагогические условия, диалог культур

Динамичные интеграционные процессы, происходящие в современном мире, усиление международного сотрудничества во всех сферах жизнедеятельности казахстанского общества предъявляют новые требования к выпускникам высших учебных заведений. Сегодня знание иностранных языков является обязательной компетентностной составляющей профессиональной квалификации специалиста и действенной основой для подготовки специалистов новой формации, способных к адекватному взаимопониманию и взаимодействию с представителями других лингвокультурных социумов. В связи с этим перед высшей школой встает задача поиска подходов к обучению иностранным языкам (ИЯ), которые бы соответствовали изменяющимся запросам общества.

Анализ современной отечественной литературы по вопросам языкового образования свидетельствует о необходимости рассмотрения проблемы совершенствования обучения иностранным языкам в тесной связи с культурой и межкультурной коммуникацией (МКК). Необходимость межкультурного профессионального становления специалиста, формирования вторичной языковой личности, повышения межкультурной компетенции студентов анализируются Кунанбаевой С.С. [1], Елубаевой П.К. [2], Кулибаевой Д.Н. [3], Чакликовой А.Т. [4], Атабаевой Ф.К. [5] и др. Новый социальный заказ также нашел свое отражение в Концепции иноязычного образования РК, где конечным качественным результатом обучения ИЯ и культуре определяется формирование «субъекта

межкультурной коммуникации» [6]. По С.С. Кунанбаевой «субъект межкультурной коммуникации» – бикультурная личность с адекватным условием диалога культур межкультурно-коммуникативным поведением и с должным уровнем сформированности межкультурно-коммуникативной компетенции [6, с.118]. Т. Смаглий и О. Полевая под субъектом межкультурной коммуникации понимают бикультурную личность, обладающую билингвальным сознанием, развитой межкультурной компетентностью, представленной совокупностью знаний, умений, навыков и личностных качеств, позволяющей осуществлять эффективное межкультурное общение с представителями иных культур, адекватной условиям диалога культур [7, с.22]. Общим для этих понятий является наличие межкультурной компетентности у студентов, которую и необходимо формировать в вузе. Основываясь на данном утверждении, нами был выделен комплекс педагогических условий по формированию межкультурной компетентности, эффективность которых была подвергнута экспериментальной проверке.

Экспериментальной базой исследования являлся Костанайский государственный педагогический институт. В эксперименте участвовало 60 студентов 1 курса специальностей «Педагогика и психология», «Психология», «Педагогика и методика начального обучения», «Дошкольное обучение и воспитание» в период с 2014 по 2016 год. Все студенты имели примерно одинаковый уровень языковой подготовки. Исследование проводилось в несколько взаимосвязанных этапов. I этап (2014-15 гг.) – этап изучения философской, лингводидактической, психолого-педагогической литературы по проблеме исследования, проведение констатирующего эксперимента для выявления исходного уровня сформированности межкультурной компетентности у студентов. II этап (2015-16 гг.) явился экспериментальным этапом, в ходе которого проверялись и корректировались созданные педагогические условия формирования межкультурной компетентности. III этап (2016 г.) – этап анализа полученного материала, обобщения и систематизации, окончательного завершения оформления работы, формулирования выводов и основных результатов исследования. Цель экспериментальной работы – выявить и проверить необходимость и достаточность выделенного комплекса педагогических условий, необходимых для эффективного формирования межкультурной компетентности. Группы были представлены следующим образом: КГ (контрольная группа) – группы специальности 5В010100 «Дошкольное обучение и воспитание»; ЭГ-1 (экспериментальная группа 1) – группы специальности 5В010200 «Педагогика и методика начального обучения»; ЭГ- 2 (экспериментальная группа 2) – группы специальности 5В050300 «Психология»+ 5В010500 «Дефектология»; ЭГ-3 (экспериментальная группа 3) – группы специальности 5В010300 «Педагогика и психология».

Так как исследуемое явление – сложное интегративное образование, включающее комплекс знаний, умений и личностных качеств, необходимых для осуществления эффективного межкультурного общения в профессиональной сфере, представленное лингвистическим, дискурсивным, стратегическим, социокультурным и социально-психологическим компонентами, то и применение статистических методов потребовало использование комплексных оценок. «Комплексная оценка – это величина, характеризующая вектор показателей» [8, с.12]. Комплексная оценка предполагает учет всех показателей данного критерия при наличии ведущих составляющих показателя.

Для определения степени проявления первого показателя – мотивационно-ценностного – мотивы изучения ИЯ и отношение студентов к соизучению языка и культуры, нами были использованы следующие методики: 1) Анкеты «Изучение ИЯ и культуры»; «Страноведческие темы» и «Аспекты изучения ИЯ»; 2) диагностический опросник П.В. Степанова, позволяющий характеризовать толерантное отношение к различным культурным группам в обществе; 3) методика «Незаконченное предложение» с целью выявления уровня этноцентризма и толерантности студентов.



Аналогично было организовано исследование по второму показателю – когнитивному – теоретические знания, образующие лингвистический, дискурсивный, стратегический, социокультурный и социально-психологический компонент межкультурной компетентности, которые мы оцениваем по таким признакам, как системность, действенность, прочность. На данном этапе исследования были использованы следующие методики: 1) тест «Культура англоязычных стран»; 2) тест «Этикетная культура англоязычных стран»; 3) анкета «Культурная идентичность».

Для исследования межкультурной компетентности по третьему показателю – поведенческому – речевые и коммуникативные умения, фонетические, лексические, грамматические и аудитивные навыки, была проведена диагностика личностных коммуникативных качеств студентов, необходимых для эффективного осуществления межкультурного общения. Нами были использованы следующие методики: 1) тест КОСМ (на определение коммуникативных и организационных склонностей); 2) «Уровень субъективного контроля» (УСК); 3) методика И.М. Юсупова «Определение уровня эмпатийности» [9]; 3) задания на определение умений интерпретировать факты иной культуры.

На основании разработанного критериально-признакового аппарата межкультурной компетентности субъекта МКК мы выделили три уровня ее сформированности: репродуктивный, репродуктивно-творческий, продуктивный (творческий). При репродуктивном уровне знания студентов носят разрозненный характер, нет потребности в их пополнении, углублении, творческом использовании на практике, в высказываниях на ИЯ допускаются ошибки, переводческие трансформации не всегда адекватны. Репродуктивно-творческий уровень отражает достаточно сформированную систему лингвистических, социокультурных, дискурсивных, стратегических, социально-психологических знаний, умений и навыков, позволяющих участвовать в межкультурном общении. Продуктивный (творческий) уровень показывает системный характер, сформированную устойчивую потребность в пополнении и углублении знаний, творческом использовании на практике. Проведенное нами исследование показывает, что формирование межкультурной компетентности у студентов происходит постепенно, от уровня к уровню.

Исходя из экспериментальных данных констатирующего этапа, свидетельствующих о недостаточно высоком уровне сформированности межкультурной компетентности, были выделены необходимые условия ее повышения. II этап предполагал внедрение выделенных педагогических условий формирования межкультурной компетентности. Реализация условий проходила поэтапно и носила стимулирующий и контролирующий характер. В ЭГ-1 реализовалось условие – организация образовательного процесса на основе положений концепции «диалога культур». В ЭГ-2 реализовались два условия (организация образовательного процесса на основе положений концепции «диалога культур»), в основу содержания обучения ИЯ студентов неязыковых специальностей положена целостность профессионально-языковой, культурно-языковой и межкультурной подготовки. В ЭГ-3 реализовались все три педагогических условия (наряду с вышеперечисленными использование активных форм и методов обучения). КГ-1 не испытывала экспериментальных воздействий.

На рисунках 1-4 отражены сопоставительные экспериментальные данные до и после проведения эксперимента (нулевой срез и итоговый срез), на основании которых можно судить об эффективности выделенных условий формирования межкультурной компетентности по степени проявления показателей.




Рисунок 1 – Сопоставление результатов по первому показателю (до и после эксперимента)




Рисунок 2 – Сопоставление результатов по второму показателю (до и после эксперимента)




Рисунок 3 - Сопоставление результатов по третьему показателю (до и после эксперимента)




Рисунок 4 - Сопоставление результатов по уровням сформированности межкультурной компетентности (до и после эксперимента)

Итак, анализ проявления первого условия – организация образовательного процесса на основе положений концепции «диалога культур», введенного в ЭГ-1, показывает, что *по первому показателю*, мотивационно-ценностному, произошло увеличение числа студентов на репродуктивно-творческом уровне (рост в 36%); произошел переход на высокий уровень межкультурной компетентности (продуктивный (творческий) уровень) на 7-13% в группах, где были реализованы два и три условия формирования межкультурной компетентности. *По II показателю*, когнитивному, увеличилось число студентов на репродуктивно-творческом уровне на 22-35% в 3 экспериментальных группах, но это не означает отсутствия динамики в продвижении студентов в КГ – 13%; осуществился переход студентов на высокий уровень межкультурной компетентности на 7-20% в экспериментальных группах, и на 6% в КГ, что свидетельствует о том, что вуз осуществляет более эффективную подготовку по данному показателю, чем по первому, но более низкими темпами, чем при введении комплекса условий. *По III показателю*, поведенческому, произошло движение студентов на более высокий уровень сформированности межкультурной компетентности на репродуктивно-творческом уровне на 10-35% в экспериментальных группах, на 10% в контрольной группе; увеличилось число студентов на продуктивном (творческом) уровне на 7-20% в экспериментальных группах, на 6% в КГ.

Экспериментальные данные свидетельствуют о значительной динамике продвижения студентов на более высокий уровень сформированности межкультурной компетентности в ЭГ-3, где были реализованы все три педагогических условия формирования межкультурной компетентности. Достаточно высокий уровень сформированности данной компетентности наблюдался в ЭГ-2, значения данных в ЭГ-1 во многом совпадали с КГ, не испытывавшей экспериментальных воздействий, что свидетельствует о необходимости применения комплекса выделенных педагогических условий.

Таким образом, данные формирующего этапа эксперимента показали повышение уровня сформированности межкультурной компетентности во всех группах, но наиболее существенные изменения произошли в ЭГ-2 и ЭГ-3. Количество студентов, имеющих репродуктивно-творческий уровень сформированности межкультурной компетентности, возросло в КГ на 13%, в ЭГ-1 на 21%, в ЭГ-2 на 25%, в ЭГ-3 на 40%, количество студентов, имеющих продуктивный (творческий) уровень сформированности межкультурной компетентности, также возросло в КГ на 6%, в ЭГ-1 на 7%, в ЭГ-2 на 7%, в ЭГ-3 на 13%. Результаты эксперимента свидетельствуют о стабильной динамике продвижения студентов на репродуктивно-творческий уровень сформированности межкультурной компетентности, и, так как были произведены локальные изменения

педагогической действительности ввиду временной ограниченности, то нашей задачей было отследить качество перехода студентов именно на данный уровень сформированности межкультурной компетентности. Наиболее высокие результаты были получены в ЭГ-3, следовательно, для достижения более высокого уровня сформированности межкультурной компетентности необходимы все три выделенных условия. Комплекс педагогических условий является необходимым и достаточным для формирования субъекта межкультурной коммуникации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: Методология и теории. - Алматы: Эдельвейс, 2005. - 264 с.
- 2 Елубаева П.К. Моделирование компетентностного образования в формировании межкультурно-коммуникативной компетенции регионоведа. Автореф... дис. канд. пед. наук. - Алматы, 2010.
- 3 Кулибаева Д.Н. Методические основы управления образовательной системой школ международного типа. - Алматы: Эдельвейс, 2006. - 480 с.
- 4 Чакликова А.Т. Научно-теоретические основы формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования. Автореферат на соискание ученой степени доктора педагогических наук. - Алматы, 2009.
- 5 Атабаева Ф.К. Методика использования информационно-коммуникационных технологий в иноязычном образовании студентов неязыковых вузов. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Алматы, 2010.
- 6 Концепция развития иноязычного образования РК. - Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006. - С. 20.
- 7 Смаглий Т.И., Полевая О.Н. Сущность понятия субъект межкультурной коммуникации // Современная высшая школа. - 2012. - № 1. - С. 20-22.
- 8 Новиков Д.А. Статистические методы в педагогических исследованиях (типовые случаи). - М.: МЗ-Пресс, 2004. - 67 с.
- 9 <http://docpsy.ru/testy/diagnostika-motivatsii/5058-metodika-diagnostika-urovnya-empatii-i-m-yusupova.html>

ТҮЙІН

Мақалада халықаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперимент нәтижелері көрсетілген. Эксперимент нәтижелері соны дамыту үшін қандай жағдай жасау қажеттілігін көрсетеді.

RESUME

This article provides the results of the experiment of the formation of intercultural competence. The results of the experiment have shown a need of introduction of three pedagogical conditions into the educational process to develop intercultural competence.



B.B. Kendzhayeva

Candidate of Pedagogical Science,
Docent duties performer
of A. Yasawi International Kazakh-
Turkish University

E.E. Seidakhmetov

Professor of A. Yasawi

- экологиялық апат қаупін төндіретін адам мен табиғат арасындағы алауыздық;

- адам санасы мен жанының екіжартылығы.

Мұндай мақсаттар адамның тірі қалуының, әртүрлі қауымдар мен бір қауым мүшелерінің әрекеттестігінің, жеке мәдениеттер жиынтығы ретінде өркениеттің дамуының басты мәселелеріне негізделген интеграцияланған оқуды талап етеді. Жаһандық білім беру отандық және әлемдік педагогикадағы жетістіктердің еш нәрсесін ауыстырып, жоққа шығармайды. Жаһандық білім берудің кемшіліктері жоқ емес, ол тек қазіргі жағдайларда адамның өмірге бейімделуінің мүмкін нұсқаларының бірі ғана. Ол кез-келген жақсы білімнің объективті қажетті қосымшасы болуы мүмкін деуге болады.

Жаһандық білім берудің мақсаты конструктивті шешім қабылдай алатын, өз Отаны мен тұтас әлем тағдыры үшін жауапкершілікті сезіне алатын еркін шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару болып табылады, ол оқушылардың интеллектуалды және адамгершілік келешегінің дамуына, педагогтің шығармашылық ізденісіне, ғылыми-әдістемелік шеберлігі мен кәсіби мәдениетін жетілдіруге кең мүмкіндіктер береді. Оны іске асыру мыналарға жетуге жол ашады:

- оқушы жеке тұлғасын, оның құқығымен, еркіндігімен, идеалдарымен қоса оқу-тәрбие жұмысының ортасына қою;

- оқушыларда ақиқат құбылыстарын объективті бағалау, синхрондық және диахрондық салыстыру, жіктеу мен интеграция негізінде оқиғалар мен деректерді өз бетінше сараптау қабілетін қалыптастыру;

- оқушының қазіргі әлемде мақсатты бағыт-бағдарын іске асыру;

- дамытпалы оқу идеясы негізінде жеке тұлғаның интеллектуалды қасиеттерін қалыптастыру. Қойылған мақсатқа жетудің тиімділігі мынадай мәселелерді шешуге байланысты:

- оқушылардың мәдени санасын дамыту;

- оқушылардың жаһандық ойлауын дамыту;

- мәдениаралық күзінеттілікті көтеру;

- тәрбие процесін интернационалдау;

- өзара тәуелді экожүйе ретіндегі әлем туралы ой-қиялын дамыту;

- жеке тұлғаның өзін өзі айқындау мен әлеуметтік бейімделуі үшін оңтайлы жағдай жасау.

Білім берудің жаһандануы білім берудің «тірі ұлпасына» да елеулі түрде енеді. Студенттермен, магистранттармен, аспиранттармен өзара алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әмбебап оқу жоспарлары жасалуда; студенттердің өнеркәсіптік тәжірибесі мен оқытушылардың тағылымдамасының өзара байланысты базалары ұйымдастырылуда.

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде білім берудің рөлі оның демократиялық және құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға көшу міндеттерімен, елдің экономикалық

және қоғамдық дамуының әлемдік тенденцияларынан қалып қою қаупін жою қажеттілігімен анықталады. Әрі жаһандық, әрі көп мәдени білім беру мәселелерінің, Еуропалық әлемдік білім беру кеңістігіне интеграция мәселелерінің ел үшін маңызы зор. Қазақстанның білім беру жүйесі алдыңғы қатарлы елдердің білім жүйесімен бәсекелесуге қабілеті бар. Бұл ретте жүргізіліп жатқан білім беру саясатын жұртшылық жағынан қолдау қажет, үкіметтің бұл сала үшін жауапкершілігі мен белсенді рөлін қалпына келтіру керек, білім беруді терең әрі жан-жақты жетілдіру үшін қажетті ресурстар дайындап, оларды тиімді пайдаланудың механизмдерін жасау қажет.

Қазақстанның білім беру саясаты білім беру саласында жалпы ұлттық мүддені көздеп, оны әлемдік қоғамдастыққа көрсете отырып, білім беру жүйесінде мынадай елеулі өзгерістердің болуын қажет ететін әлемдік даму тенденцияларын да ескереді:

- қоғамның даму қарқынының өсуі, саяси және әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерінің кеңеюі, бұл азаматтардың мұндай таңдауға даярлығының деңгейін өсіруді қажет етеді;

- постиндустриалдық, ақпараттық қауымдастыққа көшу, мәдениаралық өзара әрекеттестік ауқымының айтарлықтай кеңеюі, осыған байланысты тіл табысу мен толеранттық факторлары ерекше маңыздылыққа ие болады;

- халықаралық қауымдастық шеңберінде ынтымақтастықтың нәтижесінде шешілетін жаһандық мәселелердің пайда болуы мен өсуі, жас ұрпақтан заманға сай ойлаудың қалыптасуын қажет етеді;

- экономиканың динамикалық дамуы, бәсекелестіктің өсуі, біліксіз немесе жартылай білікті еңбек өрісінің тарылуы, жұмыспен қамту саласындағы терең құрылымдық өзгерістер, бұлар жұмысшылардың кәсіби біліктілігін көтеруі мен қайта дайындығын, кәсіби жедел әрекеттіліктің өсуін талап етеді;

- адами капиталдың маңыздылығының артуы, дамыған елдерде ол ұлттық байлықтың 70-80%-ын құрайды, бұл өз алдына, жастарға да, ересектерге де интенсивті дамудың алдында жүретін білім беруді қамтамасыз етеді.

Жаһандық білім беру ұлттық ауқымынан асатын қиындықтар мен мәселелерді шешуге бағытталған, әр түрлі жүйелердің – экологиялық, мәдени, экономикалық, саяси және технологиялық жүйелердің өзара байланысын айқындайды. Жаһандық білім беру құбылысқа әртүрлі қырынан қарау қабілетін дамытуды көздейді, яғни оларды басқа адам көзімен көру, бұл индивидуумдар мен адамдар топтарына сай әртүрлі көзқарастарға қарамастан адами қажеттіліктер мен мақсат-ниеттерінің бірегейлігін түсінуге әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Родионова И.А. Глобальные проблемы человечества. – М., 1993. – 27 с.
- 2 Делягин М.Г. Драйв человечества: Глобализация и мировой кризис. – М., 2008. - 45 с.
- 3 Thomas Friedman. The World Is Flat: A Brief History of The Twenty-first Century (2005; expanded edition 2006; revised edition 2007).

РЕЗЮМЕ

В мировой научной литературе по проблемам глобализации существует много фундаментальных работ, однако недостаточно исследована системность понимания ее сущности. В статье автор уделяет большое внимание духовным ценностям, которые оказывают значительное влияние на становлении человеческой личности.

RESUME

In the world scientific literature on the problems of globalization there are many fundamental works. However, the concept of the theoretical system isn't enough investigated. The author pays significant attention to the spiritual values which influence the formation of a human personality.



Аннотация

Мақалада бастауыш сынып оқушы-ларының танымдық белсенділігін қалыптастыру-дың тиімді жолдары қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде, дидактикалық ойындар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне ынтасын, қызығушылығын арттыру, білімді меңгеру, бекіту, материалды қайталау мақсатында терең маңызға ие. Нәтижесінде, оқу материалын меңгеруге дайындауда қолданылатын дидактикалық ойындар жаңа материалды қабылдауды белсенді етеді.

Түйін сөздер: танымдық, белсенділік, қажеттілік, қабілет, ізденімпаздық, шығармашылық, білім, білік, дағды, іс-әрекет, дидактикалық.

Д.Ж. Кішібаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті,
пед. ғыл. канд., доцент

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру

Ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы ХХІ ғасырда болашақ буын ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезектегі міндет етіп қойып отыр. Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының жаңа кезеңге өту жағдайында қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрған мәселелердің ірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясында кемелденген мемлекеттің жаңа саяси бағыты айқындалып, бәсекеге қабілетті ел болуымыз үшін ұшқыр, білімді ұлт болуымыз керек екендігі нақты көрсетілген [1]. Сондықтан қазіргі бастауыш мектептен бастап оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру маңызды міндет, ғылыми мәселе.

Бастауыш мектеп оқушыларының ойлау дәрежесі мен дербес іс-әрекеттегі белсенділігінің қалыптасуына жан-жақты жағдай жасап, мектепте берілетін ғылыми білім сапасын жаңа заман талаптарына сай іріктеу мен меңгерту міндеттері олардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға тікелей байланысты. Оқушыны даяр білімді қабылдаушы объект емес, білімді өз бетімен ізденуші субъект ретіне қарау мақсатында оқыту жүйесін дайықтаудың қажеттігі артуда.

Бүгінгі таңда жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға бағытталған міндеттер белгіленген. Әсіресе, Қазақстанның халықаралық білім кеңістігіне енуге бағытталған шарттары ретінде 12 жылдық білім беруге көшуді басты фактор деп қарастырады Сондықтан, жеке тұлғаға өзіндік құндылық ретінде қарап, бастауыш мектептен бастап оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда дәстүрлі оқыту әдістерін әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын толықтыра отырып оқу үдерісін жетілдіру міндетіміз.

Осыған орай бастауыш мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту, оқытуды белсендірудің жаңа әдістемелік жүйесін жасау, ең алдымен, әрбір оқушының жан-жақты жетілуіне, ойлау белсенділігі мен ізденімпаздығының қалыптасуына, нәтижесінде шығармашыл жеке тұлғасының танымдық белсенділігінің қалыптасуына қызмет етуі тиіс.

Тарихи тұлғалар, ғұлама ғалымдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн білім, тәрбие мәселелері жайлы ілімдері мол рухани мұра. Әл-Фараби алған білімнің философиялық негізін салып, ол білімді-философиялық категория және бүкіл танымның даму үдерісінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің рухани қазынасының жиынтығы деп қарастырады.

Елімізде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесіне байланысты соңғы кездері зерттеулердің мынадай бағыттары дамып келе жатқанын атап көрсетуге болады: оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мәселелері оқытуда халықтық педагогика элементтерін пайдалану мәселесі, жеке тұлғаға бағытталған білім беру, оқыту үдерісін жетілдірудің маңызды аспектілері, оқу-танымдық белсенділікті қалыптастыру. Қарастырылған жұмыстар бүгінгі таңда бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруда маңызды болып табылады.

Ғалымдар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруда ойынның мәнін психологиялық негізін және т.б. жүйелеген. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани дүниесінің баюына, танымдық белсенділігінің қалыптасуы арқылы интеллектуалдық мүмкіндігінің жоғары деңгейге жетуіне жағдай жасау. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы жас тәуелсіз мемлекеттер сияқты өзінің тиімді даму жолына барлық сала бойынша іздестіруде. Қазіргі кезде халық назарын аударып отырған басты мәселе бастауыш сыныптарда білім беру жұмыстарының мазмұнын, міндетін жаңарту, ұлттық негізде құру. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі. Білім берудің алғашқы деңгейлері бастауыш сыныптардан басталады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда танымдық белсенділік ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып табылатындығын көрсетеді. Бұл ұғымды философиялық, физиологиялық, психологиялық, педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін анықтайды.

Танымдық белсенділік – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздықтың негізінде қалыптасады [2].

Сонымен, танымдық белсенділік құрылымында мынадай элементтер ерекшеленеді:

- танымдық белсенділіктің жеке түрлері өзара байланысты;
- арнайы жиынтықпен орындалатын әрекет, іс-әрекетті бүтіндей орындауды қамтамасыз етеді;
- операциялар әрекетті орындау тәсілдері ретінде көрінеді.

Танымдық белсенділік – бұл оқушының өзінің арнайы ұйымдастырылған немесе адамзаттың жинақтаған мәдениет байлығын меңгеру мақсатындағы танымнан тыс іс-әрекеті. Оқушының танымдық белсенділік құрылымын: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс-әрекеттен тұрады. Баланың танымдық белсенділігі арқылы әрекеттеніп, яғни мәселені шешуі,



олардың танымдық белсенділігінің дамуына көмегін тигізеді. *Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі* - оқушының оқу үдерісі барысында адамзаттың жинаған тәжірибесі мен мәдениетін меңгеру мақсатында әлемдік ақпараттарды тануы және оны іс жүзінде жүзеге асыру әрекеті [3].

Танымдық белсенділіктің ерекшелігі – оқушының ол үшін жаңа білім, білік және дағдысын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы. Меңгерілген білімнің сипаты әртүрлі болуы мүмкін.

Танымдық белсенділік түрлерінің басқа нұсқаларын да атауға болады, сондай-ақ:

- біріншіден, оқыту үдерісінде олармен жұмыс істеуге, оларды меңгеруде көп уақыт беріледі;

- екіншіден, олар нақтылықты тануға бірнеше мүмкіндіктер береді;

- үшіншіден, олар арқылы меңгеру оқушылардың белсенділігінің басқа түрлерін меңгеруін жылдамдатуға мүмкіндік жасайды.

Осылайша, оқу сабақтарындағы оқушылардың танымдық белсенділігінің негізгі түрлері бақылау, эксперимент, кітаппен жұмыс, білімді жүйелеу және т.б. болып табылады. Бұл іс-әрекет түрлерінің пәні бір бірінен ажыратылмаған. Бұдан, танымдық белсенділіктің түрлері өзара байланысты. Бұл өзара байланыстың объективті негізі біздің барлық жағдайда нақтылық туралы объективті білім алуымыз болып табылады.

Бұдан басқа, оқушылар көптеген басқа жоғары маңызды танымдық белсенділік түрлері бағыттылығының субъектілері болып табылады, яғни оқушылардың олар үшін жаңа білім, білік, дағдыны алуын қамтитын, олардың іс-әрекет тәсілдерін меңгеруі және дамуы. Өкінішке орай, осы белсенділік түрлері мектепте кең түрде таралмаған. Оқушылар іс-әрекеттің белсенді емес түрлерімен айналысады. Барлық оқу пәні бойынша оқу материалының мазмұны, оның құрылымы оқу-танымдық белсенді түрлерінің көптүрлілігін жүзеге асыру үшін алғы шарттар жасайды.

Математика, ана тілі, қазақ тілі және басқа да бастауыш мектепте оқылатын пәндердің мазмұнын меңгеруде, сабақтан тыс уақытта, үй тапсырмаларын орындауда келесідей танымдық белсенділік түрлері ұсынылуы мүмкін.

I – сөздік негіздегі іс-әрекет түрлері:

- 1) Мұғалім түсіндірмесін тыңдау.
- 2) Өз жолдастарының баяндамасын тыңдау және талдау.
- 3) Кітаппен жұмыс.
- 4) Бірнеше әдебиет бойынша материалды іріктеу және салыстыру.
- 5) Әңгіме жазу.
- 6) Мәтіндік сандық және сапалық тапсырманы шешу.
- 7) Ұғым бойынша тапсырманы орындау.
- 8) Оқу материалын жүйелеу.
- 9) Мұғалім көрсетілімін бақылау.
- 10) Оқу фильмдерін қарау.
- 11) Графиктерді, кестелерді, сызбаларды талдау.
- 12) Ойындарды жетілдіру бойынша тапсырманы орындау.
- 13) Тәжірибенің жаңа нұсқасын жасау.
- 14) Бар мәліметтерді талдау негізінде тұжырымды құру.
- 15) Эксперимент жұмысының әдістемесін дайындау және тексеру.
- 16) Зерттеу экспериментін жүргізу.
- 17) Үлгілеу және құрылымдау.
- 18) Мұғалімнің алдында оқушыларды танымдық белсенділіктің әрбір түрін орындауға үйрету, оларда өз іс-әрекетін жоспарлау және тиімді ұйымдастыру білігін қалыптастыру міндеті тұр. Оқушылардың неғұрлым іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін меңгеруі, оларды жаңа білімді алуға қалай қолдану қажеттігін білуі,

олардың танымдық белсенділігінің, сонымен қатар танымдық қызығушылығы мен қажеттілігінің, бүтіндей дамуынан тәуелді.

Оқушылардың оқыту үдерісінде белсенділігінің төмендеу себебі неде? Біздің пікірімізше, ол келесідей себептерден тұрады:

1. Мектепте оқушылардың меңгеруіне қиын күрделі оқу материалының берілуі.

2. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы, өз бетімен оқу материалын меңгеру деңгейі төменгі деңгейде қалыптасуы.

3. Мұғалімдердің оқушылардың танымдық белсенділіктің тиімді ұйымдастыра және басқара алмауы, оқушыларды осы іс-әрекетті орындауға үйрете алмауы. Сонымен, оқу-танымдық іс-әрекеттің түрлері – бақылау, эксперимент, кітаппен жұмыс, білімді жүйелеу, оқу материалдары мен тапсырмалар және т.б.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетті меңгеруі бірінші сыныптан басталады. Бұл жылдам оқу, мәтінді оқи білуі, мәтінді өз сөзімен айтып беруі, бақылауы, кейбір қарапайым тұжырымдарды жасауы және т.б. Әрі қарай оқушыларда дүниетану пәнінен қарапайым тәжірибелер жасау білігі қалыптаса бастайды. Қазіргі таңда педагогикада танымдық белсенділік үдерісінде оқушыларда жалпылама танымдық білік пен дағды қалыптасады деген пікір қалыптасуда.

Оқу материалын көрнекілік түрде көрсету арқылы орындауды ұйымдастыра отырып, күрделі, қызықсыз іс-әрекетті интеллектуалдық дидактикалық ойынға айналдыруға болады [4].

Бастауыш сынып оқушыларының санасын жетілдіріп ақыл-парасатын дамытуға дидактикалық ойындардың тигізер пайдасы, игі әсері көп-ақ. Ойын арқылы дамыған бала алғаш мектеп есігін ашқанда білімді, қоғамдық тәжірибені тез меңгеріп, өзінің психологиясын жан-жақты жетілдіріп, мінез-құлқын, ерік-жігерін, қабілетін дамытып, дүниетанымын кеңейтіп, оқудың мазмұнына қызығушылықпен қарайды. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдіснамалық негіздерін психология, педагогика, лингвистика ғылымдарымен қатар философия ғылымы құрайтындықтан, ойынның элеуметтік қырына назар аударған жөн [5].

Дидактикалық ойындар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне ынтасын, қызығушылығын арттыру, білімді меңгеру, бекіту, материалды қайталау мақсатында қолданылады. *Оқу материалын меңгеруге дайындауда* қолданылатын дидактикалық ойындар жаңа материалды қабылдауды белсенді етеді. Бұл кезеңде білімді әлі берілмегендіктен, оны жаңғырта алмайды, сондықтан репродуктивті ойыннан басқасы пайдаланылады. Дидактикалық ойындар жаңа материалды бекіту мақсатында оқу үдерісіне енгізіледі, жаңаны түсінуін нақтылайды және көсетеді, үй тапсырмасын дайындауға көңіл аударады. Мұндай жағдайда дидактикалық ойындардың міндеттері оқу материалын ішара меңгеруге негізделеді. Бастауыш сынып оқушыларының-танымдық белсенділігін қалыптастыруда *қайталауға бағытталған дидактикалық ойындар* бұрын меңгерген білімдерін жаңа жағдайға қолдануға итермелеп, ақпарат көздерін талап етеді. Біздің ойымызша, келешекте бастауыш сынып оқушыларының дидактикалық ойындар арқылы танымдық белсенділігін қалыптастыруда ұлттық дидактикалық ойындарды пайдалану мүмкіндіктері; оқушылардың оқу іс-әрекетінде рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру; мектепке дейінгі балалардың оқу танымдық іс-әрекетті қалыптастыруды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан – 2050» стратегиясы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, 2012.



- 2 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 185 с.
- 3 Скаткин М.Н. Активизация познавательной деятельности учащихся в обучении. – М.: Педагогика, 1985. – 148 с.
- 4 Төлешова Ұ.Б. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мектеп пен университет арасындағы сабақтастық. Автореферат. – Алматы, 2004. – 30 б.
- 5 Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін артырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануда мұғалімдерді даярлаудың теориялық негіздері. Автореф. – Алматы, 1998. – 78 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются эффективные пути формирования познавательной активности учеников начальных классов. Дидактические игры, которые используются в преподавании, способствуют активному усвоению нового материала.

RESUME

The article deals with the effective ways of formation of cognitive activity of pupils of primary classes. The didactic games which are employed in teaching encourage the active acquisition of the new material.

ӨОЖ 51.204.0:-057.874

С.Б. Ақназаров

Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, доцент

Л.Қ. Рысбекова

Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, аға оқытушы

Т.Ә. Данияров

Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті,
пед. ғыл. канд., доцент

Ұлттық ойындар арқылы баланың тілін дамытудың педагогикалық әдіс-тәсілдері

Аннотация

Мақалада ұлттық ойындар арқылы баланың тілін дамытудың педагогикалық әдіс-тәсілдері қамтылған. Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн. Қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, мұра, тәрбие.

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі – дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата-бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде бала тәрбиесімен шұғылданушы адамдарға: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару... Бұл – бір. Екінші, әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар». Дегенмен, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, ұлт тәрбиесін тұтасымен дұрыс деп алға ұстамай, оның ұнамсыз, зиянды жақтарына сын көзбен қарап, жақсысын қолдана білу қажет екенін ескерте келіп, «тәрбие майданында шынығып, ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы тәрбие туралы дұрыс жолға түсу үшін тәрбие пәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек», - деп ескертеді [1, 19 б.].

Ал, А.Байтұрсынов тәрбиешіге: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Оны білуге баланың туғаннан



бастап өсіп, жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болуы керек», - деп түйіндейді [2, 57 б.].

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, әсер бала болар ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты - ұшты», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді [3, 23 б.].

Мысалы төмендегідей ойын түрлері:

1. «Ақшамшық» (сақина салу) - қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны халық арасында «Сақина салу», «Сақина тастау» деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір ер баланы немесе бір қыз баланы шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз балалар мен ер балалар үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізуші алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол адамдардың барлығының алақанына сақина салған болып шығады да дауыстап: «Тұр сақинам, тұр» деп немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам «Сақина менде!» деп орнынан тез тұруы керек. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

2. «Теңге алу». Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу – үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабандоздық тәжірибені қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі.

3. «Қыз қуу». Бұл – ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюі керек. Бұл - жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шапқанда қыз жігіт пен оның атын қамшының астына алады, яғни, қыздың жеңгенінің белгісі.

4. «Көкпар». Ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі қазақ көк бөріні соғып алғанда, өлігін ат үстінде сүйреп, бірінен бірі ала қашып, өздерінше ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған. Екі топ болып бөлініп, көкпарды бір-бірінен алып қашып, қазандыққы салу. Қай топтың жігіттері шапшаңдық көрсетіп, қазандыққа көкпарды салу ұпайлары көп болса, сол топ жеңіске жетеді. Келесі топ жеңіліске ұшырайды.

5. «Күміс ілу» (жүзік ілу). Бұл ойын ептілікті, атқа жақсы отыруды талап етеді. Келін түсіру, қыз ұзату салтанатында қалыңдық орамалға түйіп, өзінің күміс шолпысын, немесе жүзігін тастайды. Сондықтан да, кей аймақта бұл ойынды «жүзік ілу» деп атайды. Қатты шауып келе жатқан шабандоз жігіт ат екпінін бәсеңдетпеспен, әлгі орамалды іліп алып кетуі керек. Осылайша қазақ жігіттері өзінің ептілігі мен шеберлігін «Күміс алу» сайысында дәлелдей білген.

6. «Бәйге». Бұл жарыстың бірнеше түрі бар. Олар: аламан бәйге, тай жарыс, құнан бәйге, топ бәйге. Бәйге жарысы, негізінен жазық жерлерде өткізіледі. Көмбеге алғаш озып келген шабандоз жеңімпаз атанып, сыйлыққа ие болады.

7. «Асық ойыны». Бұл – балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады. Асық ойынының үш табан, бір табан, шығу, шеңбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз-келіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар, т.б. аталған. Асықтың «Хан талапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» секілді түрлері де бар.

8. «Ақсүйек». Бұл ойында қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Ойынға қатысушылар ақсүйекті іздеп табуы тиіс. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, оны көмбеге жеткізуі тиіс. Ал мұны қарсыластары біліп қойса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топ бұрын жеткізсе, сол топ жүлдегер атанады. Зеректікке, ептілік пен икемділікке баулиды. Ұлы педагог В.Н. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды» дейді [4, 29 б.]. Демек, баланың ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт – сананы сіңіру арқылы байи түседі. Сонымен қатар, ұлттық ойындардың балаларға арналған кейбір түрлері өлеңмен өрнектеліп отырған. Өлең – жыр арқылы ата – бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға, деген ықыласын оятып, дүниетанымын арттыра білген. Тіпті кейбір ойындар арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрат еткен.

Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақ жайлылығын айқындап көруге болады. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді.

Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Қайсыбір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды һәм білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жас жеткіншектерді өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Мысалы, «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту» ойындары адамды төзімділікке үйретуге, ерік-жігерді игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталған. Ұлттық ойындардың тағы бір ерекшелігі, әр ойын жас ұрпақты салиқалы да салмақты, шебер әрі епті болуға баулиды. Өйткені әрбір адам өзінен өрбіген ұрпақтың ынжық, бойкүйез болып қалмай, жан-жақты, білікті де күшті болып өсуін өмірдің мәңгі мәні ретінде қабылдаған [5, 171 б.].

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше



мәдениеті болғанын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының бала тәрбиесінде маңызы зор екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Ана тілі», 1990. – 160 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы, 1989. – С. 55.
- 3 Ядэшко В.И, Сохина Ф.А. Мектеп жасына дейінгі педагогика. – Алматы: Мектеп, 1982. – С. 15.
- 4 Сухомлинский В.А. Потребность человека в человеке. - Москва: Советская Россия, 1981. – С. 35-38.
- 5 Гомзяк О.С. Говорим правильно. 5-6 лет. - М., 2007. - 105 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается возможность развития речи детей посредством применения национальной игры как педагогической методики. Автор утверждает, что народные ценности, культура, традиции имеют воспитывающее значение, а казахские национальные игры имеют общественное и социальное значения.

RESUME

In the article the possibility of the development of the children's speech through the use of the national game as the pedagogical methods is considered. The author confirms that the national values, culture, traditions have the educational significance, and the Kazakh national games have social significance.



Г. Сағидолда

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
филол. ғыл. д-ры, профессор

Қ.Қ. Саркенова

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
филол. ғыл. канд., доцент

Фразеологиялық аталым және әлемнің фразеологиялық бейнесі

Аннотация

Мақалада құрылымдық лингвистика парадигмасында қарастырылған фразеологиялық аталым теориясының қалыптасуы фразеологизм теориясының негізін қалаған ғалымдардың еңбектері арқылы айқындалады. Фразеологиялық аталым теориясын анықтап алғаннан кейін, фразеологизмдердің антропоэзектік бағытта зерттеп жүрген ғалымдардың тұжырымдары арқылы әлемнің фразеологиялық бейнесінің қалыптасуының теориялық негізі қарастырылады. Фразеологизмдер әлемді танудың ұлттық-тілдік моделінің негізіне алынатын фразеологиялық дүние бейнесін түзеді, ол бейнеде ежелгі адамның өзі және өзін қоршаған орта, шындық болмыс туралы терең философиялық ой-таным, яғни ұлттың рухани мәдениетінің қазіргі онтологиясының қайнар көздері екені дәлелденген.

Түйін сөздер: фразеологизм, фразеологиялық жүйе, құрылымдық-семантикалық жүйе, фразеологиялық мағына, фразеологиялық аталым, дүние моделі, әлем бейнесі, әлемнің фразеологиялық бейнесі.

Белгілі бір халықтың дүние – әлемді көруі мен тануы, түсінуі мен түйсінуі, мәдени дәстүрлер контексіндегі образдар мен эталондар, стереотиптер мен символдар әлемі тілде көрініс тауып, тіл арқылы жүзеге асатыны, тілдің мағыналық-мазмұндық жүйесінде бекітіні белгілі. «Тіл және әлемтану» арасындағы бұл қатыстылық тілдің мәдениетті бейнелеуі мен таңбалау қасиеті, тілдің дүниенің қарабайыр бейнесін сомдау қабілеті сияқты тіл табиғатының өзіндік болмысынан туындап жатады. Тіл табиғатының бұл ерекшелігі дүние бейнесінің сан алуан тілдік фрагменттеріне құндылықтық позициясы тұрғысынан қарауға арқау етіледі. Осы орайда фразеологизмдердің тілдегі ерекше орны аңғарылады, өйткені тіл иесі – этностың дүние-ғалам жайлы ұғым-түсініктері, мифтік танымдары, философиялық ой-тұжырымдары, салт-дәстүрлері сияқты құндылықтары жөніндегі ақпараттар тілдің сарқылмас қайнар көзі – фразеологизмдерде сақталады, фразеологиялық жүйеде тілдің лингвомәдени, ментальдік (ділдік), эстетикалық, поэтикалық, бейнелілік, көрнекілік қасиеттері айқын көрініс табады.

Фразеологизмдердің лингвистикалық параметрлерін анықтау мәселесі фразеологияның дербес пән ретінде қалыптаса бастаған алғашқы кезден ХХ ғ. 80-жылдарына дейін жарық көрген фразеологиялық бағыттағы барлық зерттеулердің ең өзекті мәселесі қатарында қарастырылып келді.

«Еуропалық тілдердің құрылымында басымдылық танытатын семантикалық бірлік – сөз емес, фраза, фразеологиялық тіркес» – деген А. Мейенің, «фраза, фразеологиялық бірлік – зерттеудің басты нысаны болу керек» деген Ш. Баллидің пікірлерін басшылыққа ала отырып, В.В. Виноградов ХХ ғ. 40-жылдары орыс тілінің фразеологиялық корпусының алғашқы классификациясын ұсынды және фразеологизмдердің тұрақтылық, тиянақтылық, мағына тұтастығы сияқты басты белгілерін атап көрсетті. Оның «Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины» (1946), «Об основных типах фразеологических единиц в русском языке» (1947) атты іргелі зерттеулері фразеология саласының ғылыми-теориялық негізін құрайтын көптеген зерттеулердің пайда болуына жол салды. Б.А. Ларин, Н.Н. Амосова, А.В. Кунин, В.Л. Жуков, Н.М. Шанский, А.Г. Назарян, А.И. Молотков т.б. орыс фразеологтарының, І.К. Кеңесбаев, У. Рахматуллаев, Г.Х. Ахунзянов, З.Г. Ураксин, М.Ф. Чернов түркі фразеологиясының негізін салушылардың іргелі еңбектерінде тіл-тілдің фразеологиялық қорын зерттеудің маңызы көрсетіліп, ол қордың ауқымын айқындау, тілдің құрылымдық-семантикалық жүйесіндегі фразеологизмдердің алатын орнын, олардың тілдік табиғатына тән негізгі қасиеттерін, басты белгілерін, өзіндік ерекшеліктерін, типтерін анықтау, фразеологиялық бірліктердің еркін сөз тіркестерінен және сөздерден, мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен ұқсас жақтарын саралау мәселелері көтерілді. Бұл үрдіс ұлттық тілдердің фразеологиялық жүйесін өз ішінде және тілдераралық деңгейде құрылымдық-семантикалық және тақырыптық-мағыналық тұрғыдан саралай зерттеумен ұштасты. Осы орайда қазақ фразеологиясының жеке пәндік мәртебесін айқындаған І.К. Кеңесбаевтың теориялық тұжырымдары М.М. Копыленко, Ә.Т. Қайдаров, Р. Сыздық, Н.Уәлиұлы, С.Е. Исабеков, М.Т. Сәбитова, С. Сәтенова, Г.Смағұлова, Г.Сағидолда, Р.Авакова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде заңды жалғастық тауып, тереңдетіле түскенін айта кеткен орынды.

В.Н. Телия фразеология саласының «классикалық» даму кезеңі деп атаған (1996 ж.) бұл мерзім ішінде (1940-1980 ж.) фразеологиялық бірліктердің категориялық белгілері (тұрақтылық, тұтастылық, бейнелілік, тиянақтылық, түйдектілік, эмоционалды-экспрессивтілік), фразеологиялық мағынаның түрлері және олардың қалыптасуы, фразеологиялық аталым процесі, фразеологизмдердің ішкі формасы т.б. сияқты фразеологизмдердің лингвистикалық параметрлері айқындалып, ұлттық фразеологиялық жүйені сол ұлттың образды ойлауымен, төлтума мәдениетімен сабақтастыра зерттеудің теориялық алғышарттары қалыптасты. Соның негізінде ХХ ғ. 80-жылдарынан бастап фразеологиялық проблематиканы «когнитивтік-концептуальдық», «мәдени концептер платформасы» тұрғысынан сараптау жолға қойылып, фразеология зерттеудің жаңа сатысына көтерілді.

Фразеология саласында этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік, концептологиялық бағыттардағы зерттеулердің молаюына В.Н. Телияның екіншілік аталым және оның түрлерін, тілдік мағыналардың типтерін, орыс фразеологиясының коннотативтік, семантикалық, прагматикалық және лингвомәдениеттанымдық қырларын айқындаған зерттеулері мен тілдің фразеологиялық қорын когнитивтік-концептуальдық аспектіде «тіл:мәдениет» контекстінде зерттеудің басты міндеттері мен методологиялық проблемаларын нақтылауы белгілі дәрежеде ықпал етті. Оның «ұлттық-мәдени эталондармен, стереотиптермен, мифологемалармен т.б. ассоциация тудыратын және қолданыс (сөйлеуде) барысында белгілі бір лингвомәдени қауымдастыққа тән менталитетті жаңғартуға қабілетті айрықша бейнелі оралымдар ғана тілде фразеологизациялауға ұшырайды және бекиді» [1, 15-б.] деген тұжырымы, ендігі



жерде, фразеологизмдердің лингвистикалық параметрлерін «таным», «сана», «іс-әрекет», «діл», «этнос», «мәдениет», «шындық болмыс», «образды ойлау» «дүние суреті (дүние моделі, ғалам бейнесі)», «концепт», «символ» т.б. когнитивтік-концептуальдық ұғымдармен ұштастырудың қажеттігін көрсетті.

Тұрақтылық, тұтастылық, бейнелілік, тиянақтылық, түйдектілік, эмоционалды-экспрессивтілік тәрізді фразеологиялық бірліктердің категориялық белгілерінің ішінде фразеологизмдердің тілде бекуінің шешуші факторы ретінде Д.Н. Шмелев оларға тән бейнелілік қасиетті ерекше атап көрсетеді [2]. Б.А. Ларин «бейнелілік-семантикалық баю деп аталатын метафоралану құбылысының, басқаша айтқанда мағынаның баюы мен кеңеюінің нәтижесі» [3, 145-б.] десе, Р.Ф. Сыздықова: «Бейнеліліктің негізінде тілдік метафора құбылысы жататынын, ал метафора дегеніміз сөздердің, сөз тіркестерінің мағына ауыстырып жұмсалуды» екенін айтады [4, 94-б.].

Фразеологиялық бірліктердің релеванттық белгілерін ескерсек (тұрақтылық, тұтастылық, бейнелілік, тиянақтылық, түйдектілік, эмоционалды-экспрессивтілік), фразеологиялық мағынаны – тұрақты сөздік оралымның астарында бөлшектенбей, біртұтастана бекіген ойға қонымды мазмұн деп түсінуге болады. «Фразеологиялық мағынаның түп негізінде фразеологиялық бейне, яғни «сурет» түріндегі көрнекі елестету жатады, соның фонында фразеологиялық бірліктің тұтас мағынасы жалпылауыш-ауыспалы мағына ретінде қабылданады» дейді башқұрт ғалымы Р.Х. Хайруллина [5, 8-б.].

Фразеологиялық мағына мәселесіне қатысты лингвистикалық әдебиеттерде оның мынадай қырлары ашылады: 1) мағынаның денотативтік қыры, яғни фразеологизмнің сөйлеуде нақты жүзеге асатын тақырыппен арақатынасы; 2) мағынаның сигнификативтік қыры, яғни фразеологиялық бірліктің тілден тыс ақиқат болмыс элементін көрсетуі, ол туралы қандай да бір ақпарат арқалауы; 3) коннотативтік қыры, яғни фразеологиялық бірліктің бағаны білдіру қабілеті, эмоцияны жеткізе алуы, көркемдеуіш-бейнелеуіш қызметте жұмсалуды т.б.

Шындық болмыс элементтерінің сан алуандығы, шексіздігі және олардың адаммен қарым-қатынасқа түсуі тілде ауыспалы мағынаның туындауына жетелейді десек, адамның өмірлік тәжірибесін білдірудің конденсаторы болып саналатын фразеологиялық бірліктерде қоршаған шындықты объективтендіру және тану, ондағы аталым актісінің негізіне алынатын басты белгілер мен элементтерді, критерийлерді ажырату тәсілдері де көрініс табады. Мұны фразеологизмдердің атауыштық қызметінен байқауға болады.

«Фразеологизмдер белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың «дүние бейнесіне» сәйкес тілдік сананың тілден тыс жатқан континуумнан ажыратып алған жекелеген фрагменттерін атайды. Мұнда шындық болмыстың лингвомәдени қауымдастық үшін ең маңызды деген элементтері ғана тілдік тұрпатқа ие болатындықтан, фразеологиялық аталым (номинация) процессі ұлттық сипат арқаламай қоймайды» – дей келіп, «фразеологизм жеке дара нысандарды емес, сөз тіркестері аясында нақты мәнге ие болған біртұтас жағдаятты білдіреді» деп фразеологиялық аталымның тұтастығына ерекше назар аударады В.Н. Телия [6, 57-б.].

В.Н. Телия денотат термині аталым процесінде реальды объектінің айрықша даралана көрініс беретін өзіндік қасиеттерін білдіру үшін қолданылатынын және ол қасиеттер атау денотациясының аясын қалыптастыратынын айта келе, атаудың сигнификативтік аясын денотат қасиеттерінің белгі-нышандар түрінде идеализациялануының ұғымдық –тілдік формасы ретінде анықтайды. Сондай-ақ ол коннотацияны «сөздің ішкі формасының із-таңбасы» деп, ал коннотативтік белгілердің сақталу себебін «сөздің қайыра, басқаша туындаған мағынасының өзіне тірек болған атаумен ара байланысын үзбей, ұстап қалу қажеттілігімен» түсіндіреді. Коннотативтік белгілер басқа тақырыптық (заттық) салаларға қатысты ассоциацияларға негізделеді, яғни табиғаты, болмысы әртүрлі нәрселердің өзара метафоралық ұқсастырылуынан туындайды. Коннотация айтылмақ ойға экспрессивтік реңк үстемелейді, соның нәтижесінде айтылым

әлем туралы хабарлау және субъектінің таңбаланған нысанға деген эмотивтік қатынасын білдіретін екіжақты қасиетке ие болады. Фразеологизмдер екіншілік аталымның ерекше тәсілі ретінде танылатын жанама аталымның нәтижесі екені белгілі. В.Н. Телия жанама аталым процесінде шындық болмыс және атау арасындағы байланыс мынадай компоненттердің өзара қарым-қатынасы негізінде жүзеге асатынын айтады: «шындық болмыс – оны бейнелеудің ұғымдық-тілдік формасы – тірек атаудың жанама сипаттамасын жасайтын сигнификат – тілдік тұрпаттың (форма) қайта қайырылған басқаша мағынасы – атаудың екіншілік функциясына қатысты тілдік тұрпат» [7, 127-б.].

Аталым процесіндегі мұндай екіжақты қатынас фразеологиялық бірліктерде екі бірдей денотаттың орын алатыны жайлы пікірлерге жетелейді. Мәселен, Н.Н. Кириллова фразеологизмнің терең құрылымында заттық қатынас аясына қатысты денотаттың және фразеологизмнің үстіңгі қабатында психикалық қатынасқа қатысты денотаттың болатынын айтса [8, 88-б.], А.В. Кунин фразеологиялық бірліктің денотаты және прототиптің денотаты деген ұғымдарды қолданады [9, 146-б.]. Мұндай ойды қазақ фразеологиясының негізін қалаған академик І. Кеңесбаевтың: «фразеологизмдер бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте қалыптасқаны, еркін тіркестің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келуі де сөзсіз. Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, тікелей мағынасы мен туынды, бейнелі мағынасы ауыс-түйіс өзгеріп отырған. Хронологиялық жалғасы болсын, болмасын туынды мағына, яғни фразеологиялық мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген» [10, 605-б.] деген пікірінен де байқауға болады. Фразеологиялық мағынаның қалыптасуындағы екі деңгейді академик Ә. Қайдаров та атап көрсетеді. Ол бірінші деңгей фразеологизмнің жасалуына арқау болған еркін тіркеске, оны құраушы жеке сөздердің тура мағыналарына, ал екінші деңгей фразеологиялық бірліктің адамға қарата қолданылатын ауыс мағынасына байланысты болатынын, олардың арасын этнолингвистикалық тұрғыдан сабақтастырудың нәтижесінде этностың дүниетанымына, өмірлік тәжірибесіне қатысты кең көлемдегі мағұлмат-информацияны жинақтауға болатынын айтады [11, 25-28-б.]. Басқаша айтқанда, фразеологизмнің жасалуына негіз етілген еркін сөз тіркесі алғашқы аталым болады да, ал осы тіркес арқалаған ұғым-түсініктің танымдық әрекет барысында келесі бір ұғымға, түсінікке телінуінің нәтижесінде пайда болып, фразеологиялық деңгейде тұрақталып, тіркестік тиянақтылыққа ие болатын бейнелі атау кейінгі, екіншілік дәрежедегі аталым болады, сондықтан фразеологизм бойында аталымның (номинация) алғашқы (біріншілік) және кейінгі (екіншілік) дәрежелерінің екеуі тоғысады.

Алғашқы атау мен кейінгі атау арқалаған ұғым-түсініктер «адам – қоғам – табиғат», «табиғат – тұлқ – адам», «адам – уақыт – кеңістік» т.б. ұштағандардың мүшеаралық қарым-қатынастарында көрініс тауып жататын ассоциативті параллельдерге негізделеді. Ассоциативті параллельдердің туындауына түрткі болған қандай да бір қасиетті, белгіні, нышанды фразеологиялық мағынаның уәждік негізі, ал алғашқы атау арқалаған заттың, құбылыстың нақты бейнесін, тіршіліктегі дағдылы, үйреншікті көріністі, тіл иесіне етене таныс суретті фразеологизмнің образдық-фондық негізі деп тануға болады [12, 195-б.]. *Демек, фразеологизмдер объектілерге дүние бейнесімен ассоциацияға түсетін белгі-нышандар үстемелейді, дискриптивтік жағдаяттарды тұспалдап жеткізеді, оларды бағалайды және оларға деген көзқарасты білдіреді. Осы тұрғыдан келгенде фразеологизмдердің актуальды мағынасы мен ішкі формасы аралық қатыстылықты қарастыру этникалық мәдениет қорының негізін құраушы дүниенің қарабайыр бейнесінің өзіндік тұрпатын айқындауға мүмкіндік береді.*

Қарабайыр дүние бейнесінде қабылдаудың заттық тәсілі басым болып келетіндіктен, заттар мен құбылыстардың белгілерін және қасиеттерін, олардың арасындағы сан алуан қатынастарды т.б. тіл қарабайыр етіп интерпретациялауға бейімділік танытады. Мұнда тіл иесінің қарабайыр санасындағы шындықтың интегральды бейнесі құрамындағы



күнделікті эмпирикалық практиканы және символикалық әлемдегі дағдылы, үйреншікті ұғым-түсініктерді ұжымдық, стереотиптік, эталондық деңгейде бекіте отырып, тілдің лексика-фразеологиялық жүйесі адамның қарабайыр санасының түсіндірушілік (квазиинтерпретация) әрекетін жүзеге асырады. Сондықтан дүниенің қарабайыр бейнесін сомдауда фразеологизмдер аса маңызды тілдік тетік қызметін атқарады. Басқаша айтқанда, фразеологизмдер тіл иесі халықтың дүниеге деген көзқарасынан, рухани дүниесі мен материалдық мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен хабар бере отырып, этностың ғалам, әлем, дүние туралы таным түсініктерінің ескі элементтерін жаңғыртуға жәрдемдеседі, дүниенің біртұтас тілдік келбетін жасауға қатысады.

«Дүние бейнесінде семасиологиялық, түрлі мағыналық мазмұндық белгілер жинақталған, сол себепті де ол екі базистік компоненттен: мазмұн және таңбалық формадан тұрады. Тілдік таңбаның екі жақты сипаты оның ең мәнді белгілерінің бірі боп саналады. Таңбаның екі жағы, атап айтқанда, таңбалаушы және таңбаланушы жақтары тілде олардың абстракциясы, сәулеленуі түрінде тіркеледі де, сөйлеушілердің санасында мағыналар түрінде және таңбалық форманың сезімдік образдары түрінде сақталады [13, 46-б.].

Фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық өрісі тіл иесінің аялық білімімен, тілдік тұлғаның практикалық тәжірибесімен, халықтың тарихи-мәдени дәстүрімен тығыз байланысып жатады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдениеті, ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт-дәстүлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетанымының іздері жатады [14, 94-б.].

Адам өмірде кездескен әртүрлі оқиғаларға түсініктеме беруге, қоршаған ортасындағы құбылыстарды жорамалдай отырып ұғынуға тырысады. Әлемдегі бүкіл құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіре алатын рационалды жүйеге қол жеткізу – адамның негізгі қасиеті. Ол әлемді, ғарышты жүйелеу, реттеу және өзін сол жүйенің белгілі бір жеріне орналастыру үшін мифтер мен символдарды қолдану арқылы әлеммен үйлесімділікте болуға тырысады десек [15, 94-б.], фразеологизмдер әлемді қабылдаудың, танудың ұлттық-мәдени төлтума болмысын бейнелейтін эталондар мен стереотиптердің рөлін атқарады немесе олардың символдық сипатын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда фразеологизмдер мәдени таңбалардың тілдік экспоненттері болады.

Басқаша айтқанда, тіл иесі – этностың дүние-ғалам жайлы ұғым-түсініктері, мифтік танымдары, философиялық ой-тұжырымдары, салт-дәстүрлері сияқты құндылықтары жайлы ақпараттар легі фразеологизмдерде сақталады. Демек, тілдің фразеологиялық қорын зерттеу мәдени дәстүрлер мен құндылықтардың тілге ену жолдары мен амал-тәсілдері айқындауға көмектеседі. Әйтсе де, фразеологизмдер табиғатына тән лингвистикалық параметрлерді есепке алмай, фразеологиялық қорда сақталған әлем туралы ұғым-түсініктердің суретті сипаттамасын когнитивтік, концептуальдық, лингвомәдени парадигмалар тоғысында сипаттау мүмкін емес.

Фразеологизмдер көбінесе адамдардың күнделікті тұрмыстық қарым-қатынасы аясындағы дүние бейнесін түзеді, сондықтан ол бейне қарабайыр тұрпатта болып келеді. Фразеологиялық дүние бейнесі – мазмұн меже мен тұрпат меже тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар, лексикалық, грамматикалық, экспрессивтік-стилистикалық сияқты әр түрлі деңгейіндегі тілдік құралдардан құралатын микроәлем. Ол – айрықша бейнелілік, модальділік, әмбебаптық, антропоцентрлік, экспрессивтілік сияқты өзіндік белгілермен сипатталатын және ұлттық дүниетанымның төлтума болмысын жеткізетін тілдік бірліктердің образдық жүйесі. Ол жүйені фразеологиялық біртұтас мағынаның қалыптасуына қатысатын экстралингвистикалық факторларды айқындайтын гносеологиялық позицияда төмендегідей аспектілерде қарастыруға болады:

1) адамның әлем туралы ақпараттарды интеллектуальдық өңдеуден өткізуі барысында жинақтаған нәтижелерінің тілде бекуі (бейнелілік және эмотивтік модальділік);

2) этномәдени қауымдастықтың дүниетанымын қалыптастыратын философиялық категорияларды бейнелеуі;

3) дүниенің құндылықтық-нормативтік бейнесі (аксиологиялық және деонтикалық модальділік).

Фразеологиялық дүние бейнесінің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және өзгертуі процесінде қалыптасатын әлемді бейнелі, көрнекі етіп көруі және тануы жатады. Фразеологиялық әлем бейнесі ғылыми және кәсіби білімді қамтымайды, оларға дейінгі және олардың қордалануына негіз болған ұлттық сананың архаикалық қабатындағы прагматикалық білімді тілдің фразеологиялық деңгейінде жеткізеді. Сондықтан фразеологиялық дүние бейнесі қарабайыр-тілдік дүние бейнесінің фрагменті болып саналады.

Қарабайыр дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментін «ішкі әлем мен сыртқы әлемдік» күрделі қатынасты сипаттайтын «Адам» концептуальдық-когнитивтік өрісі құрайды. Бұл өрісте адамның биологиялық табиғатына қатысты, сондай-ақ физикалық және әлеуметтік әлемдермен өзара қатынасынан жинақтаған тәжірибесіне негізделген қарабайыр білімі тілдік семантикамен тоғысады. Тілдің семантикасын, мағыналық-мазмұндық өрісін зерделеу арқылы дүниенің қарабайыр бейнесінің когнитивтік-концептуальдық модельдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға, соның негізінде адамның ұғым-түсініктері әлемін және оның кейбір дерексіз фрагменттерінің құрылымын тану арқылы әлемнің фразеологиялық бейнесін анықтауға болады.

Қорыта келе айтарымыз, фразеологизмдер әлемді танудың ұлттық-тілдік моделінің негізіне алынатын фразеологиялық дүние бейнесін түзеді, ол бейнеде ежелгі адамның өзі және өзін қоршаған орта, шындық болмыс туралы терең философиялық ой-танымы, яғни ұлттың рухани мәдениетінің қазіргі онтологиясының қайнар көздері көрініс табады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Телия В.Н. Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контексте культуры // Фразеология в контексте культуры. – М., 1999.
- 2 Шмелев Д.Н. Очерки по семасиологии русского языка. – М., 1964.
- 3 Ларин Б.А. История русского языка и общего языкознания. – М., 1977.
- 4 Сыздықова Р.Ф. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1993.
- 5 Хайруллина Р.Х. Сопоставительная фразеология русского и башкирского языков. – Уфа, 1999. – С.8
- 6 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – М., 1996.
- 7 Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М., 1986.
- 8 Кириллова Н.Н. О денотате фразеологической семантики // Вопросы языкознания. – 1986. – №1. – С. 86-94.
- 9 Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – М., 1986.
- 10 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
- 11 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 12 Сағидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы, 2003. – 250 б.
- 13 Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. Филол. ғылым. канд. ... дисс. – Алматы, 2000.
- 14 Авакова Р. Фраземикадағы этнолингвистикалық концепция // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері, 94-99 б.



15 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан, 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе трудов ученых, создавших основу теории фразеологизма, уточняется формирование теории фразеологической номинации, рассмотренной в парадигме структурной лингвистики. После уточнения теории фразеологической номинации посредством заключений ученых, исследовавших фразеологизмы в антропоцентрическом направлении, рассматривается теоретическая основа формирования фразеологического образа мира.

RESUME

The formation of a theory of phraseological nomination is considered in the paradigm of structural linguistics on the basis of the scientists who created the basis of the theory of phraseology in the given article. The theoretical basis of the formation of a phraseological image of the world is considered after clarifying the theory of phraseological nomination by means of the conclusions of scientists who studied phraseological units in anthropocentric directions.

УДК 371.39.81'246.3:371.26 (045)

Аннотация

Статья посвящена развитию навыков понимания не только у студентов, а также у всех, изучающих иностранный язык. Понимание есть процесс взаимодействия между тем, что студент читает или слушает и его фоновыми знаниями и опытом, через которые и возникает понимание текста. Возрастает осознание того, что хорошие навыки слушания и чтения должны быть полностью развиты и продвигаться через набор соответствующих заданий, которые обеспечивают студентов целью и планом при работе с текстами.

Ключевые слова: понимание, чтение, аудирование, слушание, аутентичный, текст, дискурс, восприятие, контекст.

Е. Нурахметов

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
д-р филол. наук, профессор

О развитии навыков понимания

Существует все усиливающееся осознание важности регулярного обращения студентов (и не только студентов, а также всех, изучающих иностранный язык) к подходящим устным и письменным текстам, которые иллюстрируют естественный дискурс в контексте [1, с.106]. Они могут быть «аутентичными» или специально составленными, напоминающими аутентичный дискурс для учебных целей. Возрастает также и осознание того, что хорошие навыки слушания и чтения должны быть полностью развиты и продвигаться через набор соответствующих заданий, которые обеспечивают студентов целью и планом при работе с текстами. Цель состоит в развитии уверенных, самостоятельных слушателей и читателей, студентов, которые оценивают тот факт, что им не нужно понимать все, и в обеспечении их успешным опытом, который настроит их на положительное восприятие и использование возможностей слушания (включая просмотр) и чтение вне аудитории.

Это требует подхода, принимающего во внимание факторы, участвующие в процессе понимания, и основанного на надежных критериях выбора подходящих текстов и задач, соответствующих интересам и способностям студентов. Одним из способов, обеспечивающих это соответствие, является обсуждение со студентами, чтобы они могли сказать свое слово при выборе текстов и заданий и могли взять большую ответственность за собственное обучение.



Понимание есть процесс взаимодействия между тем, что студент читает или слушает и его фоновыми знаниями и опытом, через которые и возникает понимание текста. В этом процессе понимание зависит от следующих факторов: от знания о мире, от знания темы, от знания грамматики и словаря, от контекстных догадок.

Теперь рассмотрим каждый из них отдельно.

Знание о мире. У студентов есть некоторые ожидания в отношении текста, базирующегося на структурах ранее приобретенных знаний. Если они знают, к примеру, что записанный на диске текст будет содержать интервью с группой студентов на тему посещения кино, то они ожидают услышать вопросы о том, кто режиссер, чье производство, о чем этот фильм, какие артисты задействованы и т.д. Некоторые типы дискурса особенно легко предугадать, например, покупка билетов на поезд, покупка мороженого и т.д. В других случаях студенты могут воспользоваться подсказками с целью формирования гипотез в отношении дискурса, приспособления их, если в этом есть необходимость, например, приемника, не зная, на какую программу он настроен или когда они слышат только отрывок разговора.

Подобным образом в процессе понимания при чтении студенты опираются на свои знания о структуре дискурса в письменных текстах, которые им знакомы, например структуры статей в газетах и журналах, рекламах, коротких рассказах и т.д.

Знание темы. Чем лучше студенты знают тему, тем выше их способность предугадать содержание и использовать контекстные подсказки. В тех случаях, когда студенты недостаточно хорошо знают тему, потребуется выполнение заданий, предшествующих слушанию или чтению.

Знание грамматики и словаря. В дополнение к факторам, описанным выше, студентам необходимо значительно расширять знание грамматики и вокабуляра на уровне узнавания, которые, конечно же, должны быть больше их знаний грамматики на уровне говорения. На ранних этапах они могут склоняться к использованию грамматических знаний и пословного декодирования. Однако, поскольку квалифицированное чтение или аудирование опирается как на семантические, так и на грамматические подсказки, студентов следует поощрять использовать целостный подход, формулирующий гипотезы, построенные на контекстных догадках и видоизменяя их, если этого потребует дальнейшая информация по ходу текста.

Контекстные догадки. Догадки из ситуативного контекста и дополнительного языкового текста помогают студентам использовать стратегии для того, чтобы справиться с неопределенностью и неоднозначностью. Тема, наглядные пособия, они особенно важные на начальных этапах обучения, расположение письменного текста, тон голоса или фоновые шумы в устном тексте, часто встречающиеся слова или словосочетания, близкородственные слова, слова, перенесенные из родного или другого иностранного языка, - все они способствуют интерпретации текста студентом.

Подход, используемый для развития навыков понимания при аудировании и чтении должен принимать во внимание не только необходимость широкого спектра интересных текстов, но также и важность соответствующих заданий для активизации, развития и использования навыков понимания. Задания могут быть разделены на несколько категорий, из них отметим только три: это задания, предваряющие аудирование/чтение, стимулируют интерес или любознательность студентов, помогают им предвосхитить текст и поощряют их к высказыванию на основе собственного опыта, взглядов и чувств по отношению к теме. Это задания, осуществляемые во время аудирования/чтения, направляют понимание и расширяют диапазон соответствующих стратегий понимания. Это задания, осуществляемые после аудирования/чтения, позволяют студентам реагировать на текст, оценивая его содержание и соотнося его с их собственным опытом. Студенты могут также создавать собственные тексты, интегрируя свои умения в процессе создания.

Это не означает, что каждый из описанных выше этапов необходим всегда, когда мы имеем дело с текстом, поскольку такая необходимость будет зависеть от нужд и интересов студентов, а также от особенностей конкретных текстов и педагогических целей заданий. На самом деле, по мере развития языковых ресурсов студентов, порождение текста может зачастую предшествовать обработке текста.

Разные этапы требуют разной организации аудитории. Занятие может начинаться пленарным заседанием - обсуждением, за которым следуют индивидуальное аудирование или чтение или, если этому отдается предпочтение, студенты могут работать в парах и помогать друг другу. Следующий этап может включать парную работу, затем групповую работу и еще одно пленарное заседание, на каждом проверяются ответы или исправления ошибок. За этим может следовать дальнейшее обсуждение на занятии и возможно групповая работа по созданию текстов. И хотя в идеале необходимо поощрять постепенное увеличение доли использования изучаемого языка на разных этапах обучения, необходимо помнить, что цель заключается в развитии навыков понимания и поощрения личного отношения студентов к текстам.

Может быть воспроизведен оригинальный текст или может быть использован «полуаутентичный» текст, то есть текст для чтения сокращен или упрощен. Текст для аудирования может быть записан в студийных условиях с тем, чтобы язык, скорость речи, количество голосов и т.д. могли бы быть под контролем. Это особенно необходимо на начальном и среднем этапах обучения, но важно, чтобы эти контролируемые тексты иллюстрировали естественное использование языка, и не применялись для выведения на первый план каких-либо специфических языковых форм. В тех случаях, когда аутентичные тексты модифицируются в языковом отношении, основное содержание, схема и регистр должны сохраняться.

С. Муаран и М. Пейтар [2, с.89] полагают, что можно разбивать аутентичные тексты на категории в соответствии с их различными грамматическими функциями и дидактическими качествами. Они определяют два вида описательных текстов.

1) Тексты, которые регулируют взаимодействие, относятся к повседневной жизни иностранного социо-культурного бытия, например, короткие диалоги, объявления, рекламы-бланки, инструкции, записки, прейскуранты, плакаты, программки, рецепты, меню, ярлыки, телефонные справочники, прогнозы погоды и т.д.

Эти тексты особенно ценны для подготовки студентов для будущих визитов в зарубежные страны, они содержат информацию о культуре страны [4,с.185] изучаемого языка. Они могут также стимулировать сравнения наблюдаемых различий между двумя культурами в представлении типов текстов.

2) Тексты, которые предоставляют непосредственную информацию о какой-то стороне иностранной жизни, например: газетно/радио/ТВ комментарии, новости, сообщения, письма, путеводители, словари, проспекты, интервью и т.д.

Эти типы текста показывают студентам, что им необходимо больше знать о зарубежном мире, например, ситуации, факты и цифры, жизнь и учреждения и т.д., для того чтобы правильно понимать тексты.

Тексты, изначально предназначенные для свободно владеющих языком, интерпретируют их, исходя из непосредственного событийного и социо-культурного контекста общества, могут быть иначе проинтерпретированы студентами, исходя из их собственного личного опыта и с точки зрения их собственной, отличной от изучаемой культуры.

Подходящие задания, направленные на предварительную подготовку к чтению/аудированию смогут обеспечить лучшее восприятие этих текстов, предугадывая трудности и обеспечивая соответствующую информацию культурного характера и фоновые знания. Даже если настоящая аутентичность текстов теряется в результате их использования в учебном процессе, эти тексты приобретают то, что Гранкола Б. [3, с.54]



определяет как «педагогическую» аутентичность, которая зависит от того, как они используются при обучении и от качества их восприятия студентами.

По мере развития умений студентов аутентичность текстов также может возрастать. Несмотря на то, что бывает трудно обеспечить достаточно широкий диапазон подходящих материалов для аудирования, обычно легко создать банк аутентичных письменных текстов разных типов. Главным критерием служит степень заинтересованности студентов в текстах, и полезные материалы могут быть найдены в журналах, газетах, специальной литературе и т.д. Для свободно владеющих языком возможно, в некоторых случаях, интегрировать изучаемый язык в один-два неязыковых предмета таким образом, что некоторые или части их материалы могут изучаться на языке. Это представляет собой истинно коммуникативное использование аутентичных текстов.

Хорошие навыки чтения и аудирования не развиваются автоматически – их надо выработать. Студентов надо четко обучать тому, как приступить к тексту, чтобы они смогли применить несколько успешных технологий. Используемые ими виды технологий зависят от целей, которые ставятся при аудировании или чтении, например, от того, какой вид понимания требуется: общее, выборочное или полное.

Внимание студентов может быть привлечено к полезным подсказкам, в основу которых могут быть положены наглядные пособия, имена людей и географические названия, интернациональные слова и словосочетания, слова, схожие или очень близкие словам родного языка, слова, схожие или очень близкие словам другого иностранного языка, цифры, которые, например, обозначают время, число, количество, последовательность и т.д.

Очевидно некоторые технологии легче применимы к чтению текста, чем к его аудированию, поскольку при чтении студенты могут перечитывать его столько, сколько это необходимо. При чтении можно получить дополнительную помощь, изучая организацию текста (например, заголовки, деление на абзацы). Несмотря на то, что полезно было бы ограничить время, чтобы студенты привыкли быстро читать с целью извлечения общего смысла, а не старались понять каждое слово, важно предоставить студентам достаточно времени, чтобы они не торопились и смогли заменить технологии, которые покажутся им существенными для того, чтобы справиться с текстом, требующим отдачи всех сил.

При работе с аудируемым текстом существуют другие подсказки, особенно тон, голос говорящего, фоновый шум, звуковые эффекты, возможно и пол, и возраст говорящего. Также студенты могут перечитать текст, они должны иметь возможность прослушать записанный на диске материал несколько раз, поскольку с каждым разом они будут понимать текст все лучше и лучше.

Тексты могут быть отобраны и адаптированы, чтобы отвечать необходимым требованиям, например, с помощью средств наглядности или нанесения отметок, путем сокращения или упрощения текста, с помощью дополнительных заданий, предшествующих чтению или аудированию. Часто более практичным является включение дифференциации в сопровождающие текст задания. В заданиях могут содержаться в разной степени направляющие указания, а цели могут, в большей или меньшей степени, быть сложными. Задания, в которых содержатся инструкции, естественно, являются менее сложными, чем те, которые требуют от студента справиться с текстом с минимальной помощью или совсем без нее.

Прослушивание или чтение текста с целью общего понимания, несомненно, легче, чем с целью выделения деталей. Добывать из текста ясно-выраженную и последовательно представленную информацию значительно легче, чем интерпретировать скрытую информацию, особенно если это требует от студентов сосредоточения на не следующих одна за другой частях текста. Задания, требующие языкового ответа, являются более сложными, чем те, при выполнении которых вполне достаточен неязыковой ответ.

Цель состоит скорее в научении пониманию, а не просто в проверке понимания текста, весьма важно, чтобы студенты могли осознать потенциал подобных стратегий, чтобы у них были регулярные возможности обсуждать проблемы, возникающие при аудировании или чтении и делиться своими предложениями о том, как их разрешить.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Richterich R. Objectifs d'apprentissage et besoins langagiers. – Paris, 1986. - 206 p.
- 2 Moirand S., Peytard M. Textes, discours et enseignement du français. – Paris, 1989. - 204 p.
- 3 Grandcolas B. Les formes du travail en classe. Les langues modernes, №6, - Paris, 1988. - 154 p.
- 4 Zarate G. Enseigner une culture étrangère. - Paris, 1986. - 285 p.

ТҮЙІН

Мақалада түсіну дағдысын дамыту мәселесі, оның түрлі жолдары, оқыту әдістемесі, амалдары мен технологиясы туралы сөз қозғалады, мақсаты айқындалады. Тыңдап түсіну/оқу кезінде туындайтын қиыншылықтар және оларды болдырмау мүмкіндіктері қарастырылады.

RESUME

The authors of the article consider the problems of developing the skills of understanding, various methods of teaching, the use of tools and technologies. Methodical and linguistic difficulties occur while listening and reading, the ways of overcoming them are discussed.



М.Ж. Тусупбекова

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
пед. ғыл. канд., доцент

Ж.М. Қоңыратбаева

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
филол. ғыл. канд., профессор м.а.

Б. Әбдуәлиұлы

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
филол. ғыл. д-ры, профессор

Урбанонимия жүйесінің тілдік кеңістігі (Астана қаласындағы ағылшын тілді эргонимдер мысалында)*

Аннотация

Мақала мазмұны урбанонимия жүйесінің тілдік кеңістігін шет тілдік эргонимдер қабаты негізінде қарастыруға арналады. Басты нысан ретінде ҚР-дың елордасы Астана қаласының тілдік кеңістігі алынды. Мақаланың мақсаты – бүгінгі қазақ елінің басты орталығының қалыптасып, дамуындағы шет тілдік эргонимдер қабатының прагматикалық сипатын ашып талдау.

Түйін сөздер: урбанонимия, тілдік кеңістік, ономастикон, эргонимия, шет тілдік аталымдар, тіл саясаты.

Соңғы уақытта тіл білімі ғылымында «тілдік кеңістік», «ономастикалық кеңістік» деген сынды жұмсалымдар жиі кездеседі. Мұндағы «тілдік кеңістік» қолданысын біз қарастырылып отырған қаланың тілдік нысандарының барлығын қамтитын кеңістікті түсінеміз. Ал оған көше, жол, дүкен, ойын-сауық орталықтары, қонақүйлер және т.б. нысан атаулары жатады. «Кеңістік» ұғымы арақашықтық, аралық, алаң, аудан, телім секілді синонимдік қатардағы сөз бірліктерін танытады.

Зерттеушілердің көзқарасынша, тілдік кеңістік қала нысандарын зерттеуде аса маңызды аймақ ретінде есептеледі (Backhaus, 2006; Huebner, 2006; Curtin, 2009; Lado, 2011; Papen, 2012). Тілдік кеңістік отандық, әрі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерттеу нысанына айналған. Атап айтқанда, К.М. Веремьева [1], «кеңістік» ұғымы категориясын, Г.Ж. Азанбаева [2] әлемнің тілдік бейнесіндегі кеңістік жөнінде, Н.Ю. Замятина [3] кеңістік жөніндегі басты түсінікті жіктеп қарастырады.

Мақаланы әзірлеу барысында біз Астана қаласының тілдік кеңістігіндегі ағылшын тілінің қолданыс аясын қарастыруды мақсат еттік. Қала Еуропа мен Азияны бөліп тұрған орталықта, Есіл өзенінің бойында солтүстік Қазақстан аумағында орналасқан. Қарқынды даму үрдісін алған еліміздің бас қаласы қала кеңістігіндегі нысан атауларын зерттеуді діттейді. Қазіргі таңда Астана күллі елдің орталық нүктесі, қазақ халқының тұтастық символы, өз әдемілігімен еліміздің гүлдену, өркендеу символы болып танылып отыр.

* «Қазақстандық ономастикалық кеңістігіндегі Астана қаласы бойынша ғылыми дәлелденген номинативті саясатының қағидаларын жете зерттеу» атты мақала ҚР БЖҒМ-ның мемлекеттік гранты аясында әзірленді.

Қаланың инфрақұрылымының дамуында отандық қана емес, сондай-ақ, шетелдік сәулетшілердің рөлі ерекше байқалады. Мәселен, Кише Курокава (Жапония), Кензо Танге (Жапония), Норман Фостер (Англия). Экономиканың жаңа қарқынмен дамуы сан алуан кәсіпорын-дардың пайда болуына, ал ол өз кезегінде атау беру мәселесінің қалыптасуына жол ашты.

Қаланың ірі сәулет орындарымен өзгеріп, жаңғыра түсуіне байланысты дүкен, ойын-сауық орталықтары, қонақүйлер ағылшын тілінде атау ала бастады. Өзіміз білетіндей, Қазақстанда «Үш тұғырлы тіл саясаты» атты мәдени жоба іске асырылуда. Оның мақсаты – қазақ елінің азаматтарына қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерту. Қазақ тілінің дамуы мемлекеттік тіл ретінде негізгі орынды иеленеді. Ұлтаралық тіл ретінде қазақ тілімен қатар орыс тілі де қолданыста бар. Ал ағылшын тілін білу әрі оны қолданыс аясына шығару қазақстандықтар үшін халықаралық экономикалық және білім беру кеңістігін жедел әрі оңай қабылдауға көмектеседі.

Өтіп жатқан өзгерістерді есепке ала отырып, біз ізденіс жұмысы барысында Астана қаласының тілдік кеңістігінде ағылшын тілінің қолданылуы деңгейін қарастырдық. Зерттеу нысанына дүкен, ойын-сауық орталықтары, спорт кешендіре, қонақүйлер және т.с.с. нысан атаулары алынды.

Қазақстан Республикасының бас қаласы ретінде Астанада күннен-күнге жаңа көшелер, жаңа нысан атаулары көбеюде. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1998 жылдың 6 мамырында Астана қаласы үлкен үш ауданға – Алматы, Сарыарқа, Есіл аудандарына бөлінді (Астана қаласы әкімдігінің 2008 жылдың 22 тамызындағы № 66 Қаулысы және Астана қаласы мәслихатының 2008 жылдың 18 тамызындағы № 134/21-IV шешімі) [4].

Есіл өзені бойында орналасқан заманауи қала өзінің ғажайып жобаларымен, көз қызықтырар сәулет құрылысымен, қарқынды дамуымен көпшілікті таңғалдырады. 1999 жылдың өзінде-ақ Астана әлемге танылып үлгерді. Қазақ елінің жаңа астанасы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» марапатына ие болды. Бұл атақ қысқа уақыт ішінде өзінің әлеуметтік-саяси және мәдени дамуымен, ұлтаралық және конфессияаралық ынтымақтастықты нығайтуды бекіте түскен әлемнің жаңа қаласына беріледі. 1999 жылдың 16 шілдесінде Боливияның астанасы Ла-Паста ЮНЕСКО-ның Бас хатшысы Федерико Майор Астана қаласына «Бейбітшілікті қолдаған қала» халықаралық байқауының жеңімпазы деген куәлік табыстады. Осы сәттен бастап Астана «әлем қаласы» атағын иеленіп келеді.

Мақалада зерттеу материалы ретінде эргонимдер алынды. Оның ішінде дүкендердің, интернет-клубтардың, қонақүйлердің, ойын-сауық орталықтарының, мейрамхана мен дәмханалардың ағылшын тілінде берілген атаулары қарастырылды.

Зерттеу барысында тілдік дереккөздерді жинастырып, жүйелеуде сипаттамалы әдіс, оларды топқа жіктеп, сұрыптауда статистикалық әдіс, эргонимдердің қолданылу мәнін мен ағылшын тілді нысан атауларына тұрғындардың көзқарасын зерделеуде лингвистикалық әдіс пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы Астананың Алматы, Сарыарқа және Есіл аудандарында жүргізілді. Дүкендердің, интернет-клубтар, қонақүйлер, ойын-сауық орталықтары, мейрамхана, дәмханалар атауларының тізімі жасалды. Атақты брендтік нысан атаулары тізімге кірмеді (*KFC, BurgerKing, Starbucks, Stefani, Next*). Зерттеу жұмысының міндеті ағылшын тілін-дегі атаулардың жазбаша түрін жүргізу және эргонимдердің лингвистикалық мәртебесін анықтау болды. Нәтижесінде 133 эргонимнің тілдік сипаты айқындалды (1-кесте).



Кесте 1 – Ағылшын тіліндегі нысан атаулары

№	Дүкендер	Интернет-клубтар	Мейрамхана, дәмхана, қонақүйлер	Сән салондары, спорт кешендері	Оқу орталықтары
Алматы	20	11	13	12	9
Сарыарқа	11	6	7	8	4
Есіл	14	-	12	6	-
Барлығы:	45	17	32	26	13

Бұдан көп ғасыр бұрын теңізшілердің арасында «Кемені қалай атасаң, солай жүзеді» деген фраза қалыптасқан. Сондықтан белгілі бір бизнес саласы үшін де атау қоюдың маңызы айрықша екендігі сөзсіз. Жоба зерттеулері аясында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, тұрғындардың 60 %-нан көбі өздеріне қажетті компанияның атауына мән береді екен. Негізінен, «сауалнамаға жауап беруші әрбір бесінші азамат компанияның атауы ұнамаған жағдайда оның қызмет көрсетуінен бас тартады екен» [5].

Мамандар бизнес саласы үшін тиімді атау қоюда төмендегідей жайттарды атап өтеді:

- 1) фирманың атауы оның қызметіне сай болуы тиіс (пиццерияның ешқашан да «Радуга» не болмаса дәріхананы «Бақытты үй» деп атауға болмайды);
- 2) атау барынша қысқа болуы тиіс (бір-екі қысқа сөзден), тез есте сақталуы әрі айтуға жеңіл болуы қажет (мәселен, күрделі құрылымды шетелдік атаулар қабылдауға ауыр тиеді);
- 3) атау жағымды, оң әсер тудыратындай болуы тиіс (кері әсер ететін атауларға жақындамау қажет);
- 4) атау қайталанбайтын, бірегей болуы тиіс (сән салонын ешқашан да әйел баласының есімімен атамау керек, одан да оны «InStyle» немесе «Beauty» деп атаған орынды);
- 5) атау қызмет ететін орынның географиялық және ұлттық ерекшеліктерін есепке алуы тиіс (оның ішінде әртүрлі тілдердегі және диалектілердегі атаулардың мәні).

Мамандардың ұсынған ұсынымдарын есепке ала отырып, Астана қаласындағы ағылшын тілді нысан атауларын мынадай көрсеткіштерде қарастырдық: 1) өз қызмет бағытына сай қойылған ағылшын тілді атаулар; 2) әртүрлі түсінік қалыптастыратын нысан атаулары; 3) ағылшын тіліндегі ұзақ атаулар.

1. Өз қызмет бағытына сай қойылған ағылшын тілді атаулар (RealNames).

Зерттеу барысында ағылшын тілді атаулардың тек 30 пайызы ғана өз қызметінің аясына сай қойылғандығы анықталды. Мысалы, AstanaMall – бұл барлық тауар түрлері сатылатын үлкен сауда орталығы (тамақ, киім, аяқ киім, ойыншықтар). Аталмыш нысан ағылшын тілінен аударғанда, «жабық нарық» дегенді білдіреді. *Fashion People* дүкенінің атауы өзінің мазмұнына толық сай келеді. Бұл дүкен сәнді киім сатылатын орын екендігі кез келген тұлғаға түсінікті. *Babyshop* дүкені – балалар киімдері мен тауарлары сатылатын орын. Өзінің қызметіне сай қойылған бұндай атаулардың өз ұстанымы бар. Ол ұстаным «өзін-өзі таныстыру ұстанымы» деп аталады. Р. Гоффман аталмыш ұстанымның басты уәжі оның даралық стильді көрсете алғандығында, бизнестің мәнін түсіне алғандығында екендігін атап өтеді. Ағылшын сөздерін атау ретінде қолдану өзге нысан атаулары арасында өзін-өзі ерекше бөліп көрсету болып табылады. Бұндай ұстаным Е. Бен-Рафаэлдің ұсынған «жақсы себеп» ұстанымымен сәйкес келеді [6]. Зерттеушінің пікірінше, нысан атауы жергілікті тұрғындардың арман-тілектерін қанағаттандырырлықтай болуы тиіс. Мысалы, *Women Size* (әйелдер өлшемі). Аталған атауда бұл нысанның тек әйелдерге арналғандығын танытатын нақты себеп бар. Бұл атау «өзін-өзі таныстыру ұстанымы да», «жақсы сетеп ұстанымы да» жауап бере алады. Бұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады: *Beershop* (сыра дүкені), *Babyshop* (балалар дүкені), *BioFood* (азық-

түлік дүкені), *GoldenFurs* (тері дүкені), *BabyBoots* (балалар аяқ киімі), *Beautysalon* (сән салоны), *Recreationalcenter* (қалыпқа келтіру орталығы) және т.б.

Бұл топтағы ағылшын тілді атаулар жалпыға таныс, түсінікті (women, baby, fashion, mall, food, club, fitness) әрі нысанның мазмұнына сай келеді.

2. Әртүрлі түсінік қалыптастыратын нысан атаулары (StrangeNames).

Бұл топқа біз әртүрлі түсінік тудыратын және бизнес қызметіне сай келмейтін атауларды жатқыздық. Мысалы, *Avenue* (әйелдер киімі дүкенінің атауы) ағылшын тілінен аударғанда, «ағаштардың екі қатары; даңғыл, кең көше, желекжол» дегенді білдіреді. Бұл ретте атауға байланысты «бұл қандай нысан?», «не сатылады?» «әйелдер киімімен атаудың қатысы қандай?» деген түрлі сұрақтар туындайды. *Paradise* (жұмақ) – перделер салонының атауы. Былай қарағанда, аталмыш нысанды туристік агент деп түсінуге болады. Бірақ, бұл нысан – маталардың өте көп түрі бар перделер салоны. *Play* (ойын) – ойын дүкені атауы. Атау көптеген түсінік қалыптастырады, оның атауынан компьютер клубы немесе ойын орындықтары дүкені деген мәндерді түсінуге болады. Бұл нысанның иелерінің айтуынша, бұндай атау қоюдағы себептері тұтынушыларды тез тарту, маркетингтік табысқа жету, тез әрі оңтайлы табысқа кенелу екен. Сонымен қатар, *Desire* (әйелдер киімі салоны), *People* (ерлер және әйелдер киімдері дүкені), *Inlove* (той салоны), *Favory* (әшекей салоны), *Respect* (аяқ киім дүкені), *Forever* (жастар киімі, жабдықтары), *Voyage* (азық-түлік дүкені), *Restaurant 51:4* (мейрамхана) секілді атауларды кездестіруге болады. Біз бұл атаулардың ағылшын тілінде аталу себептерін ашуға тырыстық. Әр нысанның айтар өз уәжі бар. *Restaurant 51:4* мейрамханасының иесі Монреальдан келген жас кәсіпкер екен. Ол өз мейрамханасының аталу себебін өте нақты түсіндіріп берді. Монреаль 514-те ұзақ жылдар тұрғандығымен байланысты қойған атауы екен. Қазір Қазақстанда тұрады, ал Астананың кеңдігі 51. Астана қаласы тұрғындарының ойынша аталмыш мейрамхананың аталу себебі өзгеше. Әртүрлі нұсқалар болды, біреулері мейрамхана бес күн жұмыс істейді, сондықтан қойылған шығар деді, ал екіншілері 51-үй, 4-пәтермен байланыстырды, енді біреулері мейрамхана иесінің туған күнімен байланыстырды. Енді біреулері 51 мейрамхананың ішінен 4 орын алатындығын айтады және т.б.

Forever дүкені, онда жастар киімі, жабдықтары сатылады. *Forever* сөзі «мәңгілік, өмір бойы, ғұмырлық» дегенді танытады. Атауына қарап бұл дүкенде өмір бойына қажетті киімдер сатылады деп түсінуге болады. Біз бұл атауды адамдарды тарту және ағылшын тіліне екпін түсіру үшін қойылған деп есептейміз.

3. Ағылшын тіліндегі ұзақ атаулар (LongNames).

Аталмыш топ атаулары әртүрлі сөз таптары арқылы, тыныс белгілері арқылы, символдар арқылы және т.б. жасалған. Мысалы: *Huff'nPuff*. Сөздікте бұл лексема «қызу, эрең демалу, айқайлап жәрдем сұрау, бірақ ештеңе де өзгерте алмайтын халде болу (*They huffedand puffedaboutt heprice, buteventuallytheypaidup*); бар күшімен тырысу (*theyhuffandtheyupuff*). Бұдан басқа, бұл сөз бірлігі and предлогының 'n-ға қысқарғандығын көрсетеді. Нысан тамақ ішіп, демалуға арналған орын болып табылады.

GoForGold компаниясының атауы үш бірліктен (етістік, жұрнақ, зат есім) қалыптасқан, аудармасы Алтынның соңынан ер дегенді танытады. Былай қарағанда, бұл дүкен алтын сатумен айналысатын секілді. Алайда, шын мәнінде, дүкен Қазақстан Республикасының символдары бейнеленген спорттық киімдер, аяқ киімдер сатады.


Ерекше қызығушылық тудыратын компания атауының бірі – компьютер жөндейтін *@li com. компаниясы*. Атаудың бойынан оның немен айналысатындығы белгісіз. *GamerPS3 XboxClub* компьютер клубының атауы төрт сөзден тұрады, ол өте айқындылықты танытады.

Кешкі көйлектер сататын *HouseofRaya* (Райи үйі) дүкенінің атауы дүкен иесінің есімімен байланысты қойылған.

Ет сататын *Teameat.kz* дүкені етті тапсырыс бойынша сатады, екі зат есімнен жасалған, бірақ бірге жазылады. *Sweetstheartofcake* (аудармасы: тәтті бәліш пісіру өнері) кондитерлік дүкені өзінің қызмет бабына толық сай келеді, дегенмен атау тым ұзақ. Ағылшын тіліндегі бұл атау ең ұзақ болып есептеледі.

Сонымен, алға жылжыған көрсеткіштерге қарамастан, нысан атауларын таңдап, талғау AIDA америкалық моделі негізінде қойылады. Бұл классикалық модельді 1896 жылы Э. Левис ойлап тапқан. Оның бірнеше кезеңі бар, бірінші кезең – көңіл аударту (attention), екінші кезең – қызығушылықтарын ояту (interest); үшінші кезең – көңілге әсер ету (desire), төртінші кезең – әрекетке көшуге итермелеу (action).

Нысан иелерімен және тұрғындармен жүргізілген сұқбат бойынша ағылшын тіліндегі атаулар әлеуетті тұтынушыларды өзіне тарту мақсатында ғана таңдалып алынады екен. Төменде Астана қаласындағы ағылшын тіліндегі нысан атауларының жалпы картинасы берілді (1-сурет).



Сурет 1 – Ағылшын тіліндегі нысан атауларының саны

Көріп отырғанымыздай, ағылшын тіліндегі нысан атауларының 54 %-ы тұтынушыларды тарту үшін ілінген «тақта» болып табылады екен, ал атаулардың 12 %-ы тым ұзақ бірлікті болып келеді және 34 %-ы нысанның қызмет бабына сай қойылғандығын танытады.

Нысан иелерінің пікірінше, ағылшын тілді атаулар көңілді тез аудартады әрі адамдардың, әсіресе, жастардың анағұрлым қызығушылықтарын тудырады. Бүгінгі таңда жастардың 60%-ы ағылшын тілінде сөйлейді және ағылшын тілді елдердің мәдениетін білуге қызығады.

Соңғы уақытта ағылшын тіліндегі қала нысандарының атаулары аса зор үдерісте дамуда. Бұл уақыттың талабы мен Үш тұғырлы тіл саясатының жүзеге асырылуымен түсіндіріледі.

Қорыта келгенде, белгілі бір нысанға ағылшын тілінде атау беру үшін төмендегідей шарттардың болуы қажет деген түйін жасаймыз:

- атау өзінің жеке даралық бояуын сақтау үшін белгілі бір нысанның бар мүмкін деген жақтарын пайдалану керек;
- атау айтуға жеңіл әрі әдемі болуы тиіс;
- ағылшын тілінің орфографиялық ережесін сақтау қажет;
- атауларда кәсіпорынның қызмет түріне қайшы келетін жалған түсінік болмауы тиіс;
- шет тілдік лексиканы шамадан тыс артық қолдануға әуес болмау керек;

– атаулардың арғы қарайғы дамуы үшін оның әлеуетін бағалап отыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Веремьева К.М. Представление о лингвистическом пространстве // Вестник Московского государственного гуманитарного университета им. М.А. Шолохова. – Филологические науки. – 2013. – № 1. – С. 75-79.
- 2 Азанбаева Г.Ж. Пространство в языковой картине мира // IV международные Бодуэновские чтения. – Казань: Изд-во Казанского университета, 2009. – Т. 1. – С. 52-54.
- 3 Замятина Н.Ю. Структура представлений о пространстве в разных странах: постановка проблемы // Вестник МГУ. – Сер. филол. – 2002. – Т. 5. – С. 11-16.
- 4 Постановление акимата г. Астаны № 66 от 22 августа 2008 года и решение маслихата г. Астаны. № 134/21-IV от 18 августа 2008 г.
- 5 Комаров В. Нейминг – как назвать бизнес // Режим доступа: <http://www.bisgid.ru/razv/image/naming/>.
- 6 Ben-Rafael E. A sociological approach to the study of linguistic landscapes // International Journal of Multilingualism. – 2009. – № 3 (1). – P. 40-54.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются иноязычные эргонимы в языковом пространстве урбанонимической системы. Основным объектом исследования является столица Казахстана - Астана. Авторы изучают и анализируют прагматическую особенность иноязычных эргонимов в языковом пространстве города.

RESUME

The article deals with foreign-language ergonems in the language space of the urban system. The main object of this study is the capital of Kazakhstan, Astana. The authors study and analyze the pragmatic foreign-language peculiarity of ergonims in the language space of the city.



Ю. Шамильоглу

Висконсин-Мэдисон Университеті
(АҚШ),
доктор, профессор

М.Б. Нұртазина

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
филол. ғыл. д-ры, профессор

Қ.С. Құлманов

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
филол. ғыл. канд., профессор

Тілді оқытудағы құзыреттілік бағытының лингвоэкологиялық аспектілері: әдістер, үлгілер мен парадигмалар¹

Аннотация

Кәсіби білім беру саласында инновациялық процесті дамыту жағдайындағы құзыреттілік қарастырылады. Сонымен қатар, тілдік өзара-қатынастағы жеке әдістеме, коммуникативті және мәдениетаралық құзыреттілік, тіл үйретудегі әдіс, модельге және парадигмаға аса көңіл бөлінетіндігі айтылады.

Түйін сөздер: инновациялық процесс, кәсіби білім, тілді оқыту, құзыреттілік, мәдениетаралық коммуникация.

Қазақстан жоғары оқу орындары ұстаздарының алдында [1] студенттерді оқытудың барлық процесін ұйымдастыруға, сонымен берге жаңа талаптардың мазмұнын түсіндіру барысында Болон конвенциясы аясында қойылған маңызды міндеттер жоғары кәсіби білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің нәтижелеріне бағытталғанын атап өткіміз келеді.

Осындай ракурста құзыреттілік тіл үйретуде білім нәтижесін жоспарлауға өту міндетімен өзектіленеді. Соңғы кезде бұл контекстегі «лингвоэкология» ұғымы көптілді қоғамда толыққанды коммуникацияны қамтамасыз ететін іргелі әдістемелік қағиданың біріне айналып бара жатыр. Тілдің экологиялылығы гиперакпараттан-дырылған ортадағы адамның тіршілік әрекетіндегі ақпараттық ағынның ерекшелігіне әсер етеді. Сондықтан мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуникацияның кез келген түрін зерттеуде коммуникация мен құзірет мәселесін зерттеудің орталық аспектісі – құндылықты бағдарлар, қоғамның «құндылықты матрицасы» [2, 1] болып табылады.

Тілді үйренуде мәдениетаралық құзыреттің дамуына назар аудару қажеттілігін дәлелдеу үшін «лингвоэкология» терминін тіл біліміне Д. Левин және Датнау енгізген [3, 182 б.]. Осыған байланысты ғалымдар зерттеп отырған шетел тілдері елдерінің мәдениетіне баса назар аудару қажеттілігі туралы көп жазған. Ғалымдардың еңбектерінде [2, 69 б.; 4; 5; 6; 7; 8] мәдениетаралық коммуникация саласында әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың әлем бейнесінің тұжырымдамалық

¹ «ҚР-ның кәсіби білім беру контексінде модернизациялау және ғылыми-әдістемелік негізінде студенттердің лингвистикалық құзіреттілігін қалыптастыру» зерттеу ҚР БЖҒМ-нің қаржыландыруымен ғылыми-зерттеу жобасының негізінде орындалған, 2015-2017 жж.

және тілдік негізгі ерекшеліктерін қамтыған теориялық және эмпирикалық білімді меңгеру мәселесіне үлкен мән берілген. Басқа ғалымдардың еңбектерінде [3; 4; 5; 6] тілдің және тұлғаның метатілдік ойлауының лингвоэкологиялық болмысына әсер ететін жағдайлар туралы жазылған.

Қазіргі әлемнің бірлігін ескере отырсақ, мәдени әртүрлілік міндетті түрде қақтығысқа әкеледі, мәдени ерекшеліктер экономикалық және саясиға қарағанда азырақ өзгерістерге ұшырайтындығын қаперге ала отырып, осындай түйін түйюге болады. Мәдениетаралық коммуникация елдер арасындағы ішкі өмірдің де, өзара қарым-қатынастың да реттегіштік маңызды факторы болып табылады. Өзінің әлеуметтік мәдени ерекшелігін іздеу жолындағы қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациясы жағдайында мәдениетаралық коммуникациялар мәселелерін зерттеу қажеттілігі арта түседі.

Кез келген тілді зерттеу тиісті ұлттық мәдениетті зерттеу болып табылатындығы белгілі. Тіл саясатын реттейтін Еуропа Кеңесі білім құжаттарындағы мультимәдениеттаным идеясы нақты осы негізге сүйенеді. Осы контекстегі құзыреттілік дегеніміз – студенттің білім беру бағдарламасының бір бөлігін немесе оны толық бітіргенде көрсететін білімі, ептілігі, дағдысы мен жеке басының сапасы.

М.Б. Нұртазина атап өткеніндей, «компетенттік қадам өз кезегінде назарды оны диагностикалауға және бағалауға аударуға мүмкіндік береді, бұл студенттердің белсенді білім алуына қолғабыс етеді, әрі еңбек нарығындағы қатаң бәсекелестік жағдайында жұмыс табуына көмектеседі» [2, 68 б.]. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық құралдар мен технологияларды меңгеру мүмкіндігі мен барлық өзіндік ерекшеліктерді нақты еңбек нарығының жағдайларына «бейімдей» білу – қазіргі жоғары оқу орны түлегінің санаттық сипаттамасымен қатар оның бәсекелестік ортада озып шығуына, қызметте өсуіне және ең соңында өмірде табысқа жетуіне қолғабыс етеді.

Құзыреттілік – кәсіби білім беру саласындағы инновациялық үдеріс дамуының қажетті шарты

Әлеуетті білім беру саласында инновацияны құзыреттілікпен қолдану мәселелерін зерделеу қажеттігі туралы сауал туындайды, атап айтқанда, мынадай аспектілердегі қолданысын негізге алу керек 1) білім берудің барлық процесінде оның соңғы нәтижелеріне жетуге септеседі, себебі мұнда білім, дағды, біліктіліктің өзара сабақтастығы анық көрінеді; 2) білім нәтижелерін Мемлекеттік стандарт негізіндегі «өзгермелі қоғамда маманның ұтқырлығын қамтамасыз ететін құзыреттілік үлгісінің» сапасы ретінде сәйкестендіруге ықпал етеді [1; 2, 70 б.]; 3) стандарттар мен оқу жоспарын білім беру нәтижелерінде өзара сәйкес келетін салыстырмалы және анық деңгейге бағыттайды.

Мұндай жағдайда білім беру нәтижелері құзыреттілік тілінде С.Г. Тер-Минасова [9, 24 б.] айтқандай, – бұл жол академиялық және кәсіби елеулі ұтқырлыққа апарады, диплом мен біліктіліктің өзара сәйкес келуін арттыруға ықпал етеді. Қазақстан Республикасы білім берудің полиэтникалық және мультимәдениеттегі социум аясында құзыреттілік бағыттарын жүзеге асыру бірыңғай білім берудің, кәсіби-біліктілік және мәдени-құндылық кеңістігін қолдаудың қосымша факторы болып саналады [1, 4 б.]. Мұның себебі, бұл болашақтағы өзгермелі интеграция үдерісін бастан өткеретін жаһандану дәуірінде анық көрініс табумен қатар, ақпараттық кеңістіктің кеңеюіне, жаңаша компьютерлік ақпараттық технологияның дамуына және іскери де, жекелей де байланыстардың артуына жол ашады.

Міне, сондықтан құзыреттілік талаптары маман дайындауда практикалық-бағдарлы сипат береді, кәсіби білім беру саласында инновациялы процестің дамуына оң ықпал етеді, маманның кәсіби құзыреттілігінің деңгейін анықтаудың нақты жүйесін дайындауға мүмкіндік береді.



Тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттіліктің өзара байланысын қарастыру әдістемесі

Ең алдымен, тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттіліктің кейбір теориялық-әдістемелік мәселелерін бір жүйеге салу жөн деп санаймыз. Бізге, мәселен, «әр түрлі бейнелі мәдениет индикаторы» [4; 5; 6; 7] деп аталатын ұғым таныс, мұнда мәдениетаралық қатысымда әртүрлі әлеуметтік мәдениетті түсінуде, түрліше қарым-қатынас жасауда жіберілетін қателіктерді анықтауға ықпал ететін білім негізі жатыр.

Мысалы, тарихты, географиялық жағдайды, әлеуметтену шартын, білім беру практикасын және конфессионалды ұстанымдарын білу адамдардың мінез-құлық стилін түсінуге, шешім қабылдау әдістеріне, тұлға аралық және топтық қарым-қатынас жасауға септігін тигізеді. Көптілді білім беру мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасу механизмі ретінде әрекет етеді, басқа мәдениетті түсінудегі қиыншылықтарды болдырмауға ықпал ете отырып, оларға деген құрметті қалыптастырады, мәдениетаралық құзіреттілік процесінде түрлі әлеуметтік мәдени факторларды ескереді және қазіргі студенттердің әлемдік көпмәдениетті әлеуметтік кеңістігіне ену міндеттеріне жауап береді.

Тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттіліктер

Қазақстан Республикасында мәдениетаралық кәсіби байланыстардың кеңеюіне байланысты үш тіл – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген түрлі сала мамандарына сұраныс көбеюде. Мәдениетаралық өзара қарым-қатынасты табысты жүзеге асыру қоғамдық және іскери дағдылардың өзіндік ерекшеліктерін анықтаушы, тарихи дәстүр мен салттар, өмір сүру салтының әсерімен детерминделетін түрлі мәдениеттің кәсіби-маңызды концептілерін меңгеруге және білуге бейімдейді.

Сөйлеушінің когнитивті дайындығы ғана мәдениетаралық қарым-қатынаста лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, мәдениеттанымдық контексті және әсерлі мәдениетаралық іскери қатынастарға дайындық пен халықаралық кәсіби ықпалдастықты қалыптастырады. Когнитивті аспектіні негізге ала отырып, тұлғааралық қарым-қатынас сипаты коммуниканттардың құзыреттілік интенциясы мен олардың жетістік стратегиясымен (ықпалдастық, бәсекелестік, тартыс, т.б.) анықталады.

Шешімдерді қабылдау үшін кәсіби саладағы тілді меңгеру мен одан ары қарайғы базалық негізге арналған айқындаушы деңгей болып тұлғаның интегративті қасиеті ретіндегі тілдік құзіреттілігі танылады. Жобалау мен фреймдерді құрастыру [8, 179 б.; 10, 387 б.] ядролық, ядро маңындағы және перифериялық компоненттердің иллюстрациясымен болатын түрлі мағыналарды білдірумен байланысты екендігі белгілі, сондай-ақ білімді, көзқарасты және әлем туралы көзқарастарын сараптау шеңберіне түрлі коммуниканттардың мінез-құлқы мен реакцияларын болжау мақсатында, оқиғаны дамыту мен құзыреттілік стратегиясын таңдау көріністерін енгізу қажет.

Ғылыми әдебиеттерде [11, 15 б.; 14, 27 б.] аталып өтілетіндей, қазақша-орысша-ағылшынша социумның құзыреттілік дағдысының стратегиясын, олардың лингвоәлеуметтік және мәдениеттанымдық ерекшеліктерін кешенді түрде жан-жақты зерттеу «концептуалды жүйеге, әлемді тану бейнесіне, шетел тілінде сөйлейтіндердің құндылық бағдарын, мәдениетаралық қашықтықты жақындату, оны басқа ұлттың іскери мәдениетіне бейімделуге, дайындалуға тәрбиелеу, басқаша әлеуметтік-мәдени контекстегі өзара қатынас пен шет тілде кәсіби ықпалдастықтың тиімді стратегиясын дайындау мақсатына әсер ету үшін тілдің өзге ұлттық адамын тарту» [8, 167-169 бб.] жақсы көмектеседі. Дәл осындай жағдай әртүрлі мәдени қоғамдастық өкілдерінің өзара түсіністігін, түрлі қарым-қатынастағы белгіленген прагматикалық міндеттерді шешуге арналған құзіреттіліктің адекватты сипатын байқатады.

Сондықтан студенттерді тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікке оқыту міндетті түрде іскери қатынастың мәдени стандарттарын жасайтын тұтастық концепциясына, іскери қарым-қатынастағы тілдік қолданысты дифференциялы

меңгеруіне, іскери этикет формулаларына (әсіресе параллельді сәйкестік болмаса), ұлттық менталитетті түсінуге негізделуі қажет.

Адекватты мәдениетаралық түсінік пен тиімді қарым-қатынас үшін тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілік деңгейлерінің пропорционалды тәуелділігі болуы шарт. Асимметрия болған жағдайда жоғарыда аталып өткен құзыреттіліктерде түсінбеушілік болады, атап айтқанда, тілді жақсы меңгерген кәсіби маманнан мәдениетаралық құзыреттілікке сәйкес келетін деңгейді күтеді және оған әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және мәдениеттанымдық ақпараттарға жеткілікті көлемде ие адам ретінде қарайды.

Тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктер

В.И. Карасик жұмысында [15, 77-81 бб.] орыс пен американдықтың мәдениетаралық коммуникациясының жүйелі-динамикалық моделі көрсетіледі. Онда «мәдени құзіреттілік пресуппозиция талдамасын, фондық білімді, құндылықтар жүйесін, психологиялық және әлеуметтік өзгешелік белгілерін танытады» [15, 84 б.] деп көрсетілген, бұл дегеніміз коммуникативті құрылымдағы жекелік коммуникацияға түсетін доминатты басты субъект ретінде мінез-құлық аспектісін байқатады. В.Б. Кашкин [16, 131-132 бб.] тұлғаның коммуникативті параметрлері – уәждемелік, когнитивті және функционалды деп дұрыс анықтай отырып, функционалдылық құзыреттілікті «вербалды және вербалды емес қарым-қатынас жасауда практикалық меңгергендігі, коммуникативтік құралдарды дұрыс жұмсауы, дискурсты код нормалары мен этикет ережесіне сәйкес құрастыруы бұл тұлғаның коммуникативтік сипатының көрінісін танытады» деп нақтылайды. Осындай ойды В.И. Карасик те айтады, ғалымның ойынша, коммуникативті тұлға құрылымында «мінез-құлық аспектісі дегеніміз «тілдің арнайы және еріктен тыс сипаты мен қарым-қатынас жасаудың паралингвистикалық құралының жиынтығы екендігі» [15, 22-28 бб.] байқалады.

Мәдениетаралық құзыреттіліктің ерекшеліктері

Мәдениетаралық құзыреттілік (әрі қарай – МАҚ) үш аспектіде қарастырыла алады: 1) жат мәдени ерекшелікті өзіне қалыптастырудың қабілеттілігі тілді, құндылықтарды, нормаларды, басқа коммуникативті қоғамдастықтағы мінез-құлық үлгілерін білу қасиеттерін қамтиды; бұндай қадам қабылданбақ ақпараттың максималды меңгерілуіне және өзге мәдениетті түсінуге мүмкіндік бере отырып, МАҚ-тың басты мақсатын танытады; бұндай міндет жат мәдениетке ауысу үшін әрі төл мәдени құндылықтардан бас таруға дейін апаруды ниет еткенде қойылады; 2) өз серіктестерінің мәдениетіндегі негізгі элементтерді жеткілікті білмей тұрса да, басқа мәдени қауымдастық өкілдерімен байланыс жасауда жетістікке жету қабілеттілігі ретінде көрінеді. МАҚ-тың дәл осы нұсқасымен мәдениетаралық коммуникацияның практикасы кезінде жиі ұшырасып жатады, мысалы, мультимәдениетті және полилингвальді Қазақстанда бұл жиі кездесетін жайт; 3) кейбір мәдени қауымдастықтың өкілдері басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекет еткенде түсіністікке қол жеткізеді, бұл тұста олар өзара «өзіндік» және «жат» келіспеушілік пен тартысты болдырмас үшін «жаңа мәдениетаралық коммуникативті қауымдастық» жасай алады.

Мәдениетаралық құзыреттілікті қарастыру аспектілері

МАҚ мынадай аспектілерді қарастырады: 1) когнитивті; 2) әлеуметтік мәдениеттілік; 3) әлеуметтік лингвистикалық; 4) лингвоелтанымдық.

Бұларды кезең-кезеңімен қарастырайық.

МАҚ-тың когнитивті аспектілері

Әлеуметтік үлгідегі ең қарапайым деген айырмашылықтың өзі түсінбестікке, тіпті ақыр аяғы айтарлықтай салдарға ұрындыруы мүмкін. Сөйлеудегі грамматикалық немесе фонетикалық қателіктер адамның шет тілін жеткіліксіз білетіндігін көрсететіндігі ақиқат, сондай-ақ әлеуметтік прагматикалық қателіктер де коммуниканттың белгілі бір



эмоциясын туғызады (таңдану, наразы болу, түсінбеу, дүдәмал болу, сенімсіздік, т.б.). Бұларды тілді оқыту барысында ерекше ескеру қажет.

Лингвистикадағы когнитивті бағыт тілдік жүйенің бірлігі мен өзара әрекеттестігін ашуға мүмкіндік береді, әрі тікелей қарым-қатынастағы функционалдылық пен ішкі құрылымды түсінуге жол ашады, тілдік жүйені күрделі, оның пайда болуындағы сөйлеудің көп компонентті механизм екендігін танытады, себебі оны қабылдау мен түсіну тілдің шын мәнінде де бір мезгілде әрі коммуникативті, әрі когнитивті құрылым екендігін дәлелдейді, ал тілдік мәліметтер когнитивті процестер мен механизмдерге шынайы және айқын мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

МАҚ-ты қарастырудың әлеуметтік мәдени аспектілері

Лексема «век» используется в значениях «период в сто лет», «исторический период, эпоха, характеризующаяся чем-н. (со стороны производственной, научной, социальной)» и «жизнь (в 3 знач.), чье-нибудь существование» [4, с. 29]. В тексте произведения находим следующие примеры, репрезентирующие различные значения данной лексемы: «Воспоминание было живым и страшным – мне даже показалось на миг, что весь двадцатый век просто примерещился мне от жары и нехватки кислорода, а на самом деле я так и бегу из последних сил от пьяных буденновцев, гонящих меня к смерти по пыльной дороге» [2, с. 89], «век мечей и секир» [2, с. 94], «Век живи, век учишь» [2, с. 79].

Исходя из анализа фактического материала и статистического подсчета частотности употребления тех или иных лексем с темпоральным значением, можно прийти к следующим выводам: сверхвысокой частотностью обладает лексема «время», которая

использована автором 104 раза в пространстве всего текста произведения. Более того, можно сказать, что из всех выявленных нами темпоральных лексем, использованных в тексте произведения, данная лексема, на наш взгляд, является наиболее насыщенной в семантическом плане и многозначной. Как мы понимаем, именно данная лексема может быть отнесена к категориям, определяющим человеческое сознание. Возможно, по мнению автора, она является одной из составляющих целостности произведения, поскольку само понятие «время» выступает основой формирования картины мира, ведь широко известно, что оно (время – хронос) не только является важнейшим атрибутом категории бытия, но и отождествляется с бытием по многим аспектам своих проявлений.

Необходимо отметить, что использование грамматического времени в тексте произведения может носить симметричный и асимметричный характер с точки зрения концептуального времени, т.е. время грамматическое может совпадать или не совпадать с концептуальным временем. Это, к примеру, реализуется тогда, когда героиня погружается в воспоминания или размышления. Находясь здесь и сейчас, она уносится в прошлое и спокойно перемещается в будущее:

«Я часто задумывалась, что это за собака, которая отстоёт от волка так же далеко, как волк от лисы. Мифологических параллелей было множество, но сама я никогда не встречала такой странной разновидности оборотня...

День начался с легкой ссоры. Мы выбрались в лес погулять, уселись на поваленное дерево, и я решила развлечь его, исполнив старинную китайскую песню на стихи Ли Бо «Луна над горной заставой» [2, с. 287].

Как мы понимаем, такая асимметрия грамматического и концептуального времени определяется их композиционно-стилистической функцией в тексте произведения. Хаотичная разрозненность и растяженность временного плана соотнесена с раздробленной структурой романа, действие развивается то в прошлом, то в настоящем. Переносы в прошлое обусловлены тем, что события показаны в разных аспектах: воспоминания, размышления, восприятие настоящего. Такое сочетание нескольких временных пластов связано, как мы думаем, со стремлением автора отобразить время адекватно восприятию времени реального человека.

Таким образом, комплексно изучив средства актуализации художественного времени на материале текста произведения В. Пелевина «Священная книга оборотня» можно сделать вывод о том, что основной функциональной нагрузкой категории времени в тексте является время – как форма существования образа.

Также, подводя итоги проведенного анализа текста произведения В. Пелевина можно сказать о том, что темпоральность текста актуализируется разноуровневыми средствами, реализующими художественный замысел всего произведения. Время носит и сугубо субъективный характер, так как базируется не на грамматических, а на логических и психологических измышлениях, и объективный характер (онтологический) – его наличие и течение не зависит ни от чего, оно ничем не управляемо. В произведении В. Пелевина «Священная книга оборотня» художественно осмысляются не только реальные события жизни, но и переживания героев, их мироощущение, миропонимание, из которых складывается мозаика текста, которая отражается на структуре времени произведения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гальперин И.Р. Избранные труды. – М.: Высшая школа, 2005. – 254 с.
- 2 Пелевин В. Священная книга оборотня. – М.: Эксмо, 2004. – 384 с.
- 3 Петров В.М. Количественные методы в искусствознании: учебное пособие для высшей школы / В.М. Петров. – М.: Академический Проект: Фонд «Мир», 2004. – 432с.



- 4 Толковый словарь русского языка // Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. – М.: Издательство «Азъ», 1992. – 720 с.
- 5 Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике // Вопросы литературы и эстетики / М.М. Бахтин. – М.: Художественная литература, 1975. – С. 234-407.
- 6 Лихачев Д.С. Поэтика художественного времени // Избранные работы: в 3 т. / Д.С. Лихачев. – Л.: Художественная литература, 1987. – Т 1. – С. 490-557.
- 7 Лотман Ю.М. К проблеме пространственной семиотики // Об искусстве / Ю.М. Лотман. – СПб: Искусство, 2000. – 704 с.
- 8 Топоров В.Н. Пространство и текст // Текст семантика и структура / В.Н. Топоров. – М., 1983. – С. 227-284.
- 9 Белоусов К.И. Текст: пространство, время, темпоритм: монография / К.И. Белоусов. – Новосибирск: Сибирские огни, 2005. – 248 с.
- 10 Флоренский П.А. Анализ пространственности и времени в художественно изобразительных произведениях / П.А. Флоренский. – М.: Прогресс, 1993. – 324 с.

ТҮҮН

Мақалада әдеби-көркем уақыт пен кеңістікті зерттеу мәселелері қарастырылған. Мәтіннің темпоральды ұйымдастырылу ерекшелігі талданып, мәтінді ұйымдастыру түрлері бірнеше қырдан анықталған. Автор уақыт лексемалары мен түрлерінің модификациясы және өзектендіру құралдарын зерттеп, зерделеген.

RESUME

The article is devoted to the study of artistic time and space of the artistic text. The specificity of the temporal organization of the text is sorted out, the definition of the organization of the text in several ways is found. The author shows modification of a temporary lexeme and types of time. The actualization means are studied.

М.С. Жолшаева

Сулейман Демирель атындағы университет,
филол. ғыл. д-ры,
қауым. профессор

Қазақ тіліндегі кеңістік қатынастардың тұрпат межесі: лексикалық көрсеткіштер

Аннотация

Ақпарат алмасу үдерісінің сауатты іске асырылуы сөйлеуші мен тыңдаушының тілдік бірліктердің семантикалық қырларын дұрыс тани білуімен тікелей байланысты. Лексикалық бірліктердің функционалды-семантикалық әлеуеті сөйлеуде айқын көрінеді. Жалпы кез келген коммуникативтік бірлік мазмұнында көрініс табатын маңызды екі нәрсе десек, соның бірі - кеңістік. Өйткені зат пен құбылысқа қатысты әрекеттің іске асырылуы үшін екі өлшем қажет: кеңістік және уақыт. Қазақ тілінде кеңістік қатынастарды берудің бір жолы – семантика-грамматикалық тәсіл. Мақалада қазақ тіліндегі кейбір параметрикалық сөздердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері қарастырылды.

Түйін сөздер: кеңістік қатынас, лексикалық мағына, параметрикалық сөздер, өлшемдік мән, локализация.

Кеңістік – кез келген жүйенің, зат пен құбылыстың қозғалысы мен дамуы көрініс табатын, уақыт ұғымымен тығыз байланысты категория. Бұл категория философия ғылымының негізгі ұғымдарының бірі болғанымен, ғылымның басқа салаларында, атап айтқанда физика, логика, психология, семиотика, әдебиеттану, лингвистикада әр ғылымның ерекшелігіне сай өзіндік қолданысқа ие болып келеді.

Философияда кеңістік ұғымы материалдық нысандардың ұзындық бойына немесе өзара орналасқан әмбебап құрылымы және олардың осы құрылымда өмір сүруі, қозғалысы мен дамуы деп анықталады [1, 153 б.].

Лингвистикада кеңістік семантикалық категория ретінде танылып, оның мазмұндық және мазмұнды жеткізетін тілдік құралдары, яғни тұрпат межесі қарастырылады. Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде «кеңістік» сөзінің дефинициясы былайша көрсетілген: «Кеңістік зат. 1. Дала, ашық жер, кең жазық. 2. Шексіз әлем, кең дүние. 3. а у ы с. Ауа, ойша әлем. 4. Жер, орын. 5. а у ы с. Дүние әлем» [2, 623-624 бб.].

Сонымен, кеңістікті қандай да бір қимыл, құбылыс немесе зат орналасқан жазықтық ретінде түсінетін болсақ, оның тілдегі көрінісі қандай?

немесе қалай беріледі? деген заңды сауал туындайды. Коммуникация үдерісінде кез келген сөйленімде кеңістік мән болады. Лингвистикада «кеңістік» дегеннен гөрі, «кеңістік қатынас» термині жиі қолданылады.

О.Н. Селиверстова лингвистикалық қолданыстағы кеңістік ұғымына былайша анықтама береді: «кеңістік дегеніміз – бұл оның шеңберінде нысан орналасатын немесе қозғалыс не оқиғаның өтуіне орын болып табылатын нәрсе» [3, 143 б.].

Кеңістік қатынастар – заттың қоршаған ортаға қатысты алғандағы орналасуы немесе қозғалысы. Ақиқат шындықтың түрлі салаларындағы оқиғалы-жағдаяттық, оқиғалы-динамикалық, заттық-салыстырмалы, субъектілік-бағдарлы, параметрикалық локализацияның түрлі көріністерін бейнелейтін кеңістік қатынастар әлемнің тілдік бейнесі ретінде танылады, бұл аталғандар кеңістік қатынастың ішкі мазмұндық инварианттары немесе семантикалық құрылымы болып табылады. Мәселен, кеңістік қатынастың оқиғалы-жағдаяттық түрі – оқиға мен жағдаяттың өту орнын; оқиғалы-динамикалық түрі – нысандардың орын ауыстыруын; заттық-салыстырмалы қатынас түрі – заттардың бір-бірімен салыстырмалы түрде алғандағы орналасу ретін; параметрикалық локализация – заттардың параметрлік ерекшеліктерін; кеңістіктегі субъектілік-бағдарлы қатынас – сөйлеушінің орналасқан жері мен оның қабылдауымен айқындалатын кеңістік қатынастың нұсқалары болып табылады.

Кеңістік қатынас екі түрлі сипатта көрінеді: статикалық және динамикалық. Заттың статикалық локализациясы мен орын ауыстыру әрекеті, яғни объективті шындықтың үзіктері түрінде көрінетін кеңістік қатынастар сөйлеуде түрлі тіл деңгейі бірліктерінің көмегімен беріледі. Яғни тілде кеңістік қатынастар тілдік жүйенің лексикалық қабатынан, грамматикалық жүйесінен көрінеді. Олардың қатарына грамматикалық тұлғалар, лексикалық бірліктер, фразеологиялық бірліктер, синтаксистік бірліктер жатады. Бұл орайда қазақ тіліндегі кеңістік қатынастың тілдік көріністерін функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қарастыру оның құрылымдық тұрғыдан тұрпат межесін жүйелі тануға мүмкіндік береді.

Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – белгілі бір семантикалық категорияға негізделіп, семантикалық қызметінің ортақтығына қарай өзара әрекеттес келетін грамматикалық және лексика-грамматикалық, сондай-ақ әр түрлі аралас (лексика-синтаксистік т.б) тілдік құралдар тобы [4, 11 б.].

Кеңістік қатынастарды құрайтын тіл бірліктерінің жиынтығынан тұратын өрісте мейлінше жиі қолданылатын және локалды мағынаны жеткізуде тұрақты әрі мағына айқын көрінетін тілдік құралдар өрістің ядросын құраса, кеңістік қатынасын берудегі функционалды-семантикалық сипаты солғындау болып келетін тіл бірліктері сәйкесінше өрістің шеткері аумағына орналасады. Мақала көлемінде біз қазақ тіліндегі кеңістік қатынастардың лексикалық бірліктер арқылы берілуіне тоқталамыз. Атап айтқанда, лексикалық бірліктердің параметрикалық сөздер арқылы берілу ерекшеліктері қарастырылады.

Профессор З. Күзекова кеңістіктің функционалды-семантикалық өрісінің шеңберінде қарастырылатын лексикалық бірліктерді *кеңістік мағыналы мета сөздер* деп атап, оларды төртке топтастырады:

- 1) абсолют мағыналы кеңістік сөздер – *кеңістік, орын, аумақ, ендік, аймақ* және т.б.;
- 2) кеңістіктегі бағытты білдіретін сөздер;
- 3) релятив мағыналы *ортасы, жоғары, төмен, арты, жаны* және т.б.;
- 4) кеңістік өлшемді білдіретін параметрикалық есімдер – *ұзындық, ұзын, қалың, қалыңдығы, ені, биіктігі, кең, биік* және т.б. [5, 89-90 бб.].

Кеңістік қатынастың параметрикалық есім сөздер арқылы берілуі орыс тілі деректері негізінде Л.Н. Федосееваның диссертациясында [6], салғастырмалы сипатта орыс және қытай тілі деректері негізінде Тао Юаньның [7] мақаласында қарастырылды.

Параметр – көне грек сөзі, өлшейтін деген мағынаны білдіреді. Шетел тілі сөздерінің сөздігінде бұл параметр сөзінің төмендегідей үш түрлі мағынасы көрсетілген: «1. Шама, бірыңғай элементтер жиынтығының ішінен біреуін ерекшелеуге мүмкіндік беретін сандық мағына; 2. Көрсеткіш, құбылыс пен жүйенің, үдерістің қандай да бір қасиетін сипаттайтын шама; 3. Қандай да бір құбылысты сипаттау мен бағалауға қажетті шарттар, көрсеткіштер, сапа» [8, 668 б.]. Осы «параметр» сөзінен туындайтын «параметрикалық» лексемасы және «параметрикалық сөздер» деген тіркес шаманы білдіретін сөздер деген түсінікте қолданылады. Параметрикалық сөздерді былайша топтастыруға болады:



Параметрикалық есім сөздерді іштей тағы да іштей саралауға болады:



Біздің айналамыздағы кеңістікті толтырып тұрған физикалық нысандардың сандық қасиеттері геометриялық өлшемдік мағыналар арқылы да беріледі. Нысанды шамасы жағынан сипаттағанда оның қалыңдығы, биіктігі, ұзындығы, тереңдігі, ені негізге алынады. Сөйтіп, бұл өлшемдерді сипаттайтын *ендік, бойлық, ұзындық, тереңдік, биіктік, көлем, алаң, периметр, аудан, ұзақтық, созылыңқылық* және т.б. лексикалық бірліктер параметрикалық зат есімдер тобын құрайды. Бұл өлшемдер нысандарды шамасы жағынан, яғни олардың кеңістіктің белгілі бір бөліктерін алуын, орналасуын бейнелейді. Сонымен қатар, бұл сипаттағы параметрикалық сөздердің лексикалық мағынасы арқылы қосымша ақпараттар да беріледі.

Параметрикалық зат есімнің бірі *бойлық* сөзінің лексикалық мағынасына тоқталайық: 1. Геог. *Жер бетіндегі кез келген нүктенің орнын анықтайтын географиялық координаталардың бірі*. Карта жасауда *бойлық* пен *ендік* негізгі тірек (А.Қалдығұлова. Жарық); 2. Мат. *Кез келген нүктенің деңгейлік беттегі орнын анықтайтын шамалар жүйесіндегі ендікке қарама-қарсысы*. Тағы бір еңбегінде Николь Орем математиканы натурфилософияға қолдану төңірегіндегі схоластикалық ой-пікірлерді жинақтап, дамыта келіп, тік бұрышты координаттардың алғашқы формаларының бірі жазық тік төртбұрыш үшін *бойлық* және *ендік* ұғымдарын енгізеді (А.Көбесов. Математика) [9, 429 б.].

Өлшемдік мәнді білдіретін есім сөздердің лексикалық мағынасы табиғаты жағынан екі жақты болып келеді. Бұл мұндай сөздердің бір жағынан физикалық құбылыс, үдерістерді білдіретін мазмұндық қырымен, яғни дерексіз атаулардың астарындағы нені өлшейтіндігімен байланысты болып келеді. Сонымен қатар, осы сөздердің бойындағы өлшенетін шамасының қаншалықты екендігін көрсететін сандық мәнді болуымен байланысты. Бұл екеуін ажыратушы белгі ретінде өлшенетін шаманың сызықтық және



сызықтық емес сипаты алынады. Мысалы, *тереңдік, биіктік, ұзындық, ендік, қалыңдық* сызықтық шамалар ретінде алынады. Ал сызықтық емес сипаттағы параметрикалық зат есімдерге *аудан, көлем, арақашықтық* сөздері жатады. Кеңістік қатынасты көрсететін осы екі түрлі сызықтық және сызықтық емес белгі бойынша анықталатын екі лексемаға талдау жасап көрейік. Мысалы: Карта бойынша өзендердің *ұзындығын*, екі пункттің *арақашықтығын*, таулардың *биіктігін* анықтауға болады («Жаратылыстану» кітабынан). Жер қойнауын мақсатындағы бұрғылау жұмыстары 15 шақырым *тереңдікке* дейін барады (Б.Әбдіманапов). Жер қыртысының *қалыңдығы* біркелкі емес («Жаратылыстану»). Осы сөйлемдерден *арақашықтық* және *ұзындық* сөздеріне талдау жасаймыз.

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде «арақашықтық» сөзі аралық, қашықтық» деп түсіндірілген [10, 581 б.]. Бұдан ұғатынымыз, аралық немесе қашықтық ұғымы екі нысанның арасындағы кеңістік. Осы кеңістік, яғни орта бос болуы да мүмкін немесе осы ортада, кеңістікте нысандардың орналасуы да мүмкін. Қалай болғанда да, екі аралықтың бос немесе керісінше болуы сызықтық емес шама арқылы бейнеленетін кеңістікке тән сипаттама болып табылады. Жоғарыдағы «карта бойынша екі пункттің арақашықтығын анықтауға болады» деген сөйлемде басты ұғынылатын нәрсе екі шеті белгіленген нәрсенің арасындағы кеңістік. Ал «ұзындық» сөзіне келетін болсақ, жоғарыда аталған сөздіктің 14-томында дефинициясы былайша ашылған: «бір заттың ұзыннан алғандағы қалпы, тұрқы» [11, 686 б.]. Берілген анықтамада қамтылғандай, бұл сөз нысанның шамасының өлшемін білдіреді. Бұл екі сөздің басын қосатын ортақ белгі ретінде екеуінің де басталатын нүктесі мен аяқталатын нүктесінің болуы және осы екі нүкте арасындағы кесінді екендігі, ал айырмашылығы осы екі нүкте аралығының кеңістіктің бос болуы немесе тұтас бір нәрсенің оны «бойлай созылып жатуы» болып табылады.

Сонымен, қорыта айтқанда, параметрикалық зат есімдер өзі іштей семантикалық ерекшеліктерге ие болып келеді де, функционалды-семантикалық жағынан статикалық сипаттағы кеңістік қатынасты білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Миронов В.В. Философия. – Москва: Наука, 1998. – 890 с.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Ж-К. 7 том. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
- 3 Селиверстова О.Н. Понятия «множество» и «пространство» в семантике синтаксиса. // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. - Т.43. - М., 1983. – С. 45.
- 4 Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л.: Наука, 1987. – 352 с.
- 5 Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. – Астана, 2015. – 180 б.
- 6 Федосеева Л.Н. Пространственные отношения в современном русском языке: семантика и средства выражения. - Диссертация ... кандидата филологических наук. – Рязань, 2004.
- 7 Тао Юань. Способы передач параметрических прилагательных «широкий / узкий» в русском и китайском языках. // Филология и культура. - 2015. - №1 (39). – С. 84-88.
- 8 Новый словарь иностранных слов. – Минск, 2005. – 1088 с.
- 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Б-Б. 3 том. – Алматы: Арыс, 2006. – 744 б.
- 10 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. А-А. 1 том. – Алматы: Арыс, 2006. – 752 б.
- 11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т-Ұ. 14 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 800 б.

РЕЗЮМЕ

Пространство – философская категория, которая выражает способ существования материи. Поэтому в любом языке есть разнообразные средства выражения пространственной ориентации и пространственной локализации. В статье рассматриваются функционально-семантические особенности параметрических имен существительных казахского языка.

RESUME

A space is a philosophical category, which expresses the mode of existence of matter. Therefore, in any language there are a variety of means of expression of spatial orientation and spatial localization. In this article the functional-semantic features of parametric nouns of the Kazakh language are considered.



Аннотация

Мақалада ақын Сара Тастанбекқызының өмір жолы мен ақындық тағдырын арқау еткен бірнеше қазақ поэмалары туралы айтылады. Әдебиет тарихындағы Сара ақынға қатысты кейбір даулы мәселелердің болғандығы жайлы да айтылып, оған қатысты ғалымдар пікірлері беріледі. Сондай-ақ, ақын Фариза Оңғарсынованың «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын» атты поэмасының композициялық ерекшелігі, Сара образын сомдаудағы ақындық ізденістер нақты мысалдар арқылы жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: ақын, поэма, әдеби бейне, ақындық ізденіс

Б. Керімбекова

Сулейман Демирель атындағы университет,
филол. ғыл. канд.,
ассистент профессоры

Ақын Сара Тастанбекқызының әдеби бейнесі (Ф. Оңғарсынованың поэмасы негізінде)

Қазақ әдебиетінде бірнеше көркем шығармаға арқау болған Сара Тастанбекқызы – 1878-1916 жылдар аралығында өмір сүрген айтыскер ақын. Өзінің қысқа ғұмырында тауқыметтің талайын көріп, әлеуметтік теңсіздіктің тәлкегіне ұшыраған Сараның шығармашылық жолы тым ауыр да күрделі.

XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың аяулы ақын қызы Сараны біреулер тарихи тұлға десе, екіншілері – Сара көркем бейне, жиынтық тұлға деседі. Дегенмен, Сараның өмірде нақты болғандығын дәлелдейтін жайт – оның өлеңдері. Осы тектес даулы сұрақтар “Біржан-Сара” айтысының айналасында да өрбіді. “Біржан - Сара” айтысының өмірде нақты болғандығы, я болмағандығы турасында қазақтың академик – жазушысы С. Мұқанов былай деп жазады: “Сараны Біржанның іздеп баруы анық. Біржанның Нұржан деген ағасының баласы Ахметжанды мен қартайған шағында көрдім. Ахметжан: “Мен Біржанға атқосшы болып барып ем, Сараны көрдім, айтысқандары рас”, – дейтін.

Халық әдебиетін жинаушы, Біржан мен Сараның айтысын алғаш рет баспаға берген Жүсіпбек Шайкүлисламов бұл айтысты Сараның аузынан жазып алдым дейді” [1, 29 б.]. Осы айтыстың төңірегіндегі таласқа үн қосқан Ғ.Мүсірепов те өзінің “Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!” деген мақаласында: “Қазақтың әдебиет зерттеушілері мен ақын-жазушылары еш уақытта бұл айтыстың болғанына шек келтірген емес.

Ғасырлар бойына жасап келген поэзиямыздың көрнекті бір саласы болып келген ақындар айтысының ең биігіне көтерілгені – “Біржан-Сара” айтысы деп білеміз. ...Өз басым ақындар арасында Сараның алатын орны бірінші қатарда деймін. Мәселен, қазақ әйелдерінің ішінде әншілік туын Майраға, күйшілік туын Динаға, опера өнерінің тұңғыш туын Күләшқа ұсынатынымыз сияқты, ақындар айтысының асқақ туын Сара Тастанбекқызының қолында көргім келеді” [2, 327 б.], – деп бұл мәселенің соңғы нүктесін қойған болатын.

Жоғарыда атап өткеніміздей, әдебиетімізде Сараға арналған біршама шығармалар жазылған болатын. 1974 жылы 8 наурызда “Социалистік Қазақстан” газетінде М. Айтқожинаның “Ешкі өлместегі ескерткіш” атты поэмасы жарияланады. Кейіннен М. Айтқожинаның осы поэмасы 1986 жылғы таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағына енген. Аталған поэманы тек қана Сараға арналған поэма дей алмаймыз. Өйткені, ақын Сара ауылына көз жібере отырып, оның бүгінгі күнгі қол жеткізген жетістіктерімен қатар, соған ұйытқы болған әкім-қаралардың елеулі еңбектерін жыр етеді. Ақын М. Айтқожина:

Ащы жаспен жудың-ау, ай жүзінді,

Нәзік үнің айтшы, қайда

Үзілді.

Қарашы, апа,

Бір көтеріп басыңды,

Қандай ғажап біздің өмір

Бүгінгі [3, 397 б.], – деп Сара рухымен ойша тілдесе отырып, бар айтарын ақын апасына сыр ғып ашады. Алайда, “Ешкі өлместегі ескерткіш” поэмасындағы Сара бейнесі ашылмаған, алдыңғы орынға Сара образы емес, ақынның өз толғаныстары шығады. Осы орайда М. Айтқожина поэзиясы туралы пікір білдірген ғалым Т. Кәкішевтің: “М. Айтқожина бірнеше поэма жазғанымен, лирикадан алыстап кетпейді екен. Оқушыны шытырман сюжетпен емес, мәнді сыр, салмақты ойларымен тартып отырады. Оны көбінесе өлеңнің көлемінде шақтайтын да сияқты” [4, 9 б.] – деген пікіріне жүгінеміз.

Ақын Сараға арналған С. Иманасовтың “Біржан-Сара” айтысының негізінде жазылған “Айтыс” поэмасы Сараның тарихи бейнесін жасауға арналады. С. Иманасовтың “Айтыс” поэмасындағы басты оқиға Біржан мен Сараның айтысы төңірегіне құрылғанымен, екі ақынның айтыс үстіндегі іс-әрекет, мінез, көңіл – күй ерекшеліктері поэмада терең ашылмайды. Поэма “Біржанның бірінші монологы”, “Сараның бірінші монологы” сынды тарауларға бөлініп, негізгі ой Сара мен Біржанның өз монологтары арқылы беріледі. С. Иманасовтың “Айтыс” поэмасындағы Сара Ф. Оңғарсынова поэмасындағыдай өр рухты, кесек мінезді Сара емес, сол кездегі көп қыздардай тағдырына қарсы тұрар шамасы жоқ, пешенесіне жазылғанға көндіккен Сара. Оны ақын С. Иманасов поэмасының соңына таман былай деп анық аңғартады:

Сол – ақ па бұйырғаны бақ талайға?

Бұлқынып, бұғау үзер таппады айла.

Ақын боп ақырғы рет бір көрініп,

Қатын боп қала берді Қаптағайда [5, 131 б.].

Сараға деген тарихи елеулі ескерткіштің тағы бірі – “Біржан-Сара” операсы болып саналады. Академик жазушы Қ. Жұмалиевтің либреттосы бойынша атақты композитор М. Төлебаев жазған бұл опера қазақтың музыка өнерінің төрінен орын алады.

“... Заманның қаталдығына, қыз жолының жіңішкелігіне қарамастан, қазақ қызының қабілетін, өнерін халыққа таныта білген Сара, Майра, Диналарға гимн жазса да артық болмас еді” [6, 189 б.], – деген Фариза Оңғарсынова да қазақтың біртуар талантты да қайраткер қыздарына арнап бірнеше поэмалар жазды. Соның бірі – Сара Тастанбекқызының өмір тарихын, өнер жолын арқау еткен “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасы.



Поэма ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, Ф. Оңғарсынова неге Сара, Майра, Ақан, т.б. сынды өнер иелерін поэзиясына арқау етеді, бұл тақырыпқа баруының себебі неде деген сұрақтарға жауап беріп көрелік. Ең алдымен, жастайынан ауыз әдебиетінің маржанынан қанып ішкен ақын содан алған әсерін, көріп-біліп, көкірегіне түйгендерін өз шығармашылығына орнымен пайдалана білген. “...Менің ерекше сүйіп оқитыным “Біржан мен Сара қыздың айтысы” еді. ...Әйел заты ер-азаматқа тура қарап тұрып өзінің ой-пікірін, мүмкіндігін ашық айтуына болады екен-ау, деген ой – ұшығын кеудеме түсірген де Сара апамыздың осы айтысы” – деген еді Ф. Оңғарсынова бұл жөнінде “Сұқбаттар” атты естелігінде [6, 160 б.]. Осы сөздің шындығын ақын “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасында:

...Жалқы темірқазығым – Махамбет те,

Жыр – Шолпаным өзіңнің көгімдегі [7, 7 б.], – деп жырмен ажарлай түседі. “...Жаратылыс берген сәуленің үлкен алауға айналуы үшін алдыңда теңіздегі маяктай алыстан болса да жарқыраған бір үлгілер болуы қажет-ақ. Өнердегі ұстаздық деген сол. Мен үшін Сара апамыз сондай шамшырақ болған еді. Менің рухани ұстазым – Сара. Бұл шығармаларды анам да ұнататын, мен қанша оқысам да, анам жалықпай, сүйсіне тыңдайтын” [6, 329 б.], – дейді ақын.

Ф. Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның “әйелдері” әр дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады. Сараны өзінің өнердегі ұстазына айналдырған ақын “Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен, Сендік тағдыр менің де тағдырымдай”, – дей келе өткелі көп өлең өлкесінде өз өмірі мен кейіпкерінің өміріндегі ұқсастықты аңғартады. Поэманың басында ақын Сараның жыр туралы найзағай жарқылындай өткір пікірлері айтылса, екінші, үшінші бөлімдерде Сара қыздың туған жер туралы толғаныстары сөз болады. “Жер жәннаты Жетісудың” сұлулығы Сара шабытына шоқ тастайды. “Жаңғыртып жоталарын, Шырқаймын күз басынан. Жаныма от аламын, Найзағай сырғасынан”, – деп туған жерін жырға қосқан ақын қыздың қиялы алыстарды шарлайды.

Ф. Оңғарсынова поэзиясының ерекшеліктерін танытуға арналған “Менде бір тебіреніс бар” атты мақаласында Б. Асылжанов былай дейді: “Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл-күйі әлем тапырақ сезім болып айтылады, тек жай ғана айтылу емес, қазіргі замана талабының биік өресіне лайықтап айту – Фариза туындыларының бір қыры” [8, 12 б.]. Шынында да, ақынның лирикалық кейіпкер – әйелдерін үнемі бір кейіпте көру мүмкін емес. Әрі олар өз басының тыныштығын ғана ойлап, бір сарынды өмірді ұнататын, бейғам жандар емес. Қажет кезінде қолына қару да алатын, дауды шешер билік те айтатын өресі кең, өр мінез иелері. Осындай қасиеттердің кейбірін автор ақын Сараның бойына да дарыта көрсетеді. Сараның сол ауылдың белді бір байының жылқысын ұрлаған кедей жігітке байдың өзінен кешірім беруді сұрап, тұтқыннан босатуын өтінгені поэманың төртінші бөлімінде сөз болады.

Байеке, жаралғансыз нық тұғырдан,

Ел билер ерлер ғана жұртты ұғынған.

Ұрлаған бір жылқыны мен төлейін

Жігітті босатыңыз тұтқынынан [7, 10 б.].

Поэмада автор кейіпкер сөзіне аса мән берген. Автордың ақын Сараның аузына салған осынау намысты, қайратты сөздері кез-келгенге жараса бермейтін, санаулы жандардың ғана еншісіне тән батыл ойдың жемісі. Кейіпкердің характерін ашу мақсатында топ алдындағы көпшілікке бағытталған сөздерін молынан пайдалану арқылы Сара образын айқындауға тырысады. Өз басының бостандығын қорғай алмаған Сара азаматтың ары тапталғанда жаны күйіп, араша тілейді. Бұл – ақын жырларына тән батылдық сипатының бір көрінісі. Қажет жерінде бұқпантайламай, бой көтеретін осы сипат ақынның барлық поэмаларына ортақ. Адамзат өмірінің мәңгілік еместігін,

тіршіліктің тұтқасы сыйластықта екендігін айтқан асқақ үнді Сара ақын бостандықты жыр етеді:

...Бостандық – тұңғыш байлық бұл далада,
Жігіттің қайтарыңыз еркіндігін [7, 10 б.].

“Біреу бай, біреу жалқы күн кешетін бұл заманда басты байлық-бостандық” деген ойды қуаттайды. “Бақ деген, байлық деген жанға қонақ, Шығады ажал бір күн алдан орап”, – деп, халық аузындағы “Дүние ойлап тұрсам шолақ екен, Адамдар бір-біріне қонақ екен”, – деген өмірлік пәлсафаны жаңашылдықпен жалғастыра жырлайды. Поэманың келесі бөлімінде Сара қыз өмір жайлы, оның сан алуан құбылыстары: алауыздық пен татулық, махаббат пен жауыздықты жырға қосып, үлкен бір философиялық ой түйіндейді. Бұл бөлім тек құрылысы жағынан ғана емес, мазмұны тұрғысынан да халыққа ақыл-өсиет, нақыл түрінде айтылатын толғау жанрына жақын, жыраулар поэзиясымен үндесіп отырады.

Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,

Дарамын туа біткен ақыл – сана, – дейтін Сара қыздың да еркіндігі ұзаққа бармайды. Өзі өмір сүріп отырған уақыттың басты трагедиясы – қалың малға ол да тап келеді. Өзінің ықтиярынсыз күйеуге бермек болған аға-жеңгелеріне деген Сара қыздың наразылығы поэманың алтыншы бөлімінде сөз болады. Тайғақ тағдырлы қазақ қызының басына қалың мал қамытының киілуімен, бәрін жазмышқа сүйей салып, ең бастысы малды ауыл болса болды деген сол кездегі қараңғылықты, надандықты ақын жыр-жебемен аяусыз жаншып отырады. Қазақ қызының басына уақыт салған салмақпен қоса “Байтал шауып бәйге алмас” деген шынжыр ұғымның аяқтан шалуы – міне, осылардың барлығы Сара образы арқылы ашылады.

“Не дейміз?” “Жазымыш қой!” Жыла, жаным!

Жаны – жат, керек кеуде – бұл адамың.

“Жақсы ауыл?” Ауыл жақсы қай кезде де,

Қажетсіз ақ ордалы құдаларың! [7, 14 б.]

Лирикалық кейіпкер сөзімен айтсақ, “жаны-жат, керек-кеуде” жандардың құрбаны болған жалғыз Сара емес. Бұл сол кездегі қазақ қыздарының бәрінің басында бар жағдай. Бірақ, бір басынан еркіндік, те, нәзіктік те, тәкаппарлық та табылатын ақын қыздың кертартпа заманның құрбаны болмай, оған қарсы тұруы – поэманың әлеуметтік салмағын арттыра түскендей. “Фариза поэмасындағы әйелдердің стихиясы күреске толы. Жәй әйел емес, ел намысын ойлайтын азамат. Ән мен жырдың думаны, Сара өз бақыты үшін күресе біледі.

“Таңдаймын қалауымды! Еркімді бер, Табамын дала кезіп, құздарды аттап!” деп эпостық шығармалардағы аруларға тән ірілік көрсетеді [9, 160 б.].

Сара ақынның бары да, бақыты да – өлеңдері. Үш жүзге даңқы жайылған ақын кәріге де жасқа да жырларымен жылылық таратты. «Келер жас ой тереңнен шашса жақұт, Жоқ менде басқа тілек, басқа бақыт», – деп келер ұрпақтан жылымшы, жасық жыр емес, отты жыр күтеді. Ақын кейіпкері жастығына қарамай, парасатты терең ой айта біледі. Поэмадағы Сара қыз тек өнерімен ғана бағалы емес, оқырманна айналасында болып жатқан ірілі-ұсақ қоғамдық маңызды істерге араласа білетін ақыл иесі ретінде де танылады.

Өтеді уақыт, өтеді өмір демде...

Қабырғасы жылдардың сөгілгенде.

Мылқау мезгіл құяды мұзды суын

Алаулаған сезімге, көңілдерге [7, 16 б.], – деген ақын бес күндік жалған дүниенің баянсыздығын ақын “Жылдардың қабырғасының сөгілуімен”, білдіртсе, қайғы-қасіреттің айтып келмейтіндігін, тіпті одан мүлде бейхабар жүргенінде төбеңнен жай түскендей қылатынын “Мылқау мезгілдің мұзды суын құюымен” шебер аңғартады. Яғни, ақын аз сөзге көп мағына дарытып, айтпақ ойын көркем тілмен жеткізеді.



Бұл айтылғандардың бәрінің жалғыз Сараның ғана базына-назы емес, белгілі бір дәрежеде ақынның өз жүрегінің сыры екендігін аңғару қиын емес. “Ақын кейде актер сияқты басқа біреудің рөлін ойнай алады. Ақын өзінің жеке қасиеттерін және өмірге деген көзқарасын басқа біреулерге беріп, керісінше болуы да мүмкін” [10, 10 б.]. Байқағанымыздай, өзіне-өзі қатаң талап қойып, әділ сыншы болған лирикалық кейіпкер жырларына тоқмейілсіп, тоқырап қалмайды. Керісінше, “жабыққанды жұбатар шуақты жырларым аз-ау”, – деп өзіне өкпе артып, өкініш білдіреді. Бұл әрине, нағыз шығармашылық адамына тән мінез. Поэма сонысымен құнды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұртаза Ш. Намыс қайрағы // Астана ақшамы. – 2000 – 29 сәуір.
- 2 Мүсірепов Ғ. Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер // Заман және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1982. – Б. 132-134.
- 3 Айтқожина М. Ешкіөлместегі ескерткіш // Социалистік Қазақстан. – 1974. – 8 наурыз.
- 4 Кәкішев Т. Өрелі де кестелі ойлар // Айтқожина М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Б. 114-116.
- 5 Иманасов С. Ғашықпын саған // Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ғылым, 1981. – Б. 240-242.
- 6 Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз // Мақала, эссе, повестер. – Алматы: Жазушы, 1990 – Б. 125-127.
- 7 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер / Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1987. – Т 2. – 366 б.
- 8 Асылжанов Б. Менде бір тебіреніс бар // Жалын. – 1982. – №2. – Б. 28–29.
- 9 Ұйықбаева М. Қанатты жырдың қарлығашы // Ф. Оңғарсынова. 10 томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – Т 9. – Б. 310-311.
- 10 Сұлтанғалиева Ж. Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 1998. – Б. 53–54.

РЕЗЮМЕ

В статье «Литературный образ Сары Тастанбеккызы» (на основе поэмы Ф. Унгарсыновой) автор анализирует жизнь и творчество казахского поэта Сары Тастанбеккызы. А также дает сравнительный анализ художественных произведений, посвященных С. Тастанбеккызы. Рассматриваются художественные, жанровые особенности поэмы Ф. Унгарсыновой, посвященной жизни поэта С. Тастанбеккызы.

Отмечено, что жизнь и творческое наследие Сары Тастанбеккызы как талантливого импровизатора казахского народа занимает особое место в казахской народной музыкальной культуре и литературе.

RESUME

In the article «Literary image of Sara Tastanbekkyzy» (based on the poem of F. Ungarsynova) the author analyses the life and creative activity of the Kazakh poetess Sara Tastanbekkyzy. The also gives a comparative analysis of the fiction devoted to S. Tastanbekkyzy. The author considers artistic and genre peculiarities of the poems of F. Ungarsynova devoted to the life of the poetess S. Tastanbekkyzy.

The author points out that the life and creative inheritance of Sara Tastanbekkyzy as a talented improviser of the Kazakh people occupy a peculiar place in the Kazakh folk musical culture and literature.

Аннотация

Мақалада Ә.Нұршайықовтың «Махаббат жыры» романындағы Отан қорғауға аттанған жастардың ұлттық намыс, рухты жанына серік етіп, жауға деген ыза-кекке булыққан сезімі, заманауи келбеті, адами болмыс-бітімі, мінез-құлық, жеке қасиеттері жан-жақты сипатталады. Жазушының шығармашылық мұрасының табиғаты мен тағлымы, ондағы ақиқат жайттар мен жастар өмірінің жарқын-сәулелі сәттері, көркемдік-рухани байлығының мән-маңызы ашылады.

Түйін сөздер: әдебиет, көркем туынды, роман, әңгіме, шығарма, идея, лирикалық кейіпкер, авторлық суреттеме, композиция, типтік бейне, антитеза, замандас бейнесі.

Ш.А. Доскеева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, филол. ғыл. канд., доцент

Ә. Нұршайықовтың «Махаббат жыры» романындағы замандас бейнесі

Әдебиет – ұлт айнасы, көркем туынды – халық шежіресі болса, ондағы өмір, уақыт шындықтары – кезең көрінісінің көркем суреті. Өмір шындығы – көркем туындының негізгі мұраты, басты нәрі.

Көркем әдебиетте эпикалық шығарма арқауы сюжет. Сюжеттегі тартыс табиғаты кейіпкердің жан дүниесін ашып беруде қолданылатын көркемдік тәсілдің ең жоғарғы түрі эстетикалық-психологиялық тұрғыда берілуіне байланысты айқындалады. Осы тұрғыда біз Ә.Нұршайықовтың образ жасау зертханасындағы оның жан әлемін суреттеп беру қасиетіне бой ұрмақпыз. Белгілі ғалым Б.Майтанов: «Адам рухани әлеуметтік өсу жолында әртүрлі қоғамдық қарым-қатынастар әсерімен өзгеге ғана емес, өзіне де сын көзбен, еселі талаппен қарауға бейімделмек. Әдебиет кейіпкерлерінің өз ұғым-түсінігіндегі өзгеріс нышандарына көңіл қою шақтары, нақты іс-қылығына, айналасына, жекелеген субъектілерге қатысты толғану, тебірену сәттері – психологиялық талдаудың қайнар көзі. Дара басындағы түрлі сана, сезім импульстарына назар аударып, толымды баға беру, байлам жасау әдеті рухани, адамгершілік өрісі мол интеллектуал қаһармандарға лайық [1, 8 б.], - деген пікірді орынды айтқан. Өйткені әдебиет өз көркемдігін қуатты күшке айналдыруында осы қасиеттерді басшылыққа алады.



Жазушы Ә.Нұршайықовтың махаббат тақырыбына арналған, өмірге үлкен мектеп болатындай, өз ішінде бірнеше әңгімелерді жинақтаған күрделі шығармасы – «Махаббат жырлары» романы. Бұл роман өз ішінде төрт бөліктен құралған. Әрқайсысы жеке-жеке туынды. Бірақ бір романның аясында қарастырылуы – шығармадағы махаббат жырларының сыршылдығында. Бұл роман «Махаббат жыры», «Ботагөз», «Әсем», «Ескі дәптер» деп аталатын 4 жырдан құралған.

«Махаббат жыры» шығармасы Ербол Есенов есімді журналистің іссапармен жүріп, белгісіз біреудің өзі және Ербол турасында жазылған мақаланы әкелгені, оның тақырыбы «Сөнген шырақ» деп аталатындығы турасында мәлімет алады. Көп ұзамай ол кісінің есімі Әділжан Хасенов екенін, бұрын майданда бірге болып, екі көзінен айырылып, елге қайтқандығын еске алып, Әділжан отырған ауыл Тасөткелге аттанады. Шығарма осылайша сұхбат түрінде ауызша өрбиді.

Шығарма Ұлы Отан соғысының эпизодын суреттеуден басталады. Отан қорғауға аттанған жастардың ұлттық намыс, рухты жанына серік етіп, жауға деген ыза-кекке булыққан сезімі шығармада патриоттықпен суреттелген. Майдандағы әскерлердің біреуінің ауылында сүйген қызы қалса, ал енді біреуінің аяулы жары, анасы мен апақарындасы қалды. Әділжанның соғысқа кетер алдында ғана алғаш рет құшып сүйген ғашығы Ғайнидың бейнесі шығармада махаббатқа селсоқ, салғырт, адам жанын түсінбейтін, жан сарайынан тән келбетін жоғары бағалайтын, махаббатқа әлсіз жан ретінде бейнеленеді.

Сол соғыстан жараланып келген Әділжанға ауылдың жаңашыл орыс достары көмек көрсетеді. Яғни зауыт комсомолдары ақша жинап беріп, Одессадағы белгілі көз дәрігері Филатовқа жібермекші болып, оны ертіп баратын адамға да жолақысын төлеп береді. Бұл жерден біз жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін, қорғансызға деген көмек, Отан үшін, халық үшін жанын қиған ел ұлдарының достық сезімін көреміз. Мұның нақты айғағын Әділжанның шығармада орыс халқының мейірбандығы мен қамқорлығы жайында тебіреніп суреттейтін: «Мені ең алдымен сонау бір орыс шопыры ажалдан құтқарып қалды. Ол мені өлгелі жатқан жерімнен машинасына салып, госпитальға жеткізді. Сол шопыр болмағанда ендігі менің сүйегім де қурап қалатын еді. Одан соң орыс дәрігерлері емдеп, жарамды жазды. Орыс жазушысының кітабы жаныма қанат бітірді. Зауыттағы орыс жастарының қамқорлығы көңілімді шарықтатты. Жақын ағамның қызы, қарындасым істей алмаған жақсылықты да маған мына Нина жасап отыр. Енді міне, орыс академияның қолынан шипа дәмепіп тағы келе жатырмын. Мың да бір рақмет саған, орыс халқы» [2, 93 б.], - деген сөзінен көреміз. Сөйтіп, жазушы шығарма идеясында адамның көзін жаза алмаса да, көңілін жазып, өмірге «қайта оралтқан» орыстың жалынды да жігерлі жастарына, қарқынды да қамқор ұландарға ілтипат білдірсе, қазақ жастарына орысты үлгі етеді. Замана жастарының айқын бейнесін осы орыстардың қамқорлығы арқылы суреттейді. Осы халыққа тән қайсарлық пен өжеттікті қазақ халқынан көрмегеніне «өкінгендей» болады да, орыстың өнегесін басқаға сабақ еткісі келеді. Бірақ уақыт өте келе, барлық жауаптылықты мойнына алған, қоғамдық жұмысты белсене атқарып, ел адамдарына қол ұшын тигізіп жүрген жастарға еліктеген ауылдың өзге де адамдарының игі істерін шығармадан айқын аңғарамыз. Мәселен, күйеуінен ерте айырылып, жалғыз қалған Асылгүлдің жаңа бір заманауи қырын танимыз. Әділжанды Нина емдетуге Украинаға алып кеткенде, орны бос қалған Нинаның жұмысын Асылгүл дөңгелетіп алып кетеді» [2, 95 б.], - дегенінің өзі қазақ қызының жаңа адами қасиеті мен қоғамдық жауапкершілік сезімін танытады. Бұл арқылы жазушы осы бір ауылда басталған игілікті жастар ортасының достық пен мейірімділікті, адамгершілік пен қамқорлықты қолына ала отырып, қалың жұртшылықты оятып, жастарды қайырымды іске шақыруды мақсат еткенін жырлайды.

Қаламгердің «Махаббат жыры» шығармасында ең сәтті шыққан кейіпкер – Асылгүл бейнесі. Жазушы Асылгүл арқылы сол қоғамдағы қазақ қыздарының тағдырын, жан



арқылы өмірді таныды, заманды білді. Намысқа тырысып, елден қалмай, жұмысқа шықты. Ондағы мақсаты да—өмірмен араласу, жұрттың қасында болып, қайнаған тіршіліктің дыбысын есту, сөйтіп, заманмен біте қайнасу. Осылайша ол құр отыра бермей, ерлік жасайды. «Жігітті намыс өлтіреді» дегендей, ерлік намысы тасып, қоғамдық үлкен іске елден қалмай араласады. Оның алғашқы жұмысы былай басталады: «Бір күні қырман басынан құдық қазу қажет болды. Соған бригадир үш адам бөліп жатыр екен. Біріне мен сұрандым. Әркімдердің «Қой, Әділжан, сенің қолыңнан келмес», - дегеніне қарамады. Асылгүл, тағы бір әйел, үшеуіміз күні бойы құдық қаздық. Екі әйел құдықтың дөңгелек аумағын бір күрек бойы қазысып, шұңқыр жасап бергеннен кейін, ар жағын кеулеп, өзім тереңдетіп әкеттім. Баяғыдағы, зеңбірекке окоп қазғандағы әдіспен топырақты құлаштай лақтырып, кеулеп барамын. Әйелдерге айналасын тегістеу сияқты жеңіл жағын беріп, ауыр салмақты өз иығыма саламын. Терімді төгіп, өзімнің көпке пайдалы іс істеп жатқанымға қуанамын. ...Содан кейін қырманда тұрып, қап толтырысатын, элеваторға баратын арбаларды тиесетін болдым. Алты пұттық қаптарды арқалап лақтырғанда допша ойнатамын. Өттең, не керек, көз болмаған соң күш зая кетеді екен ғой. Өн бойымды кернеген қалың қайраттың лықып сыртқа шыққысы келеді. Оны еркін шығаратын жол жоқ, дәрмен жоқ. Ер жігітті қинайтын есепсіз қорлық екен» [2, 110-111 б.]. Қоғамы сана, бірлік, болмыс пен түсінік осы жерден тоғысады. Әділжанның қоғамға кішкене болсын пайдам тисін дегені - өмірге деген жаңа тынысының ашылып, қоршаған дүние үшін бір қолынан келер іс жасау, бар күшін бос зая кетірмей, оны айналаға беру, көзі жоқ болмағанымен, ояу көңіліне қаяу түсірмей, ұрпақты дамыту. Оның бар ойы – қанағат етіп, дүниеге тойымдылықпен қарау, елінің амандығына риза болу. Ерболдың жазған өлеңдерінді баспаға жіберіп, қаламақы алмайсың ба деген сауалына: «Колхоздың жақсы адамдарын мақтаймын, жалқауларды жанын шығара сынаймын. Менің мақтауым жағып немесе сыным өтіп, жұрт ілгері басып, көпшілік ісі жақсарса болды. Маған қаламақы сол. Ай сайын үкімет зейнетақы береді. Оны мен шалқамнан жатып аламын. Оның үстіне, бірекі ауыз өлең құрастырушы едім деп ақша дәметуге арым бармайды. Адам нәпсісін өзі тиып ұстамаса, тойымдық бар ма дүниеге? Мен қанағатшыл жанмын. Маған осы тіршілігімнің өзі қанағат. Отанымның зұлым жауды жеңгені қанағат. Енді елімнің космосқа қос-қостан батыр ұшырып жатқаны қанағат. Отан аман болса ешкім де аштан өліп, көштен қалмайды» [2, 116 б.], - деп жауап бергенінің өзі – елдің, Отан-ананың амандығына шүкіршілік еткен қарапайым ауыл ерінің бейнесін көреміз. Шығармадағы Әділжан бейнесі – қаламгердің интерпретациясына түсіп, типтендірілген күрделі образ. Бұл бейне арқылы жазушы тек Әділжан емес, Әділжан сияқты майданнан келген, елім деп еңіреген жас жігіттердің де тағдыры мен жан-дүниесін көрсеткісі келді. Яғни, Әділжан – бір жағы дараланған образ, сонымен бірге жинақтық бейне. Ол заман мен қоғамның өрістеуіне бар күшін салып, еліне жаны ашыған тұлға, соған орай заман да оны еркелетіп, жетімсіретпеді.

Ал, жазушының «Ботагөз» шығармасы – жазбаша баяндау түрінде жазылған ерекше туынды. Яғни Ербол Есеновпен бірге болған дәрігер адамның өз өмірінен өткендерін оған баяндап, жазбаша хат түрінде жазып жіберген эпистолярлық мәндегі туынды. Шығарма Еркеш Еркешов деген жас жігіттің Ботагөз деген қызға ғашық болуы (шын аты Зияда Жағыпарова) сюжетінен бастау алады. Еркеш Ботагөзге әр түрлі хат-өлеңдер арнап жазып жіберетін. Бірақ Ботагөз – адамның жан сұлулығынан гөрі тән сұлулығын жоғары бағалайтын паң, кербез еді. Кездесетін жерді Еркеш айтып, ол күтіп тұрғанда, Ботагөз жанынан ешкімді көрмегендей өтіп кетеді. Ал өзінің пікірін Нұрзиядан айтып жібереді: «Сөзі тәуір болғанымен, өзі өңсіз екен. Менен дәмеленбей-ақ қойсын... Мен өмірлік жолдас болмақ тұрғай, өңсіз жігіттермен жай қатар жүргеннің өзіне ұяламын. Сондықтан мен қасымдағы серік қыздарым мен жақсы достарымның да сымбатты болуын жаратам» [2, 127 б.]. Ботагөз осылайша бар мінезін, келбетін өзі суреттеп береді. Уақыт өте келе, Ботагөз өз арманына жетеді. Оқуды бітіріп, ауылға барғаннан кейін, сұлу, сымбатты, өңді

жігітке тұрмысқа шығады. Содан кейінгі өмірін Еркешке Нұрзия айтып береді. Бұны естіген Еркеш өз атынан баяндайды: «...Алғашқы әсер. Асығыс шешім. Артық жұтқан шарап. Қандай опасыз еді осының бәрі... Үйленіп алғаннан кейін ол үй қыдыруды әдетке айналдырды. Барған жерден бас көтерместен ішетін болды...» [2, 131 б.]. Осылайша Ботагөздің қиын да ауыр тағдыры, басынан өткен оқиғалары суреттеледі. Жасында паң, тәкаппар болғанымен, уақыт өте келе өмір азабын көп тартқан ана ақыр аяғында, Болат атты жалғыз ұлын қара жердің қойнына береді. Әсетпен ажырасып, қызы Ботагөзді алып басқа ауданға көшіп кетеді. Бұл ойран болған жанұяның басты қателігі неде дейтін болсақ, оған жауапты шығарма кейіпкерлері мен шығарма сюжеті береді. Біріншіден, Ботагөз бейнесі арқылы паң, кер маралдай керілген кербез, менмен адамдарды көрсете отырып, олардың адамның рухани қасиеттерінен гөрі, сыртқы түр-түсіне қызығып, соңында опық жегенін айтқысы келсе, екіншіден, махаббат сезіміне адал болмай, асыл сезімді қадірлей алмай, эзәзілдің жетегінде кете барған тұрақсыз Әсет сияқты жанұяның шырқын бұзар есерсоқтардың заманға тигізер үлкен кесірін көрсетеді. «Заманды қай жан билемек, замана оны илемек» деп Абай атамыз айтқандай, заманның илеуіне түскен Әсет пен Ботагөз мінездерін, олардың екі түрлі мінез құрбаны болғандықтан бір шаңырақтың астында тұра алмауын, автор антитеза арқылы суреттейді.

Жазушының ең басты ерекшелігі – оның кейіпкерлерінің бір-біріне мүлде ұқсамайтындығында. Әр кейіпкер, әр бейне – өзінше бір әлем. Оның шығармаларының қуаттылығы – кейіпкерлерінің заманауи келбетінде. Әділжан мен Асылгүл өмірдің ауыр да қатал заңын бастарынан өткеріп, өмірді өз қолдарымен жасаса, жаңашыл орыс достары қамқорлықтың кірпішін қалады. Ләйлә мен Ермектің қайсарлығы мен өжеттігі барлық жасқа үлгі болды. Ботагөз асыл да аяулы жар болғанымен, Әсеттің опасыз қылығынан жапа шекті. Ал жазушының ерекше бір қарқынмен, идеямен жырланған шығармасы – «Әсем» атты әңгіме. Зооветинститутта сырттай оқитын Ақан атты ауыл баласының Әсем атты қаланың қызымен жарасып, жымдасып, жаңа отбасының құрғаны - өзара түсіністік пен келісімшілдіктің, қала қызының қарапайымдылығының, махаббатқа, жарына адалдығының жарқын көрінісі. Жастардың өзара ауызбіршілікпен татулыққа бет бұруы – замандастардың бірлігінде. Ақанды Әсемнің досы Булатиктың ұрып-соғып, оның ауруханаға түсіп қалғанына өзін кінәлі санаған Әсем іздеп келеді. «Ол түні неше түрлі түс көріп, ұйықтай алмай шықтым. Келесі күні қаладағы ауруханалардың бәріне барып, сені іздедім. Міне, бүгін, әрең таптым» [2, 146 б.], - деген сөздердің астарынан қыздың адамгершілік әлемін айқын аңғарамыз. Өз кінәсіне қатты қиналып, қасындағы Булатикке лағынет айтып, Ақаннан кешірім сұрауы – адалдық пен тазалықтың саф белгісі еді. Қаланың ұшқалақ мінезді қызы өз сүйгенімен ауылға тартады. Махаббатқа берік Әсем Ақанды жанындай жақсы көріп, өмірлік жан серігіне айналдырады.

Әсем тек Ақанның жан серігі ғана емес, ата мен енесінің асыл қолқанаты, ауылының жанашыр дәрігері болып, елдің қалаулысы атанды.

Қаламгердің «Ескі дәптер» шығармасының мәні де, жазылу стилі де ерекше. Ербол Есенов атты журналисттің Аққайың колхозына келіп, бір үйде отырып, ескі дәптерді оқып, сондағы уақиғаларды шығармада баяндау негізінде өрбиді. Жазушының жалпы шығармашылығындағы басты кейіпкер Ербол атты журналист дүниені, оның қызығы мен шыжығын қатар көре білуші, сыншы ретінде көрініс береді. Осылайша ол ескі дәптерден әдемі оқиғаны көреді. Жазушының жазу шеберлігінің қуаты, оның шығармаларының стиль даралығы, образдардың бір-біріне ұқсамайтындығында. Тақырыбы бір, көтерер мәселесі ортақ, заманы және соған лайық кейіпкерлері бір болғанымен, берілу сипаты, оқиғаны жеткізу тәсілі бір-бірінен өзгеше суреттеледі. Яғни, шығарма прологы журналисттің дәптерді оқуымен басталып, оқиға сюжеті дәптер ішіндегі жайларды баяндаумен жалғасады. Жасынан жетімханада өскен Әлкен мен Қабира арасындағы бауырмалдық, қастерлілік, достық, одан әрі махаббатқа ұштасқан сезімі ұлттық болмыс, халықтық таным тұрғысынан жеткізіледі.



Қабираның бойындағы барлық асыл да ізгі қасиеттерді жазушы оның іс-қимылы, жүріс-тұрысы, мінез-құлығы, болмыс-бітімі арқылы жан-жақты көрсете білді. «Қабираға тоқсан сайын жүлде тиетін. Кейде ол сыйлыққа кітап, кейде көйлектік жақсы мата алады. Алғашқы бетіне аты жазылып, мектептің мөрі басылған талай кітапты Кабира өзі оқығаннан кейін өзгеге беріп қоя беретін. Екінші қайтып оны сұрауды білмейтін. Ал ол көйлектік бұл алса, оны да көпке жұмсайтын, еркек балалардың бірінен базарға саттырып жіберетін де, ақшасына бүкіл өз класының балаларын киноға апарып, мәз-мейрам ететін. Сөйтіп жүріп ол өзіне бауыр-сіңлі еткен кіші кластың балаларына сыйлық жасауды да ешқашан ұмытпайтын. Кабира өз басына оңаша дүние жинауды әсте білмейтін еді. Осы мінез-құлығы, ар-инабаты, алғыр зеректігі үшін оны мұғалімдер жақсы көріп, қадір тұтатын» [2, 169-170 б.], - деген үзіндіден өзі ішіп, өзі жарытып киінбесе де, бауыр-сіңлі етіп алған төменгі кластың балаларын қамқорлығына алып, мейірім білдіретінін көреміз.

Today Methodists acknowledge with regret the fact that in teaching the foreign languages in practice there are some problems: not defined achievable goals of intercultural communication in a variety of conditions, the volume of the socio-cultural component of foreign language teaching and the content of the native culture, which needs to be learned in the study of a foreign language. There are a number of difficulties in learning intercultural communication. In particular, a barrier in understanding the foreign language of the interlocutor in a cultural plan, as within the framework of his native culture among students formed a solid picture of their vision of the world. This is particularly evident in the study of idioms. Proverbs studied in the language are not fully understood by students. The idioms reflecting the positive or negative assessment of certain qualities can be judged on the ethnic norms of social life and the rules of behavior in society.

Methods

In accordance with the purpose diagnosis of intercultural competence assumes certain levels of development of it in students: sufficient, medium and low. The first level deals with value-orientation. A student understands cultural differences, able to control his behavior adequately the cultural specifics of the situation, shows the correct behavior during the communication with a partner. He is familiar with substantial features of other cultures, which contrast with the native culture. He understands and accepts the difference between behavior and perception of the world from different cultures with the lack of a pronounced positive or negative assessment. The second level reflects the permissible criteria. The student recognizes the existence of some differences in behavior and perception of other cultures, but he does not see the differences in their value systems. His knowledge and cultural studies are not of a systemic nature, they are superficial and piecemeal. The third level is the lowest. A student finds values and norms adopted in the native culture the only correct, he actively rejects values and behavioral systems of other cultures, he is not aware of the differences between cultures. He has the stereotypical perception of national and cultural peculiarities of other people due to the fact that he is familiar with only superficial, eye-catching features of other cultures. Based on the analysis presented above criteria and levels of intercultural competence diagnosis was made using the following methods: assessment of the level of knowledge and cultural studies according to our questionnaire, diagnosis of dynamics of personal growth by Grigorev, Kuleshova and Stepanov, ranking place in the hierarchy of tolerance values; a questionnaire for

the diagnosis of the capacity for empathy by Mehrabien & Epstein; diagnostic technique communicative installation by Boyko. We believe that the achievement of a young man state "ideal" development of his intercultural competence occurs when there's a clear focus on the self-diagnosis of his vital needs, motives of life, value orientations. That is why the first stage of the experimental work was the value-installation, where students set their attitudes and values, in particular the value of another person, a different culture, a different system of values.

Conclusion

The idea of teaching a language through culture is not new for foreign language teachers. In many cases, teaching a language through cultural based activities has meant focusing a few lessons on holidays, customary clothing, folk songs, food, etc. These topics could be useful, without a broader context or frame they offer little in the way of enriching linguistic or social insight, especially if a goal of language instruction is to enable the students to function effectively in another language and society for intercultural communication. Understanding the cultural context of day-to-day conversational conventions such as greetings, farewells, forms of addressing, thanking, making requests and giving or receiving compliments means more than just being able to produce grammatical sentences. It means to know what is appropriate to say, to whom it could be said, in what situations and also to understand the beliefs and values represented by the various forms and uses of the target language.

LIST OF REFERENCES

- 1 Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: Учебное пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин.яз. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2004. – С. 44.
- 2 Загвязинский В.И. Методология и методы психолого-педагогического исследования: Учеб.пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.И. Загвязинский, Атаханов Р. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 208 с.
- 3 Подласый И.П. Педагогика: Учебник / И.П. Подласый. – М.: Высшее образование, 2006. – 540 с.
- 4 Слостенин В.А. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов. – М.: Школьная Пресса, 2004. – 512 с.
- 5 Arnoldov A.E. Man and the world of culture: Introduction to culturology. - Moscow: MSIC, 1992.
- 6 Valeeva R.A. & Echavarria A. The essence of the concept of "values" in the context of psychological and educational researches. In Actual problems of pedagogics and psychology (pp. 56-60). Kazan: Publisher "Otechestvo", 2013.
- 7 Барышников Н.В. Параметры обучения межкультурной коммуникации в средней школе // Иностранные языки в школе. - 2002. - №2.
- 8 Хусаинова Е.Н., Михайлова О.О. Проблемы обучения межкультурной коммуникации студентов неязыковых вузов // Язык и социокультурная среда: аспекты взаимодействия: Материалы 48 научно-методической конференции «Университетская наука - региону». - Ставрополь: Изд-во СГУ, 2003. – 356 с.
- 9 Бережная О.Л. Лингвостранноведческий подход к обучению иностранному языку как средство приобщения учащихся к национальной культуре // Язык и социокультурная среда: аспекты взаимодействия: Материалы 48 научно-методической конференции «Университетская наука - региону». - Ставрополь: Изд-во СГУ, 2003. – 356 с.
- 10 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. - М.: Слово, 2000.
- 11 Синагатуллин И.М. Новый миллениум: роль и место иностранного языка в поликультурном социуме // Иностранные языки в школе. - 2002. - №1.



- 12 Sternberg R.J., Sternberg K. Cognitive psychology (6th Ed.). – Belmont: Wadsworth, Cengage Learning, 2009.
- 13 Blomberg O. Concepts of cognition for cognitive engineering //The international journal of aviation psychology. - 2011. - Vol. 21, №1. – P. 85-104.
- 14 Bialystock E. (1981a). The role of linguistic knowledge in second language use. *Studies in Second Language Acquisition*, 4, 31- 45.
- 15 Battista J. (1978). The science of consciousness. In K. Pope and J. Singer (Eds.). *The stream of consciousness. Scientific investigation into the flow of human experience* (pp. 55 – 87). - New York: Plenum Press.
- 16 Grigorieva N.N. Formation of the intercultural competence of senior students. On a material of foreign language learning: Ph.D. Dissertation. - Kazan: Kazan State. Pedagogical Univ., 2004.
- 17 Grigoriev D.V. et al. Personal growth as an indicator of the effectiveness of child education: methods of diagnosis. - Tula: IPK, 2002.
- 18 Klyukanov I.E. Dynamics of Intercultural Communication: System-semiotic research. - Tver: TverStateUniv., 1998.
- 19 Mehrabian A., & Epstein N. A measure of emotional empathy. // *Journal of Personality*. - 1972. – 40. - 525-543.
- 20 Boyko V.V. Energy of emotions in communication. - St. Petersburg: "Peter", 2004.

ТҮЙІН

Осы мақалада сананың екінші тілді меңгеру рөлі ашылады, бұл үлкен мәнге ие және нақты қаралуы тиіс, егер нәтижеге қол жеткізгіміз келсе, меңгеруді түсінуіміз абзал. Зерттеу үдерісі мәдениетаралық құзыреттіліктің феномологиясын анықтауға бағытталған. Оқу үдерісі студенттердің құндылығын шет тілін оқыту құралы негізінде мәдениетаралық қарым-қатынасты қолдану.

РЕЗЮМЕ

В данной статье раскрывается роль сознания в усвоении второго языка, что имеет большое значение и должно быть конкретно рассмотрено для достижения прогресса в понимании данного усвоения. Исследование заключается в определении феноменологии межкультурной компетенции. Процесс обучения должен обеспечить формирование ценностного отношения студентов к изучению иностранного языка как средства межкультурного общения.

Аннотация

Мақалада автор қазіргі қоғамдағы халықаралық қарым-қатынаста аудармашыларға деген қажеттілік туралы және қазақ аудиториясына арналған оқу құралдарының тапшы екенін тілге тиек ете келе, аталған бағытта студенттерді дайындауда оқыту барысында ағылшын тілінен қазақ тіліне аударуда кездесетін грамматикалық қиындықтар туралы уәж келтіреді. Мақалада берілген мысалдарды практикалық сабақта қолдауға болады.

Ә.Ж. Құрманова

«Тұран-Астана» университеті,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Түйін сөздер: аударма теориясы, грамматикалық қиындықтар, халықаралық қарым-қатынастар, грамматикалық құбылыстар.

Ағылшын тілінен қазақ және орыс тілдеріне аудармада кездесетін грамматикалық қиындықтар

Қоғам дамуының қазіргі кезеңін халықаралық қатынастың өте қарқынды түрде жүріп, ұлғаюымен тығыз байланыстыра қарастыра болсақ, толассыз жүріп жатқан халықаралық қарым-қатынаста аудармашыларға деген қажеттілік күннен күнге өсе түсуде. Ал бұл қажеттілік әлі де болса толық қанағаттандырылмай келеді. Жаһандану процесі жүріп жатқан кезеңде әлемнің барлық елдерінен мамандарды жинап, адамзат іс-әрекетінің түрлі мәселелеріне арналған конференциялар, симпозиумдар өткізу ешкімді де таңдандырмайды.

Соңғы онжылдықта аударма теориясы мен практикасының жалпы және жеке аспектілеріне арналған көптеген басылымдар шығарылды. Әлемнің көптеген елдерінде аудармашылық қызметтің өзекті мәселелеріне арналған пікір таластарды жариялап тұратын арнайы мерзімді басылымдар да бар. Мұнан басқа, аудармашылардың жаңа буынын дайындау ісінде жыл сайын жаңадан шығып жатқан оқу-әдістемелік құралдардың да көмегі зор. Осындай толып жатқан басылымдар ішінде қазақ аудиториясына арналған оқу құралдары өте сирек кездеседі.

Қазіргі аударматанудың базалық курсы оқыту барысында студенттің тілдік және жалпы мәдени танымына қатысты төмендегідей мәселелер келіп туындайды:

- лингвистикалық тұрғыдан алып қарағанда студент екі тілдің де грамматикасын жете білуі керек;
- лексикадан тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынаста жиі қолданы-



латын түрлі идиомалық оралымдарды қолданып, өз ойын кедергісіз жеткізе алатындай көлемдегі сөздік қоры болуы шарт;

- білім алушы, сондай-ақ, бір тілде жазылған, бірақ түрлі функционалды стильге жататын мәтіндерді тиісті деңгейде ажырата білуге міндетті;
- сонымен қатар, студент контрастивті (салыстырмалы) лингвистика саласынан да мәлімет алып, тілдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар, аударылатын жұп тілдердің әлемнің тілдік бейнесіндегі ерекшеліктері жайлы хабардар болуы шарт.

Бұл мақалада негізгі грамматикалық құбылыстарды аударуда кездесетін қиындықтарды қамтымақпын. Артикль – қазақ және орыс тілдерінде сәйкес баламасы жоқ қызметтік сөз. Артикль (лат. *Articulus* - мүше) - белгілі және белгісіздік, нөлдік мағынасында жұмсалатын көмекші грамматикалық элемент және зат есімнің алдында қолданылады [1, 45 б.]

A senior Egyptian official reached agreement with Palestinian leaders.

A senior official - бұл жерде белгісіздік артиклі ешқандай ресми тұлғаны сипаттамай, «жаңа» мәліметке меңзейді; ... *reached agreement*- нөлдік артикль жақтардың ортақ келісімге келгенін алайда еш нақты құжат жоспарланбағанын білдіреді; ... *with Palestinian leaders* – нөлдік артикль зат есімнің көпше түрі, белгісіздік болып табылады. Нәтижесінде:

Высокопоставленный египетский представитель достиг соглашения с полистинскими лидерами.

Жоғары шенді египеттік өкіл палестиналық көшбасшылармен келісімшартқа қол жеткізді.

Нөлдік артикль көпше түрде белгісіздік мағына береді.

To start ceasefire talks among militant groups...

Начать переговоры между воинствующими группировками о прекращении огня...

Жауыққан топтардың арасында соғыс әрекетінің тоқтатылуы үшін келіссөздерді бастау...

Ағылшын тілінде артикльдер белгілі және белгісіздік мағынасынан басқа бірнеше қосымша мағына береді. Сондықтан аудармашы оны дөп басып, жеткізе білуі шарт.

Белгісіздік артиклі негізі мағынасы «бір» дегенді білдіреді де *бір, жаңа, тағы бір, кезекті, қандайда бір, кейбір, кез-келген, әр, бүкіл, бірдей, бұл, өзі* деп аударылуы мүмкін.

A witty statesman said, 'You might prove anything by figure'

Один/некий остроумный государственный деятель заметил: «С помощью цифр можно доказать что угодно»

Бір өткіртілді мемлекеттік қайраткер «Сандардың көмегімен не нәрсені болмасын дәлелдеуге болады» деген.

London is a modern Babylon. Лондон-своего рода новый Вавилон. Лондон-өзінше бір жаңа Вавилон.

Белгісіздік артиклінің ұйымдар мен қала атауларының алдында қолданылуы осы ұйымның құрылуы жоспарда болып немесе қала тарихындағы белгілі бір этаптағы қызметін білдіреді.

A CIA under E. Hoover. – ЦРУ во время Гувера.- Гувердің тұсындағы ОББ.

A forty percent rise in all the US forces overseas seems a bit steep.-Прибавка жалования всем военнослужащим США за границей на целых 40 % кажется несколько неоправданной. – АҚШ-тың барлық шекарашы әскерилердің жалақысына 40% қосылуы ақтамайтын көрінеді.

'I will do my best' is the minimum the people have the right to expect of a president.

«Я обещаю сделать все, что в моих силах» -таков *тот* минимум, который *наш* народ вправе ожидать от *любого* президента.

«Мен қолымнан келгеннің бәрін істеймін» - деген *бұл* минимумды *кез келген* президенттен халықтың күтері ақиқат.

The thing that impresses me most about America is the way parents obey their children.

В Америке меня больше всего поражает *то, как* дети подчиняют себе родителей.

Америкадағы мені қатты таңқалдырғаны, балалардың ата-аналарын *өздеріне* қалай көндіретіндігі [4, 105 б.].

Белгілі артикль қандай да бір сөзге эмфатикалық күш беретін құрал ретінде қолданылады. Сонымен қатар артикль күшейтпелі шырай мағынасын береді де аудармада бейнеленеді.

The way to win an atomic war is to make certain it never starts.

Лучший способ выиграть атомную войну это не допустить ее начала.

Атом соғысын жеңудің *ең* дұрыс жолы оның басталуын болдырмау.

Prince Charles is the he (Song. “The Man I Love”).

Принц Чарльз – мужчина моей мечты. (т.е. *самый лучший* для меня) .

Принц Чарльз – менің арманымдағы жігіт. (яғни, мен үшін ең жақсысы).

Нөльдік артикль газет тақырыпшаларында, жарнама мен хабарламаларда жиі кездеседі.

Israel Frees Leading Political Prisoner

Израильяне освобождают важного политического заключенного

Израилдықтар маңызды саяси тұтқындарды босатуда

Қазіргі таңда нөльдік артикльдің қолдануы жиілеп кеткені байқалады – ағылшын тілінің американдық нұсқасында: *government, State Department, NATO* және т.б.; британдық нұсқасында: *to go to public school*

Ағылшын тілі–аналитикалық (талдамалы) тіл, сондықтан сөзарасындағы қатынастар, әдетте сөз тәртібінде, яғни синтаксистік амалдарда көрініс табады. Ағылшын тілінде морфология бағыныңқы рөл атқарады, ал, орыс, қазақ тілдерінде синтаксистік және морфологиялық аспектісі тең болып келеді.

Аудармада атрибутивті топта жиі қиындық тудырады, мәселен анықтауыштық тізбектерді аудару аудармашыға қиындық әкеледі. Атрибутивті топтың ішкі синтаксистік қарым-қатынасы әртүрлі болып келеді; дұрыс аударма жасау үшін осы топты құраушымен өзара қарым-қатынасын анықтап алу керек.

Атрибутивті топтарды аударғанда контекске назар аудару керек, алайда бұл ылғи да көмектесе бермейтінін ескеру керек: *all John-go-to-bed-at-noon flowers*. Бұл сөз тіркесін халықта күндіз жабылып, түнде ашылатын гүлді, мысалы медицинадаға ақшам соқырлықты айтады.

Атрибутивті сөз тіркесін аударғанда мынандай тәртіпті ұсынуға болады:

1. Атрибутивті топты мүшелеу: ол тіркес артикльден басталуы мүмкін, сілтеу есімдігі мен тәуелдеу есімдігі, сан есім; топ зат есімді анықтауышпен аяқталады; атрибутты топтың аяғында етістік, предлог, жалғаулық, жаңа артикль, сын есім, есімдік келуі мүмкін;

For different reasons the American mother company took a hand-off approach.

По разным причинам *головная американская компания* заняла позицию стороннего наблюдателя.

Әртүрлі себептермен *басты американдық компания* сырттай бақылаушы позициясына орналасты.

2. Анықтағыш зат есімді атрибутивті топтың соңына қойып аудару;

3. Солдан оңға қарай жылжи отыра сөз таптарының арасында мағыналық байланысына қарай бөлу:

An old college classmate - старинный знакомый, с которым учились в колледже - колледжде бірге оқыған ескі таныс

An Abu Ghraib abuse scandal - скандал, связанный с жестоким обращением с заключенными в тюрьме «Абу Грейб» -«Абу Грейб» түрмесінде тұтқындарға қатігездік көрсеткенге байланысты туындаған жанжал деп аудару ұсынылады.



Ағылшын тілінде көпмүшелі атрибутивті топтар жиі кездесуі ауызекі сөйлесімде әдеби аллюзияның кеңінен қолдануынан туындайды: *his gone-with-the-windish wife-оның жұбайы әйгілі Маргарет Митчелдің «Gone with the Wind» («Желмен ғайып болғандар»)* романындағы кейіпкерді еске салады [3, 98 б.].

Күнделікті тұрмыста, әлеуметтік салада жиі кездесетін атрибутивті сөз тіркестерді қазақ тіліне дұрыс аударуға қол жеткізу үшін, аудармашы бұл сөз тіркестерінің құрылымдық семантикалық ерекшеліктерін ескеруі қажет. Мына мысалдардан қарастырып көрейік:

Ағылшын тілінде атрибутивті тіркес	Қазақ тіліне берілуі
separation payments	жұмыстан босатуда төленетін жарна
service establishment	қызмет көрсету мекемесі
welfare expenditures	әлеуметтік қажеттіліктер шығыны
target growth rate	бақылау санының өсуін реттеу
background paper	оқиғаны қысқаша баяндайтын анықтамалық құжат
birth control	тууды реттеу, отбасын жоспарлау
child-care workers	Балаларға қамқорлық жасау қызметкерлері
community education	жергілікті жерлерде мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу
community centre	кешенді іс-шара өткізу жөнінде келісулер
credit facilities	несие алуға мүмкіндік беретін бөлімдер

Берілген мысалдардан байқағанымыздай, аудармашыға ағылшын тіліндегі атрибутивті тіркестерді дәл жеткізе алу үшін мағыналық элементтерін қазақ тіліне нақты жеткізе білу мақсатында аналитикалық зерттеулер жүргізу керек.

Негізгі лексика-грамматикалық, синтаксистік және стилистикалық бірліктердің бір тілден екінші тілге аударылу жолдарын айқындап отыру қажет. Бұл жағдайда шетел тілінен ана тіліне аудару мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Әрине, керісінше ана тілінен шетел тіліне аудару тапсырмалары да қамтылып отыру міндетті.

Білім алушылардың аудармада түпнұсқа вариантын сақтай білу іскерліктерін дамыту қажет, яғни олар түпнұсқа мәтінінің негізгі мазмұнына қарай аудармада сақталуы міндетті маңызды элементті анықтап, түпнұсқа мағынасын беруде қолданылуы тиіс элементтерден ажырата білуі тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Соколова Л.А., Трофимова Е.П., Калевич Н.А. Грамматические трудности перевода. - М.: Высшая школа, 2008. – 204 с.
- 2 Блох М.Я. Теоретические основы грамматики. – М.: «Высшая школа», 1994. – 239 с.
- 3 Вейхман Г.А. Новое в английской грамматике. – М.: Астрель АСТ, 2001. – 128 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены грамматические трудности перевода с английского языка на казахский. Целью данной работы является анализ грамматических явлений, которые могут представлять трудности при переводе.

RESUME

In this article the author considered the grammatical difficulties of translation from English into Kazakh are considered. The aim of this paper is to analyze grammatical phenomena that can present difficulties in translation.

Аннотация

Мақалада фольклорлық прецедентті мәтіндердің табиғаты талданып, олардың қазақ ұлттық құндылықтар жүйесін игеруде, оларды тереңдей түсінудегі маңызы сөз болады, ғылыми тұрғыда сипатталады. Қазақ дүниетанымының рухани іргетасын қалайтын тілдік құрылымдардың беретін тағылымы бүгінгі таңда қаншалықты өзекті деген сауалға жауап ізделеді.

Түйін сөздер: фольклор, әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық дүниетаным, ұлттық философия, ұлттық сана, прецедентті мәтін;

Б.А. Абдыханова

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
PhD докторанты

Прецеденттік мәтін және ұлттық дүниетаным

Ертегі, аңыз, эпостық жырлар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер сияқты халық шығармашылығының қай түрі болмасын қоғам санасының деңгейінен, ұстанымынан хабардар етеді, ақпарат береді. Фольклорлық шығармаларда көрініс тапқан дүниеге көзқарас, дүниетанымдық көзқарас практикалық ойлау негізінде өздігінен қалыптасатындықтан, кез келген ұлттың ойлау деңгейінің негізін құрайды. Әр ұлттың қоғамдық-философиялық көзқарастарының негізі осы халық шығармашылығы арқылы қаланады.

Ғасырлар бойы ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық мақсат-мүдденің жаршысы қызметін атқарып келе жатқан халық шығармашылығы әр халықтың рухани қазынасы болып табылады. Ұрпағын нағыз ерлікке, елін, жерін қорғауға тәрбиелеуді, ұлтының бойына қайырымдылық, мейірімділік, сабырлылық сияқты ізгі адами қасиеттерді сіңіруді мұрат еткен қазақ халқының ауыз әдебиетінде де қазақ ұлтының болашағының негізі жасалынған. Әрбір ұлттық мәдениетте жалпыадамзаттық құндылықтардың бағалануы бірдей дәрежеде емес. Оның себебі сол ұлттың болмысымен, жаратылысына, географиялық орны, тіршілігі, күнкөрісі, тарихи кезеңдерімен, әлеуметтік жағдайлары және ұстанған саясатына тікелей байланыстығында болуы керек. Осыған сай қандай құндылыққа басымдылық берілетіні анықталса керек. Қ.Айдарбек осыған қатысты мынандай ой қорытады: «Ғаламның тілдік бейнесінің әр этноста әртүрлі болуы, сол халықтың тілдік бейнесінің әр

этноста әртүрлі болуы, сол халықтың тәжірибесімен, білімімен байланысты, өйткені тілдік таңбаның таңбалау қызметі экстралингвистикалық факторлардың тікелей байланысында емес, адамның көрген-білгені, ойға түйгені, білімінің негізі болып табылады. Әр ұлттың, халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әртүрлі болады. Сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы ғаламның тілдік бейнесінде айырмашылықтар болады» [1,263]. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың ұлттық болмысында қалыптасқан құндылықтар жүйесін анықтауда, оларды түсінуде, ғылыми сипатта зерттеуде фольклорлық шығармалардың ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра білген танымдық құрал ретінде аса құнды дүние екендігі даусыз. Н. Уәлиевтің: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендігі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» - деген тұжырымдамасы, біріншіден, жоғарыда айтылған ойымызды толықтырса, екіншіден, халқымыздың өткенінен, дүниетанымынан хабар беретін түп төркіні толық ашылмай жатқан сөздердің бар екендігінен хабардар етеді [2,12]. Ұмыт қалған дәстүрлер мен ұлттық дүниетаным Ә. Қайдар, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, С. Қирабаев, А. Сейдімбек, Р. Сыздық, М.Копыленко, Т. Жанұзақов, Е. Жанпейісов, Ш. Сарыбаев, Н. Уәли, Ж. Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде ғылыми тұрғыда, философиялық, мәдениеттанымдық тұрғыда зерттелді және әлі де зерттелуде.

Прецедентті мәтінге берілген Ю.Н. Карауловтың: «тұлға үшін танымдық және эмоционалдылық тұрғыдан маңызы бар (1); тұлғаның өзіне дейінгілер мен қазіргі замандастарын қоса, айналасындағы адамдардың бәрі үшін өзінен-өзі түсінікті сипаттағы (2), сондай-ақ аталмыш тілдік тұлғаның дискурсында қолданылуында бірнеше мәрте қайта жаңаратын мәтіндер» – деген анықтамасы прецедентті мәтіннің белгілерін береді [3,216]. Алайда бұл анықтама прецедентті мәтіннің мазмұнын толық ашқан деп айту ертерек. Осы мәселені зерттеп жүрген ғалымдардың да пікірлері әралуан. Дегенмен прецедентті мәтін құбылысын анықтауда барлық ғалымдар Ю.Н. Карауловтың пікірін негізге ала отырып, зерттеулерін осы анықтамадан таратады. Ю.Н. Караулов өз зерттеуінде «прецеденттік мәтін» ұғымын қолдана отырып, оның символдары ретінде шығарма авторын, шығарма тақырыбын, шығарма кейіпкерлерін және дәйексөзді (цитата) көрсетеді: «при восприятии названия произведения, цитаты из него, имени персонажа или имени автора актуализируется так или иначе весь прецедентный текст, т.е. приводится в состояние готовности (в меру знания его соответствующей личностью) для использования в дискурсе по разным своим параметрам – либо со стороны поставленных в нем проблем, либо со стороны своих эстетических (содержательных или формальных) характеристик, либо как источник определенных эмоциональных переживаний, либо как источник сходных ситуаций, либо как образец для подражания или антиобразец и т.п.» [3, 215]. Яғни, прецеденттік мәтіндердің символдары деп адресаттың санасында прецеденттік мәтін символына сай тиісті мәтіннің және соған байланысты коннотациялардың өзектенуін түсінетіндігін айтады [3, 215]. Ю.Н. Карауловтың: «В самом деле, в дискурс языковой личности прецедентный текст редко вводится целиком, а всегда только в свернутом, сжатом виде – пересказом, фрагментом или же намеком» [3, 216]. Г.Г. Слышкиннің: «Прецедентным может быть текст любой протяженности: от пословицы или афоризма до эпоса» деген пікірлерінің де біздің зерттеуіміз үшін маңызы бар [4,56].

Ұлттың рухани құндылықтарын сақтауда, келер ұрпаққа жеткізуде, сондай-ақ ұлттық тегінді түйсінуде фольклор негізгі энергия көзі болып табылатындығын айттық, ол тілді, халықтың рухын сақтайды, сондай-ақ ұлттық мәдениет салаларының, оның ішінде көркем әдебиеттің динамикалық дамуындағы негізгі өнім деуге болады. Шығармалары фольклордан бастау алатын шебер жазушылар үшін фольклор тек тілдік көрсеткіш қана

емес, болмаса жазу стилі ғана емес, сондай-ақ ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық таным көрсеткіші болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, көркем шығармаларына әдеби мұраны негіз етіп алып, фольклормен байланысты нығайту ісімен халықтың тарихи-рухани образдарын жандандырып, жаңғыртып, өз оқырмандарын фольклормен қуаттандырып отырған жазушыларымыздың еңбектерінің мәдениетті таныту, өзектендіру тұрғысынан маңызы зор.

Танымал жазушы Қ.Жұмаділовтің «Адамның кейбір мінездері» атты әңгімесіндегі мына бір мәтін жолдарына көңіл аударайық: «Аяз би деген кісі өткен өмірін ұмытып кетпеу үшін, баяғы жыртық тонын төріне іліп қояды екен» [5, 365]. Жазушының Аяз биден қалған шешендік сөзді қолдануынан ата – бабамыздан қалған тәлім сөзді еске салуды жөн санағанын байқаймыз, халықтың когнитивтік санасындағы ақпаратты жаңғырту ниетіндегі қолданыс деуге негіз бар. Осы мәтін жолдары қазақ оқырмандарының есіне бірден «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» - деген, кезінде Аяз би айтып, кейіннен нақыл сөзге айналып кеткен прецедентті мәтінді түсіреді. Түсінікті болу үшін «Аяз би» прецеденттік есімінің қазаққа берер ақпаратына тоқталайық. «Аяз би» ертегісінде Жаман қойшының Мадан ханның сынынан өтуі, үйленуі, ханның күншілі, ақылсыз қырық уәзірін өлімнен құтқаруы, оның даналығын, сертке беріктігін, әділдігін мойындаған хан өз тағын беруі сөз болады. Ертегі былайша аяқталады: *«Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты», - дейді. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға: «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының мандайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» - деп, көңілін басушы еді дейді». Ертегінің осылайша аяқталуынан халықтың арманын, философиясын танимыз. Ертегідегі Жаман – қазақ ауыз әдебиетіндегі ел басшысының үлгілі бейнесі. Ол – қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген, тапқыр, кішіпейіл, қайырымды, қанағатшыл. Бұл қарапайым халық бұқарасының «елді осындай адам басқарса» деген арман - тілегінен туған бейне болса, хан болғаннан кейін де жыртық тоны мен жаман тымағын хан сарайының босағасына ілдіртіп қоюы – ол халық философиясының көрінісі: «өткеніңді ұмытпа, шамаңды біл, қанағат қыл» деген астарлы мағына бар. Яғни, жазушы Аяз би прецеденттік есімінің берер ақпаратының құндылығына назар аудартады. Олай болса, прецеденттік есімдердің қызметі жөніндегі Г.Мәдиеваның пікірін қостаймыз: «К ядерным элементам национальной когнитивной базы относятся прецедентные имена, которым принадлежит одна из ведущих ролей в накоплении и передаче культурной информации, понимании определенной ситуации и целого комплекса ассоциации, которые возникают при актуализации прецедентного имени в речи» [6, 122].*

Қ. Жұмаділовтің келесі бір шығармасында («Еменнің иір бұтағы»): «Зылиқа көкірегі қарс айырылып: - Басқа балаларым бір төбе болғанда, сүт кенже Арқатым бір төбе еді» [5, 464] - деп келетін мәтін жолдарының да берер ақпараты өте маңызды. Тілде сақталынған ата-бабаларымыздың өмірлік тәжірибесінен туындаған дүниетанымы ұрпағының болашағы үшін аса маңызды. Сондай –ақ ғалым тілде әлемді меңгеру үшін маңызды және пайдалы дүниелердің сақталғандығын, егер біз ана тілімізбен біте қайнассақ, онда біздің алдымызда ұзақ ғасырлардың танымы, тәжірибесі ашылатындығын айтады. Расында «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!», «Сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе» тектес «дайын формулалар» түрінде берілген прецедентті мәтіндер терең мағыналы рухани құндылықтарды құрайды, ұлттың танымдық қызметінің нәтижесі болып табылады, ол формулаларда ұлттық тәжірибе жинақталған, олардың көмегімен халықтың өмірлік



принциптерін, ұстанымдарын тани аламыз. И.В. Захаренконың айтуынша, «при функционировании прецедентного высказывания важным оказывается не столько понимание его значения, сколько знание экстралингвистических, когнитивных факторов, стоящих за данной единицей (т.е. системного смысла высказывания), что позволяет относить прецедентное высказывание к феноменам лингво-когнитивным и рассматривать данные единицы (при определенных коммуникативных условиях) как символы других прецедентных феноменов» [7,147]. Осы тектес «дайын формулалардың» тағы бір әсері – ол арқылы берілетін ақпараттың объективті мәнге ие болатындығында. Автор өз көзқарасының субъективті болып көрінбеуі үшін де шығарманың туындауына себеп болған ойын, сезімін, көңіл күйін түгелдей халық өзі жасап, мұра етіп кеткен мағынасы терең сөздерге сәйкестейді. Прецедентті мәтінді қолдану – автор үшін өте тиімді тәсіл. Е.А. Нахимованың пікірінше, прецедентті феномендер (ғалым феномен деп қарастырады) мәтіннің эстетикалық мәні мен прагматикалық әлеуетін күшейтеді, «Прецедентті феноменді сәтті қолдану – адресатқа әсер етудің қуатты құралы, оның санасында әлем бейнесін жаңғырту түрі» [8].

Прецедентті мәтіндерді қолданудың тағы бір тиімділігі ретінде қаламгердің айтар ойының оқырмандарына дұрыс жететіне кепілдік алатындығы дер едік, себебі ол халық даналығына сүйеніп отыр, осындай мәдени таңбалар жүйесін (мәтін – белгілі бір мағынаға ие болатын таңбалық жүйелер жиынтығы) қалдырған ата-бабаларымыз да, оны қолданып отырған автор да, шығарма бағытталып отырған адресат, яғни оқырман да, бір қоғамда өмір сүрген және сүріп отыр. Олардың тілі, ділі, санасы, мәдениеті бір, этникалық ортасы бір. Ал әр адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның тәртіп нормасы мен ойлау жүйесін меңгереді, білімін үйренеді, дағдыларын қалыптастырады, қоғам мүшелерінің құндылықтарын сіңіреді, осының барлығы оның осы қоғам мәдениетінің басқа өкілдерімен арасындағы мінез-құлық, эмоция және таным процестеріндегі ұқсастықтығынан көрініс табады.

Қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытып қана қоймайды, сол концепцияға тірек болады. Жазушы Әбіл Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі» атты әңгімесіндегі «Бақыт» түсінігіне назар аударайық:

- «Бұл бақ дегенді қойсайшы. Бақыт деген де жалғыз көзді дәу көрінеді ғой. Қашан тас төбесіндегі көзіне түскенше кімді көтеріп келе жатқанын білмейді екен. Көзіне түскен соң көтеріп ұрып бір-ақ лақтыратын болса керек. Жаман Қалилардың да топалаң асатын күні алыс емес шығар» [9, 279].

Бұл екі әрі ағайын, әрі құрдастың әңгімесінен. Жазушы кейіпкеріне «Бақыт» ұғымын неге «жалғыз көзді дәуге» теңеткен деген ой туады. Жалғыз көзді дәудің семантикасына тоқталайық. Жалғыз көзді дәу – бейнесі қазақтың бірнеше ертегісінде кездесетін мифологиялық кейіпкер. Соның ішінде «Жалғыз көзді дәу» атты ертегіде: «*Бір күні аң аулап, шаршап, қатты ұйықтап кеткен екен, жер сілкінгендей дүбір, жер жарылғандай айғайлаған дауыстан оянып кетеді. «Бұл не сұмдық», – деп орнынан ұшып тұрып, сарайдың терезесінен қараса, маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар дәу айғайлаған даусы жер жаратындай, астындағы мінген қара тұлпарының тұяғы тиген жер жерошақтың орнындай опырылып, буы бұрқырап, осқырынған күйінде сарайға шауып кіреді. Жігіт сарайдың иесі осы жалғыз көзді дәу екенін біледі. Жалғыз көзді дәу тұлпарынан түсіп, сарайда бөтен иістің бар екенін сезіп, жалғыз көзі отша жайнап: «Кім бұл менің сарайымды иемденген, қазір көзіңді құртайын?!», – деп айғай салады» деген үзіндіде Дәу дүлей күштің иесі ретінде суреттеледі.*

Адам жегіш дәу «Ақжан батыр» ертегісінде де бар. Бұл ертегіде: «*Есіктің тұсына таман қарсылай жүрсе, үйдің нақ ортасында жалғыз көзді дәу қолына үйде қалған байдың інісін алып, оны отқа қақтап жеп отыр екен дейді. Ақжан батыр киіп кетіп,*

жалғыз көзді дәудің тап көзінен көздей отырып, саржамен атады. Сол кезде дәу алты қанат киіз үйді көтеріп ала жөнеледі», – деп суреттеледі.

Қазақ мифологиясын зерттеуші ғалым С. Қондыбай «Дәу» сөзіне мынандай сипаттама береді: «Дәу - қазақ ертегілік дәстүрінің негізгі кейіпкерлерінің бірі. Олар алып денелі, бірақ сұрықсыз, тырнақтары сояудай адам пішінді пенделер ретінде суреттеледі. Кейбір варианттарында дәулер үш, жеті басты болып та суреттеліп, адам жейтін құбыжық болып көрсетіледі. Дәу – парсы поэзиясы арқылы енген термин, ол жалпы үндіевропалық «диос», «дайва», «дэв» – «жарық аспан» сөзінен өрбіген, бірақ образ ирандық болып табылады. Дәу образын қарастырғанда екі мәселені білу керек, бірінші – иран-парсы сөзі мен образының қазақтарға белгілі болуы, екіншісі – дәу, алып, адам тәрізді мифтік пенде образының басқаша атпен ежелгі түркілерде белгілі болуы. Ирандық образ ежелгі түркілік образды толықтай дерлік ығыстырып шығарған. Біз келтірген дәу анықтамасы ирандық болып табылады. Ал түркілік «алып» образы екі сипатты, олар жақсы қасиеттерге ие болып, адам баласына көмектесе алады. Қазақ ертегілерінде Нәнбатыр, Субатыр, Темірбатыр, Шашырқай, Қақтырқай, Шарқай т.б. алып-дәулер есімдері бар, олар мифтік жердің алғашқы тұрғындары образына ұқсас. Жалпы, түркілер «дэв» сөзімен парсы тіліне дейін-ақ, ортаазиялық отырықшы-көшпелі иран тілді халықтар арқылы таныс болған деген болжам бар. Бұл дәулер алып құбыжық емес, тәңір сипатына ие болған сияқты. Ал бүгінгі әдеби сипаты мұсылман дәуірінде парсы поэзиясы мен дін арқылы енген.

Қазақ ертегілеріндегі дәу атына ие болғандардың мифтік образы көп қырлы, бұл жөнінде оның анықтамасы парсылық дәуден анағұрлым кең және көне. Олардың генезисінде табиғат рухтарының сипаты басым түсіп жатады» [10].

Ертегі үзінділерінен, анықтамадан «Дәудің» тылсым күш иесі деген белгілерін аламыз. Табиғаты белгісіз. Дәумен теңестірілген «Бақыт» сөзі де тылсым күш иесі деуге болады. Дәу – көзге көрініп тұрған физикалық күш болса, Бақыт – көзге көрінбейтін, сыртқы белгісі жоқ абстракты мәндегі күш. Бақыттың мәні не, өлшемі бар ма, немен бағаланады деген сұрақтар әлем философтары шешімін іздеп жүрген сауалдар қатарынан. Бақыт құдайдың сыйы ма, әлде бақытқа әркім өз еңбегімен жетеді ме? – деген сұрақта күрделі. Жазушы әңгімесінде кейіпкерлерін осы сұрақтың төңірегінде сөйлетеді:

«Апырай, ә! «Ұшықанда» бір қолы алтын ұста бар деуші еді. Сол сіз екенсіз ғой» – бұл ауаткомның (сол кездегі аудандық комитет) басшысы Жүзбаевтың Қарабалаға айтқаны. Риза болу, жоғары бағалау бар.

«Маңдай теріңді қанша ағызсаң да, анау ауыл қыдырып, карта ойнаған Қалиға жете алмайсың. Қойды қатын – баласына бақтырады да, абырой – атақты өзі иемденеді. Танауын керттіп, қай жерін көрініске қоятынын Алматыға, Москваға көрмеге ылғи сол барады. Өңшең игі жақсылардың сөзін сол естиді. Сен болсаң күні бойы қара тас пен қара балғаның атысын тыңдайсың» - ағайыны Оңбайдың Қарабалаға берген бағасы. Қалидың пысықтығын (жағымсыз коннотацияда) Қарабалаға үлгі қылғанын көреміз. Кемсіту, мұқату бар.

«Өз басы осы жасқа келгенше тигенін киіп, бұйырғанын ішіп, ештеңеден уайым жемепті. Әкесі байғұс та бұл туганда онша көп басын қатырып жатпаған сияқты. Кітап та аштыртпапты, азан да шақыртпапты. Қара болған соң атын Қарабала қоя сапты. Міне, сүйткен Қарабала қара шал болғанша бұл ауылда оны ешкім «Қарекең» деп көрмепті. ... Жиынтойда да қақырайып төрге шықпай, есік жаққа елеусіз жантая кетеді». Қарабаланың өзі туралы ойы. Барға қанағат еткен адамның жан – дүниесі.

Ағайыны Оңбай оны (Қарабаланы) бақытты адам қатарына қоспайды, оның ойынша аса қабілеті жоқ, бірақ әсіре пысықтығымен танылып жүрген Қали бақытты адамдар қатарынан (*абыройлы, атақты, Алматыға, Москваға көрмеге барады. Өңшең игі жақсылардың сөзін естиді*).

Әңгімеде қолы алтын ұста Қарабалаға пысықай Қали қарама-қарсы қойылып, шендестіріледі. Қазақ халқында осыған орай «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ



берсін» деген мақал бар. Берсін деп Алладан тілейді, сұрайды. Дарынды, талантты адамдардың барлығы бірдей бақытты бола бермейтіні қандай ақиқат болса, талантсыз да, дарынсыз да бақытты өмір сүруге болатындығы сондай ақиқат. Бақытты болудың формуласы жоқ. Тек Құдайға ғана аян. Олай болса, жазушының «Бақыт деген де жалғыз көзді дәу» деп айтқысы келгені мынада деп ойлаймыз:

Алғашқы қоғам дәуірінде өмір сүрген адамзат баласының ұғымында кез келген мекеннің, таудың, даланың тоғайдың, орманның, көлдің, т.б. өзіне тән киесі, сол жерді қорғаштап жүретін өз құдайлары бар деп түсінгені белгілі. Мифологияда кездесетін дәулер сол кездегі адамдардың ұғымындағы әр мекеннің, жердің иесі, ұсақ құдайлары болып есептелген. С. Қондыбай да «Дәу» сөзі тәңір сипатына ие болған сияқты деп болжам айтады. Олай болса, жазушы қолданысындағы «Дәу» мағынасынан «Тәңір» мағынасын оқимыз, солай түсінеміз. Жазушы «Бәрі бір Алланың қолында» деген философиясын мифологиялық түсінікті жаңғырту арқылы ескертіп отыр деп қабылдаймыз.

Қазіргі әдеби шығармалардан алынған жоғарыдағы тілдік деректер фольклорлық прецеденттік мәтіндердің ой тудырушы, идея көтеруші қызметімен қатар халықтың философиясын репрезентациялау қабілетін көрсетіп бере алады. Бұл мысалдар қазақ халқының ойы мен арманынан, қалауы мен танымынан, ұстанымынан хабардар ете алады. Индивид, адамдар тобының, қоғам санасында ұлттың ділін репрезентациялайтын тілдік құрылымдар болады деген ой дау тудырмауы керек. Оған мақалада көрсетілген мысалдар дәлел бола алады. Осындай тілдік құрылымдар әлем туралы білімдер жиынтығынан көрініс береді. Лингвистикалық және мәдениеттанудағы таңдамалы тілдік бірліктерді синтезден өткізбей мұндай тілдік құрылымдардың өзектенуі мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық негіздері. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.
- 2 Нұргелді У. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл.докт. дисс. - Алматы, 2007. - 311 б.
- 3 Караулов Ю.Н. Русский язык и русская языковая личность. – М.: Изд-во ЛКИ, 2007. - С. 264.
- 4 Слышкин Г. От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе. - Москва: Academia, 2000. - С. 128.
- 5 Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы, Екінші том. - Алматы, 2004. - Б. 488.
- 6 Мадиева Г. Теория и практика ономастики. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - С. 152.
- 7 Захаренко И. Прецедентные высказывания как объект лингвокогнитивного анализа. Материалы IX Конгресса МАПРЯЛ. Братислава, Доклады и сообщения российских ученых. - Москва, 1999. - С. 143-150.
- 8 Нахимова Е. Прецедентные имена в массовой коммуникации: монография. - Екатеринбург: УрГПУ, 2007. - С. 207.
- 9 Кекілбаев Ә. Құс қанаты. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1978. - Б. 492.
- 10 Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Толық шығармалар жинағы. Том 1. - Алматы: Арыс, 2008. - Б. 375.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы теории прецедентности в современных исследованиях; обобщаются различные подходы к определению термина «прецедентный текст».

RESUME

This article dwells upon the basic theories of precedent in contemporary linguistic studies, sums up different approaches to the definition of the term «intertextuality». The variety of the definitions of this term is explained by the existence of different types of intertextuality.



Аннотация

Статья посвящена метаморфозам. Обзор начинается с рассмотрения превращений в древних мифах и заканчивается анализом метаморфоз в жанрах литературы XX века научной фантастики и фэнтези. Особое внимание уделяется произведению Овидия Публия Назона «Метаморфозы». Статья опирается на работы таких авторитетных исследователей как Е.М. Неёлов и В.М. Макаревич.

Ключевые слова: метаморфозы, миф, фольклор, героический эпос, сказка, научная фантастика, фэнтези.

А.Т. Жумсакбаев

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, магистр педагогических наук

Метаморфозы: от мифов до фэнтези

Слово «метаморфоза» от древнегреческого означает «превращение». В «Словаре русского языка» С.И. Ожегова дается следующая дефиниция: *«Метаморфоз – видоизменение, превращение, переход в другую форму развития с приобретением нового внешнего вида и функций»* [1, с. 351].

Метаморфозы встречаются в самых разнообразных жанрах литературы: волшебной сказке, научной фантастике, фэнтези и т.д. Очень часто метаморфозы ассоциируются у нас с мифами.

Метаморфозы в мифологии – отражение существеннейших черт ранней мифопоэтической мысли, представление о переходе из одного состояния в другое, а также осознание барьеров между разными мирами («миром живых» и «миром мертвых»), преодоление которых возможно лишь благодаря превращениям. Самый архаический вид метаморфоз связан с тотемическими представлениями (например, мифы туземцев Австралии). Об этом свидетельствует В.М. Макаревич в своей энциклопедии: *«Австралийские аборигены считали, что птицы и животные произошли от людей... Аборигены верили, что если человека разрисовать как собаку, как кенгуру или как птицу, то он может превратиться в это животное»* [2, с. 10].

В дальнейшем метаморфозы становятся формальным приёмом сюжетосложения. В литературной традиции метаморфозы сохраняются как излюбленный сюжет, но подвергаются переосмыслениям. В поэме Овидия

«Метаморфозы» собраны многочисленные мифологические сюжеты, касающиеся превращений (мифы об Актеоне, Ио, Дафне, Нарциссе и т.д.), но они рассмотрены сквозь призму рационализма; поэт делает сами метаморфозы более понятными с точки зрения обыденного мышления. Превращения у Овидия никогда не происходят мгновенно. Метаморфоза в поэме – это постепенный, происходящий у читателя на глазах, процесс. Кроме того, для Овидия важно не столько детальное и точное воплощение мифа, а его психологизация и очеловечивание. Например, вот как поэт пересказывает миф об Арахне:

*Несчастья Бедная снести не могла и петлей отважно сдавила
Горло. Но, сжалась, ее извлекла из веревки Паллада,
Молвив: «Живи! Но и впредь – виси, негодяйка! Возмездье
То же падет, – чтобы ты беспокоилась и о грядущем, –
И на потомство твое, на внуков твоих отдаленных».
И, удаляясь, ее окропила Гегатиных зелий
Соком, и в этот же миг, обрызганы снадобьем страшным,
Волосы слезли ее, исчезли ноздри и уши,
Стала мала голова, и сделалось крохотным тело.
Нет уже ног, – по бокам торчатся тонкие ножки;
Все остальное – живот. Из него тем не менее тянет
Нитку Арахна – наук продолжает плести паутину [3, с. 257].*

Таким образом, поэтом создается драматическое действие, которое призвано усилить у читателей эффект сопереживания.

Превращения очень богато представлены и в сказках. Фольклорные сказки образовались тогда, когда мифы потеряли свои функции. Возникновение сказок относят к временам архаическим и связывают с верой в тотем. Поэтому, первичные сказки называются архаическими или мифологическими.

Метаморфоза стала одним из основных приемов сюжетосложения как в фольклорной, так и в литературной сказке. Обычно герой или героиня волшебной сказки осуждены принять облик животного или безобразного существа. Однако в итоге претерпевший (или претерпевшая) такую метаморфозу герой (героиня), пройдя через искупление, снова возвращает свой облик («Царевна-лягушка», «Белая уточка», «Сестрица Аленушка и братец Иванушка и т.д.).

Часто в фольклорной волшебной сказке метаморфоза рассматривается как персонифицированная способность героя. Например, в сказке «Чудесная рубашка» мы читаем: «Только что Иван, сын купеческий, надел перстень на руку, как тотчас обратился конем и побежал на двор к Елене Прекрасной» [4, с. 162]. В данном случае герой получает в дар предмет, способный его превращать в животных, но это, по сути, дела не меняет.

В героических эпосах метаморфозы рассматриваются сквозь призму оборотничества, т.е. как целевой, временный процесс превращения с последующим возвращением к первоначальному виду. В русском героическом эпосе «Былине о Волхве Всеславовиче» главный герой – оборотень, волшебник, способный не только превращаться, но и превращать других. В «Песне о Нибелунгах», известном немецком героическом эпосе, герой Зигфрид (Сигурд) может принимать чужой облик, а это тоже своего рода оборотничество.

Таким образом, в жанрах фольклора сохраняются древние представления людей о способности к превращениям. Можно сказать, что характер волшебных действий и превращений совпадает с видами и типами народной магии. Однако главное здесь не магический обряд, а представления и понятия людей, которые возникали на основе наблюдений.

Изучая сказку как исторически обусловленный конкретный фольклорный жанр, становится ясно, что судьба народной сказки тесно связана с судьбой литературной



сказки. Литература постепенно освобождается от первоначальной фольклорной жесткости, строгой жанровой обусловленности и подчиняет каноны фольклорной сказки творческому воображению писателя. Следует понимать, что литературная сказка – жанр синкретичный, который построен на художественном синтезе.

В литературной сказке автор использует метаморфозы для создания «сказочной реальности», атмосферы волшебного, полного чудес мира. Невероятные превращения буквально пронизывают литературную сказку. Причина этих метаморфоз разнообразна: начиная волшебной палочкой доброй феи-крестной из сказки «Золушка» и кончая магическим зельем морской колдуньи из сказки «Русалочка». Сказочными метаморфозами расцвечены произведения Г.Х. Андерсена, Шарля Перро, Э.Т. Гофмана, С. Лагерлеф, Л. Кэрролла и т.д.

В начале двадцатого века, под веянием научно-технической революции, появился новый жанр литературы – научная фантастика. Этот жанр называли «литературой научных изобретений и открытий». Первоначально, научная фантастика не несла никакой художественной ценности и существовала как научно-популярная литература. Однако, благодаря некоторым замечательным писателям (таким как Жюль Верн, Герберт Уэллс и др.), научная фантастика вскоре стала такой, какой мы привыкли ее читать.

Научная фантастика – это тоже художественный вымысел, напоминающий собой волшебную сказку. В 1935 году критик Форрест Аккерман впервые употребил термин «science fantasy» (научное фэнтези) как простой синоним научной фантастики. Как подмечает Е.М. Неёлов: «*Как ни парадоксально, но именно «наука, создавая «изнутри» иллюзию достоверности, эту иллюзию «снаружи» разрушает»... Эстетическое восприятие научной фантастики подразумевает отсутствие буквальной веры в то, что «все так и будет на самом деле»*» [5, с. 48].

В метаморфозах научной фантастики присутствует квазинаучность. И если в мифологических метаморфозах всему виной воля богов, то в научной фантастике превращения объясняются как бы «на основе научных достижений». В научной фантастике функцию богов «превращать, изменять» берет на себя ученый, научный гений.

Научно-фантастическая повесть М.А. Булгакова «Собачье сердце» основана на типичном для гротеска мотиве превращения: в основе её сюжета – история о том, как пёс Шарик стал Полиграфом Полиграфовичем Шариковым, как появилось на свет существо, соединившее в себе дворнягу и люмпена Клима Чугункина.

Действие повести начинается с того, что профессор Преображенский, который омолаживает нэпманов и советских чиновников, заманивает к себе собаку, чтобы потренироваться в проведении пересадок гипофиза. Обыденное поначалу происшествие оборачивается гротескной ситуацией, основанной на совмещении реального и фантастического: «*Перемена гипофиза даёт не омоложение, а полное очеловечение (подчёркнуто три раза)*» [6, с. 670].

Добрая и умная собака превращается в алкоголика и хулигана. Это искусственное соединение двух столь разных жизней и личностей приносит в конечном итоге свои ужасные плоды. Все заканчивается тем, что профессор Преображенский вынужден пойти на преступление, уничтожить созданного им человека, чтобы снова все вернуть на свое место.

Фантастическое в булгаковской повести не имеет определяющего значения, а становится лишь средством анализа социальных явлений. Основной проблемой является проблема утраты в человеке человеческого начала. Мы сталкиваемся с духовным и душевным преобразованиями главного героя и задаем себе вопрос: «Что же перевесит: человеческое в собаке или собачье в человеке?»

«Собачье сердце» – это образец научной фантастики *нового* времени. На первый план выходит *иная*, социально-философская проблематика, поэтому особенности этого жанра всегда будут необходимыми и эстетически современными.

Еще одним парадоксальным явлением является «дитя постмодернизма» – фэнтези. Фэнтези – это жанр литературы, пародирующий, вбирающий и отчасти развивающий все фантастически образные жанровые системы: от древних мифологических моделей мира (в восприятии современного человека античные, древнескандинавские и древнеславянские мифы – тоже сказки) до научной фантастики. Известные исследователи-литературоведы А.Ю. Лебедев и И.В. Эйдемиллер говорили: *«Фэнтези – это целый пласт мировой литературы. Мир фэнтези – это пропущенные через современное сознание и ожившие по воле автора древние мифы, легенды, сказания. Это альтернативные или забытые периоды истории человечества, это летописи почти сказочных королевств, это комедия и трагедия условного средневековья»* [7, с. 201]. Этот жанр уже получил достаточную обоснованность в современной литературе.

Безусловно, и в этом жанре присутствуют метаморфозы, потому что «бег от реальности» невозможен без удивительных, а порой даже причудливых превращений. Ярким примером этому служит знаменитая трилогия Джона Рональда Роуэла Толкиена «Властелин колец».

Сюжет развивается вокруг Кольца Всевластья – символа вечного, мирового зла. Кольцо обладает силой, которая может сделать своего обладателя всемогущим и бессмертным, но оно способно служить только злу. Существа, столкнувшиеся с силой кольца, обречены на превращения. Оно начинает контролировать их разум, сознание, заставляет совершать поступки против их воли, т.е. сначала превращения идут духовные, а потом физические.

Такая метаморфоза в романе «Властелин колец» происходит с хоббитом Смеаголом, который превращается в непонятное, отвратительное существо (как в моральном, так и в физическом плане) по имени Голлум. Уродство души и тела Голлума является результатом зловещего действия Кольца.

Таким образом, метаморфозы являются важным художественным приемом. Очень часто без изменений или каких-либо превращений построить интересный сюжет произведения бывает невозможным. Поэтому метаморфозы прожили такую «длинную жизнь» и наверняка будут всегда актуальны.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70000 слов / Под ред. Н.Ю. Шведовой. – 21-е изд., перераб. и доп. – М.: Русский язык, 1989. – 924 с.
- 2 Макаревич В.М. Мифы: Энциклопедия. – М.: РОССМЭН-ПРЕСС, 2005. – 128 с.
- 3 Овидий Публий Назон. Метаморфозы / пер. с латин. С. Шервинского. – Москва: Художественная литература, 1977. – 429 с.
- 4 Народные русские сказки: в 3-х т. Т. 2 / под ред. Л.М. Суриса – М.: Директ-Медиа, 2014. – 663 с.
- 5 Неёлов Е.М. Волшебно-сказочные корни научной фантастики. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1986. – 200 с.
- 6 Булгаков М.А. Мастер и Маргарита. Роковые яйца. Собачье сердце: Роман. Повести. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2005. – 732 с.
- 7 Лебедев А.Ю., Эйдемиллер И.В. Мир фэнтези // Звезда. – 1993. – №10. – С. 201-204.

ТҮЙІН

Мақалада әртүрлі шығармалардағы өзгеріс мысалдары қарастырылады. Мақала жазба деректердің негізінде дайындалған.

RESUME

The author of the article analyses this article gives examples of transformations in different works. This article was prepared on the basis of written sources and literature.

С.Ж. Ерғалиева

Кемеров мемлекеттік университеті,
аспирант

Қ.С. Ерғалиев

Павлодар мемлекеттік
педагогикалық институты,
филол. ғыл. канд.,
қауым. профессоры

Саяси интернет- түсіндірмелердің лингвоперсоно- логиялық әлеуеті

Аннотация

Мақалада саяси интернет-түсіндірмелер лингвоперсонологиялық тұрғыдан қарастырылды. Оны зерттеуде қазақстандық және ресейлік интернет-түсіндірмелердің лингвоперсонологиялық әлеуетін анықтау мүмкіндігін көрсететін салғастырмалы әдіс қолданылды. Осы нысанды зерделеу формальды, мазмұндық және функционалды бағытта сипатталатын туынды мәтіндердің мәтіндік-дериватологиялық талдау үлгісіне негізделді. Саяси интернет-түсіндірмелерді саралау барысында мына мәселелер анықталды: қазақстандық интернет-түсіндірмелер, негізінен, кілтті сөздерді сақтай отыра негізгі мәтіндік сипатқа ие болса, ал ресейлік интернет-түсіндірмелер авторлардың көңіл-күйіне, ойлау ерекшеліктеріне, дүниетанымдарына орай тарқатылып отырады. Бұл тіл тасымалдаушының тілдік қабілетінің түрлі сапасымен тікелей байланысты екендігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: саяси интернет-пікірлер, лингвоперсонология, тілдік тұлға.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып, адамдардың күнделікті өміріне енуі қажетті мағлұматтарды алуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ интернет-жанрларды арнайы қарастырып жүрген тілші-ғалымдарға түрлі ғылыми болжамдар жасап, зерттеу жұмысын жүргізуге де ықпал етеді. Оларға тіл білімінің зерттеу нысанына соңғы жылдары ғана қолға алынып жүрген мәселе – интернет-түсіндірмелер жанры жатады. «Интернет-түсіндірмелер – өз алдына жеке микро-хабарлар, яғни ұсынылған ынталандыруларға (жаңалық хабарландырулар, түрлі бағыттағы бейне-аудио суреттер) интернет-пайдаланушылардың өзіндік іс-әрекеттері (сипаттау, баға, пікір)» [1]. Онда автор белгіленген нысанға (мәтін, сурет және т.б.) өзінің оң не теріс көзқарасын еркін түрде білдіре алады. Ол бүгінгі таңда көптеген адамдардың интернет желілеріндегі жаңалық порталдарына кіріп, өздерін жеке тұлға ретінде пікірталас тудырған мәселелер бойынша өз ойларын қалдыруымен байланысты. Бұл ретте олар өздерінің субъективтілігін көрсетеді. А.П.Чудиновтің пікірінше, «аз да болса газет оқитын, радио не теледидарды көретін кез

келген адам саяси қарым-қатынастың тыңдаушысы болады» [2, 6-б.]. Ғалым саяси қарым-қатынас тек ақпарат беріп қана қоймайтынын, сондай-ақ өзінің адресатына эмоционалды тұрғыда ықпал ететінін, солай адам санасында саяси әлем суретін түрлендіретінін айтады. Бұл дәлелдер лингвистикалық талдауды – дериватологиялық және персонологиялық қырда зерделенетін саяси интернет-порталдар, интернет-түсіндірмелер – одан әрі жүргізуге маңызды дереккөз болып табылатыны белгілі.

Л.Н. Мурзин деривацияны «мәтін, буын не такт, тұрақты тіркестер, сөз тіркестері, сөздердің грамматикалық формалары, сөйлем, сөз жасалуының үдерісі, яғни фонемадан бастап, мәтінмен аяқталатын барлық тілдік бірліктер» ретінде анықтайды [3, 3-4-бб.]. Ал Н.В. Мельниктің анықтамасындағы «деривация» түсінігі мәтіннен мәтіннің жасалуы деп беріледі. Ондағы қорытынды мақсат – мәтіннің құрылымы [4]. Зерттеуші жаңа мәтіннен жасалатын мәтін – *негізгі (бастапқы)*, ал негізгі мәтіннен жасалатын – *туынды (екінші)* болып табылатынын айтады. Талданып отырған жағдайда интернет-түсіндірмелер *туынды (екінші)*, ал уәждемелік мәтін, яғни саяси мақала *негізгі* болып есептеледі.

Туынды (екінші) мәтіннің жасалуында сөйлеу қатысымының тыңдауы арқылы жүзеге асатын және екінші мәтіндерді қайта шығаруда көрініс табатын ықшамдау және кеңейту үдерісі жүзеге асады. Е.С. Кубрякованың ойынша, «ойлаудан сөзге» үдерісі уақытында, біріншіден, бір нәрсе жоғалады және түседі, қиылады және жойылады, екінші жағынан, бір нәрсе туады, қалыптасады, өзгереді» [5, 51-б.]. Сондықтан деривациялық-уәждемелік (деривациялық-мотивациялық) үдерістің нәтижесінде ақпарат ішкі сөйлеу арқылы өтіп, жаңа түр мен мазмұн жасай отыра қайта туады. Мұндай үдерісте кілтті сөздер негізгі (бастапқы) мәтіннің мазмұнын сақтай отыра түрленеді. Біріншіден, ол қандай да бір тілдік бірліктердің таңдауына, екіншіден, адамның тілдік қабілеттілігінің сапасына байланысты болады. Бұндай жағдайда әр жаңа туған мәтіннің артында өз авторы, яғни өз тілдік тұлғасы болатынын көрсетеді. Ю.Н. Карауловтың түсінігінше, «тілді оның шеңберінен шықпай, оның тудырушы, тасымалдаушы, қолданушы адамымен, нақты тілдік тұлғасымен байланысқа түспей тану мүмкін емес» [6, 7-б.]. Сондықтан тілдік тұлға тілді оның барлық өмір сүру қырларымен қоса қарастырғанда орталық негіз іспеттес. Ең алдымен, лингвоперсонологияны тілдік тұлға мен сөйлеуді тұлғаландырудың факторлары (жасы, жынысы, адамның психикалық және интеллектуалдық ерекшеліктері т.б.) қызықтырады. Себебі олар тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді [7, 56-б.]. «Лингвистикалық персонология» не «лингвоперсонология» терминін тіл білімінің ғылыми айналымына енгізген ғалым В.П. Нерознак болды. Лингвоперсонологияның нысаны – тілдік тұлға. Сонымен қатар лингвоперсонология мәселелері В.В. Виноградовтың көркем әдебиетті зерттеген еңбектерінде, А.А. Потебня мен И.А. Бодуэн де Куртенэнің психолингвистикалық зерттеулерінде кездеседі.

Бүгінгі күні Н.Д. Голев тілдік тұлғаны бастапқыда қаланып, кейін оның туа біткен әлеуетіне сай дамыған тілдік қабілетінің белгілі бір сапасын тасымалдаушы ретінде қарастырады [8, 10-б.]. Е.В. Иванцова лингвоперсонологияны «жалпыланған тілдік тұлға» терминімен байланыстыра келе, Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлға абстракциясының үш негізгі деңгейі жайлы тұжырымына сүйене отырып, тілдік тұлғаны оның құрылымы не доминанттары жөніндегі түсінігіне сай қарастырады [7, 34-б.]. Д.Б. Шаяхметова аталған түсінікті одан әрі толықтырып дамытады. Ғалым: «тілдік тұлға – тұлғаның тілдік қабілетінен ғана емес, сондай-ақ айтқан сөзді түсінетін әрі жасайтын адам қабілетінен көрінетін, тілді зерттеудің барлық қырларын қамтитын идея», – деген анықтама береді [9, 71-б.].

Зерттеу жұмысымызда тілдік тұлға тілдік қабілеттің ментальды-психологиялық тұрғысынан көрінетін саяси интернет-түсіндірмелердің қайта туындауынан жасалады. Зерделеу Н.В. Мельник құрастырған туынды мәтіндердің мәтіндік-дериватологиялық талдау моделі негізінде жүргізілді. Ғалымның еңбегінде туынды (екінші) мәтіндер формальды, мазмұндық, функционалды жоспарда деривациялық тұрғыдан ғана емес,

сонымен қатар персонологиялық қырдан да зерттелген [4]. Құрастырылған әдістеме саяси интернет-түсіндірмелердің лингвоперсонологиялық әлеуетін анықтауға мүмкіндік берді. Оған дереккөз ретінде ресейлік (politrussia.com) және қазақстандық (nur.kz) интернет-ресурстар алынды. Көрсетілген порталдарда ағымдағы қоғамдық-саяси жаңалықтар мен публицистикалық материалдар орналастырылады. Жаңалықтарды оқумен қатар портал өз оқырмандарына тіркелуді, мақалаларда көтерілген даулы мәселелерге пікір жазу арқылы өздерінің көзқарастарын білдіріп, талдауға қатысушы болуды да ұсынады. Осылайша автор-түсіндірмеші аталған саяси мақаланың оқырманы ғана болып қалмай, сондай-ақ түсіндірмеде өзінің күнделікті саяси санасының көрінісін қалдырып, талдауға қатысушы болып табылады.

Зерттеу барысында саяси мәселелер бойынша қазақстандық және ресейлік оқырмандар үшін ортақ тақырып анықталды. Олардың ішінде «терроризммен күрес» тақырыбы басты орын алды. Себебі бұл мәселе бүкіл әлем мен адамдардың тағдырына немқұрайлы қарамайтын көптеген адамдарды қызықтыратыны анық.

Талдау үшін nur.kz жаңалықтар порталындағы мақалаларға білдірілген қазақстандық қазақша және орысша түсіндірмелерді алайық. Барлық түсіндірмелерде авторлардың емлесі мен тыныс белгілері толық сақталды.

1. Өте дұрыс. Мешіттер жетеді. спортқа баулу керек. Жас кезде спорт, мешітке қарт кезде беру керек.

Ата анасын емес, керисиние сонын семьясын, Яғни айелин, бала шагасын жазалау кажет, ойткени онын баласынын соны кайталамайтынына ким кепил.

Сыртқы бейнесі жағынан туынды (екінші) мәтіндер басқа түрге (формаға) түрленгенімен, мазмұны бойынша берілген негізгі (бастапқы) мәтін проблемасынан алшақтамайды. Оны *ата анасын, жазалау кажет, ата-ананы жазалағаннан* деген бастапқы мәтіннің мазмұнын беретін кілтті сөздерден көруге болады. Онда көтерілген мәселе – терроризмге, экстремизмге қандай да бір қатысы бар ата-аналарды жазаға тарту. Түсіндірмешілер аталған мәселені белсенді түрде талдап, бастапқы мәтін мазмұнын сақтай отыра, өздерінің субъективті қатынастарын білдіреді. Олар ата-аналарды жазалаудың қажеттілігі жоқ деген шешімге келеді. Сондай-ақ интернет түсінігіндегі сөйлеу агрессиясы «өзіндік – жат» оппозициясын көрсетеді, яғни түсінік беруші негізгі мәтіндегі оймен келіссе, ол «өзіндік», ал келіспесе, онда «жат» бағытты ұстанғанын байқатады.

2. Народ сам отказался от своих прав на свободу и личную жизнь.

Ең алдымен, зерттеліп отырған нысанның сыртқы түріне, кейін оның мазмұны мен қызметіне көңіл бөлінеді. Сыртқы түрі оның деривациялық деңгейін білдіреді, ал мазмұны жеке мақсатын немесе субъектінің сапасын көрсетеді. Оны негізгі (бастапқы) мәтін адамның ішкі дүниесі арқылы өтіп, оң не теріс бағаны шығаруымен, кейін түрлендіріліп, қайта құрылып, жеке тілдік қабілетке байланысты және белгілі бір жаңартылған деңгейді иеленіп, басқа түрде және өзгертілген мазмұнда көрініс табуымен түсіндіруге болады.

Егер аталған түсіндірмені сыртқы бейнесі бойынша талдасақ, онда автор түсіндірме кезінде туынды (екінші) мәтінді күрделендіріп, өз түсінігі бойынша негізгі (бастапқы) мәтінді (макромәтінді) ықшамдайтынын көруге болады. Ол аталған мәселе бойынша ойланып, өз тарапынан ой қосады, сол арқылы Қазақстанда терроризмге қарсы күтілетін шаралар бойынша пікір білдіреді. Осылайша деривациялық үдеріс кезіндегі негізгі (бастапқы) мәтіннің түрі түбегейлі өзгереді, сөйлем құрылысында да өзгертулер пайда болады. Бұл түсіндірменің жоғары деривациялық деңгейін көрсетеді. Себебі мұндай күрделендіру өзгерістік (мутациялық) сипатты иеленеді. Мазмұн жағынан келгенде, түсіндірмеде автор қарастырып отырған тақырыптан алшақтамаған. Оны негізгі (бастапқы) мәтіннің мазмұнын беретін кілтті сөздерден аңғаруға болады. Мысалы, *совершение терактов, закон о терроризме* деген сөздер интернет-түсіндірмелердің мәтіндік деңгейінің басым болғанын байқатады. Сонымен, аталған талдау қазақстандық

түсіндірмелер мәтіндік факторлардың ықпалынан пайда болады деген тұжырымды шығаруға мүмкіндік береді. Өйткені кілтті сөздер негізгі (бастапқы) мәтіннен алшақтамай, мәтіннің жалпы мазмұнын береді. Оны келесі мысалдан да көруге болады.

3. А как вообще осуществляется работа с законопроектами – где можно найти такую информацию? Можно ли, например, ознакомиться с законопроектами?

Түрі бойынша түсіндірме түрленеді, сөйлемдегі сөздердің құрылымы өзгереді, ой ықшамдалады. Онда туынды (екінші) мәтін түрі (формасы) жағынан жеңілдетіледі және кішірейеді. Бұл оның деривациялық белгісін көрсетеді, яғни негізгі мәтін өзінің бастапқы қалпын жоғалтады. Қызметі жағынан негізгі (бастапқы) мәтін де өзгеріске ұшырайды, өйткені автор қажетті ақпаратты анықтау және алу мақсатында қолданылады. Ол негізгі (бастапқы) мәтіннің бірліктері мен мазмұны арқылы қызықтырған жауапты алуда сұрақ туындатады. Бұл мәтіннің деривациялық әлеуетін көрсететін, қызметі жағынан негізгі (бастапқы) мәтінді өзгертуге әкелетінін байқатады. Түсіндірменің ішкі түрінде бастапқы нысан мазмұнының лексикалық деңгейі сақталады. Онда бастапқы мәтіннің барлық мазмұны мен мәтіндік әлеуетін көрсететін *законопроект* деген ең қажетті кілтті сөз қолданылады. Бұның барлығы түсіндірменің мәтіндік детерминанты туралы айтуға негіз болып тұр.

Қысқасы, қазақстандық интернет-түсіндірмелерге қарағанда ресейлік интернет-түсіндірмелер көп жағдайда авторлардың ойлау деңгейіне орай тарқатылады. Аталған тұжырымды *politrussia.com* жаңалықтар порталындағы білдірілген түсіндірмелерді талдау арқылы дәлелдеуге болады.

1. Это не террористы...

Келесі мысалдан байқағанымыздай, автордың субъективтілігі тұжырым арқылы «өзін» көрсетуінен айқын байқалады, өзінің теріс қатынасын көңіл-күймен білдіріледі: *они же дети, «повстанцы» и «борцы с кровавим режимом»*. Бұлар даулы мәселенің нысанына бағытталған. Одан әрі автор өз ойын жалғастырып, өз нұсқасын толықтырып ұсынады және болашақ жағдайға болжам жасайды. Бұл түсіндірме форма бойынша да, қызметі мен мазмұны бойынша да деривациялық деңгейге ие.

Қысқасы, саяси интернет-түсіндірмелерді талдау қорытындысында қазақстандық интернет-түсіндірмелер кілтті сөздерді сақтай отыра негізгі мәтіндік сипатқа ие болса, ал ресейлік интернет-түсіндірмелер авторлардың көңіл-күйіне, ойлау ерекшеліктеріне, дүниетанымдарына орай қарастырылады тұжырым шығарамыз. Бұл тілді пайдаланушылардың түрлі тілдік қабілет сапасымен тікелей байланысты екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дахалаева Е.Ч. Интернет-комментарии портала «Новости mail.ru» как объект лингвистического исследования // Современные проблемы науки и образования. 2013. №6. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/internet-kommentarii-portala-novosti-mail-ru-kak-obekt-lingvisticheskogo-issledovaniya> (дата обращения: 19.12.2016).
- 2 Чудинов А.П. Политическая лингвистика: учебное пособие. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 256 с.
- 3 Мурзин Л.Н. Основы дериватологии. Конспект лекций. – Пермь: Перм. ун-т, 1984. – 56 с.
- 4 Мельник Н.В. Деривация русского текста: Лингвистические и персонологические аспекты. – Москва: ЛЕНАНД, 2014. – 280 с.
- 5 Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности [Текст]. – М.: «Наука», 1986. – 150 с.
- 6 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987. – 263 с.



- 7 Иванцова Е.В. Лингвоперсонология: Основы теории языковой личности: учебное пособие. – Томск: изд-во Том. ун-та, 2010. – 160 с.
- 8 Лингвоперсонология: типы языковых личностей и личностно-ориентированное обучение [Текст]: монография / под редакцией Н.Д. Голева, Н.В. Сайковой, Э.П. Хомич. – Барнаул; Кемерово: Изд-во БГПУ, 2006. – 420 с.
- 9 Шаяхметова Д.Б. Трансформация концепта «языковая личность» в современной методологии иноязычного образования // Научно-исследовательский, педагогический, методический журнал РИПК СО, 2014. – №3 (74). – С.70-79.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются политические интернет-комментарии в лингвоперсонологическом аспекте. При изучении данного материала используется сопоставительный метод, который дает возможность определить уровень лингвоперсонологического потенциала казахстанских и российских интернет-комментариев. Исследование изучаемого объекта базируется на модели текстодедуктологического анализа производных текстов, которые рассматриваются в формальном, содержательном и функциональном планах. В результате анализа политических интернет-комментариев было выявлено, что на казахстанские интернет-комментарии влияют преимущественно объективные текстовые факторы, а на российские – субъективные, которые напрямую связаны с разным качеством языковой способности носителей языка.

RESUME

The article is devoted to political internet comments in the linguopersonological aspect. In the study of this material a comparative method is used which helps to determine the level of linguopersonological potential of Russian and Kazakh internet comments. The study is based on the model of text derived analysis of derivative texts which are considered in formal, meaningful, functional plans. An analysis of the political Internet comments revealed that text objective factors affect Kazakh Internet comments mostly, and subjective factors – in Russian, which are directly related to the different quality of language ability of native speakers.

ЭОЖ 811.1:725.94

Аннотация

Мақалада шамамен үш ғасырға созылған мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени және тілдік байланыстарға әсер еткен алғышарттар мен тарихи-мәдени факторлар қарастырылған. Сонымен қатар екі ел арасындағы қарым-қатынастың орнауына ықпал еткен туыстық, психологиялық, әлеуметтік-экономикалық, діни, саяси, мәдени және тілдік факторлар туралы сөз болады.

Түйін сөздер: Мәмлүк-қыпшақтар, тілдік байланыстар, түркі-араб байланыстары, Қыпшақ даласы, Алтын Орда, тарихи-мәдени факторлар.

Қ.Қ. Аубакирова

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік
университеті, гуманитарлық
ғылымдар магистрі

А.А. Мустафева

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
PhD, доцент

Түркі-араб тілдік байланыстарының алғышарттары мен тарихи-мәдени факторлары

Қаншама ғасырлық тарихы бар түркі-араб байланыстары, Дешті Қыпшақ мәдениеті мен араб-мұсылман мәдениетінің өзара қарым-қатынасы мен ықпалдасуы өз кезегінде екі халықтың да мәдениетіне, тілдік қорына айтарлықтай әсерін тигізді. Халықтар мен елдер арасында мәдени-тілдік байланыстардың орнауына саяси, діни, тарихи, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және т.б. факторлар әсер етеді. Түркі-араб мәдени-тілдік байланыстарының негізгі алғышарттары ерте дәуірден бастау алады.

Ф.М. Асадов түркі халқы туралы айтылған араб тіліндегі ерте ортағасырлық еңбектерді жинақтап, жан-жақты талдау жасаған «Арабские источники о тюрках в раннее средневековье» атты еңбегінде арабтардың түріктермен байланысы өте ертеден басталатынын Мұхаммед пайғамбардан жеткен хадистер арқылы көрсеткен. Ғалым түркілер туралы ең алғашқы мәліметтер әт-Табаридің хадистер жинағында кездесетінін ескертіп, онда Мұхаммед пайғамбардың «түркі шатырында» демалғандығы айтылатынын алға тартады. Пайғамбардың сенімді сахабаларының бірі Омар ибн әл-Хаттаб (634-644) пен халифа Муғауии (661-685) да «түркілерге тиіспендер» деп, халықты түркілерден сақтандырып отырған. Арабтар түркілер туралы ерте кезден-ақ біліп, олардың батырлығы мен жауынгерлік қасиеттері ел арасында аңызға айналған [1, б. 22]. Ал кейін ислам дінінің әлемге тарап, араб халифатының орнауымен Араб Шығысында жалдамалы түрік әскерлерінің саны арта түскенін тарих беттерінен

көруге болады. Таяу Шығысқа құл немесе жалдамалы әскер ретінде келген түркілер уақыт өте келе жат елде үлкен саяси күшке айналып, билік басына дейін көтеріліп отырғандары тарихтан белгілі.

Араб-мұсылман әлемін Батыс пен Шығыстан қатар төнген жойқын күштерден сақтап, крест жорығы мен моңғолдар шабуылын тоқтатқан мәмлүктер өз елінен жырақта жүріп, Африка құрлығында, Ніл сағасында орналасқан Мысыр жерінде билік басына келіп қана қоймай, сол жерде түркілік мәдениеттің ошағын қалыптастыруға ықпал етті. Олар түркі дүниесінде ғана емес, бүкіл ислам әлемінде үлкен беделге ие болды. Мәмлүктер билігі тұсында Мысыр мемлекеті мұсылман елдері арасында үлкен саяси, әскери күшке ие болған ең қуатты мемлекеттердің біріне айналып, экономикалық, әлеуметтік, діни, мәдени, ғылыми жағынан үлкен жетістіктерге ие болды.

Мәмлүк мемлекеті (1250-1517) – Мысыр, Сирия жерлерінде түркі және Кавказ халықтарының өкілдерінен шыққан жауынгер-құлдар билік еткен мемлекет. Мәмлүк сөзінің шығу тарихына тоқталатын болсақ, ол Ислам тарихында үлкен рөл ойнаған «ақ құлдарға» қатысты туындаған. Бұл сөз араб тіліндегі «ملك» [malaka] – иелену, билеу деген етістіктің ырықсыз етісінің есімшесі. *Мәмлүк* сөзі бастапқы кезде «біреуге тиесілі мүлік», «егесі бар мүлік», «біреуге тәуелді, иеліктегі адам» деген мағынаны берсе, кейін өз заманының тарихи жағдайлары мен қолданылу аясына байланысты «ақ құл» деген екінші мағынаға ие болады. Сол заманның араб деректері оған «сатылатын және сатып алынатын, әке-шешесі жоқ ақ құл» деген анықтама береді [2].

Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде алынып отырған ортағасырлық түркі-қыпшақ тілінде жазылған авторы белгісіз «Әл-Қауанин» еңбегінде «مملوك» [mamlūk] сөзі бірнеше рет кездеседі. Онда қолжазба авторы мәмлүк сөзінің көпше түрін «ممالیک» [mamālīk], ал түркі-қыпшақ тіліндегі аудармасын «قول» [qul] деп берген. Мысал ретінде «Әл-Қауанин» жазба ескерткішінен төмендегі үзіндіні келтірсек болады: «Сұлтанның мәмлүгі дегеніміз сұлтанның құлы деп айтылады» («فتقول في معنى مملوك السلطان سلطانن قلى در») [3, п. 53/А], «менің мәмлүгім деген құлымдур деп айтылады» («فتقول في معنى مملوكي قلم در»), «олардың мәмлүктері деген олардың құлдары деп айтылады» («فتقول في معنى ممالیکهم الارنن قلا در») [4, п. 55/А]. «Тәржүмән» атты қыпшақша-арабша сөздіктің «Мәмлүктер, мәмлүк және ханшайымдар мен күндер» («الفصل في الممالیک و المملوك والست والجارية») атты бөлімінде де *мәмлүк* (مملوك [mamlūk]) сөзінің аудармасы *құл* (قول [qul]) деп көрсетілген [4, п. 34/Б]. Сонымен қатар «Әд-Дурра» еңбегінің «Адамның сипаттары мен түстері» («صفات الناس و ألوانوها») атты он тоғызыншы бөлімінде бұл сөздің түркі-қыпшақ тіліндегі аудармасы *құл* (قول [qul]) деп беріліп, осы бөлімде кездесетін «العبد» [al-‘abd] сөзінің аудармасы қыпшақ тілінде «қара» [qara] – қара деп көрсетілген [5, п. 14/А]. Аталған бөлімде «المملوك» [al-mamlūk] сөзі «الأمير» [al-‘amīr], түркі тілінде «бек» [bek] – бек деген сөзден кейін келеді. Бұл жерде *мәмлүк* сөзінің *амір*, *бек* сөзінен кейін келуі олардың дәрежесінің жоғары болғанын көрсетеді. Ал нағыз құл мағынасындағы «العبد» [al-‘abd] сөзінің де осы бөлімде қатар берілуі «المملوك» [al-mamlūk] және «العبد» [al-‘abd] сөздері арасындағы ерекшеліктердің бар екенін білдіреді. Қолжазбадағы «العبد» [al-‘abd] сөзінің «قرا» [qara] деп аударылуы көбіне қара жұмыспен айналысатын қара нәсілді құлдарды білдірсе керек. Ортағасырлық араб тарихшыларының еңбектерінде келтірілген деректерден де мәмлүктердің құлдарға қарағанда көптеген артықшылықтары болғанын анық байқауға болады. Олар жас кездерінен бастап әскери өнерді, жазу-сызуды, дін негіздерін үйреніп, билік істерінен хабардар болып, елдің саяси-экономикалық өміріне ықпал етіп отырған. «العبد» [al-‘abd] деп аталатын көбіне Африкадан әкелінген қара нәсілді құлдар ауыр жұмысқа, үй шаруасына тартылса, өздерінің ерлігімен, тапқырлығымен көзге түскен мәмлүктер билік, әскери істеріне, кеңсе жұмыстарына тағайындалып, жоғары лауазымға дейін көтеріліп отырған. Осыдан Мысыр қоғамындағы мәмлүктердің ерекше дережеге ие болғанын байқауға болады. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиетін зерттеген А. Әлібекұлы мәмлүктер туралы олардың жай құлдардан айырмашылығы көп болғанын

алға тартып, мәмлүктерді «ақ құлдар» дегеннен гөрі «жалдамалы» немесе «арнайы дайындықтағы адам» деу орынды екенін айтады [6, б. 12].

Сұлтан әз-Заһир Бейбарыс билік басына келгеннен кейін өздерінің туыстас ағайындары, Алтын Орда мемлекеті орналасқан өзінің тарихи Отаны Дешті Қыпшақ халқымен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастар орната бастады. Мәмлүктер мен Алтын Орда арасындағы байланыстар жалпы ислам тарихындағы өте маңызды оқиға болды.

Халықтар арасындағы мәдени және тілдік қарым-қатынас, ең алдымен, саяси, экономикалық, әлеуметтік, этнотарихи, психологиялық себептермен тығыз байланысты. Дешті Қыпшақ халқының Мысыр жеріне қоныс аударуына да бір-бірімен тығыз байланысты әскери, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және т.б. факторлар әсер етті. «Эт-тауаиф әл-муғулия фи Мысыр» атты зерттеудің авторы Салах әд-Дин Мұхаммед Наууар Алтын Орда халқының Мысыр жеріне көшіп келуіне әсер еткен осындай бірнеше факторларды көрсете отырып, халықтардың қоныс аударуына әсер ететін негізгі себеп ретінде табиғи фактордың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Ол Қыпшақ даласының табиғаты қатаң, қысы өте суық болғандықтан, онда өмір сүрудің қиындығын алға тартады. Табиғаттың қатаңдығынан және толассыз соғыстардан туындаған әлеуметтік-экономикалық сияқты түрлі қиындықтарды бастан кешірген Дешті Қыпшақ халқы сол кезде әлем тарихында маңызды орынға ие болып, экономикалық жағынан әлдеқайда дамыған Мысыр Мәмлүк мемлекетіне жаппай қоныс аударуы заңдылық деп көрсетеді [7, б. 21].

Көптеген зерттеушілер Мысыр Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы саяси-дипломатиялық, мәдени-тілдік байланыстардың орнауына әсер еткен негізгі себептердің бірі ретінде екі халық арасындағы тектік, туыстық қатынастарды алға тартады. Шынымен-ақ, қыпшақ мәмлүктерінің Алтын Ордамен жан-жақты байланыс орнатып, жақсы қарым-қатынаста болуы екі елдің ортақ танымы мен түсінігінде жатса керек. Кейін Дешті Қыпшақ халқының сунниттік бағыттағы ислам дінін қабылдауы және мәмлүктер билігі тұсындағы мысырлықтардың шииттік бағыттан төрт мәзһабқа негізделген сунниттік бағытқа ауысуы екі ел арасындағы жақындықты арттыра түсті. Ортақ дін, ортақ мәдениет аясында бірі Ніл, екіншісі Еділ бойында өмір сүрген туыстас халықтар арасындағы байланыстар күшейе түсті. Туыстық қарым-қатынастардың нәтижесінде Мысырдағы қыпшақтардың саны арта түскендігін растайтын тарихи деректер де жеткілікті. Осындай деректі ортағасырлық тарихшылардың еңбектерінен көптеп кездестіруге болады. Мәмлүктер билігі кезіндегі жылнамашылардың еңбектеріне сүйене отырып, мысырлық тарихшылар Амин әл-Холи, Мұхаммед Наууар, Қасым абд Қасым туыстық факторды екі ел арасындағы байланыстардың орнауына ықпал еткен басты фактор деп санайды.

Екі елдің арасында достық қарым-қатынастың орнауына мәмлүктер сұлтаны Бейбарыстың қыпшақ тайпасынан шыққандығы да ықпал еткен. Моңғол шапқыншылығының нәтижесінде Қыпшақ даласынан көптеген адамдар тұтқынға түсіп, құл ретінде сатылған. Бұл туралы әл-Айни «Олардан кейін мұсылман мемлекеттерінде өшпес із қалдырған адили, камили, ашрафи, муззами, насри және азизи мәмлүктері пайда болды» деп жазады. Құлдыққа түскен түріктердің ішінде Мәмлүк мемлекетінің негізін қалаушы Бейбарыс пен кейін билік басына келген Қалаун да болды. Әл-Айнидің еңбегіне сүйенсек, екі сұлтан да түркі тайпасынан шыққан [8, б. 476]. Ортағасырлық тарихшы әл-Омаридің айтуы бойынша, Мысырдағы мәмлүк сұлтандары өздерінің бауырларын жақын тартып, туыстарын Мысырға көшіріп әкелуге тырысқан [9, б. 211].

Сұлтан Бейбарыс бастаған мәмлүк сұлтандарының Мысыр және Шам жерлеріне Дешті Қыпшақ халқын тартуы, туыстық, рулық қатынастарының себебінен өз қандастарымен байланыстар орнатуы әлеуметтік және мәдени-психологиялық факторларға байланысты туындады. Психологиялық фактор түркі-араб мәдени және тілдік



байланыстарына ықпал етіп, билік басына келген қыпшақ-мәмлүктерінің Отанына, туған жеріне, өз ұлтына деген сағыныштарының нәтижесінде жер-су, елді-мекен атаулары түрікше атала бастады. Мұндай тілдік байланыстардың нәтижесі ретінде араб тілінде қазіргі кезге дейін сақталған түркі тіліндегі топонимдер мен антропонимдерді мысал ретінде келтіруге болады. Мәмлүктер билік еткен Мысыр Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орданың әлеуметтік, саяси құрылымы, әскери, мемлекеттік жүйесі қатты ұқсас болды. Өздері Қыпшақ даласынан келіп, сұлтан дәрежесіне дейін көтеріліп, Мысырда аристократиялық тап өкілдеріне айналған мәмлүктер шығу тегі жағынан өздеріне жақын, туыстас халықпен байланыс орната отырып, мемлекеттің саясатында және әскер құруда оларға арқа сүйеді. Әл-Қалқашанди өз еңбегінде: «Олар өздерінің адалдығы мен ерлігі арқылы көзге түсіп, дене бітімі мен сұлулығы, көркем мінездері үшін таңдалып алынған шығу тегі жағынан түркі халқы» деп, қыпшақ мәмлүктерінің Мысырға шақырылуының басты себебін көрсетеді [10, б. 458].

Мысырдағы мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ мәдениеті туралы араб тарихшысы Салах әд-Дин Мұхаммед Наууар «Тауаиф әл-муғулия фи Мысыр» атты зерттеуінде: «Түркі-қыпшақ тайпаларының сұлтан әз-Заһир Бейбарыс негізін салған Мысыр Мәмлүк мемлекетіне саяси-әскери, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тілдік әсері туралы мәліметтерді ортағасырлық араб жазба ескерткіштерінен молынан кездестіруге болады. Мысыр Мәмлүк мемлекетінде моңғол-қыпшақ факторының негізгі тірек қызметін атқарғандығын көптеген ортағасырлық еңбектер растайды» [7, б. 4] дей келе, қыпшақтардың Мысыр жерінде өздерінің төл мәдениеті мен салт-дәстүрлерін берік ұстанғанын жазба ескерткіштерде кездесетін нақты деректер арқылы көрсетеді.

Сұлтан әз-Заһир Бейбарыстың Дешті Қыпшақтың мықты билеушісі Беркенің қызын алуы, Берке ханның ислам дінін қабылдауы екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсті. Мекке, Медине, Құдыс пен Каирдің мешіттерінде хутбаларда халифа мен сұлтаннан кейін Берке ханның есімі аталды. Берке хан туралы ортағасырлық араб деректерде: «Ол ислам дінін қабылдаған алғашқы Шыңғыс хан ұрпағы болды. Ол сенім шамшырағын жағып, мұсылман ғұрыптарын орнатып, құқықтанушыларды құрметтеп, оларды өз жанына тартты. Өз мемлекетінің аумағында мешіттер мен мектептер салдырды» деп көрсетілген [9, б. 130-131].

Сұлтан әз-Заһир Бейбарыс Берке ханға 1262 жылы Дешті Қыпшақ жері мен түркі-қыпшақ тілін жақсы меңгерген мәмлүк әмірі Күшбекті және Қыпшақ елінен келген, ислам дінінің қағидаларын жақсы білетін Мәжид әд-Дин мен Нафранды елшілікке аттандырады. Сұлтан Бейбарыс Берке ханды бұл жолы да кәпірлерге қарсы қасиетті «жиһадқа» қатысуға шақырып хат жолдайды. Бұл хатында Мысырдағы мұсылман әскерлерінің күш-қуатын, оның этникалық құрамын сипаттап, ислам әлеміндегі Мысыр сұлтанына бой ұсынатын патшаларды атап көрсетеді. Құлағудың жаулап алған жерлерінде мұсылмандарға қысымшылық пен зұлымдық көрсетіліп жатқандығын, оның ісі Аллаға жиркенішті екенін және оған қарсы тұру қажеттілігін айтады. Сонымен қатар Берке хан әскерлерінің Мысырға келгенін, оларға үлкен сый-құрмет көрсетілгенін хабарлайды. Бұл дерек екі билеуші арасындағы әскери-саяси жақындасуға діннің де аса күшті себепші болғанын айқын көрсетеді [11, б. 107].

Дегенмен Мысыр мен Алтын Орда арасындағы қатынасқа сұлтандардың туыстық байланысы ғана емес, одан да маңызды саяси себептер болғаны анық. Мысыр мен Алтын Орда арасындағы алғашқы байланыс Сұлтан әз-Заһир Бейбарыстың 1261 жылы Берке ханға жазған хатынан басталатыны тарихтан белгілі. Сол заманның атақты мемлекет қайраткері, Сұлтан әз-Заһир Бейбарыстың жеке хатшысы қызметін атқарған Ибн Абд әз-Заһирдің ортағасырлық еңбегінде сұлтанның тапсырмасымен Берке ханға хат жазылғандығы туралы айтылған. Алтын Орда мен Мысыр арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнауы туралы А.Ю. Якубовский мен Б.Д. Грековидың «Алтын Орда және оның құлауы» және С. Закировтың «Дипломатические отношения Золотой Орды с

Египтом» атты еңбектерінде де Мысырдың Алтын Ордамен достық қарым-қатынас орнатып, әскери одақ құруға мүдделі болғандығы айтылады [12].

XIII-XV ғасырлар аралығында әлем тарихының барысына әсер еткен екі құрлықта, бірі солтүстік Африка мен Таяу Шығыста, екіншісі Орталық Азияда орналасқан Мысыр Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы жан-жақты байланыстардың орнауы мен оның әрі қарай күшеюіне әсер еткен негізгі факторлар ретінде төмендегі факторларды атап айтсақ болады:

- генеалогиялық (туыстық) фактор: Орта ғасыр тарихында үлкен күшке ие болған Алтын Орда мен Мысыр Мәмлүк мемлекетінде қыпшақтар үлкен саяси-әлеуметтік күшке ие болып, қыпшақ мәдениеті жандана түсті;

- психологиялық фактор: Дешті Қыпшақ даласынан Мысырға құл ретінде келіп, кейін билік басына дейін көтерілген мәмлүк қыпшақтарының өз Отанына, өз халқына деген сағынышы;

- әлеуметтік-экономикалық фактор: XIII-XV ғасырлар аралығында Мысыр Мәмлүк мемлекетінің үлкен күшке ие болып, әлеуметтік-экономикалық жағынан қарқынды дамуы және Дешті Қыпшақ халықтарының моңғол шапқыншылығынан зардап шегуі;

- діни фактор: Алтын Орда ханы Беркенің (1256-1266) ислам дінін қабылдауы, Мысырда мәмлүк сұлтандары қолдау көрсеткен сунниттік бағыттағы ханафи мазһабының кең тарауы;

- саяси фактор: Жошы Ұлысы мен Құлағу ұлысының құрылуы және екеуінің арасындағы қайшылықтар, Құлағу әскерінің араб әлеміне шапқыншылығы, Батыс Еуропадан кресшілердің жорығы.

Түркі-араб мәдени және тілдік байланыстарының қалыптасып, дамуына әсер еткен факторларды анықтай отырып, түркі-араб байланыстарының жан-жақты әрі ауқымды болғандығына көз жеткізуге болады. Араб әлемінде Аббасилер әулетінің билігі кезінен бастап саяси-әскери істерге айтарлықтай ықпал етіп отырған мәмлүк-қыпшақтары билік басына келгеннен кейін түрлі салаларда түркі-араб байланыстары қарқынды дами бастады. Жалпы, түркі халқы ертеден бері өзіне тән ерекше саяси-әкімшілік жүйесімен, мемлекетті басқарудың ерекше формасымен танылды. Осы әлеуетінің арқасында мәмлүк-қыпшақтары Мысыр елінде үш ғасырдай билік жүргізіп, елдің сыртқы саясатында жаңа бағыттағы қатынастар орнатты. Мәмлүк сұлтандары туыстық, психологиялық, әлеуметтік-экономикалық, діни, саяси факторлардың әсерінен тегі жағынан өздеріне туыстас Дешті Қыпшақ халықтарымен өзара қарым-қатынасын нығайта түсті. Бұл өз кезегінде екі халықтың арасындағы мәдени және тілдік байланыстардың дамуына ықпал етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. – Баку: Элм, 1993. – 204 с.
- 2 سعيد عبد الفتاح. العصر المماليك في مصر و الشام. – القاهرة: الناشر، 1976. – 213 ص.
- 3 القوانين الكلية لضبط اللغة التركية. – اسطنبول: المكتبة السوليمانية. – الرقم 1559. – 85 ص.
- 4 كتاب مجموع ترجمان تركي وعجمي ومغلي. – ليدين، الرقم 517. – 63 ص.
- 5 كتاب الدرّة المضية في اللغة التركية على التمام و الكمال. – فلورانسا: المكتبة لورينزيانا. الرقم 130. – 24 ص.
- 6 Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі) – Алматы: Арда, 2008. – 176 б.
- 7 صلاح الدين محمد. الطوائف المغولية في مصر و تأثيراتها العسكرية و السياسية و الاجتماعية و اللغوية و العمرانية في عصر دولة المماليك البحرية. – القاهرة: منشأة المعارف، 1996. – 160 ص.
- 8 Семенова Л.А. Салах әд-Дин и мамлюки в Египте. – М.: Наука, 1966. – 23 с.
- 9 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1884. – 385 с.



- 10 *الفلقشندي. صبح الأعشى في صناعة الانشا. – القاهرة: دار الكتب، 1922. – الجزء الرابع – 456 ص.*
- 11 Батыршаұлы Б. Мысыр мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғасырлар. – Алматы: Экономика, 2005. – 652 б.
- 12 Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом (XII-XIX вв). – М.: Наука, 1966. – 160 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются предпосылки и историко-культурные факторы тюркско-арабских культурных и языковых контактов при мамлюкской власти (XIII-XV вв.) на основе средневековых арабских и тюркско-кыпчакских письменных памятников. А также определяются повлиявшие на них генеалогические (родственные), психологические, политические, религиозные, социально-экономические, культурные, языковые факторы.

RESUME

The authors of the article consider the background and historical-cultural factors of the Turkic-Arabic cultural and linguistic contacts in the Mamluk period (XIII-XV centuries) on the basis of medieval Arabic and Turkic-Kipchak written monuments. Also, genealogical (family), psychological, political, religious and socio-economic, cultural and linguistic factors, which had influenced them are determined.

УДК 81.8

Аннотация

В данной статье автор рассматривает актуальные вопросы полиязычия как фактора процветания общества. Кроме того, освещены специфические особенности языковой ситуации в Казахстане. Автор убежден, что для формирования полноценного полиязычия необходима мотивация.

Ключевые слова: сегрегация, ассимиляция, маргинализация, идентификация, социализация, социальная адаптация, идентификация, самопознание.

Н.К. Кажекенова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
канд. пед. наук, доцент

Полиязычие как политический и социальный фактор процветания общества

Вопросам полиязычия уделяется большое внимание и политиками, и филологами – лингвистами. Особо быстро данная проблема назрела с приобретением советскими социалистическими государствами статуса независимых. Роль и употребление русского языка в Содружестве независимых государств рассматривались по-разному: отдельные страны уменьшали часы по русскому языку в школах и вузах, а другие, озабоченные решением более насущных социальных вопросов, оставили все без изменения. К счастью, у нас в Республике языковая политика изначально велась продуманно и мудро: видимо, руководство государства помнило великое изречение предков о том, что «сколько языков ты знаешь, столько раз ты – человек».

Несомненно, любая страна должна иметь язык со статусом государственного, но мы также знаем горький опыт азиатских стран, искоренивших русский язык, а затем вынужденных «возвращать» его в систему образования в силу объективных условий жизни.

Современная социально-политическая и языковая ситуации, сложившиеся в Казахстане, таковы, что все рельефнее и реальнее становятся связи между функционированием языков и мотивацией их овладения. Государством предпринимаются планомерные усилия по урегулированию отношений между языками: определен статус государственного языка, что, несомненно, является величайшим достижением независимого Казахстана; и основными стратегическими направлениями языковой политики определена поддержка развития и функционирования государственного, русского и других языков народов, населяющих РК [1].



Языковая ситуация в Казахстане определяется учеными как экзогlossная, несбалансированная, диглоссная и демографически неравновесная [2].

Практически во всех слоях населения страны активизировались процессы этнической самоидентификации, способствующие росту языкового сознания и языкового самосознания как основополагающей части национального общественного сознания. Следует помнить, что этническое самосознание включает в себя не только идентификацию с этносом, но и ряд других связанных с ним феноменов: «отношение к своему этносу может быть как позитивным, так и негативным (при положительном отношении возможны этноцентризм, этнофанатизм, в крайних формах – национализм и фашизм, при отрицательном – этнонегативизм); может возникнуть и культурный конфликт, при котором индивид испытывает на себе одновременно или последовательно действие нескольких этносов (таковы, например, сегрегация, ассимиляция, маргинализация) и др.» [3].

Следовательно, этническое самосознание и идентификация носят социальный характер и неразрывно связаны с другими аспектами личностной и групповой идентификации. Этническая и языковая идентичность как проявление языкового самосознания особенно актуальны в современном полиязычном Казахстане.

Следует определиться с понятиями «сознание», «национальное сознание», «этническое сознание», «языковое самознание» и т.д., которыми пользуются многие современные смежные науки, тем не менее эти понятия по-прежнему остаются наиболее трудно определяемыми категориями. Осложняется ситуация и тем, что до сих пор нет четкой дефиниции терминов «мышление» и «сознание»: они или противопоставляются друг другу, или поглощаются одно другим, или используются как синонимы. Приемлемой точкой зрения является увязывание сознания со статическим аспектом, а мышления – с динамическим аспектом явления, и в этом случае «сознание характеризуется свойством мозга, а мышление – деятельностью мозга, наделенного сознанием» [4].

Анализ языкового самосознания с учетом его осмысления в лингвистике и смежных отраслях знания как целостного образования, основанного на универсальной способности человека как рефлексии, был сделан многими учеными, в том числе М.А. Аркадьев, А.Б. Багдасарова, Ю.В. Бромлей, Я.З. Гарипов, Л.М. Дробижева, И.А. Зимняя, М.Э. Коган и др.

Современному молодому поколению в высокой степени свойствен процесс идентификации, в которую оно активно вовлекается в ходе социализации и социальной адаптации, а языковая и этническая идентификация, наряду с половой, возрастной, социальной и др., представляет широкую возможность более эффективного проявления саморефлексии и самопознания. В общем когнитивном развитии языковое сознание, формируемое с помощью родного языка, является решающим и иницирующим фактором интеллектуального развития человека.

Языковое самосознание, или осознание своего знания языка и мотивов языкового поведения, целостная оценка себя как языковой личности, являясь развивающейся когнитивной системой человека, позволяет не просто чувствовать и рассуждать, но и рефлексировать соответственно возникающим чувствам и мыслям; развивает способность контролировать поступление информации и оперировать ею в ходе мыслительной и вербальной деятельности. Сейчас действительно необходимо использование новой теоретической социолингвистической парадигмы изучения проблем двуязычия, биментальности, т.е. правильного соотношения этнического и языкового самосознания личности, представляющей будущее полиэтнического и многоязычного Казахстана. Казахстанцы, как и миллионы людей в мире, ощущают на себе как позитивное, так и негативное воздействие глобализации.

На наш взгляд, как теоретиками, так и практиками не всегда в должной мере учитываются особенности языковой среды, которые позволяют обучающимся «стартовать» с разных площадок «коммуникативных потребностей», корректировать традиционную

систему мотивов, включать новые установки и с помощью старых формировать новые стереотипы речевого поведения и проявления языкового самосознания в условиях тесного сосуществования казахской, русской и других языков и культур. Вышесказанное определяет реальные черты языковых процессов в стране, которые не могут не сказаться на изменении отношения к языкам, а также и на переосмыслении целевых приоритетов в общей мотивационной обстановке изучения государственного и других языков.

Общие вопросы языкового самосознания и мотивация изучения языков изучены достаточно полно в лингвистических, этнографических, исторических, социологических, культурологических и других работах. Но проблема мотивации изучения конкретного языка в связи с изменением языкового самосознания как результата осуществления государственной языковой политики в определенный период и в условиях полиэтничного государства разработана в недостаточной мере.

Что же такое мотив и мотивация? Мотивация – это процесс, регулирующий действие на достижение специфических для данного мотива целевых состояний и поддерживающий эту направленность. Применительно к языкам это может выглядеть следующим образом:

- необходимость использования языков в последующей деятельности (учебе, работе и т.д.);
- получение доступа к существующей на изучаемом языке информации;
- осознание роли данного языка как языка - посредника при контактах с носителями языка;
- сложившиеся индивидуально-личностные представления (полюбившиеся художественные произведения, фильмы, песни и т.д.);
- способы организации учебной деятельности, например, учет индивидуальных психологических различий, коллективные формы работы и т.д. [5].

Мы же исходим из понимания сложного многоаспектного характера мотивации – важнейшего психологического компонента всякой деятельности – как совокупности различных побудителей (мотивов), а мотива как «опредмеченной потребности» [6]. При этом никакая познавательная активность не детерминируется только одним мотивом, и сама мотивационная система не является чем-то неизменным. Применительно к изучению языков мотивация может рассматриваться как система побуждающих мотивов-импульсов, направляющих учебную деятельность на их более глубокое изучение.

- ғаламдық біртұтас құрылым жасау идеясының ықпалы қазақ әдебиетінде қоғамдағы, замандағы өзгерістерін ұлттық танымды жаңғыртудың осы кезеңге арналған өзгеше ой-пікір, көзқарастары мен түйіндерін көркем бейнеледі;

- ұлттық сананы өзгерту, өзге әлем идеясына бұруға бағытталған іс-әрекетке қарсылық кейіпкер бейнесінің жаңа тұрпаттарын жасады;

- қазақ қоғамының түрлі қатпарлары тақырып өзегіне айналып, кейіпкерлердің қоғамға, заманға қатынастары кең көлемде ашылды ;

- қазақ әдебиетіндегі жаһандану үрдісі ұлттық рухтан биік емес, халықтың танымнан жоғары емес, жұрт жанындағы ғасырлар қалыптасқан салт-сананы өшіре алмайды деген ұлттық идеямен сабақтасқан шығармаларды әкелді.

Тәуелсіздік кезеңі ой мен көзқарасқа да жаңа серпін берді. Әдебиеттегі кейіпкер бейнесін жаңа мінез-құлық, әрекеттермен толықтырды. Бұл заман мен қоғам ерекшеліктерінің де ықпалына болғаны белгілі. Себебі, әдебиеттегі байырғы бір қалыптағы бейнелер жасау - дәстүрді жалғастыру болғанымен, көп жағдайға суреткердің шеберлігі жете алмайтын тұстары көбірек кездесті. Қоғам бұған дейінгі қалыптан мүлде өзгеріп, кеңестік кездегі идеялар аяқ асты етілген соң, ендігі жерде әдебиетте қандай ой айту, көркем бейнені қай тұрғыда алып шығу – қаламгер үшін де шешілуі қиын сұрақ. Әдебиетке кейіннен келген жастар шетел әдебиетіне көп иек артса, алдыңғы толқын кейіпкер мен заман, қоғам қатынастарын ұлттық танымнан іздеді.

Қазақ әдебиетінде кеңестік кезеңнің өзінде ғылымда да, көркемдік әлемде де кейіпкердің ұлттық санасы мен танымына, халықтық жаратылысына басты назар аударатын М. Мағауиннің тәуелсіздік кезеңінде жазған шығармалары өзгеше ой-түйіндерімен ерекшеленеді. Жаһандық өзгерістер қазақы қалыпты, халықтық философияны ұлттық таныммен ғана сақтап қала алады деген идеяны барша шығармаларында ой тірегі ететін жазушының «Қисық ағаш», «Қос ағаш» деген шығармалары бар.

Автордың бала кейіпкерінің қос ағашты тануы басқа. Бала кезіндегі көрген қос ағашы тым биікте, арман-қанат көңілі сұрғылт бұлтқа, сосын тұманға ұқсатады. Кейіпкердің қос ағашты тануы оны көрсетуші, алғашқы түсіндірушісіне де байланысты. Жаннан артық көретін, барлығын білетін, айтқаны тек жақсылыққа үйретуден тұратын атасының қамшысының ұшымен нұсқаған жағынан қасиетті ағашты көрген бала көңілі оны қадірлі де, құрметті, қасиетті көрері заңды.

«Әуелде бұлт екен деп ойлағам. Үйірілген, сұрғылт, бір будак бұлт. Бұлт емес, одан беріде, бірақ биікте шоқталған өзгеше тұман екен. Мен көрмеген зәулім ағаштың арбиған, аумақты басы. Біз алға жылжыған сайын зорайып, еңселеніп, жайыла түсті. Ағаш қосар екен. Біз тұсына жеткенде жарты дүниені алып жатқандай көрінді – бүйірлері жанаса тұтасқан қос бұлт. Түбіт шудаланып тұр. Жер бетіндегі селдір тұман сол екі ағаштың басынан таралып жатқандай. Екі аяқты алып. Ертегідегі дәу. Айбынды. Сұсты. Бірақ қорқынышты емес еді. Салқам, суық кейіпінің өзінде мейірлі жақындық бар. «Уа, қасиетті Қос Ағаш!» - деді атам мені ер үстінде қаусыра құшақтаған қалпы қол жайып. Мен де қол жайдым. - Уа, қасиетті Қос Ағаш! Мына кішкентай құлыншағыма өзіңнің жасыңа тете ұзақ ғұмыр бер! Аллаһу әкбар!» - Қос Ағаш түтіндеген тұманы шұбалып, бас изеді. Атам бетін сипады. Мен де бетімді сипадым. Бір сәт қалт тоқтаған Қос Ағаш біз қозғалғанда қайтадан баяу жылжып, қатарласып отырды да, бірте-бірте сол жақ қабырғада қала берді. «Уа, қасиетті Қос Ағаш!» - дедім мен артыма қарайлап, қайта-қайта күбірлеп. - Уа, қасиетті Қос Ағаш!..» [3, 80].

Қазақ танымының мұсылмандық сенімінің ерекшелігі тәңіріліктен қалған, магизм, тотемизм, анимизм, шаманизм, зороастризм сенімдерінің белгілерін сақтауымен ерекше. Қос ағаштық қасиетті саналуы қазақы танымындағы ақтық байлау, қадір, киелі тұтар ағаштар қазақ жерінің әрі екенінен ұқтырады. Ағаштың – киеліліктің символы болуы оның да тіршілік иесі екендігінен болса, екінші жағынан, көне ағаш өткен қасиетті аталар мен бабалардың да өмірінің куәсі. Олардың ел болып сақталып, ұрпағын бүгінгі күнге жеткізуінің куәгері.

Қасиет қонған, кие болған ағаш тәу ету, одан жақсылық сұрап, тілек тілеу – өткенге тағзым, ертеңге сеніммен қадамның бастамасы. Аталар жолының ізімен, сенім, нанымымен жүрген ұрпақтың сол аталар – рухына адалдығы да. Сондықтан да қос



ағаштың ұрпағына жақсылық пен рух, ұлтжандылық пен биік арман қалаған қазақ үшін киелі белгісінің өз заңдары бар. Бұл заңдар – сол ағашты мәпелеу, оны жан-дүниесімен қасиетті деп сенудің екінші жағы табиғатпен тепе-теңдік бірліктің де көрінісі. Жаратылыстың барлығы да бірдей. Адамдар арасында да жаратқанның мейірімі түскен қасиетті пенделер болса, табиғатта да жаратқан шапағаты тиген киелі дүниелер бар деген сенімі адамды да осы дүниедегі барша заттар мен тіршілікпен тең қойды.

«Бәрі де дүниеден өтті. Қалған – Шыңғыстың тауы ғана. Бақанастың өзені ғана. Ол таудың өзі аққан. Ол өзеннің өзі таязыған. Бірақ сол тау, сол өзен. Сондықтан да қимас еді, ыстық еді. Ал адам... Адамға мейірім ерекше еді ғой. Адам да мұны мәпелейтін. Қасиет тұтатын. Бұрынғы адам. Өткен қауым. Үлкен, кіші түгел. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін. Барша әлемнің әмірі, садағын ілдірген құдіретті азан Шыңғыстың өзі тізесін бүгіпті. Қасарған жаудан қайтпаған Еңсегей бойлы Ер Есім ханның өзі медет сұрапты. Үш Алаш, тоқсан тоғыз бабаның аруағы қонған Абылай ханның өзі сиынып, түбіне қоныпты. Енді міне. Басқа заман. Басқа адамдар. Ендігі адам екі аяқты хайуанға айналды. Хайуаннан да жаман. Бірақ өскен ортасына зияны, зұлымдығы да жоқ, қайткенде де табиғаттың төл перзенті еді. Ал адам – өзін туғызған анасына, өсірген анасына жау болып шықты» [3, 89]. Қос ағаштың қасиетті болуының бір тамыры – оның біреу емес, екеу болып қатар өсуінде. Тіршіліктің мәні екіден тұрады. Әр нәрсенің жұбы болады деген таным қытайдың янь мен инь теориясын, еске түсіріп қана қоймайды, дүниені қосағымен танитын, екі әне одан асқанды көп деп ұнататын, жалғызды, жарым деп санайтын қазақы тіпті одан ары түркілік философияны да көрсетеді. Кейіпкердің алғашқы қос ағаштың қадірлі, асқақ қалпын көрген шақтағы суретін кейінгі кезеңдегі көргендерімен салыстырсақ, жкөп айырмашылық бар. Қос ағаш бұлтпен көмкеріліп, басын асқар таудай мұнар тұман басып тұрған биікке бойлаған еңселі. Ол еңселі ғана емес, қос ағаш өсіп тұрған өзеннің маңы да қалың тал-теректер. Құтты – қос ағаштың жапырығын мол жайған ұрпақтарындай. Сондықтан да өскен, маңы да, жаны да саялы, өзі асқақ ағашқа барып адамзат та ұрпағына жақсылық тілейді. Осы ағаштай өсіп-өңсін деген үрек қалауы да бар. Қос ағаштың көкке бойлаған киесі – Тәңіріге ұмтылған, Тәңіріге жақын қол соза алған қайратында да. Сондықтан да болар, қазақтың ұлттық танымы биіктікті, асқақтықты қадір тұтады, оны ерекше жаратылыс мейірімі деп есептейді. Бұл мейірімінің шапағаты бізге де дарысын деп армандайды.

Ғасырлар бойы аталардың кие тұтқан ағашын кейіпкер тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде көреді. Арада он үш жылдай, адамның бір мүшелге толатындай уақыты өткенде кездеседі. Бұл елуінші жылдардың соңы. Кеңес өкіметі Американы басып озып кетуіміз керек деп, жер-көкке жүгері егіп, қазақ даласын тегіс қырқып, жыртып тастаған кезіне сәйкес келеді. Ержеткен бала дараққа зер сала қарайды. Кейіпкер суреттеуіндегі ағаш жасы келіп қартайған, сақал-шашы аппақ болып ағарып, бетін тереңдеп әжімдер басқан қарияға ұқсайды. Дарақтың бас жағы қурай бастаған. Дарақтың түбінен ағып жататын бұлақ та жоқ. Басында - оңған, тозған, сұрықсыз шүберектер. Балалардың ортасындағы биологтары Бөкеннің айтуынша – бұл осы өңірде өспейтін емен ағашы. Бірі – жеті құшақ, бірі – бес құшақ. Бірақ маңындағы нәріне де, адамдар келіп, кие тұтып, ақтық байлау айырыла бастаған. Заман да өзгерді, халықтың ұлттық танымы ұмытылып, бар сенері – коммунистік партия болып, жат сенімге бой ұрып кеткен кезі болатын. Кейіпкер заман мен Қос ағаштың тағдырын қатар алып егіздеп суреттеп отырады. Бір кездері хан басына шатыр тігіп қонған, батыр да, би де, қара халықта аялап, кие еткен дарақтың ел сенімінен кете бастауы – заманның, қоғамның басқа қиырға апара жатқан белгісіндей. «Қос Ағаш ғұмыр бойы – тура мың жыл орайында кісі ұғымына, жер бетін басқан еді аяқтың бәрі емес, топырағын бір, суы ортақ, қандас қауымға күш берді, тек қана жақсылыққа бастады. Енді егде тартқан, тұғырдан таяр шағында қалай жөнге салмақ. Санасында болмаса, қалай сәуле бермек. Көрешегін өзі көрсін, өлшегені өзіме кетсін деді. Не тілек, не қайыр. Мұның діңіне емес, өзінің тамырына балта шапты. Жай ғана шапқан жоқ, бар қасиетін мансұқ

етті. Қиындыққа шыдар еді, қорлыққа төзе алар емес.

Қос Ағаш мынау сиықсыз, қортық қауымның күйкі тірлігіне куә болып, аспаны жарылған, ауасы бұзылған, топырағы былғанған зағип дүние ғұмыр кеше алмайтын еді. Жарық күнмен қоштасып, қайтадан топыраққа айналғаннан басқа не қалды. Иә. Ештеңе қалған жоқ. Кетуге бел байлады. Қасиетті Қос Ағаш өзіне ерекше бітім, өзгеше ғұмыр берген Көк Тәңірге мінажат етті: «Уа, Тәңірім! Уа, Тәңірім!, Өзің асқақтата көтеріп едің, Өзің алаулатып әкет! Ең соңғы сәтім – өткен, Өзің берген мың жылдық ғұмырыма лайық болсын!» - деді. Төлінің тілегін қабыл көрген, пенделерінде өзі кейіп жүрген Көк Тәңірі әуелі күркірей ақырып алды, содан соң жасын ойнатып, жай тартты. Қос Ағаш жүрегі жарқ етіп, басынан бақайына дейін балқи шымырлап, лап етті де, қып-қызыл жалынға оранды».

Тәңірім өзгеше туыс сыйлаған мың жылдық қасиетті Қос Ағаштың мәңгілік өлімі де өзгеше болыпты» [3, 90]. Қос ағаштың қоғамның бұзылғанының, адамдар танымының өзгергенінің куәсі болуы – қартайса да көгі таусылмайтын, тірліктен әлі де үміті бар қалпы – адамзат баласының жылуын іздейді. Қартайған ағаштар адамнан ба, жаратылыстан ба, әйтеуір бір тіршілік иесінен көмек сұрайтындай. Бірақ, тасбауыр қоғамның онымен шаруасы жоқ. Дүниеге, байлыққа ұмтылған әлем ендігі оларға пана бола алмасы анық. Жазушы даракты жақсылықтың, киенің символы ете отырып, жаратылыстың мейірімі оңай түспейтінін, оңайлықпен өшпейтінін детальмен береді. Адамдар қоғамының жат ниетін көрген, алдағы тағдырының не боларын сезген қос ағаштың жан-күйі оның да тіршілік иесі екенін, иесі ғана емес, осы әлемнің бір киесі екенін танытады. Бірақ, оңай олжаға құмартқан, ата-баба танымынан қол үзген қоғам адамшылықтан біржола кеткен еді.

Жазушы қасиетті даракқа қол жұмсағанның жазасыз қалмайтынын айтады. Сол жазаның өзінің көз алдында өскен ұрпағының көрмегенін қалаған дарактың қалауы – өзін-өзі жай отына жағумен аяқталды. Өліп бара жатса да артындағы ұрпағының, өзінің саясында өскен балаларының болашағын ойлауы – қандай қиындық, нендей жамандық көрсе де – ұрпағына тек жақсылық тілер ата-анадай. М. Мағауиннің «Қос ағаш» әңгімесі мүлде басқа ойды қозғайды. Ұлттық, ұлттық рух тұрғысынан киелі ағаш культін ұсынады. Автор кейіпкерінің Қосағашты көрген кездегі алған әсерімен суреттейді. Суреткер осы бала көзімен берілген Қос Ағаштың портретінің әсем көрінісін градиация әдісімен бейнелейді. Қаламгер бала көңілімен, бала қабылдауымен танылған алтын мен күміске малынған Қос Ағаш бейнесі – қазақтың құт-берекесінің символын берген тәрізді. Ары қарай жазушы осы бала танымындағы Қос Ағаш бейнесінің жомарттығы пен пандығын, бірегей қасиетті Қос Ағаштың енді құлдырау үрдісі де градиациямен беріледі.

Зәулім бәйтерек өткен мен бүгінді және ертенді жалғастырып тұрған көркемдік образ түрінде де алынған. Жазушы әңгіменің сюжеттік құрылымын шиеленістіру арқылы ауыл маңындағы алдыңнан асқар таудай менмұндалап тұратын Қос Ағаштың жоқтығы кейіпкеріне қаншалықты ауыр тигендігін психологиялық талдау жасай отырып суреттеген. Шегініс жасау арқылы әңгіменің ішіндегі әңгіме шертіліп, Қос Ағаштың жоқ болу себебі кейіпкер ойымен қортылып, түйінделіп отырады. Асқар таудай деталь қылып алған Қос Ағаш ақыры ұсақталған, азып-тозған ұрпақтың символына айналған. Көбіне қаламгерлер ұсақ нәрсені деталь ретінде алады да, оны үлкен, кең мағыналы символға айналдырады. Ал, мына шығармада бір кездегі бүкіл мұсылманның, қазақ түгілі, қалмақ сыйынған биіктіктің, алыптықтың, асқақтықтың символы, белгісі болған Қос Ағаштың бұтақтары – бөренелер ұсақталып, қарапайым отынға қажетті ағаштың қатарына енген. Бұл да болса автор шеберлігінің бір қыры дер едік. Қоғам өзгеріс сонымен бірге өзгерген адам баласының таным көркем бейнеленеді. Рухы өшкен, жаны сезімнен ада, күндігін ойлар бүгінге қос ағашпен бірге алаңдатады. Қос ағашы жоқ қазақтың болашағы не болар екен. Биігі жоқ, асқақ арманы жоқ, болашақ тілегі жоқ қоғам қайда апарады. Оқырманға жаңа кейіпкерлер тобын – бір күндігін ойлайтын адамдар тобын ұсынады.



Табиғаттың жаратқаны адам игілігі үшін деген алаң қағида адамзатпен табиғат арасындағы тепе-теңдікті бұзып қана қойған жоқ, адам баласының қасиетті сенімдерін – болашаққа сенімдерін, жаратылыс күштеріне сенімдерін жоғалтты. М.Мағауиннің «Қос Ағаш» әңгімесінің идеясы да бөлек – қос ағаш ерекше өмір сүрді, сонысымен киелі екендігін дәлелдеді. Өлімі де өзгеше болды - адамзатқа жаратылыстың ұлы бір құдіретін танытып кетті, етегіндегі елге серпіл, бабалар рухын тап деген ой тастап кетті. Көркемдік астар – қос ағаш өмірі арқылы бейнеленген. Шығарманы көркемдік өнер туындысы десек те, табиғаттың бұл құбылыстарының өзгеше адам баласы әлі аша алмаған сырлар бар екені белгілі.

Жазушы М. Мағауиннің қазақ қоғамының қай бағытқа бет алып бара жатқан қалпын бағамдайтын шығармаларының бірі - «Қисық ағаш». Шығарманың көркемдік келбетін арттырып тұрған әдістердің бірі – кейіпкерлерінің аттарының аталмауы. Бас кейіпкер ұлтын сүйгені, халқының болашағын ойлағаны үшін – заман үшін қисық ағаштай. Жазушы тағы да детальға барады. Қоғамның дегеніне көне бермейтін Кісінің қисық ағашпен теңдестіре алынуы – әңгіме идеясын да ашады. Автордың айтайын дегені биік рух, асқақ сезім – қай қоғам үшін де асқақ қалпында қалады. Басында қисық жаратылған, өзгеден өзгеше нәрсе түзетілмейді. Әңгіме 2001 жылы қазақтың егемендік алғанына он жыл толу қарсаңында жазылыпты. Сол он жылдағы рухтың өзгермегені, жетпіс жылғы жат пиғылдың әлі де жалғасып келе жатқаны суреттеледі. Адам танымының өзгерісі үшін тектілік пен тазалықтың қажеттігі бейнеленеді. «Қылмыс» әңгімесінің кейіпкері – бүгінгі Подоноктың әкесі Алпамыстың тағдыры туралы. Алпамыс алдыңғы тарауда талданған қоғам мен заман талабына бейімделген кейіпкерлердің бірі – Мараның бірінші күйеуі. Талантты, ұлттық рухы жоғары азамат болып суреттеледі. Әңгіме желісі Алпамыстың ортасына қарай ауысқанда жазушы қазақы қауымнан жырақ, ел болашағын емес, өз келешегін көбірек ойлайтын заманының дегеніне көне бермейтін Алпамыстың өр тұлғасын береді. Қазақ үшін, жұрты үшін мол дүние береріне сеніммен қараған, жастың алдыңғы өмірін халыққа қызмет етілмей өткенін қылмысқа балайды. Өзін қордың әйелдерін ажалдан құтқарам деп тапқан ажалдың құнсыздығын айтады. Адамдық қалыппен қарағанда, қиындыққа ұшыраған жанға көмек қолын созу, тар жерде ажал тырнағынан құтқару парыз екені белгілі. Бірақ жазушы шығарма композициясы мен сюжетін басқадай құрады. Бұл идеяны ашады. Көмекті де адамның адамына жасау керек, өзіңе зияны бар көмектің залалы ауыр деген түйінге әкеледі. «Бақытсыз Мараның зар қағып, даусы қарлыққанша су жағалап жүгіргенін, екі-үш рет тереңге бойлап, әлденеше рет сүңгіп, ақыры өлі мен тірінің арасында жағаға әрең шыққанын, іші қабыса өксіп, құмға домалап, машинаға бір мініп, бір түсіп, қандай қасірет шеккенін айтпай-ақ қояйын. Бұл жақта опыр-топыр басталғанда көз көрім жерден еріне аяндап, немесе желе жүгіріп, ертелі-кеш жеткен бейсауыт кісілер, ішінде жүзгіштері де бар екен, ерекше құлшына қоймады. Төбеден малтып, төңіректеуден аспаған. Тым терең, түк көрінбейді дескен. Арада екі-үш сағат өтіп, күн еңкейген шақта дырылдата екпіндеп, көлдің екінші бір жағынан моторлы қайықпен жеткен құтқарушылар да шара таппаған. Және қанағаттанған сыңаймен, енді пайда жоқ деп ақталған. Екі әйел, бір еркек – екі ұлы халық өкілі, бір сорлы халық өкілі суға шым батқан қалпы шыңырауға біржола кеткендей, немесе, ештеңе болмаған, ешкім батпаған тәрізді, ешқандай белгі жоқ» [2, 213].

Жазушы шығармасы өз кезеңінің туындысы дегенді еске алатын болсақ, бұл әңгіменің классикалық үлгісі барлық халық пен ұлт, ұлыстардың көкірегінде жазылған жақсылықты бірінші өзіңе, өз ұлтыңа жаса деген қағиданы тәуелсіз әдебиетте жаңа қоғам идеясы етіп ұсынғанымен маңызды. Кеңестік кезең әдебиетінде өз өмірін қиып, өзге үшін, әсіресе орыс үшін өлімге бас тіккен Алпамысқа басқаша баға берілер еді. Көркем әдебиетте өмір мен өлім мәні де көтеріле бастады. Өмірдің мәні неде, тіршілік кім үшін, не үшін деген ежелден келе жатқан философияға қайта жаңа көзбен зер сала басталды. Кеңестік кезеңде танылған осы бір өзге үшін өзіңді, өзіңді ғана емес, өз ұрпағыңды құрбан

ету идеясының заманға сай қайта жаңа үлгісі ұсынылды. «Сонымен, қызара түйіліп сам жамырады, қарауыта тұлданып түн түсті. Екінші күнгі іздеулер де нәтижесіз аяқталды. Жағалау жалтырап жатқанмен, шұңғыма тереңнің түбі – қалың тұнған ай-батпақ көрінеді, әрі өте суық, барлап білудің өзі мүмкін емес десті. Ақыры, үшінші тәулікке озғанда Алматыдан арнайы келген, скафандр киген, қуатты прожектор, тағы басқа жабдығы түгел сүңгуірлер таң бозынан түс ауғанша күмәнді тұсты тұтамдап, шаршылап сүзіп, әрең тапты. Бұйралана тұнған, қою, сап-сары балшық үстінде ісінген, боп-боз екі саусақ – Алпамыстың саусағы қылтиып тұр дейді – V — виктория – жеңіс, халықтар достығының салтанаты (деп жазды «Лениншіл жас»). Атаңның басы! Жеңіс болса да сенікі емес, қазақтың нар ұлын ала кеткен екі мәтүшкенің жеңіс – салтанаты. Шынында да. Біреу мойнына тарс байланған. Біреуі екі аяқты қырқа құшақтап, берік тұтқан. Әуелгісін көтеріп шыққанда тақау жерден жабысқан ғой. Су түбіне, батпақ астына тартып әкеткен де сол. Әйтпесе... екеуін де құтқаруы анық екен.

Ал, құтқарды. Не шықты? Сол ма виктория? Биік адамгершілік жолындағы жанқияр ерліктің төлемі? Жеңіс емес, қылмыс болар еді. Бірақ... кешірімді, жеңіл қылмыс. Ауыры... Ауыры – басқа. Ақырғы, нақты нәтижесі. Яғни, итжемедегі мағынасыз өлім» [2, 214].

Әдебиеттің, әдеби кейіпкердің қоғамдық мәні оның танымдық, тәрбиелік, көркемдік орнына қарай анықталады. Әңгімедегі мазмұн мен түрдің қоғамның дәл қажет кезінде осындай үлгіде қолданылуы – жазушы шеберлігінің жемісі. Идея әр қоғам үшін бірдей бола бермейді. Мәңгілік, классикалық идеялар – қай қоғам үшін де қажет болып қала береді. Ұлт үшін өмір сүру, халық үшін қызмет ету – кешегі Абай айтқан, Мағжандар көтерген идея болатын. М. Мағауин сол идеяны заман оқиғасына лайық мазмұнмен жаңаша әрлейді. «Кешегі, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса – оқ, шапса қылыш өтпейтін, бұқара жұрты үшін ғана қайрат көрсеткен алып күшті Алпамыстың бүгінгі оқымысты, білімдар, зиялы ұрпағы... жеке бас, меншікті шаңырақ тұрыпты ғой, ордалы жұртының мүддесінен әлдебір, батыстық, бұралқы, күмәнді қағидаларды жоғары қояды екен. Саналы түрде болмаса да, шынуайтына келгенде, Алпамыстың өмірі – өзіне ғана тиесілі емес еді. Қойнындағы жарына, етегіндегі баласына да емес. Бір замандағы асқарлы, айбынды, бүгін тажалдың табанында жанышталып, қор болып отырған кіріптар, кірбең жұртына тиесілі өмір еді. Алпамыс – әлі де жаралмыш бар қасиетінен айрылып бітпеген сол сорлы халықтың ақыл-санасы, күш-қуаты мен ұлы рухы туғызған өзгеше тұлға болатын» [2, 215]. Ал бала... Баланы нағашы атасы тікелей өз қамқорлығына алады. Бірақ, өсе келе ата жолымен жүрмей, ғылым жолын таңдайды. Туған әкесінің кері ізімен. Құрсанып майданға түспей-ақ, ел аманда, тапа-тал түсте суға батқан кейінгі Алпамыстың өзі жасағанмен, жол ашып кеткен ең үлкен қылмысы да осы болар. Бірақ, бұл – басқа бір әңгіменің тақырыбы [2, 215].

Ұлты үшін барын бере алмаған, орыстың үш әйеліне қалың қазағын айырбастады деген «үкіммен» Алпамысты қылмысты деп таниды. Ұлт үшін әркім өз қолынан келерін жасау керек, әркімнің өз халқына тигізер пайдасы бар, ең алғашқы мақсат осы болуы керек деген түйін көркем жетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
- 2 Мағауин М. Шақан шері. - Алматы: Атамұра, 2005. - 288 б.
- 3 Мағауин М. Тазының өлімі. - Алматы: Атамұра, 2004. - 256 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье описаны влияние глобализации на изменения в личности литературного героя и роль литературы периода независимости в раскрытии художественного образа.

RESUME

In the article the authors described globalization influence on changes in personality of a literary hero as well as the role of literature of the independence period in revealing the artistic image.



Аннотация

Бұл мақалада Жұматай Жақыпбаевтың жырларындағы көркемдік, эстетикалық ләззәт, ұлттық болмыстың көрінісі қарастырылған. Сондай-ақ, мақала авторы өз тарапынан ақынның атбегілік, сал-серілік пендауи-поэтикалық қырлары жайында нақты мысалдар келтіре білген. Мақалаға ақын жырларындағы «дәстүр» және «ат» ұғымы түп негіз болып, біршама ашылып жазылып отыр.

Түйін сөздер: «Дәстүр» мәселесі, «Ат», «Көкпар» ұғымы, ирониялық мағына, даралық стиль, мазмұндық форма.

М. Қойшыбайұлы

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
магистрант

Ақын Жұматай Жақыпбаев жырларындағы «дәстүр» немесе «ат» ұғымы

Кенестік дәуірдің 80-90 жылдарындағы әдеби процестегі жыр құдыретінің бірегейі, телегейі саналатын Жұматай Жақыпбаев – өз буынына жататын бір шоғыр ақындардың ішінен суырылып шығып, өзін көрсете білген ақын. Ол саналы шығармашылық ғұмырында өзі өмір сүрген қоғамды және тәбиғатты жыр өрнегімен суреттеді, түгесе түгелдей жырлады. Ал, бүгін ақынның бастан кешкен өмірі, тұлғалық болмысы, қуатты ақындығы туралы естеліктер легі толастамай айтылып, жазылып та жатыр. Жазыла да береді. Өйткені Жұматай жырындағы мөлдірлік, асқақтық ұлттық өміршендікке ие.

Кезінде Тұманбай Молдағалиев: “Жұматай! Сен қазақтың болашақ ұлы ақындарының бірісің!” – десе, өзара сырлас, көп жағдайда тағдырлас та болған Асқар Сүлейменов: “Оның өлеңдері табиғи бітімі, концепциялық айшықты ойы жағынан да ұлттық поэзиямыздың айтулы олжасы, оқшау құбылысы. Әр шығармасы шыңыраудан су шығарғандай көрінеді”, – деп өз таңданысын жасыра алмағаны шығармашылық ортаға мәлім.

Міне, жоғарыда үзіндісін келтірген Асқар Сүлейменовтың осы ойын ары қарай өрбітетін болсақ, расымен де оның жырларының түп тамыры ұлттық болмыстан басталады. Қазақтың әдет-ғұрпы, дәстүрін ақын поэзиясында өз орнымен қолданады. Ақынның «Көкпар» [1] өлеңіндегі:

Адуын қайсар мінез, темір білек,
Шыдамай кей жігіттер шайқас тілеп.
Доғаға тайсақтамай тез кірсін деп,
Ысқыртып атты бұтқа алды білеп.

Қағысып астындағы жылқы малы,
Көкпарға тебініп жұрт ұмтылады.
Тақымға орай басып тартқан кезде
Көк еті көк серкенің жыртылады,

- деп өрілетін өлең жолдарын оқып отырғанда, ауылдағы қарапайым тіршілік, аттарын жаратып, білектерін сыбанып топқа кірген жігіттердің түр-сипаты, қамыс құлақтарын айқастырып, жұлқынып тұрған сәйгүліктер, қиқу салған көпшіліктің этноболмысынан тұратын қазақтың көкпар ойыны көз алдыңызға суреттей бір елестеп өтері анық.

Осы өлеңнің финалдық шоғыры:

Дода боп әдет жанды қысты ма екен,

Қасиет қанға сіңген ыстық екен.

...Көкпарда қазақ өзін сынайтұғын,

Әйтпесе, тышқақ лақ ныспы ма екен?! - деп түйінделеді, оқырманға қазақы қанға сіңген ойынының бар болмысын айқара ашып көрсетеді. Шынымен де, бір тышқақ лақты жиналып тартып, артынан бөліп әкеткен де тұрған не бар деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ, оның астарында атадан ұрпақтар бойына сіңген әдет-ғұрып, салт-дәстүр жатыр. Сондай ақ ат жарату, ауыл-ауылға бөлініп додаға түсетін намыс, жігіттердің білек күштерінің сыналуы, шеберлік, ептілік, сәйгүліктердің жүйіріктігі сынға түсіп, көркем образбен суреттеліп тұрған жоқ па?! Бұл жерде ақын осы құндылықтарды тұщына қанып ішкені аңғарылады. Жеке басының құр сырттай қызықтаушы болмай, ат жаратып, білек сыбанып көкпар да тартқаны білінеді. Оған Жұматай ақынның осы тақырыпта жазылған өлеңдерін әдеби дәлел ретінде келтіре аламыз. Осындай әдеби факті:

Суық тер төккізетін,

Тау жаман қияметтен.

Аттар бар өткізетін,

Қорым тас қия беттен.

Жол барда ор табылар,

Тұяққа жүгіретін.

Аттың да қорқағы бар,

Сақсынып сүрінетін-деп басталатын «Ат туралы» жырында баяндалады. Ат сипатын сөз арқылы бейнелеген ақын туындыларынан жеке ғұмырындағы атбегілік қасиеті айқын сезіледі. Ұлттық әдебиетіміздің тарихында біз сөз еткен тақырыптың Ақан сері сияқты сал-серілер шығармашылығынан да, тіпті, Абай туындыларынан орын алғаны белгілі. Осы орайда: «Бұл – тек ақындық шеберлікпен ғана емес, сонымен бірге табиғат сырына қанық хабардарлықпен де келетін білік», - [2, 232] дейді Абай шығармашылығын зерттеген ғалым Ж.Ысмағұлов ұлы ақынның ат сыны туралы өлеңі жөнінде.

Сонымен қатар ақын өміріндегі пендеуи қуанышының бірі болған Кенежирен тұлпары туралы жазылған жырлары оның өлеңдерін елеулі бір тобын құрайды. Өзінің ғұмырындағы тақымына басқан сүйікті тұлпарына арналған «Кенежирен», «Кенежиренді Шора сатып жібергенде», «Кенежирен. Түн.» өлеңдерінен басқа да көптеген туындыларында өзінің қанаты болған сенімді серігін тебірене еске алып отырады. Ақын түсінігінше жүйрік ат міну нағыз жігіттің ажырамас қасиеті болуы тиіс. Оны ол серілік салты деп ұғады. Бұл әрине халық арасында бұрыннан келе жатқан ұғым.

Жыр елі, күй еліне

Ат болған алғаш арман.

Мұсаның сүйегіне

Жаяулық таңба салған.

Барына ат алдырған

Атама мұрагерін.

Ақанды Ақан қылған

Тағдыры Құлагердің.



Тайында жыр қып түге,
Мәпелеп жастан баққан.
Атының жүйріктігі

Жігітті аспандатқан [3, 235],- дейді ол «Ат туралы» деген келесі бір өлеңінде. Жұматай сүйікті атын кейде «Алаяқ ат» деп еске алып отырады. Ақынның аяулы атынан айырылған кездегі күйінішін бейнелейтін «Кенежиренді Шора сатып жібергенде» деп аталатын өлеңнен ақын басына түскен трагедиялық хал-ахуалдың бір кезеңі көрінеді. Бұл өлеңдегі қымбатынан айырылған лирикалық қаһарман қайғысын белгілі ақын Ж.Нәжімеденов «Құлагерін жоқтап, зарлаған Ақан-сері сияқты емес пе?!» - деп тарихта із қалдырар трагедия ретінде жоғары бағалайды [4].

Тұлпарынан айырылған сері мінезді жанның ішкі әлеміндегі рухани күйзелісті ақын «Мұсаның күніндей» деген өлеңінде айнытпай бере білген. Бұл өлеңнің ұзын бойында ат жөнінде тікелей айтылған сөз жоқ. Бірақ мәтіннен танылатын ой сілемі арқылы оқырман мұнда қанатты серігінен айырылып, еңсесі түскен жанның көңіліндегі ауыр күйзелісті аңғара алады. Өлеңнің атына түп негіз болып тұрған Байжанның Мұсасының астындағы атынан айырылып, кейін Жаяу Мұса атанған әйгілі композитордың өзімен егіз қоңыр тағдыры екенін де аңғарамыз. Ақын сүйікті тұлпарынан айырылған лирикалық қаһарман бейнесін бүкіл өнер адамының тағдырына ортақ типтік жағдай ретінде көрсетіп, осынау көңіл күй қалыбын символдық дәрежеге көтереді.

Санаса, кегі келелі,
Сансырай бермей мұндар боп,
Мұңаймай ақын келеді,
Мұсаға туар күн бар деп [5, 120].

Ақынның өлеңдерінде Кенежирен есімі сезімге әсері мол ең бір нәзік тұстарда ауызға алынуы- шығармашылық иесінің қиялында аяулы тұлпарының оның эстетикалық идеясының біріне баланғандығын байқатады. «Эстетикалық идеал-тілек немесе болуы тиіс нәрсе жөніндегі көркем түсінік, дәлірек айтқанда, солай болуы тиіс сұлулықты бейнелеу». Ақын лирикасында Кенежирен бейнесі нақты мән иеленумен бірге, өнер адамының тағдырын танытатын және оның тазалықпен, дарындылықпен туыстас екенін аңғартатын да тұспал мәндік жосығында қамтиды. Мәселен, ақын күзгі ауыл бейнесін суреттей келе

Айырмен жұпар шөп түйреп,
Алаяқ атқа салғанда [5, 33], -

деуі болмаса:

Желекті жермен жирен жұлдызша заулайтын
Жирен қасқаның абыройы да бір бөлек [5, 63],

Немесе:

Жалғыз атты жадау күй жарлы кешкен!
Аңсағаным атамнан арғы кештен –
Жарқ еткенде жиреннің маңдай шамы,
Нокдаунға кеткендей тандым естен [5, 72].

Болмаса:

Жалы артық, қандағайлы қолтығы,
Жирен аттан басқа досым жоқ күні [5, 108].

Немесе:

Жәукен тойға жаратқан
Жаны мөлдір ақындар
Жырға қосқан
Ай маңдай
Жұматайдың жиренін [6, 60], -

деген әр түрлі өлең жолдарында жарқ еткен Кенежирен бейнесін көріп қаламыз.

Бұлардан басқа да жалпы тұлпарлар жөнінде немесе бәйге, көкпар турасында жазылған жырларынан да Жұматайдың атбегілік қасиетін тануға әбден болады. Мұндай өлеңдердің қатарында “Көк жорға”, “Саздауыт”, “Арман”, “Көкпар”, “Сарноқайға сәлемдеме” жыр шоғырындағы кейбір өлеңдерді, «Той. Саржайлау» сияқты туындыларды атауға болады. «Бір жігіт айтыпты» деген өлеңінде тұлпар бейнесі өнердің символы ретінде айшықтала бейнеленеді. Бұл өлеңін ақын:

Мені көрмей ұйықтап тұрсаң оян ел,
Өзің болсаң жолыңды бер,ноян ер.
Жұрттың аты жетпегенде қоя бер,
Жұрттың сөзі өтпегенде қоя бер! [5, 55], -

деп түйіндейді.

Автор бойындағы серілік сипат белгі оның көп қырлы өнер иесі екендігінен ғана емес, лирикалық қаһарманның мінез ерекшелігінен де танылады. Сал-серілерге тән ең басты мінез ерекшелігі олардың күнделікті күйкі тіршілікке, ұсақ-түйекке мойын бұрмайтындығы. «Сал қашанда мырза жомарт, мәрт мінезі болуы шар» [7, 210], - дейді сал-серілер шығармашылығын зерттеген фольклорист Ш. Керімов.

Ж. Жақыпбаевтың өмірде де сал-серіге тән мінезбен ғұмыр кешкендігін жоғарыда айтылған естеліктерден көреміз. Ж. Жақыпбаевтың өмірлік тұлғасының осы қырын ашып көрсете алған Ә. Ақпанбетұлы: «Қашан көрсең – төрт жағы, дүниесі түгел, мыңды айдаған бай мырзадай, Сырдың суы сирағынан келмей, аяғын асықпай басып, миығынан күліп келе жатар еді», - дейді [8] ақын туралы өз жазбаларында.

Өлеңнің басты шарты – шынайылық. Яғни, оқырманды реалды болмыс арқыл иландыру. Өлеңдегі образ иірімінде адамзаттың тұрмыс-тіршілігі буырқанып қайнап жатуы керек. Біз осы ұлттық қағидаларды сараптай келе Жұматай ақынның жыры «Ат» образына арқа сүйеп, мәдени құндылықтарымыздың ішіндегі ең бойы озығы жігіттің мәрт бейнесін танытатын сал-серілік этноқұндылығымызбен тығыз қабысып тұрғанын аңғардық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жақыпбаев Ж. Ләйлә. Жыр кітабы. – Алматы: Атамұра, 2002. - 30-29 б.
- 2 Жұмаділов Қ. Жазушының тағдыры // Қазақ әдебиеті. – 1999. - 29 қазан.
- 3 Жақыпбаев Ж. Көктемгі хаттар. Жыр кітабы. – Алматы: Жалын, 1992. – 287 б.
- 4 Ысмағұлов Ж. Абай: Ақындық тағлымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.
- 5 Жақыпбаев Ж. Көктемгі хаттар. Жыр кітабы. – Алматы: Жалын, 1992. – 287 б.
- 6 Жақыпбаев Ж. Шұғұның гүл төркіні: Өлеңдер. - Алматы: Жалын, 1984. - 80 б.
- 7 Қазақ елі, 1995, қазанның 5-і, № 15.
- 8 Керімов Ш. Сал-серілер салтанаты // Наурыз. Жаңғырған салт-дәстүрлер. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 256 б.

РЕЗИЮМЕ

В этой статье отображены красота, эстетическое удовольствие, получаемые от поэзии Жуматая Жақыпбаева, проявление национального колорита. Также автор статьи сумел показать достоверные примеры мастерства и остроумия поэта. Основой статьи стали понятия «традиция» и «имя» в работах поэта, которые раскрыты в полной мере.

RESUME

This article displays the beauty, aesthetic pleasure and national color of Zhumatay Zhakyypbaev's poetry. Also, the author was able to show significant examples of skill and wit of the poet. The basis of the article were the concepts of "tradition" and "horse" in the works of the poet and they were disclosed in full.



АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Абаганова А.О. старший преподаватель кафедры русской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, магистр
- Абильдина А.Б. магистрант кафедры социальной педагогики и самопознания ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
- Абдыханова Б.А. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының PhD докторанты
- Абуев Қ.Қ. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Отан тарихы және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
- Алимбаев А.Е. старший преподаватель кафедры казахской и русской филологии Евразийского гуманитарного института, магистр педагогических наук
- Алимбекова Л.Т. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті педагогикалық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі
- Альбекова А.Ш. доцент кафедры казахского и русского языков КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат филологических наук
- Амантаева А.Б. доцент кафедры общественных дисциплин, основ права и экономики Костанайского государственного педагогического института, кандидат философских наук
- Антаев Ж.Т. старший преподаватель кафедры общественных дисциплин, основ права и экономики Костанайского государственного педагогического института, магистр экономических наук
- Ауанасова А.М. главный научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Аубакирова Қ.Қ. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті шетел тілдері және аударма кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
- Ауезова А.Т. доцент кафедры русской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат педагогических наук
- Ақназаров С.Б. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті
- Әбдуәлиұлы Б. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы
- Әбілдина С.Қ. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті бастауыш оқитудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы
- Базарбекова Д.М. доцент кафедры казахского и русского языков КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат филологических наук
- Байсеитова Ж.Б. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Бейсенбекова Г.Б. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Ғабдуллин Р.С. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті физика және математика кафедрасының PhD докторанты
- Данияров Т.Ә. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Джампеисова Ж.М. доцент кафедры истории Казахстана ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук

- Доскеева Ш.А. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті филология кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ-Орыс халықаралық университеті психология, филология және аударма кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Ерғалиева С.Ж.
Ерғалиев Қ.С. Кемеров мемлекеттік университетінің аспиранты
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
- Жапанова М.Е. доцент кафедрі русской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук
- Жумабеков М.К. доцент кафедрі журналистики КарГУ им. Е.А.Букетова, кандидат филологических наук
- Жумагулов С.Б. профессор кафедрі казахской литературы ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, доктор филологических наук
- Жумсакбаев А.Т. преподаватель кафедрі русской филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, магистр педагогических наук
- Жолшаева М.С. Сулейман Демирель атындағы университеттің қазақ филологиясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы
- Жумабаева З.Е. Павлодар мемлекеттік педагогика институты мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Исмагулова Г.К. доцент кафедрі иностранных языков Костанайского государственного педагогического института, кандидат филологических наук
- Исмаилова А.С. декан экономического факультета Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, кандидат экономических наук, доцент
- Кабакова М.П. и.о. профессора кафедрі общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат психологических наук
- Кажекенова Н.К. доцент кафедрі русской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат педагогических наук
- Канафина М.А. доцент кафедрі русской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук
- Кенджаева Б.Б. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жалпы академиялық ағылшын тілі кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты
- Кенжемуратова С.К. заведующий кафедрой казахского и русского языков КазАТУ им.С.Сейфуллина, кандидат филологических наук, доцент
- Кененбаева М.А. Павлодар мемлекеттік педагогика институты мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Киккаринов Е.Б. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Отан тарихы және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі
- Кулуспаева С.Б. старший преподаватель кафедрі русской филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
- Кульбаева Б.Т. доцент кафедрі иностранных языков Павлодарского государственного педагогического института, кандидат филологических наук
- Кульгильдинова Т.А. профессор кафедрі методики иноязычного образования Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, доктор педагогических наук
- Културсынова Ф.Б. старший преподаватель кафедрі русской филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, магистр



- Қадыров Ж.Т. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор
- Керімбекова Б. Сулейман Демирель атындағы университеттің қазақ филологиясы кафедрасының ассистент профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
- Кішібаева Д.Ж. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Қойшыбайұлы М. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты
- Қоңыратбаева Ж.М. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың жалпы тіл білімі кафедрасының профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты
- Көпбаева М.Р. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті филология және журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор
- Қостангелдинова А.А. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті информатика және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Құлманов Қ.С. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың практикалық қазақ тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
- Құрманбаева Ш.Қ. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы
- Құрманова Ә.Ж. «Тұран-Астана» университеті психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
- Мелешенко Н.Н. заведующая кафедрой экономики Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, кандидат экономических наук, доцент
- Молдабаева Р.А. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті психология кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдардың магистры
- Мустафева А.А. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, PhD
- Мухамедина А.А. профессор кафедрасы переводческого дела и иностранных языков Кокшетауского университета им. А.Мырзахметова, кандидат филологических наук
- Нурахметов Е. профессор кафедрасы иностранной филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, доктор филологических наук
- Нұртазина М.Б. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы
- Омаров Б.С. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті дене тәрбиесі кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а, PhD
- Полевая О.Н. старший преподаватель учебно-воспитательного центра языковой подготовки Костанайского государственного педагогического института, магистр педагогических наук
- Разуваева М.В. старший преподаватель кафедрасы общественных дисциплин, основ права и экономики Костанайского государственного педагогического института, магистр права
- Ризулла А.А. PhD докторант кафедрасы общей и прикладной психологии КазНУ им аль-Фараби
- Рысбекова Л.Қ. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті педагогикалық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы
- Сагимбаев А.А. доцент кафедрасы дизайна Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова, кандидат

- Сарекенова Қ.Қ. педагогических наук
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Сейдахметов Е.Е. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, профессор
- Сағидолда Г. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы
- Сұлтанбек М.Ж. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті педагогикалық ғылымдар кафедрасының PhD
- Сұлтанова А.А. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының PhD докторанты
- Таласпаева Ж.С. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті тіл және әдебиет институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, профессор
- Ташимова Ф.С. профессор кафедры общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби, доктор психологических наук
- Тналина Н.Х. старший преподаватель кафедры дизайна Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова
- Тлеулесова А.Ш. Павлодар мемлекеттік педагогика институты мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Тусупбекова М.Ж. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдері кафедрасының доценті, педагогика ғылымының кандидаты
- Хамидова А.Х. доцент кафедры русской филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат филологических наук
- Шавалиева З.Ш. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Шарипова А.Б. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Отан тарихы және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі
- Шукеева А.Т. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Отан тарихы және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының PhD докторанты
- Чакликова А.Т. профессор кафедры методики иноязычного образования Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, доктор педагогических наук
- Ярочкина Е.В. заведующий кафедрой общественных дисциплин, основ права и экономики Костанайского государственного педагогического института, кандидат исторических наук, доцент
- Шамильоглу Ю.
Arenova M. Висконсин-Мэдисон Университетінің (АҚШ) профессоры, доктор Associate Professor of the Department of Foreign Philology of the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Philological Science
- Daniyarova A. Master of Science, Kyzylorda Humanitarian College Named After M.Mamedova
- Doganay Ya. PhD, Assist. Professor, Suleyman Demirel University, Almaty
- Manackbayeva K. Master Degree student, Suleyman Demirel University, Almaty
- Zobnina A. Master Degree student of the Department of Theoretical and Applied Linguistics of the L.N. Gumilyov Eurasian National University